

Каз
М37

МЕДИАВИДЫ КУЧАМ



Салом

Kaz
M37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр Жұсіп

Шығармалары. 18 том

Павлодар, 2013

Kaz

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-4

М 37

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Өмірбаев С.М. (бас редактор), Қадысова Р.Ж., Қирабаев С.,
Құсайынов А., Мәшіһүр-Жұсіп К.П., Арын Р.С.,
Қасқабасов С.А., Жұсіпов Н.Қ. (жауапты редактор),
Әбусейітова М.Қ., Негимов С., Дәүітов С.,
Қамзабекұлы Д., Құдабаев А.Ж., Тұрышев А.Қ.,
Жұсіпов Е.Қ. (жауапты редактордың орынбасары), Жұсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С. Еспенбетов – фил. ғыл. докторы, профессор;
Д. Ысқақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

Мәшіһүр Жұсіп Қөпейұлы

М 37 Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013.

ISBN 978-601-284-056-8
18 том. – 364 б.

С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми

УК -4639

ISBN 978-601-284-080-3

Он сегізінші томда Толеубай Шарәпиденұлының (ақын немересі) ел арасынан жинақтаған кошірмелеріндегі атасы Мәшіһүр Жұсінгің халық аудынан жинаған шешендік, нақыл сөздері, макал-мәттелдері, термелері т.б. топтастырылып берілген. Сондай-ақ Мәшіһүр Жұсіп немерессі Толеубай Шарапиденұлының өлеңдері де топтастырылып берілген.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-4

Еңбекті араб әрпіндегі төте жазу үлгісінен аударғандар – Қ.Қ. Талқанбаева, Б.А. Ахметниязов; құрастырып, баспаға әзірлеп, түсінігін жазған – А.Ж. Қөпев.

ISBN 978-601-284-080-3 (т. 18)

ISBN 978-601-284-056-8 (ортак)

© Мәшіһүр Ж.К., 2013
© «ЭКО» ЖШС, 2013

Асан қайғы ескертуі

«Сарыарқаны орыс алады, орыс бармайтын жерге барамын», – деп, қойға қошқар қоспай, жылкыға айғыр салмай, түйеге бура шөгермей, сиырды бұқасыз сактап, малды үш жылға дейін ту қылып ауған екен. Сол ауып бара жатқан бетінде ноғайлының ханы Әз Жәнібек кез болыпты. Бұрын үш тойына шақырғанда Асан қайғы бармаған екен. Ауып бара жатып кез болған соң, Әз Жәнібек айтыпты:

– Асан қайғым, шақырсам келмейтін, «ханымды бура қуып келтірді, қалжы-бұлжы қылмастан, тұра қуып келтірді» деген осы ма?! – депті.

Хан бұл сөздің мәнісін былай түсіндірді: «Бұрын бір хан болған екен. Ханның жанында бір қараша үй-коңсызы болған екен. Төмен тартар сауыны жоқ екен. Күздігүні ел тауға қонар мезгілде қараша ханымдікінен айрылып, ханның малының сумесінен қозы қарын майын, құлақтай қап құрт алған екен. Кететін болған соң, қатынына айтыпты:

– Ханымды шақырып, құрт пен майдың алдын таттырып кетейік, сонда бізге қалғаны жүгымды болар. Ханымға таттырмай кеткен соң, берекеміз болмас, – деп, ханымды үйіне шақырса, ханым қарашаның үйіне кіріп шығуды намыс қылып:

– Эне барамын, міне барамын, – деп барманты.

«Құрт-майдың алдын ханымға таттырмай кетпейміз», – деп, ол байғұстар ханымның келуін сарғайып күтіп, көшпей отырып қалыпты.

Күндердің күнінде бір құні ханым даға шығып, қазыханаға барып, қайтып келе жатса, ханның кісі алатын бурасы ханымды қуыпты. Ханым сасқанынан ішкімінің бауын байлауға шамасы келмей, қолымен ұстаған бойымен қашып, қарашаның үйіне келіп жоқ болып кетіпті. Сонда шал байғұс айтқан екен:

Шақырса келмес ханымды,
Бура қуып келтірді.
Қалжы-бұлжы еткізбей,
Тұра қуып келтірді.

Бастай гөр қатын күртүндү,
Сала гөр катын майынды, – деп.

Сол айтқанындай, үш тойға шақырдым, келмедің. Қадірсіз, аяқсыз келдің-ау?!!» – депті.

Асан қайғы:

– Рес айтасың, Өз Жәнібегім! Ойың ұргашыға ауған екен. Өз бойыңдағы ақыл-ісіңде ие бола алмаған жан екенсін! Сондығыңмен айтып тұрсын. Сен өзің неге той қылдың?! Бірінші той қылдың, қарақалпақтың қызы Қарааш сұлуды алдым деп той қылдың. Екінші той қылдың, Жайық судың бойынан дауыл өтпес көрған, жан өтпейтін үй салдырдым деп той қылдың. Үшінші той қылғанда құладынға қу ілдірдім деп той қылдың. Оған несіне келейін?! – деп жырлап кетті. Асан қайғы жырлады:

Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің!
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздел көрмейсің.
Кымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!

Көрған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
Он сан ногай бүлініп,
Артыңды алар орыс кеп,
Мұны неге білмейсің?!

Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің?!

Құладын құстың құлды еді,
Тышқан жеп жүнін тіледі.
Аққу құстың төресі,
Сайрандал көлде жүреді.

Андысып жұрген көп дұшпан,
Еліце жау боп келеді.
Құлың кеп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?!
Бұл арадан көшпесен,
Айтқан сөзге түспесен,
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын-балаңды.
Осыны көрдім түсімде,
Біл десе де білмейсің.
Әй, Жәнібек ойласан,
Қылы, қылы заман болмай ма,
Суда жұрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?!
Мұны неге білмейсің?!
Айтқан тілді алмасаң,
Енді мені көрмейсің, – депті.

Әз Жәнібек Асан қайғының айтқанындай басын шұлғығаннан басқа ештеме демепті. Сол жолы екеуі дос болып, жалғыз жетім Жәнәліні сұрап алып қалыпты. Соңан кейін Жәнібектің сұлу тоқалымен бір байдың баласы үйір-шүйір болып, Әз Жәнібек ханың бір құлына көп алтын беріп, ақырында Әз Жәнібекті өзінің құлы өлтіріпті. Асан қайғы сол бетімен, қаншама көп елмен ... өзенінен өтіп, Қоңырат деген жұртқа барып қосылған.[1]

Асан қайғы

Бір кездे түрлі-түрлі заман болар,
Ескі азып, пигыл қашып, жаман болар.
Әділет, тура жолмен билік айтып,
Түзулік бақыт қонған заман болар.
Сол кезде карашадан қайыр кетер,
Жаннан күш, қарағайдан шайыр кетер.

Ұл-қызың өз бетімен ор сайланып,
Қайран ел соныменен күнін өтер.[2]

Жиренше шешеннің әңгімесі

Ертеде Жиреншениң бала кезінде Айдарлы деген хан болған екен. Оның қырық уәзірі болған екен. Бір күні Айдарлы хан қырық уәзірін жинап алғып, мына сұраптарды кояды екен:

– Бірінші – көк пен жердің арасы қанша жер? Құншығыс пен күнбатыстың арасы неше күндік жер? Үшінші – өтірік пен шынның арасы қанша? Осыны пәлен сағатқа дейін тауып, маған айтып беріндер! – деп қысады. Уәзірлері таба алмай сасады.

– Егер таба алмасандар, дарға астырып өлтіремін! – дейді.

Соның ішінде елеусіз бала бұ да тыңдалап отыра береді. Уәзірлер таба алмай сасады. Сонда Жиренше бала уәзірлерге айтады:

– Сендер қайтадан ханға барындар, былай деп рұқсат сұрандар: «Тақсыр біз сізben жолдас болғалы бәлен жыл болды. Сол жолдастығымыз үшін бізді армансыз өлтірініз. Біз сұрағыңызды тез таба алмадық. Біздің уақытымызды көбейтін, әрқайсымызға, басбасымызға 40 күннен мәulet берініз. Соған дейін ойланап табайық, таба алмасак басымыз даяр», – деп сұрандар. Оған дейін біреу болмаса біреу табар, – депті.

Хан:

– Ол да ақыл екен, – деп, Жиреншениң айтуымен сұраған екен.

Хан:

– Жарайды, әрқайсыңа 40 күннен мәulet бердім, – депті.

Босатқан соң, барлығы қуанып, ойланып жата берді.

Жиренше:

– О дағы мұны біреу болмаса, біреу табар, – деген оймен аяңдал, (бір шаһардың) қорғанның қақпасынан кірейін деп келе жатса, астында темір қара көк тұлпар аты бар, басында қалқан, қолында найза, белде қылыщ, үстінде киген сауыт, бір батыр жігіт тұр екен дарбазаның аузында. Жиренше мұны жан екен деп қарап сәлем бермей, не амандаспай өтіп журе береді. Сонда әлті батыр жігіт айтады Жиреншеге:

— Ей, жігіт, токта! Накылған немесің, мені жан екен деп көзіне ілмей кетіп баrasың! Бұл арадан қан-қарада өтуші еді. Бәрі де маған сәлем бермей кетпеуші еді. Сен неғылған немесің өзің?! — дейді.

Сонда Жиренше айтқан екен:

— Оның рас шығар, бірақ біріміз атты, біріміз жаяу, күмәні ашылуға таяу, сәлеміміз келмесе, — деген екен. Батыр жігіт қайта жауап қайтармады.

— Жүр үйге, артыма міңгес! — деді.

Жиренше:

— Алды маған лайық, арты саған лайық. Алдыңды бермесен, артыңа мінбеймін! — деп, мінбей, үйіне аяңдал жаяу барып, қонақ болып отырған соң:

— «Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме?» — деп не себепті айттың? — дейді.

Онда Жиренше:

— Мен саған қалай сәлем беремін, сен — әйел, мен — ерек, сондыктан бермегенім сол! — деген екен.

Сөйтсе, ол батыр жігіт сол шаһарды билеп тұрған ханның жалғыз қызы екен. Өзі сұлу, оған талай ханның, талай көпестін, байдың балалары: «Маған ти!» — деп сөз салдырыса, ол былай деп жауап қайырады екен:

— Мен өзім сынап, өз сынайма келген адамға тиемін. Бай болсын, жарлы болсын, кімде-кім өз көңіліме ұнаса, соған ризамын, — деп әкесінен рұқсат алып, ерек болып тұрып, олай өткен, былай өткенді сынап тұрған кез екен. Оның әйел екенін айыра алмаған. Жас болсын, кәрі болсын сәлем беріп, қолын ұстап, басын изеп, масалаған жылқыдай болып өтеді екен. Аты – Дашпан (Данышпан) екен.

Жиренше айтады:

— Біріншіден білгенім атқа отырған отырсыңмен әйелмін деп айтып тұрды. Бөксе жағының отырысы оте ұнамсыз, егер осы ат бір бұлқынса: «Жыгаламын-ay!» — дегендей. Екінші білгенім менің бетіме сөйлегенде, тұра қарап тұрып қасқайып сөйлемедін, — депті.

Сонымен Дашпан олай-бұлай ойланып:

— Осыдан артық маған кез келмес, — деп, — не де болса, осыған тиемін, — деп әкесіне сөз салдырып, қысқасы Жиреншеге тиген екен.

Біраз уақыт өткен соң Жиренше:

– Мен еліме барып келгім келеді, – дейді. Мен әуелде елден шыққанда (Айдарлы хан) 40 уәзіріне: «Осындаи нәрселердің арасын айырып бер!» – деп қысым салып, олар таба алмай, әрқайсысы 40 күннен мәulet сұрап: «Тапсақ табайық, таба алмасақ басымды берейік!» – деген күні болды. «Мендағы болмаса біреу, болмаса біреу табар», – деген оймен шыққан едім. Не де болса тапты ма, таба алмады ма, солардың ішінде болғым келеді?! – дегенде барлық сөздің мәнісін туғыннен кейін Дашпан (Данышпан) күлген екен.

– Неге күлдің? – дегенде Дашпан айтқан екен:

– Мисызга не болса, сол киын болады екен, – деп, былай депті:

– Ол сұрақтардан құтылмай ма: «Көк пен жердің арасы – көз тұрмақ жер, батыс пен шығыстың арасы – бір-ак құндік анадан шығады, бір күнде жетін батады», – десе құтылмай ма?! Ал өтірік пен шының арасы – бір-ак тұтам, көзбен көрген анық, құлакпен естіген танық. Көзбен құлактың арасы бір-ак тұтам емес пе?! – деп жұдырығын түйіп көрсеткен. – Одан да құтылмай ма? Бар ендеше таба алмаса бардағы осыны айт! – деп қоя береді, – кешікпей қайтып кел! – деп.

Барса 40 уәзір қойды камалып, еш нәрсе тапқаны жоқ, Жиреншенің айтуымен ханға барып: «Біз осылай деп ұйғардық», – деген соң, хан да шаттанып, риза болып айтқан екен:

– Жарайды, жолдастарым, таптыңдар! Ханда 40 кісінің ақылы болады дейді. Ол ақыл жалғыз мен, менің өзімнен шықпайды, әрқайсысың бір ақыл табар деген ой еді, – деп тоқтаған екен.

Қошы хан содан кейін:

– Осыны кім тапты, шындарынды айттыңдар?! – деп сұрайды. Сонда олар шынын айтқан екен.

Хан әйеліне қайра жіберіп, ырғап-жырғап көшіріп алған екен. Содан былай Жиреншени өзіне жақсы жолдас қылып алған екен. Сол уақытта Жиренше бір жерге хан жұмсал, жолаушы кеткенде, Құдай рахмет қылсын, Дашпан (Данышпан) өледі. Айдарлы хан өте қайғырады:

– Егер Жиренше тосын естіп өліп кетеді, – деп, бүкіл шаһарға жар салып қойды:

– Жиреншеге ешкім айтпасын! – деп, – өзім естіртермін! – деп.

Бір күні Жиренше аман-есен келді. Хан күтті, сыйлады. Жиреншешің қайтуға оңтайланып, қамшысын қолына алыш отырғанда хан:

- Менің бір сұрағым бар, соныма жауап қайыршы, – дейді.
- Айтыңыз, – депті.

Хан айтты:

- Бір адамның әкесі өлсе қайтер еді? – дейді.

Жиренше:

- Асқар тау құлады.
- Анасы өлсе?
- Ағар бұлағы су алды, – дейді.
- Ағасы өлсе?
- Оң қолы сынды.
- Інісі өлсе?
- Сол қолы сынды.
- Баласы өлсе?
- Бауыры жанды десейші!
- Катыны өлсе?

– Катынымен бұзылды десейші! – деп, – бауыры жанды десейші! – деп қолына ұстап, сүйеніп отырган қамшысына салмағы түсіп кетіп, қамшы морт үзілген екен.

– Эйелім Дашпан (Данышпан) өлген екен! – деп, қайғырған-дығының құштілігіне қамшы сынып кеткен екен. Бұған түсінбеген адам жеңіл шала нәрсе көреді. «Қатыны олді, қамшының сабы сынды» деп, ол да дұрыс емес. Қайғының құштілігінен сынған.

Содан кейін Жиренше жақсы әйелге үйреніп қалған: «Енді әйел алсам, сынап аламын», – деп, қасына бір келте мұрын қара жігітті ертіп алыш, жай жолаушы адам болып, бір ауылдың маңайына келсе, бір нашар адамның қызы тезек теріп жүр екен. Нашардың көйлегі қанша көрікті, қанша құнды болады. Ақтан құлтырмаш салған, басқасы қыз... шаң болу керек. Бірак қыздың жаратылышы сондай жақсы, сүйкімді, тап-таза, жұзі жылды. Қасындағы жолдасына Жиренше айтады:

– Мына қызға айт: «Қарағым, бір ақ қолтық қызыл қашар жоғалтып іздел жүрген адамбыз, ондай танша-қашар көзіне түспеді ме? Айта ғой, не айттар екен?! – дейді.

Есеп жігіт аңдасын ба:

– Қарағым, бір ақ қолтық қызыл қашар көрдің бе? Неше күннен бері жоғалтып жүр едік, – дейді.

Қыз өзін айтқанын біле койып:

– Ағатай көрдім, осы сағатында бір келте мұрын, қара пұшық бұқа көтін искең тұр. Қызыл қашар жүре жайылып, алданып тұр, – деген екен.

– Көптен бір сөз: «Ана деді, мына деді», – деп, не керек мұнан артық маған әйел кездеспес, – деп, Жиренше сол қызды алған екен. «Ат мінсе ауынан», – деп атақты Жиреншени Әз Жәнібек ханнан талай-талай айырып алған Қарашаш сұлу – осы екен. Айта берсе, мұның әңгімесі толып жатыр.[3]

Абылайдың тұсі

Бір күні Абылай үйінде жатып бір тұс көрінті. Сол тұсін Бұхарекене жорытқан екен. Абылай хан тұсінде құбылаға қарай бара жатса, бір биік аспанмен зәулім бәйтерек екен. Мидай далада сол бәйтерекке барса, түбінде бір жолбарыс жатыр екен. Ол жолбарыспен алысып жүріп, қолындағы қанжарымен ішін жарып өлтіріпті. Оның ішінен аю шыға келіпті. Абылай оны да өлтіріпті. Оның ішінен бір қасқыр шыға келіп, ол тағы алысыпты. Абылай оны да жеңіп өлтіріпті. Оның ішінен бір тұлкі шыға келіп, о да алысыпты. Оның ішінен бір қоян шыға келіпті. Абылай оны да өлтіріпті. Оның ішін жарғанда, бір күзен шыға келіп, о да алысыпты. Оның ішін жарып жіберсе, бір қоңыр шолақ тышқан шығыпты.

Бұқарекен келешек заманға және Абылайдың кейінгі үрпақтарына келтіріп жорыпты: «Бәйтерек көргенің – өзінің осы күнгі хандық бақытың. Өзіннің жолбарыстай айбатың – хан салтанатты уақытың. Өзіңден туған бір балаң аюдай болып туып, өзіңдің хандық орныңа тұрып, өзіңдей болып қалмаққа, жауға айғырдай болып шабады екен. Онан туған балалар қасқырдай болады екен. Онан кейінгі адамдар тұлкідей бірін-бірі алдап, арбап, сұм заманға ие болады екен. Одан кейінгі адамдарға бір қорқу, үрку, жетім-жесір, тар уақыт болады

екен. Одан кейінгілердің көрген уақыты бастарына келетін бір коңыр шолақ тышқандай болып жүріп, күн көретін уақыт болады екен. Заманың ақыры таяғанда адам баласына кездесетін уақыт күзен секілді болар. Аяғы тышкан болып, дүние сойтіп таусылады дағы».

Бұқар түсін жорып болған соң, Абылай бұл созіне құлақ койып, соナン соң Самарқан шаһарына елші жіберінті:

– Ұрысым, соғысым жоқ, әулиелерге зиарат қылғалы келдім. Осы жерден қайтамын! – деп.

Самарқан, Бұқар жұрты корқысып тұр екен. Мұнан бұрын қосыны қазақ болып 13 патша ол шаһарды алған екен. Қосыны қазақ болды дегенше, бұл дүние тар, сарттарға азап болды. Абылай ханнан бұл сөзді естіген соң, Самарқан халқы қуанып, тарту-таралығы, сыйымен келіп, ханды көріп, қөнілдері сондай тасыды дейді. Абылай соңда:

– Самарқан көк тасынан ... жаздырып қоятын тас қазып ала-мын, – деп, ұста жинап, тас қаздырыған. Абылайдың бағына қарай шыққан тасты Самарқанттың халқы көріп, қатындарынан сүйінші сұрапты:

– Бұл тас Әмір-Темірден соң ешкімге шықпаған тас, сүйінші хан! – деп.

Сол сапардан қайтып, Ташкентке келіп, Мырзахметтің қызын алып: «Енді ұрыс-соғыс жоқ!» – деп, Орта жұз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп, жер-жеріне мекен суларына қайтарыпты. Үш айдан соң өзі Ташкенттен Арқаға қарай қасында біраз төлеңгүт пен Үйсін, Дулаттың жалпы етектері бар қайтады. Соны Ташкенттегі Фабдырахман сарт естіп, кісі жинап алып, қосын құрып, Абылайды қамапты. Сонда Дулат халқы қашып кетіп, «жалпы етек Дулат» атанипты. Боза ішіп дулағаннан басқа өнері аз, тұзсыз көженің күшімен біткен жасық халық қой. Ханның қасындағы төлеңгітердің бірсынырасын қырып тастапты. Ханның өзіне қол тигізуге батапты. Сонда хан Арыс деген өзеннің бойында бір корғанға түсіп, мінәжат қылышпен жылап отырыпты. Орта жұз бен Кіші жүзден алған жолдастарын қайтарып жібергеніне пұшайман болып жылады дейді. Сонда бір қария айтқан екен:

Етек пенен жең болған,
Ежелден саған ел болған,

Орта жұзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтыннан,
Кіші жұзден кісің жоқ,
Бұған қарал тұрғаннан басқа ісің жоқ, – деп.

Сонан соң Арыстың бойындағы бір қорғанға түсіп, алпыс сегіз жасында, жұма күні дүниеден қайтыпты. Сол жер осы күні – «Хан қорғаны» атаныпты. Сүйегін тенге салып, Түркістан шаһарындағы хазіреті сұлтан Фарифин әулиенің күмбезіне апарып қойыпты. Өткен күні жұма күні екен. Сарыарқаға қырық күн бұрын естіліпті. «Бүгін қырқы!» – деп ордаға жиылып, бала-шағаларына, үй-іштеріне жұма күні жиылып, естірткен екен. Артынан қасындағыларынан сұраса: «Қай күні олді?» – деп, үйіне естірткен күні өлген екен. Өлмestен қырық күн бұрын: «Өлді!» – деп хабар келген.

Абылай өлімі осындағы болған, есіл … Абылай-ай!

Абылай хан өлгенде Созақ деген кенттен жалаң аяқ Ажда үш күн, үш түн жылаған екен. Маңайындағы сарт-сауан:

– Тақсыр-ау, бір қазақ өлді деп, неге мұнша күйзелдініз?! – дегенде:

– Есіл Абылай-ай! Сарыарқада өлмей, сарттың қорғанында өлдін-ау! Мұнан былай хандық қорғанда қалды ғой, сол үшін жылаймын, – деген екен.

Айтқанындай сонан соң қазақ ортасында хандық болған жоқ, сарт билеп кетті.

Бес қойға алған оғізді,
Тегін дерсін деп едім.
Жалаң аяқ сарттарды
Бегім дерсің деп едім, – деген.

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің сөзі дәл келіпті де тұрыпты. Мұнан соң «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген заман болды.

Баяғы атам замандағы Бұқарекеңнің «қала салады, орыс келеді» деген жеріне Абылай ханның немересі Кенесары заманында салыпты. Қызылжар, Ақмола, Карқаралы, Баянауыл секілді дуан қалалар болыпты. Шоң мен Айғаным патшаға багынып қойған. Қасымхан баласы Саржан төре – бала, жас. Жас уақытында саудамен жүрген орыстарға:

– Мұртыңды бастыр, шашыңды алдыр, оны қымасан, өлтіремін! – деп, жақ пен оғын кезеп тұрған соң, кешікпей: «Қасым ұрпағын орыс ұстайды!» – деген әуез шығып, Қасымхан бала-шағасымен өзіне ерген жігіт-желенді ертіп, Шу, Қаратаяға қарай ауып, көшіп кетті.

Иван Семенович деген бір полковой шығып, Саржан төремен ұрыс қылып, екеуі жеңісі алмай жүрген күнде: «Кәпірді сұық көріп, мұсылман ғой», – деп жан тартып, жуық көріп, Түркістан, Ташкент жұртына қарайтын сарттың бегі қонаққа шақырып, алда Есенкелді деген інісімен, Әлжан деген баласымен бәрін, қырық шақты жолдастарымен шәйіт қылыпты.

Ол уақытта Кенесары мен Наурызбай Түркістан шаһарында медреседе оқып жатқан бала күні екен. Бопай ханым деген апала-ры барып, медреседе оқып жатқан екі інісін алып қайтып, қайта Сарыарқаға келіп, Куандық, Сүйіндік деген елдің жырмалып, азын-аулақ ел қолына түсіп, Кіші жүздің бергі шетінен бес Жаппас, төрт Шөмекеймен жау болып, Обаган мен Тобылға барып, алты бас Қыпшак Балқожа, Қанкожа билердің елін шауып талап алады. Есіл, Нұра бойындағы... Қаратудың қақ түбіндегі Созақты шауып, Отыншы, Суши деген қырғыздың екі begін өлтіріп, ойда орыс, қырда қазақпен өш болып жүріш, сегіз жыл үргін-сүргін жүріспен хандық қылып, ақырында Алатаудағы Қырғыз: Әйтеке Жырықтың ұрпағы Жанқанның Жантайы қолында шәйіттік дәрежесін тапты. Кене ханнның жылы – коян. Кенесары, Наурызбай барымтاشыдай шеттеп, жиырмалап жүріп, екі мыңға анық толмайтын жігіт-желеңмен оған бір тиіп, бұған бір тиін, басы-аяғы сегіз-ақ жыл бір ауылға болса да хан атанды.

Ереймен, Есіл басы тау болыпты,
Кәпір – көп, мұсылман – аз, жау болыпты.
Саржан мен Қоңырқұлжа құда болып,
Орыс пен Кенесары жау болыпты.
Төскейде мал жатады қау солғанда,
Жігітке кедейлік жок сау болғанда.
Ұшқан құс, жүгірген аң өте алмады,
Орыс пен Кенесары жау болғанда, –
деп бұрынғы ақындардың өлеңінде айтылған екен.

Абылай ханның алғашқы алған бәйбішесі – Қарауыл қызы. Одан ұл болмай, жалғыз-ақ қыз болды. Ол – Жамантай ханның шешесі. Онан соңғы қатыны – Қарақалпак қызы. Онан тұған: Уәлихан, Шыңғыс, Сұлтан, Ғаділ сұлтан, Есім сұлтан, сарт қызы қатынынан – Рұстем сұлтан.[4]

Абылай хан тұсындағы батырлар

Бірінші – Қаракерей Қабанбай,
Екінші – Қанжығалы Бөгенбай,
Үшінші – Қаздауысты Қазыбек,
Төртінші – Шақшақ ұлы Жәнібек,
Бесінші – Көкбуралы Көкбал Барап,
Алтыншы – Уақ Баян батыр, – болған екен.[5]

Тақпақ сөздер

Толарсақтан саз келсе,
Қажымай оған жүретін.
Қабырғадан хан келсе,
Қажымай оған күлетін.
Ақылды, арлы батырым,
Қылышын жинай жүретін, –

дейтін сөз бар.

Ер қазақпиз сыналған,
Қашанғы ата салты,
Беттен қайтпас бір алған.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Тартып алар қарындас.
Қарындасың жоқ болса,
Жау қолында қалар бас, –

деген халық сөзі және бар.

Ері болмай, ел оңалмайды,
Елі болмай, ері және оңалмайды.
Асыл жанды, ақылды ер,
Өмірден жәбір көп көрер.
Малы жоқ деп ерден түнілме,
Шөбі жоқ деп жерден түнілме.

Абылай:

– ... Қалденшериндікі еді, оның құты қашты, менің аруағым басты. ...орнында отыра алмай босып кетті. Енді бұл жерге мен отырмағанда шай ... отыра ма?! – дейді.

Қалмақтар ... қарасып:

– Бұл сөзге не айтамыз? «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы екен-аяу?! – десті.

Сонда Қалденшерин өзін танып қойғанын білін:

– Ya, Абылай, Сәру қайда?! – деді. – Жақ атушы көп еді, жаман аты бізде, – деді.

Абылай:

– Жаман аты бізде қалды, – деді.

Екінші тағы сұрады:

– Сәру қайда? – деп.

Абылай:

– «Сәрумін!» – деп Сәру айтпады, «Кеспеймін!» – деп қару айтпады, – депті.

Абылайдың аруағы асты, Қалдан тағынан қашты. Үшінші мәртебе тағы сұрады.

Абылай:

– Көрінбеген Сәруді іздегенше, көрініп тұрган өзінді ізде! – депті.

Қалданшерин саркардарына:

– Бұл не дегені?

– Өзің қарап отырып, тағынан айырылып қалдың, осы күнде тақ үстінде мен отырмын да, көп қараның бірі есепті сен отырсын. Осы сағатта басыңды алдырысам, кім менің алдыма шығады. «Жарлық менде, жабдық сенде болды», – деген де сөзі гой! – десті.

Сонда Қалденшерин Абылайды пәнде қылып алдырғанына: «Сынайын!» – деп ортаға алғанына пұшайман болып, ұшып тұра келін, Абылайдың қолын алып жаасты дейді. Елдесін татуласқан

соң, Топыш сұлуды Абылайға беріпті. Қазақтан не заманда олжаға түскен, өсіп-өнген бірталай жанды азат етіп, Абылайға қосып, рулы ел қылып, көшіріп қайтарған екен. Осы күнде белгілі ата жоқ:

– Кімсін? – десен;

– Тәлеңгітбіз, – дейтіндер – солардың тұқымдары.

Қалмак жұрты Қалденшериннің бұл қылышын ұнатпай:

– Топыш сұлуды өзіміздің бірімізге бермеді, Абылайға берді, – деп, араз болысып, ақырында қалмақтар Қалденшериндей хандарын өздері өлтірген.

Қалданшериннің ханымы – Карабас ханым, одан туған Айжан жалғыз. Әкесінің орнына соны хан сайлап, үш жылға жеткізбей, екі көзінен айрып, соқыр қылыш, қаңғыртып қоя берген.

Аюкеннің қызына ... Қырғы, Көші деген екі бала Абылайды жезде көріп, Топыш ханымды апа ..., бірнеше үй өздеріне ерген қалмақтармен Абылайға келген екен. Бұдан соң қалмақтар бүлінген. Ақырында шұршітке қарай ауып бара жатқанда балалары жылағанда айтады екен:

Ку мұңдар, неге жылайсын,

Сор қора сұртың қайда?

Сүрлеп жайған етің қайда?

Көнек додал жерің қайда?

Көнектеп құйған сүтің қайда? –

дейді екен. Бұлар Сарыарқаның сауыры, шөбі шүйгін жерлері болса керек.

Абылай ханның тұсындағы қазақтан шыққан батыр, Сарыарқадағы батырлар мыналар: 1. Қаракерей Қабанбай; 2. Қанжығалы Бөгембай; 3. Қаз дауысты Қазыбек; 4. Шақшакұлы Жәнібек; 5. Көкжарлы Қекжал Барап. «Жауды көп қашырады, жақсы аты Барапқа қалады», – деген Барап – осы. 6. Ұлы жұзден Шанышқылы Бердіқожа батыр; 7. Сырым Малайсары батыр. «Айғайласып келгенде, жердің тары, туыңды алып шаба көр Малайсары», – дейтүғын Малайсары – осы; 8. Балтакерей Тұрсынбай; 9. Таракты Байғазы; 10. Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батыр; 11. Малай-Жәдігерден: Жауғаш, Биғаш, Бөртінді, Бөрте атты Бөрібасы; 12. Орманшы: Ақсары Шотана батыр; 13. Қозған: Бекше мерген; 14. Қарауыл Әлтеке-Сырым: Жидебай батыр; 15. Уақ: Сары, Баян батырлар.

Ақыл тұрмас қашқанда,
Деғір тұрмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмессін,
Бұрылып жауды шанышқанда.

«Үйде батыр көп еді, жау жолында Баяндай көзге түсегінің жоқ еді», – деп Абылай айтқан Баян батыр – осы. Осы айтылған батырлардың бәрі де – Еркебейше бұзау жарып, батыр атанғандар емес. Жалғыз жүріп, қалмақтың қамалын бұзған батырлар. Қазакта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, билерде Үйсін биден асқан би жоқ.

Абылай хан болып, дәүіріп жүріп тұрғанда, құнға келсім қылдырмай, тәмәм талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызған, билік қылдырған би – Құлік-Шобалай баласы Жаңабатыр би. Бұл кісінің: «Құнға қылған кесімі – қара құн. Жұз жылқы – он екі жақсы. Сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы болады», – деп, қазакта өлгөндерге құн алатын, бітімге салған жолы екен.[6]

Бұқар жырау өлеңі

Абылай ханның ақылшысы болған:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көнілі қайтама-ай!
Қандыра жауап бермесем,
Халқымның көнілі қайтеді?!

Хан Абылай, Абылай,
Кайғылы мұнды сөздерді,
Сұрамасаң не етеді?!

Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тындасан,
– Айтты, – деп қаһар қылмасаң.

Судан қашып қарагай
Шөлтө біткен бір даралық
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми

KITAPXANASI

Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықта шыккан бір қарақ.
Ойламас шортан өшпес деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақыра шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі кек,
Бастығының аты жоқ.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы шында бір халық,
Аузы-басы, жөні жоқ.
Жаяулап келер жұртына,
Жағалы шекпен кигізіп,
Жалды май жағар мұртына,
Жемкорларға жымқырып.
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрап ұртына.
Бауыздамай ішер қанынды,
Өлтірмей алар жанынды.
Қағазға жазар малынды,
Есепке алар барынды.
Елінді алар қолынан,
Іскер қылар ұлынан.
Некесізді төрғе шығарып,
Басына ол ... туғанда,
Теңдік тимес қолынан.
Бұл айтқан сөз Абылай,
Болмай қалмас артынан,
Естісөң мына қартынан, –

[деғенде] Абылай хан жылап жіберген екен Бұқар жырауға.[7]

Бұқар жырауға Қазыбек би айтқаны

Бұқар жырау картайған кезінде көңілін сұрай Қаз дауысты Қазыбек келіпті. Ауырып жатқан Бұқарекен, сонда Бұқарекен:

– Эй, Қазыбегім, тілге шешен едің, артымда сөз калсын, бірден онға дейін санның мәғынасын ешкім айтып бере алмады. Қазыбек сен айтып берші! – депті.

Сонда Қазыбек былай деген екен бірден онға дейін:

Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман,

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман,

Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошыған ит жаман,

Төрт дегеніңіз – кең төскейге шыға алмаған кәрілік жаман,

Бес дегеніңіз – белгілі-белгілі, даңқты ерден, белгілі бала болмағаны сол жаман,

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған адам жаман,

Жеті дегеніңіз – жетім қалған бала жаман,

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман,

Тоғыз дегеніңіз – толғаныңыз көңілге олқы бай жаман,

Он дегеніңіз – жеткеніңіз, ол дүниеге кеткеніңіз,

Он бір дегеніңіз – жесір қалған ит жаман, – деген екен.

Бұқарекен Қаз дауысты Қазыбекке:

– Бәрекелді, тауып айттың! – деп батасын берген екен.[8]

Жетес бидің тоқтамы

Төле би тоғыз жасында сексенге келіп отырған Жетес биді іздеп келді. Екі-үш күн қонақ болған соң, Төле би қайта еліне журмек болғанда, Жетес би оған бата береді. Сөзінің соңында:

– Балам, басқа бүйымтайыңды айта отыр. Бата басқа бітер, қына тасқа бітер. Жолға шығып өкінбе, ақылың болса төгілме, атамда сөзім қалды деп түкірме. Тағы немді қаладың? – дейді Жетес би, – ал, бәрекелді, айта бер?! – дейді.

Төле би:

– ... он жастың арасын бір белес десек, соны неге үйгарып, неге баладыңыз?! – дейді.

Сонда Жетес би:

Онга келдім, ойнадым,
Қызығына тоймадым.
Жиырмаға жеттім бойладым,
Онда да балалыкты қоймадым.
Есейе келе жақсы сөзге сүйіндім,
Жаман сөзге күйіндім.
Барымды бойға киіндім,
Сұлу қыз-келіншектерге шүйілдім,
Жауларыма түйілдім.
Отызға келдім, алты айыр қызыл тұлқі болдым,
Қыран бүркітке алдырмадым,
Құмай тазға шалдырмадым,
Тен құрбымының көңілін қалдырмадым.
Қырықса келдім, аргымақтай аңқылдадым,
Тауғасындей саңқылдадым,
Барымды жоқ деп сарқылмадым.
Елуге келдім, биік қырға шықтым,
Арғы жағының алыс-жақының байқамадым,
Дәuletімді шайқамадым.
Алпысқа келдім, алты тарау жолға түстім,
Қайсысының алыс-жақын білмедім.
Жетпіске келдім, жеңілгенімді білдім,
Бала мен келінге билігімді бердім,
Айтқанына көндім, айдауына жүрдім.
Сексенге келдім, оң жағым – от,
Сол жағым – су, алдым – жар, артым – құз,
Қалай қозғалсам да кәрілік деп біле алмадым, – депті.[9]

Үш жүздің бір бас қосқаны

Үш жүздің баласы түгел бас қосып, бір үлкен асқа жиналады. Ел адамдары:

– Бұл асқа әр ел қызықты тарту-таралғы, жақсы саймандар, түрлі аспаптар әкелсін! – деп жар салады.

Кіші жұз бір жақсы ер қосып әкеледі. Бұл ердің әдемілігіне қызығып, Төле би зорлық қылып, тартып алып кетеді. Кіші жұз ел болып жиылып, ерді даулайды. Бір ер үшін Үш жүздің баласы тағы бас қосады.

Төле би:

– Ердің билігін айтсын, төресін берсін, – деп, Қазыбекке кісі жібереді.

Қазыбек:

– Мен бармастан бұрын даулы ерді жайған сөренің үстіне қойсын, бітімді сонда ғана айтамын, – деп ерді сөренің үстіне қойғызады.

Екі ел қақ жарылып, сөренің екі жағында тұрады. Қазыбек ешкімге бұрылмастан сөренің қасына келін, ат үстінде тұрып айтқан төрелігі:

– Өне бойың қайындан кара ер қосқан – бір ерсін, екі ру елдін баласы – бір ерге қайтып мінерсің. Тұзу бермесем төремді, Төле би үш арыс елдің баласын – үш жерге алып бөлерсің, Тәңір алдына барғанда, жауабын өзің берерсің! – деген екен.

Сонда Төле би:

– Бұдан былай үш жүздің билігі сенде болсын! – деген екен.[10]

Қазыбек сөзі

Ұл бала: «Құл боламын», – деп ойламайды,

Қыз бала: «Құң боламын», – деп ойламайды.

Не тәтті, дүниеде тәтті – бала тәтті,

Қартайғанда шыбын жаңың тәтті.

Дүниеде ашты – тілі жаман,

Адамның сөзі умен тең.

Дүниеде жаман не жаман?

Ауру азабын тартқан жаман,

Ауру жазылам деп армандаиды.

Жасы келген кәрілік жаман,
Кәрі қартаймасам деп армандаиды.

Жетімде не жетім?
Шалқар көлғе үйрек,
Қаз ұшпаған көл жетім,
Тұзу басқармаған ел жетім.
Жүргенде аяғы жетпесе,
Сөйлегенде сөзі өтпесе – ер жетім.

Қазыбекке қалмақ бегі:

– Төрге отыр! – дегендегі:

– Жоқ, маған осы босаға жетеді, – депті. – Қазақта біздің елдің заны бар. Үлкен ағалар, жақсы бабалар, казак жасына қарай отырады. Сөз сейлесе, жағына қарай отырады, солар отырса, менің төрге отырғаным емес пе! – депті.[11]

Алшын Қаражігіт әңгімесі

Алшын Қаражігіт бір жазға бір тайға Қаракесек Жантай деген бір байға жалшылыққа жүріпті.

Бір күні: «Құлын суармадың!» – деп, оны бай ұрыпты. Қаражігіт төбелесіп, байдың тісін сындырыпты. Содан үлкен дау болып, Қазыбек пен Шақшақұлы Жәнібекті алдырып, жалшыға жаза бермек болып, бүкіл ел жиналады.

Қазыбек:

– Шақыр, әлгі тентекті! – деген соң, Алшын Қаражігітті шақырып келіпті.

Қазыбек:

– Иә, тентек, мына байдың тісін сындырғандағы тентектігіңе не айтасын?! Мойның аласың ба, болмаса …

Алшын-Қаражігіт:

Қаракесек Жантайға,
Алты жаз жүрдім бір тайға.
Ол жарытпады асына,
Мен жарытпадым күшіме.

Төбелесіп жүргенде,
Жазатайым, тиіп кеткен шыгар,
Сонда байдың тісіне.
Ал, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек
Бірің – балға, бірің – төс.
Бірің айтта, бірің шеш,
Болмаса менің к... кес, – депті.

Қазыбек балаға:

– Аузыңды аш, – деп аузына түкіріпті.

Алшын Қаражігіт ауыл жігітерімен балық аулауға бір байдың көліне барады. Каражігіт – кедей, үйінен азық алмапты. Басқалары азық апарыпты. Қасындағы жігіттер азығын үйге әкеліп қойыпты.

Бай:

– Балам, азығыңды сен де үйге енгізіп қой, ит жеп қояр, – депті.

Сонда Қаражігіт:

– Азық алуға үйде жай болмады, – депті.

Өзіне балаған жасап алып, бөлек тұрыпты. Ол балық аулауға көлге кеткенде, бай біреуді жұмсал:

– Балаганың өртеп жібер де, өзің жасырынып тындал тұр, не айтар екен, – депті.

Жіберген кісі балағанды өртеп жіберіпті де, өзі жасырынып тұрыпты.

Қаражігіт:

Иә, Құдай, бай сенің жақының ба, танысың ба?

Кедей сорлы жек көрген алсың ба?!

Балығым, балағаным бәрі күйді,

Енді кесел қылғаның табысым ба?! – депті.[12]

Төле би сөзі

Тамам жарлы жиылып,
Қонған жері кең болмас.
Тамам сұлтан жиылып,
Сөйлеген сөзі жән болмас.

Ұры-кары жиылып,
Ұйытқылы ел болмас.
Жаманды қанша мақтасаң,
Жәйді білер ер болмас. [13]

Төле би інісі Суан әңгімесі

Төле би інісі Суанды: «Найманды билеп баскар!» – деп, сол елге жіберінті. Найманда шешен Жәуен деген болыпты. Суанның бір ұл, бір қызы бар екен. Суанның ұлы Найманның бір сұлу қызымен ойнап-күліп, арына жай болыпты. Найман жігіттері намыстاناң, күндеп, ұлды өзінің ұзын айдарынан судың ішіндегі талға байлап өлтіріпти. Суан: «Ұлымды сен өлтірдің!» – деп Жәуеннен көріп, оны бір жылға дейін аяғына кісен салып, тұтқында ұстайды. Бір жылдан соң, нақ өлтірген кісі табылып, Жәуенді босатады.

Бір күні Суанның үйіне Жәуен келсе, екі даугер отыр екен.

Жәуен:

– Бұл даудың төрелігін мен айтайын маған беріңіз, – дейді.

Суан:

– Аяғынан кісен табы, арқаннан қамшы табы кеткен жок, сен қайdan айтасың?! – дегенде, Жәуен тұрып:

– Балық жеген балаңның жағы бітті ме, бүкіл елді даң қылған, боз шұбардың сауарын қан қылған қызыңың ... бітті ме?! – депті.

Қыз Найманның бір жігітімен қашып кеткен екен.

– Бұл ел билеуіме көнбейді екен, – деп, Суан өз еліне көшіп кетіпти.[14]

Байдалы бидің сезі

«Аймен аталас емесіз, күнмен баталас емеспіз, бұлтпен бірге туысқаным жок. Сол күнгі жауған жаңбырға жақындал, жуысқаным жок. Құдайға шақпағынды шақ дегенім жок. Білтеңізді жақ дегенім жок. Құйрығын сүйрете алмай жүрген жылқышысын, көзінен

көздел ат дегенім жоқ. Елінде талай қасқа мен жайсандар жайдың оғынан өлген шығар. Сол үшін Құдайдан алған төлеуінді көрсет! Құдайдан төлеу алмасаң, мен де төлеу бермеймін. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген. Айт тура билігінді Абылай! – депті.[15]

Байдалы шешен: өлім жөнінде айтқаны

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейді.
Қасірет деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт, сенім, тілек бар,
Қуанып қуат алындар.
Жылау деген азап бар,
Қуартып отқа жандырап.[16]

Байдалы шешен

(бірінші)

Ер картайды, бақ тайды,
Екеуледі, ей, ханым!
Қатын – жалқау, ұл – ынжық,
Төртеуледі, ей, ханым!
Келін қатал, кер болды,
Ағайын жат ел болды,
Алтаулады, ей, ханым!
Кәрілік пенен кедейлік,
Егіз келді, ей, ханым!
Осыменен санасаң,
Сегіз болды, ей, ханым!
Қаясаған жак, иек бар,

Саудыраған сүйек бар.
Ауыл алыс жер болды,
Токсан деген қор болды,
Онан асты, ей, ханым!
Шығар жолды осыдан,
Өзің тапшы, ей, ханым?![17]

Байдалы шешен

(екінші)

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
Қасірет деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.

Үміт, сенім, тілек бар,
Куантып қуат алындар.
Жылау деген азап бар,
Куартып отқа жандыrap.

Ер қартайды, бақ тайды,
Екеуледі, ей, ханым!
Қатын – жалқау, ұл – ынжық,
Төртеуледі, ей, ханым!

Келін қatal кер болды,
Ағайын жат ел болды,
Алтаулады, ей, ханым!
Кәрілік пенен кедейлік,
Егіз болды, ей, ханым!

Осыменен санасаң,
Сегіз болды, ей, ханым!

Қаусаған жақ, иек бар,
Саураған сүйек бар.

Ауыл алыс жер болды,
Тоқсан деген көр болды.
Оннан асты, ей, ханым!
Шағар болды осыдан,
Өзің тапшы, ей, ханым![18]

Байдалы шешен жұмбағы

Біріншіде не жаман,
Біртіндеп жиған мал жаман.
Екіншіде не жаман,
Ерегескен ер жаман.
Үшіншіде не жаман,
Үлгісіз пішken тон жаман.
Төртіншіде не жаман,
Өсегі көп ел жаман.
Бесіншіде не жаман,
Бесіктегі жас бала,
Жетім қалса – сол жаман.
Алтыншыда не жаман,
Алты қанат ақ орда,
Иесіз қалса – сол жаман.
Жетіншіде не жаман,
Желегі баста түспеген,
Жаңа түскен келіншек,
Жесір қалса – сол жаман.
Сегізіншіде не жаман,
Сергелден болған – сол жаман.
Тоғызынышыда не жаман,

Тоңқайып масак термеген,
Токсанға келген шал жаман.
Оныншыда не жаман,
Ұзындығы он табан,
Көлденені бес табан,
Қазулы тұрған кор жаман.
Он біріншіде не жаман,
Қатын болып бос қалып,
Ерсіз болған – сол жаман.
Он екіншіде не жаман,
Бәрін айт та, бірін айт,
Бәрінен де жоқ жаман.[18]

Байдалының Үәли көңілін сұрауы

Аурудың көңілін кім ашар?
Хал сұраған теңі ашар.
Ер жігіт көңілін кім ашар?
Көркем сұлу, сүмбіл шаш,
Қара көз, имек қас,
Жарқырап тұрған жар ашар.
Баланың көңілін кім ашар?
Алдындағы қағбасы,
Артындағы панасы,
Ата менен ана ашар.
Аттың көңілін кім ашар?
Күніне жеті қараган,
Жал-құйрығын тараған,
Әлпештеп мінген ер ашар.
Жақсы менен жамандық,
Бәрі Хақтан болған соң,
Шүкірлік қылған жарасар.[20]

Ақтайлақ би

(бірінші)

Куандық ішінде Ақтайлақ деген би болыпты. Біләлтен қалып қартайған кезінде Кіші жұз Бала би деген би кездескенде, Ақтайлақ би Бала биден сұрапты:

– Төрт нәрсениң дауасы бола ма? – депті.

Сонда Бала би:

– Айтыңыз, – депті.

– Айтам, мынау бірінші – асуызы тауға кездестім. Екінші – өткелсіз өзенге кездестім. Түсінбейтін наданға кездестім, жаяу отырып жок іздедім.

Сонда Баласы біраз ойланып отырып:

– Бұл төртеуінін үшеуінің дауасы жок. Біреуінің дауасы бар. Асуызы тауға кездестім дегенің – екі аяғынмен жүресін. Табалдырықтан аттай алмайсың, оған не дау? Өткелсіз өзенге кездестім дегенің – екі көзіңнен аққан жасынды тыя алмайсың, оған не дау? Үшінші түсінбейтін наданға кездестім дегенің – кемпірін жоқ екен фой, оған не дау, келінғе қарай?! – депті. Жаяу отырып жоқ іздедім дегенің – насыбай атады екенсің, насыбайды қойған жерінен таба алмай, айналанғы сипалай береді екенсің. Оның дауасы – көйлегіңің төсіне қалта салғызып ал. Насыбайынды соған сал, дауасы осы, – депті.[21]

Ақтайлақ би

(екінші)

Найман Ақтайлақ би бір дау үшін Қаракесек еліне келеді. Бір байға келін қонса, үй иесі жок, жолаушы жүріп кеткен екен. Бәйбішесі бес биенің сабасында толық семіз кісі екен. Конактарга ту бие сойып, аса құрметтеп күтеді, бірақ сөйлеспейді. Ертеңіне қалған етті беріп, қымыз ішіп отырганда, қасындағы біреуіне:

– Сен семіз әйелдің тазалығы қандай болады? – деп менен сұра дейді.

Жігіт:

– Би, ғапу етініз, семіз әйелдің тазалығы қандай күйде болады?!
– дегенде Ақтайлақ би:

– Семіз әйелдің тазалығы шамалы болады, тер көп болады, тер көп болған соң, киім терге жабысады, иіс-қоңыс арылмайды. Сондықтан семіз әйелде ешбір тазалық болмайды, – дегенде Бәйбіше:

– Биеке, сізді қара қылды қақ жарған әділ деп естуші едім, олай болмады. Осы жолғы төренізді қисық айттыңыз-ау?! Өйел ел анасы болып семіз болса, мамық салған төсек емес пе?! Еркек қанша ел би-леп, ел ағасы болғанымен, оны аймалаған есек емес пе?! – депті.[22]

Қараменде бидің сөзі

Қараменде би Кеңгіrbайға өкпелеп, Қоныратка көшіп келіпті. Бұдан кейін Кеңгіrbай абақтыға түседі де, Қарамендеge кісі жібереді. Қарамендеін Келте деген жалғыз баласы бар екен. Ол хан киімін киіп, басына тәж киіп, хан сипатында болып, орыстың ұлықтарымен сөйлесіп, Кеңгіrbайды босатып алады. Қараменденің сонда Кеңгіrbайға айтқан сөзі:

Айтса тілінді алмайды көп ағайын,
Ертеден Мотыш білер малдың жайын.
Байғарага өкпелеп кетті деп ең,
Жана есіне түсті ме Кеңгіrbайым, – депті.[23]

Сакұлақ бидің сөзі

Уә, Садуакас Біләл, мына сөзге құлақ сал! Сен: «Атам», – дейсің, мен: «Ботам», – деймін, екеуін ал да, безбенге сал. Ақылдың мәні төтө еді, ұрыссаң бағаң кетеді. Ұрыспасаң не етеді, Алшынбайдың

Қакабайы амансың ба? Аққа айналады, карага байланады, Әкімбек мырза амансың ба? Ат бергіш, ат алғыш Ордабайдың Маканы амансың ба? Ат берген, ас берген мырза емес, сөзіне опа қылса, Құдай риза деп еді, Қарабайдың Тәнті мырзасы амансың ба? Жігітке кедейлік жоқ сау болғанда.[24]

Шал ақын

(бірінші нұсқа)

Он бес деген жасым-ай,
Жарга ойнактаған лактай.
Жиырма деген жасым-ай,
Көлге біткен құрактай.
Отыз деген жасым-ай,
Таудан аққан бұлактай.
Қырық деген жасым-ай,
Қырымға да көз салған,
Байлаулы түрған құр аттай.
Елу деген жасым-ай,
Қайтып көшкен ел еken.
Алпыс деген жасым-ай,
Көзғе сокқан жел еken.
Жетпіс деген жасым-ай,
Қап-қаранғы түн еken.
Сексен деген жасым-ай,
Казулы түрған көр еken.
Тоқсан деген жасым-ай,
Өлімнен басқа жоқ еken.[25]

Шал ақын өлеңі

(екінші нұсқа)

Жиырмадағы жасым-ай,
Жарға ойнаған лактай.
Отыздағы жасым-ай,
Жанып түрған шырақтай.
Қырықтағы жасым-ай,
Ерттеп мінген құр аттай.
Елудегі жасым-ай,
Ағып жатқан бұлактай.
Алпыстағы жасым-ай,
Көлге біткен құрактай.
Алпыстан жетпіс жас түр арағырақ,
Барсаң шідер салады тарағырақ.
Сексен жасқа келгенде,
Үш жүзге үлгі берғен би болсаң да,
Қоймайды саған билік қатын, бала-ак.
Екі даугер ауыл болмас,
Қас төреде бауыр болмас.[26]

Шал ақын

Жақсыны ақыл, жаманды жақын көрме,
Жақсы атансан, жақсының хақын жеме.
Жақсымын деп момынның хақын жесен,
Жаман адам сол болар мақұл деме.

Екі арыстан қосылса, дәуді өлтірер,
Ажал келсе, ауру түгіл сауды өлтірер.
Ауылынды шайпау қылды жаман болса,
Аман түрған басына дау келтірер.[27]

Сақау ақын

Мейрамның бас косқанда бес баласы,
Бұл қайыр Қоңырқұлжа дауанбасы.
Куандық Корасбайға ас бергенде,
Жананның келген екен Қараласы.

Қара Алтайдың баласы Қаркымбайды,
Мырзалығың талайды алқымдайды.
Үкілі піспек болғанда, күміс ожай,
Жиын сайын сабасы жарқылдайды.

Осы жаз өтіп, келер қыс Шоң дүниеден қайтып, денесін былғарыға тігіп, хазірет сұлтанға апарған екен жұз жылқымен. Сонда ол жердегі хазірет қожалар айтқан екен:

Еліңнің құты екен, бекер әкелген екесіндер! – депті. – Еліңнің құты шайқалады ғой! Тым болмаса сол жерге үш жыл сақтап, майын ағызып қалдырмаған.[28]

Корлыбай бидің баласы – Досбол

Қыпшақ Корлыбай бидің баласы – Досбол деген кісі атаға жүйрік деген соң, құншығыс жұртының бір адамы ата сұрапты. Сонда Досбол өзінен бастап Адаматаға дейін айта беріпті. Адаматаға барғанда:

– Адам атанаң атасы кім? – дегенде Досбол:

– Адам атасы – Арсалан, – депті.

Естіп тұрган халық:

– Жарықтықтың атагы жүйрігін-ай! – депті.

Ол кісінің айтуы қазақ, қалмақ, қарақалпак, естек, орыс – барлығы бір ағайынды екен. Ең кенжесі – орыс екен. Баланың кішісі болғандықтан, еркелетіп: «Басы ауырады!» – деп шүметейін алдырмаған екен дейді.

Елден нәпіл тимей, есек назарына делдал болуға жарамайды десіп келеді. Оның мәнісі кімде-кім болса әулиелердің жәрдемі тиіп, қолдауымен кісі болады дегенге келтіремін. Атамыз Адаматадан

қалған үш насихат бар: «Бірі – дұниеге көніл бөлме, махаббат қойма, дұниені сен қимасаң да, ол сені қиып кетеді. Екінші – қатын тілін алма, бір Аллаға күнәшар қылады. Үшінші – көніліңнің сонына ерме, көніліңе бір нәрсе түссе, жәрдемшіңмен ақылдас».[29]

Досбол бидің бала кезіндегі сөзі

«Жарлының пірі – Жалтаң ата, ұрының пірі – Қалтаң ата, ісмердің пірі – Тепшу ата, кәрінің пірі – Кекшіл ата, көнбеске кемі деген сол – Кекшіл атага қол беріп жатырмын, шырағым!» – депті.

Жаманмен жолдас болсан,
Жүргегінді жарапайды.
Ұрымен жолдас болсан,
Көнілінді қаралайды.

Жайды білген жай тамыр, жай етеді,
Жайды білмес кей тамыр, не етеді?
Осы жолы тынышымды кетірмей,
Шырағым, бір оралсан, нең кетеді?! [30]

Досбол бидің сөзі

Ханға бергісіз қара бар,
Қылышқа бергісіз ара бар.
Кей қараның сөздері,
Жан сызығына пара-пар.

Арамменен жолдас болсан,
Көнілінді қаралар.
Жаманмен жолдас болсан,
Жүргегінді жарапар.[31]

Ел аузынан

«Денсаулықта не байлық?» – деп сұрапты. Біреу: «Мал-дәулет – байлық», – депті. Біреу: «Бас – байлық», – депті. Енді біреуі: «Өнер – байлық», – депті. Сонда: «Жоқ, бәрінен ешкімге кіріптар болмай, өзіннің денің сау болса, сол – байлық. Елден ет жиып та өлмейсің», – депті.

«Дүниеде не нәрсе өзгермейді?» – депті. «Бірінші өзгермейтін нәрсе, бірінші – жақсының аты өзгермейді. Екіші – тастың қынасы, не темірдің таты өзгермейді. Үшінші – төккен көлдің орны өзгермейді. Осы үшеуіннен басқа дүниеде өзгермейтін дүние болмайды», – депті.

«Дүниеде мың жасадым», – депті. Біреу: «Мал-дәулетті қызық көріп, мың жасадым», – депті. Енді біреу: «Балалы-шағалы болдым, – деп, – мың жасадым», – депті. Енді біреу: «Басыма бақыт орнады, – деп айтты, – осыны мың жасағаным», – депті. Лұқман қекім былай деген: «Мың құнгі ұжмағындан, бақ-дәулет топталған басыңдан бір қалыпта бақи тұрмайды. Бәрінен бір көрген жарық дүние мен ренішсіз ойнап-күлген жарық дүниенә жақсы», – депті. «Мың жасағаның осы», – депті.

«Дүниеде не тәтті?» – депті. Біреу: «Шекер, бал, зәмзәм тәтті», – депті. Біреу: «Мал-дәулет тәтті», – депті. Біреу: «Сүйген балаң тәтті», – депті. «Жоқ, тәтті де тәтті ер болсын, әйел болсын екі адамның сыйсиляпты, екі адамның достығы тәтті», – депті. «Қара жерге бірге түседі», – депті.

«Қияметте не қиямет?» – депті. «Қияметте басыңа іс түссе, сол қиямет-қайым», – депті. «Көрінте не көріп?» – депті. «Төсек тартып жатқан ауру көрін», – депті.[32]

Арғыннан шыққан Аққошқардың сөзі

Орта жұз Арғын руынан шыққан Аққошқар, Сайдалы деген адамдар болған. Аққошқардың сөзі: «17-18 жасар күнімде базар шықтым. Керуен басшылық қызметіне кірістім. Бұхараға мал айдалап, жұқ тартып, қала шығып жүрген кезімде: «Ұлы жұз Үйсінде бір Би қатын бар», – деп естідім. Оның шын аты – Сарайбике екен.

Ол аты мүлде қалып, «Би қатын» атанипты. Алатаудың теріскей бетіндегі Ұлы жұздің баласы Би қатынның аузына қарайды деген соң: «Қатын би болып қандай билік айтады еken, сол қатынмен бір қалжындасадам?!» – деп өте құмар болдым. Бұхардан қайтып келе жатып, еліне таянғанда:

– Би қатын үйінде бар ма? – деп сұрастырып едім:

– Жолаушылап Арқаға жол жүріп кетті, – деді.

– Әй, бәрекелді-ай, кездеспейдім-ау! – деп, кіжініп, елге қайтып келе жатқанымда, Арқадан қайтып еліне келе жатқан Би қатын кездесе кетті. Бетпактың шөлінде қарсы ұшырастық. Олжасы жоқ, аты арықтап, жүденкіреп келеді еken. Жолыққан жерде:

– Е, құдағи, ит мініп, ирек қамшылап қайдан келесіз?! – дедім.

Сонда Би қатын жұлып алғандай:

– Қарақойын, Қашырлы деген жерге барып едім, Әліке, Байдалы деген елге барып едім, тайын тәнірісіндей көреді еken, құнаның құдайындақ көреді еken, содан келемін, – деді.

Айтып тұрған жері мен елі өзінікі болған соң, не дерімді білмей, аузыма құм құйылып, бір ауыз сөз айта алмадым. Жағым қарысып, үндемедім, женілдім. Ұтылғаным іштей қорландым. «Бірақ бұл қатынды құдай кездестірсе, Жәуке керуенбасымен кездестіріп, екеуін көзбе-көз, бетпе-бет бір сөйлестірейін, қызығын көрсем!» – деп осыны ғана ойыма алдым да, жөніме жүріп кеттім. Ол жыл өтті, келер жылда қысқа қарсы Қуандық, Сүйіндік, Қаракерей, Қанжығалы, тағы Арқадағы басқа халықтар бұларға қой айдадық. 18 керуенбасы болдық. Ақсақал керуенбасымыз – Жәуке би. Еламанның баласы Тұрсынбай, Шонның ағасы, Түркістандағы Тоғай ханның ордасына бардық.

«Тоғай алды Түркістанның қаласын, Зар еніретті бұл алаштың баласын», – деп өлеңге қосылған Тоғай ханның дәүірі жүріп тұрған кезі еken. Үйге кіріп барсақ, Тоғай ханның ордасында, тақтың үстінде Би қатын отыр. Тоғай ханның бұдан артық қадірлейтін, құрметтейтін адамы көрінбейді. Дастархан да соның алдында, сый-құрметтеге соның басында көрінеді. Төмен отырған бозбалалар күнкілдеп күлістік. «Хан мұның қойнына барады еken ғой!» – дестік. Қатынның құлағы шалып қалған еken. Күлісіп отырған біздерге қарап:

– Өңкей мұндар, не деп отырсындар?! Жактарынды тас-талқан қылайын ба?! – деді.

Ең жоғарғы жағымызда Жәуке би отыр еді. Басында тымағы бар еді. Тымағының құлағын түріп көтеріп қойды да, шарт жүгініп қатынға қарап:

– Сұннәтің бар ма? – деді.

Қатын:

– Жоқ, – деді.

Жәуке би:

– Жоқ, – деді.

– Жаназаға кіріп еркектерге имам болған жерің бар ма? – деді.

Жәуке би:

– Жоқ, – деді.

Би қатын:

– Жоқ, – деді.

– Ердің құнын, нардың бұлыша тәбеле шығып, тәре берген жерің бар ма? – деді.

Би қатын:

– Жоқ, – деді.

Жәуке би:

– Жоқ, – деді.

Тең теңін олжаламайды,
Тезек қабын олжаламайды.
Олжаға қатын аттанса,
Сақар мен сабын олжалайды.

Құралай бастаған киік онбайды,
Қатын бастаған көш онбайды.
Байтал шауып бәйге алмайды,
Қатын қайраттанып, қазан қайнатпайды,
Қаран қалған елді қатын билейді, –

деген. Сен қараң қалған елді билеп отырған намысындағы сен кімнің жағын тас-талқан қыласың?! Мен Арқада жатқан он сан Орта жүз елмін, Абылай аспас белмін! Сен түгіл мынау отырған Тоғай хан

атымның шаужайынан ұстауға жарап ма екен?! Ашсаң аш көзінді, әуелі жан-жағына абайлап қара өзінді! – деді.

Би қатын орнынан ұшып түрегеліп:

– Біз сендердің кім екендеріңізді білмедік, танымадық, білмегеніміз болса кешіріңіз! – деп, Жәуке бидің ұстіне шапан әкеліп жалты.

– Қайтуларыңызда қонақ болып кетіңіздер?! – деп жабысты.

Қайтарда келіп қонақ болдық. Қатынның екі жасар әйел баласы бар екен. Баласын құшарланып сүйгенде:

– Құдай осы баладан екі елі сінірді несіне аяды екен?! – дегенде Жәуке би:

– Балаңыздың тіршілігін сұраңыз, аман болса, есен ер жетсе, сол жері екі елі сінірсіз болмас, – деді.

Би қатын қатты қысылып, қатты ұялды. Қатын екі жеңілді.[33]

Шоң бидің әңгімесі

Шоң биді Куандық ... асына шақырады. Ел жайлауға алды жаңа барған кез екен. Шоң би ат бәйгесіне қосуға Жананың Қараласы атын алып жүрген екен. Палуанға Ақша Байболаттың, Байболаттан шыққан Жаманқара шешенің, Жаманқарасын алып жүрген екен. Ақынға арнап ақын Сақауды алып жүрген екен. «Өсі жолы бағымды сынайын деп едім. Осы астан алған олжаш менікі болсын, еліңе қайтып келген соң, қыздың қалың малын алсан да, қолың бос болсын», – депті. Егер Қарала аттың алдына Жындықара түспесе аттары деп Күлік Жаңа батыр қаһарлы Жанакты алып жүрген екен.

Жаңа саба жиғанда Ақбура Қара Алтайдың баласы Қарқымбайдың ар... алып жүрген екен. Өз алдына алып, құйдырып отыруға сол сабаны алып жүрген екен.

Қарқымбайдың сабасы атанғаны мынадай екен. Жал-құйрығы қап-қара қорымдай, сары айғырдың терісінен істеген. Жал-құйрығы өзіпде ешбір түгін түсірмей ыстыратып, жүнін сыртына келтіріп құйғызады екен ол заманда. Куандық ас бергенде, асты Есіл бойында береді екен. Амантай Қарқаралы деген жерде береді екен.

Шоң би асқа бара жатқан бетте Амантайдың басына шығып тұрып, асқа тіккен үйлерді тамаша қылып қарап тұрған еken. Көптігі ол шетімен бұл шетіне екі көзі жеткісіз еken. Сол жерде тұрып Шоң би Қарала атпен серттескен еken:

— Ал, Қарала, осы Амантайда басына қарақшыны тіккізбесем маған серт. Егер алдында озып келе алмасаң, саған серт. Алпыс төрт жаста мен тұрмын. Жиырма төрт жаста сен тұрсың, — депті. — Мұнан былай осы Куандықтың асына менің де келуім маған да екіталай, бәйгеге қосылуың сеін де екіталай. Екеуміздің де ақыр-тақырмызы осы болар, — депті.

Асқа барып түсіпті. Сонда Шоң Сақауға айтты:

— Алдымен мына Шоттыжанға өлең айтып, басындағы сәукелесін алып, киіп ал, ырым болсын. Соңан соң бар да Саржан төреге айт. Соңан соң Өтебай жындыға айт. Оның басындағы сәукелесін сұра. Қанша дүние берсе алма, сәукеледен басқадан тырнағынды жазба, — дейді. — Егер сәукелесін бере қалса, ешбір бөгелмей тез ал да қаш етегіңе орап алып, алды-артыңа қарама, — деп батасын беріп. Елі білсе, намыс қылып тартып алып қалады, — депті.

Шыға салып Саржан төреге кіріп келіп, өлеңді қоя берген еken. Сақау қолына домбыра ұстамайды еken. Саржан төре өлең, сауықты керек қылмайды еken. Домбырасы жоқ болған соң, байқаусызда Сақау өлеңді қоя беріпті жүгініп отыра қалып:

Құдай артық жаратқан тілегінді,
Гаянтар тастай жаратқан жүргегінді.
Бір тартқанда өткізген жеті шotttan,
Айналсам да болмайма білегінді, — депті.

Сонда Саржан:

— Токта, токта! Сөзін түгел болды. Мынаның аузына пері сөз салып тұрған ку еken! Мынаған бес көк алабас атан, бес дүрия шапан экеліп беріндер! — депті.

Оны Шоң биге беріп жіберіп, Өтебай жындыға барыпты. Бұл Өтебайды жынды Алтай Тоқанның Тоқасынан шыққан сал еken. Экесі Күшікбайға он екі мың жылқы біткен еken. Ол мал мұны жындандырмай қоя ма?! Осы асқа киіп келуге жасатқан еken. «Тока Сапақтың қызының сәукелесінен де құны артық болсын!» — деп жүз биенің пұлына тұскен еken. Және: «Осы асқа қанша адам бара жат-

са бәріне де биік болып көзге түсіп отырамын», – деп түйеге мініп барған еken. Сәукелені басына киіл, өзі бір үйде жалғыз жатып, сәукеле басында, артына үлкен жастық қойып, аяқ жағына есіктей айна қойып, өз түрін өзі айнадан көріп:

– Бар болғаның осы ма, ішіне сиетін көтімді сүртейін?! – деп өзін-өзі келемеждеп, аузын сүртіп жатады еken. Сақау кіріп барып, өлеңді қоя беріпті.

Сонда Өтебай:

– Терт қысырақ ал, – дейді, алмайды.

– Жұзді ал, – дейді, алмайды.

– Мынды ал, – дейді, алмайды.

– Басындан бермесең алмаймын, – деп отырып алған еken.

Өлеңмен ерік алдынан қоймапты. Сонда Өтебай жынды айтқан еken:

– Өзіме де сүйікімсіз көрініп жатыр еді, түрімді бұзып, әрмен әкетші, ішінді ...! – деп лактырган еken.

Сақау етегіне орап алыш қашып жөнелген еken. Шоңның алдына әкеп салған еken. «Сегіз ұлдан кейін көрген пәленжанға кигіз», – деп Шоңға беріпті. Міне, жүз биеге істеткен сәукелені бергісі келген соң, бір тақия есебінде болды. Алған Сақауга да бір тақия есебінде болды. Бұрынғылардың кейбір мінездері тәрики дүние деп айтуға болады.

Сонда Сапакбай:

– Қаркымбайдың жылқысы қанша? – деп сұрапты.

– Жұздей бар шығар, – депті. Сапақ айтқан еken:

– Мениң бір жылғы согымыма да жетпейді еken ғой! – депті. «Сондай неменің істеп келген салтанатын көрейін», – деп айтқанын Шоң естіп, Құдай рахмет қылсын, барлық ertoқымды бір жерге үйгізіп, сабаны соның үстіне орнатып, туырлықты тестіріп, піспегін басын содан шығарып қойып, далада бір жігітті боз атқа мінгізіп, пістіріп қойған еken. Піспектің басына үкі таққызып Қараламен көкпаздатып тастаған еken. Жарқ-жұрқ еткізіп пісіп тұрганын Сапақ анадайдан көріп, келуге үялыш, кейін қайтып кеткен еken.

Қош, ол заманда Құандық, Сүйіндік, Қаракесек, Қанжығалы ортасында ас берілсе, Шоң биге келіп ақылдасады еken. Бұл күнде Қонырқұлжа ага сұлтан күні, бұл – «Қайырқонырдың заманы» атанип тұрган күн еken. Олар төрелік қылыш, Шоңға келмей, атшабар деп қарақшыны алыш шығып кетті дейді. Онда Шоң би атқа мінбей

жатып алыпты. Ол жолы Қаз дауысты Қазыбектің үрпағы Алшымбай би бар екен. Атшабар хабарлағанда, олар да шығып кеткен екен. Сонда Шоң би Алшымбайға бір епті жігіт жіберген екен былай деп:

– Қаракесек Тіленші би өлгенде, орнына Шоң дұға қыла барғанда, ауылында бір күн, бір түн жатып қайтқан екен. Сонда Шоң аттанғанда Алшынбай биді шығарып салып, Айыркезең деген төбенің қақ түбінде аттан түсіп, қош айттысып тұрып, Алшымбай айтқан екен:

Ағаңның орнына кейін бесінде келіңіз, бұғін бесінде аттаныңыз. Содан кейін сіз бетімді: «Былай!» – деп қақпаған соң, жүлдзыздай ағып сөйлемді де отырдым. Мені: «Мынауың былай!» – деп ешбір бетімді қақпадыңыз, мені сіздей кісі қақпайтын сөйлеғен сөзімнің барлығы да мұлтіксіз оң болып кетуі ме, болмаса: «Әулеке неме лага берсін», – деп отыра бердіңіздер ме?! – депті.

Сонда би айтқан екен:

– Балам, оның рас, талай-талай артық кемі толып жатыр. Мен сені жаксы-жаман жиылған жерде пәлен, түген демегенім қарадан хан болған Шоң да бұған бір ауыз бір нәрсе деуге жарамды деп, елін катыктай катып, сүттей ұйып тұрсын деп еш нәрсе айтпағаным сол, – дегенде Алшымбай жылап қоя берген екен:

– Балам, осы еркезең де ұмытпасан, бір қаруын қайырарсын, – деген екен. – Сол сөз есінде болса, еркезең есінде бар ма екен? – деп, – айттып кел! – деп жіберген жігіті:

– Сізге би жіберді, би жатыр: «Еркезең есінде бар ма екен деп айтсан, өзі біледі», – деп қоя беріпті. Айтқан екен:

– Би қайда? – дейді.

– Би жатыр, төсекті жайлап салып алды, – дейді.

– Ендеше би атқа мінбесе, біз не қылғалы аттанамыз, – деп топқа барған жерінен қайта қайтып келіп, қарын кабаттан барлық жолдастарын жиып алып, бұ да жатып алған екен.

Қуандықтың адамдары шошып қалған екен: «Бұл қалай?!» – десіл. Сонда көpte не жоқ, бір қу таңдай жігіт суырылып сөйлеген екен:

– Аруактың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған Шоң деген кісі бар. Сол кісі: «Атты қай жерде жібереміз, қарақшыны қай

жерге тігеміз деп маган ақылдаспады, айтпады», – деп қиянқы ұстап жатқан ғой, – дегенде төрелер айтқан еken:

– Ендеше, біз ондайын білгеніміз жоқ. Бара көріндер, қарақшы қай жерден тіккізуге, атты қай жаққа, қай жерден шапқызысың? – дейді. – Өзі білсін! – деп, кісі жібереді.

Сонда Шоң айтқан еken:

– Бұл өзі Бес Мейрамның басын қосып, ақылдасып беретін ас еді. Олай болғанда қар суынан осылай беттеп көшіп, ошақ басына қонып, көптеп қонақ аттандырады. Қемекте деген жау қашырады дегендей болып оп-оңай тарайтүғын еді. Ағайын-туғанды ақылға алмай, бірекі төре не десе сол болады деп, «төреғе ерген ерін арқалайды» демеп пе еді?! Тұлкі алмайтын жаман құс – аттың соры. «Аста еңбегі Абылайдан басқа төре ас еңбегі» деген сөз бар емес пе еді? Ел жайлауға беттегендे сауын айтпай, қайтарына қарсы айтылып, қайта көшіп бара жатқан бетімізден ағайын шақырған соң: «Асымызға келмеді дер!» – деп, зорға ұялғаннан келдік. Алыстан атымыздың мойныны қатып, азаматымыздың сілесі құрып келді. Ертең, бұрсігүні шаппасақ, жайымыз жоқ, – депті.

Сонан соң Куандық қайта бәрін жиғызып, қайта мал сойғызып, асқа екі шапқан еken. Міне, Шоңның қазактан асқан жері осы емес пе! Сонымен ертең өтіп, бұрсігүні қарақшыны Амантайдан тіккізіп, ойына алған жерінен атты айдатты. Палуан деген айғай шықты. Сонда Жаманқараның күреске түсерде көрінісі мынадай еken. Бір шылбырды мойнына күрметіп байлатып, бір ұшын бір бозбалаға беріп, ат үстінен тартқызып, бір кісіге құрықтың ұшымен ұрғызып, айғырша құрайттап қосады еken.

– Мениң жылқым күшім сонда бойыма келеді, – дейді еken. Сонда шылбырды үзіп кетеді еken. Сол уақытта күрескен адам тірі қалмауы керек. Егер де тірі болса жаны олжа. Әлде қыскасы палуанды Жаманқара жықты. Бас бәйгені Шоң [алды].

– Ат келеді! – деген айғай шықты. Қараса өзге ат жоқ, бір-екі қара көрінеді. Байқаса біреуі – Қара, бірі – жазған Қарала ат еken.

[Киелі Жанақ та]:

– Ат дегендеге аттым, – деді. Алдында келе жатқан Қара ат мұрттай үшқан еken. Қоңырқұлжаның Қара аты еken. Үстінен мінген баласы аман қалған еken. Куандық тағы да жуандыққа кетіп:

– Қарала ат жерінен шапқаны жоқ, жолдан қосылды! – деп, – бәйге бермейміз! – деп дауласқан екен.

Сонда Шоң би ат үстінде тұрып, бармағымен маңдайын тіреп тұрады екен көзін жұмып. Сөйлерге келгенде көзін жалтара ашып алдып, ақыра сөйлейді екен. Шоң сөйлегендеге басқа адамдардың айтайдын деп тұрган сөзі аузына тұспей қалады екен. Сонда көзін ашып:

– Делегей етек, жуан қоныш Қуандық ағаның баласы! Қамшының көптігіне, ақылының жоқтығына сөзім жоқ! Атым жерінен шапты, алдынан жалғыз келді. Бәйгемді бер! Егер қапым бар десен, тағы жіберемін. Енді тосып далада тұрмаймын. Алда Жұманың ауылына барып жатамын. Тағы бір атым Қараламен құйрық тістесе келді. Қараламен бірге екі аттың бәйгесін сол жерге әкеп беруге бүлік етіп, бас бұрмайсын! – деп атты қайта айдатты да, өзі Алда Жұманың ауылына келіп жатты.

Абайылда [Әбілда] хан бар екен. Екі атты, 14 қой сойғызып күтті дейді. Айтқандай Қараланың соңынан бір ат құйрық тістесе келіпті. Айдабол Құліктің ішінде өсken Майлыштон Шегірдің Шегірі, Сүйіrbайдың Қарақасқа аты екен. Үстіне мінген баланың аты Жайлыбай деген бала екен. «25-ке келгенше Қарақасқа атқа мініп шаптым», – деген екен. Сол жерде Алда Жұман жатқан [Шоңға] екі аттың бәйгесін әкеп берген екен.

Қош, елге қайтып, елсіз далада Айдабол, Қаржас болып бәйгені салыстырғанда, Сақаудың бәйгесі екі есе артық болған екен. Сонда:

– Сақау олжа ал! – деғенде:

– Мен олжа алмаймын, батаңды бер! – деп, Шоңның батасын алған екен.

Елге келген соң [Шоң би] риза болып, 100 тұсак қой, бір үйір қысырақ берген екен. Сол сапарда жолда қайтып келе жатып, Тоқада үш түрі атанған Телқозы, Байқозы, сол Телқозының үйіне түсіп, саба құйып отырып, бәйбішенің көзі Шоңға түсіп, бойы балқып, денесі иіл кеткен екен: «Мына кісі алтын екен», – деп. Алланың әмірі кешікпей содан бойына тиіп, ұл тауып, атын [Шоң] қойған екен. Кіші Шоң бірнеше жыл болыс болып, осы күні сол кісінің қонысы – «Шоң қарағашы» атанған. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген.

Осы Сакаудың бір ауыз өлеңінен бағаланған қак сөз екені рас болған.
Өлең Сақау ақын:

Мейрамның бас қосқанда бес баласы,
Бұл қайыр Қоңырқүлжа Дауанбасы.
Куандық Қорасбайға ас бергенде,
Жананның келген екен Қараласы, –

деген өлеңі осы.

Қара Алтайдың баласы Қарқымбайды,
Мырзалығың талайды алқымдайды.
Үкілі піспек болғанда, күміс ожай,
Жыл сайын сабасы жарқылдайды.

Осы жаз өтіп, келер қыс Шоң дүниеден қайтып, денесін былғарыға тігіп, хазіреті Сұлтанға апарған екен жүз жылқымен. Сонда ол жердегі жақсы хазірет қожалар айтқан екен:

– Еліңнің құты екен, бекер әкелген екенсіндер! – депті. – Еліңнің құты шайқалады ғой! Тым болмаса сол жерге үш жыл сақтап, майын ағызып қалдырмаған екесіндер?! – депті.[34]

Уақ Бөрібай әңгімесі

Ақтабан шұбырынды Сырдария өлкесінен қырға қарай ауысып, Уақ Шоға руынан көшіп келе жатқанда, Уақ Шоға руы Шоң мен Торайғырдың ауылын басып көшкен екен. Елдің айғай-шүйнан шошып, бір әйел бала тастапты. «Түскен баланың құны!» – деп Шоң, Торайғыр көшкен елдің жылқысын тартып алып, өздерін тоғай түсіріп жіберіпті. Бұл кезде Бөрібай 13-14 жаста екен. Ойға барып, жер алып, өсіріп-өніп, есін жиып, ел болыпты.

Қырдан тоғайға қала шығып барған Айдаболдың бір адамын ұстап алып, еліне қайтармай қойыпты. «Бітімғе келсін», – деп, Шоң би шақыртқан соң, ел болып жиналып, Бөрібайды жібермек болыпты. Бұл кезде Бөрібай жиырма бес жаста екен. «Көп кісінің керегі жоқ. Қасымда мына адамдар болсын: бірінші – Керей Келдібек би,

екінші – Уақ Жанабаба батыр, үшінші – Барақ баласы Кенже, үшеуін гана ертем», – депті Бөрібай.

Шоң бидің ауылына келіп аттан түсіп жатқан Бөрібайды Торайғыр сынап, ағасы Шоңға айтады:

– Мынау жас жігіт – екі сәттің астасқан жерінен пайда болған жан еken.

Сонда Шоң:

– Бөрібаймен өзің сөйлес, өзгесін маған қоя бер, – депті.

Үйге кірғен соң, Шоң би:

– Уақ Бөрібай қайсың?! – депті.

Бөрібай:

– Мен боламын, – депті.

Шоң би:

– Бөрібай, Бөрібай дегенге, мен адам сияқты адам еken десем, борбайдың арасында жүрген борбайшық екенсің ғой! – депті.

Бөрібай:

– Ақсақал, борбайды кемітпеніз, ұлken де, кіші де сол борбайдан шығады емес пе?! – депті. – Менің түсіме қарамаңыз, ісіме қараңыз, – депті.

Біраз үндемей отырғаннан кейін, Бөрібай:

– Ақсақал, жылқы бұрын ба, адам бұрын ба? – депті.

Шоң би:

– Жылқы бұрын, – депті.

Бөрібай:

– Бәрекелді, төрелігінізге құлдық! – депті.

Шоң би:

– Мына шіркін не дейді, мен саған тәре берейін деп отырмын ба?! – депті.

Бөрібай:

– Айдабол деген атыңызға семіріп, табақ-табақ ет жеп, кепе-кепе бок тышып, аузыңыздан шыққан сөзді құлағыңыз естімейтін, сізді би қойып жүрген халқыңыз қандай надан еді?! – депті.

Шоң би Торайғырға:

– Мына кісілердің дауын бітіріп, риза қылып жөнелт! – депті.[35]

Шоң би мен Боштай

Шоң би қаһарлы Жанаққа айтыпты:

– Сен Құлболдыға қастық қылғанды атам деуші едің. Мына Боштай маған қастық қылды, Боштабайды ат! – депті.

Боштбайдың оқ қағары бар екен, бір баласын: «Аттым! – дегенде, бала мұрттай үшыпты.

Шоң би өлген соң Боштайдың әкесі Тұрсынбай батыр: «Итеңменді дуанбасы сайлаймын!» – депті. Әкелі-балалы екеуі екі жаққа тартып, ақырында Боштайдың дегені болыпты да, Шорман дуанбасылыққа сайланыпты. Тұрсынбай қаһарлы Жанаққа келіп:

– Сен Құлболдыға қастық қылғанды атамын деуші едің, сол сөзің рас болса, мына Боштай Құлболдыға қастық қылды, Шорманды дуанбасы сайлады. Атқыш болсан, Шорман мен Боштайды атшы! – депті.

– Боштайжанның өзінің де өмірі қысқа, оның жаласы менен болмасын, Шорманды аттым! – депті.

Баянауылда сайланған екен. Ел жайлауда Ерейменнің ар жағындағы аулына барысымен, Шорман өліпті. Жасы қырық тоғызда екен. Шорман айтады екен:

– Елуге жетпей өлген кісінің не арманы бар? – деп замандастарына айтады екен.

– Көп жасаған жаман болса, ақсақалдар: «Ақсақалды, сары тісті бол, алғаныңмен қоса ағар, қоса қартай», – деп неге бата береді?!

Шорман:

– Ақсақалды, сары тісті бол деген кісінің аузын ұрайын. Елуге жетпей қыршын жас өлгеннің қойнындағы қатыны күйінеді, бүкіл халқы күйінеді, оның өлгеніне қара жер күйінеді. Елуден асып өлгеннен соң, оның өлгеніне қатыны да күйінбейді, халқы да күйінбейді, қара жер де сүйінбейді. Қара жер қуанып қойнын ашпаған неменін өлісі не, тірісі не?! Ондай адамның өлген-өлмегені бәрі бір бастағы. Қазакта бір мақал бар:

Мешкей асқа тоймайды,

Жаман жасқа тоймайды,

Аса жақсының өмірі қысқа болады, – деген.

Боштай отыз жетіде өлген. Баянауылдың казак-орыстары үзенгісіне у жағыпты деген сөз бар.[36]

Торайғыр би сөздері

Торайғыр бидің Баянтау туралы айтқаны. Баянауланың қарағайы желіне қосылып, шулап тұрғанын көріп:

– Ием жок, күні күту. Ием келген күнде тоқтамым түйе болады, жылап тұрасын-ау! – деген екен.

Торайғыр би ана дүниеге көшер қарсанында жанында баласы Баймырза:

– Эке қалай боласын? – дегендегенде:

– Эй, балам-ай, менің қалай болатынымды қайдан білесін, бұдан бұрын … көрмесіп! – деген екен.

Сонда Баймырза жылаған екен:

– Біз енді кімді әке қыламыз? – деп.

– Жылама балам, жылама! Жақсы болсан, жұртқа өзін әке боласың. Ал жаман болсан, әкесіз болам деймісін, кім-көрінген әке болады, – деген екен.

Баласы жылаған екен сөзіне. Сонда баласына айтқан бір ауыз есietі ел аузында қалған:

Есің барда ел таны, желіп жүріп,

Атың барда жер таңда, желіп жүріп.

Бұл дүниенің өтерін білген адам,

Малың барда сұлу ал, көріп жүріп, –

деген екен.[37]

Баянауылға орыстардың қала салмақшы болуы

Сиыр жылы Баянауылға дуан саламын деп, орыстар ағаш кестіре бастайды. Осы жылы он шамалы қытайлар келіп:

– Ағаш кестірмеймін, қала салдырмаймын, қазақтар саған қарамайды, бізге қарайды, – деп орыстармен таласады. Бұл Әбейілді ханының, Шоң би мен Торайғыр билердің заманында. Осылардың тұсындағы дәуір еді.

Ел жайлауда отырған мезгіл еді. Ағасы Шон биден тіленіп:

– Мұның жауабын мен берейін, – деп Торайғыр келеді. Көкшетаудан Әбәйілда хан келді.

Орыстың Бөлкебайы:

– Қазақ шүршітке қарайсың ба, бізге қарайсың ба?! Айт шынынды! – деп ақырды.

Әбәйілда хан үндей алмайды, қорқып, сасып не дерін білмей қалады, бөгеліп қалады.

Торайғыр:

– Эй, Бөлкебай, осы журген уақытында өзің не біреу маған қара, бағын десе, не айттар едің?! – дегенде Бөлкебай:

– Біздің қарап тұрған патшамыз бар. Қасықтай қанымыз, шыбындан жанымыз қалғанша, соның жолында боламыз. Оның билігінсіз ешкімге қарай қылып, бастырып кием десем табылады. Қылыш десем ұсталарым бар, неше түрлісін соғады. Берем дегеніңің бәрі де өзімнен табылады, сенікін не қылайын, алмаймын, – депті.

– Бізге анда-санда өзің, не Шон келіп тұрындар. Жеріңе, еліңе қайтарайық деп отырмыз, – дейді.

Торайғыр:

– Өзінде ақылдан дәнене жоқ екен гой! Сенің ак патшаң біздің ауылға неше рет келіп еді?! Шон сондай қазақтың ак патшасындей кісі. Ол сенен не аламын деп келеді?! Ал мен сегіз санаттың қатар кісісімін. Сенің сегіз санаттың біздің ауылға неше келіп еді?! Біз де сондай керексіз орынға қаңғырып жүрмейтін кісіміз, – денті.

Бөлкебай:

– Сен аюдан да күшті екенсің. Аюды үйреткенде жетпіс күннің ішінде құрдай жорғалатушы едік. Сені еліктіріп, көндіре алмадық. Еліңе қайта бер, – денті.

«Әбәйілда хан мен Торайғырды орыстар алып кетті!» – деп қорқып, Баянауылға Шон би, Көкшетауға Уәлихан тоқалы Айғаным қала салдыра бастаған екен. Торайғыр Шонға қатты өкпелеп:

– Бір жолдың билігін маған бермедің, мені елдің құрмалдық тоқтысы етіп, шалып жіберсең, болмаушы ма еді?! «Менің билігім інімде, інім көніп келсе, қала салдырамын. Інімді ұстап әкетін, өзіммен жауласып тұрғанда, сенің тілінді қалай аламын?! Не деп саған қараймын?!» – деп отырып алсан, қала сала алмаушы еді.

Маган беттеп аяғын баса алмаушы еді. Сөйтіп аяқсыз қалдыратын едік қой!

Орысқа қарамаймын деп көшу себебі – осы көрінеді. Торайғыр, Шонты, Ізден абыз үшеуі құрдас екен. Елден кеткен жылы Қуандық жібермей, Алтай Аманкелдінің қосын қыстаған екен. Ізден абыз әдейі Торайғырды іздең барса, Жетімқонырда отыр екен. «Баянауыл, Қызылтаудан сен қалайша адасып біткен жерсің, Айдабол Құліктен Торайғыр сен нағып адасып жүрсің?!» – деп көріскенде, Торайғыр өкіріп жылаған екен. Шонты да барған. «Қайтпасаң емшегімді көкке сауамын!» – деп, шешесі Борсық бәйбіше барыпты.[38]

Уақ Ердене сөзі

Ердене – батыр, әрі би, Ұлы жүз Жалайыр ішінде сіңғен Уақ, Абылайға айтқан:

Уағалейкумуссалам,
Ел билеген, хан бастаған – қасқа қалар,
Байға – пана, кедейлерғе басқалар.
Тұзде жүрсем, Ердене деген батырмын,
Үйге келсем, катын – кәрі, бала – жас,
Келсан соғып, бидай түйіп жатырмын.
Тұсем десендер, міне лашық,
Тұспеймін десендер, жолдарың ашық, – депті.[39]

Уақ Нұркеге бір ақынның айтқаны

Өнерінді бәйге атындаш шаптырғансың,
Қармағыңа жайынды қаптырғансың.
Екі балан: біреуі – дуанбасы, біреуі – болыс,
Баланы неғып өзің таптырғансың?

Нұркебай – үлкен бай болыпты. Қазақтың ең алғаш, бірінші болып Меккеге қажыға барған Нұрекебай болыпты. Семей, Алматы, Әулие ата, Бұхар жолымен жүрін, бәйбішесімен бірге төрт жыл жүрін, аман-есен келген екен.[40]

Керей Нұрбай әңгімесі

Нұрбай жоқ жоғалтып жүріп, әдейі Шоң биді көріп, сәлем берейін деп келсе, Шоң би таяғын қолына ұстап, кешке жақын қотандағы қойдың шетінде, далада тұр екен.

Нұрбай аттан түсіп, амандақаннан кейін, Шоң би:

– Балам, ұрғының қай ел болады? – деп сұрағанда Нұрбай:

– Сүйегім – Керей болады, – депті.

– Керейде бір қарақшы бар деп естуші едім, сол сен боламысың?! – депті.

Нұрбай:

– Қайдан білейін, ақсақал, өзіңіз секілді біздің елдің ақсақалдары қотаның шетіне бір таякты шанып қойып, басына жаман тымақ, үстіне шоқпыт кигізіп, қотаның шетіне абай үшін қойған затты айтушы еді. Сіздің елдің ақсақалдарының тілі басқа болады екен гой! – дегенде, Шоң би:

– Тілің кесілгір, уйге барып түсे бер, мен де барамын, – депті.

Он шақты адам жиналады, жөн сұрайды:

– Тоғыз байтал бар, айғырымен қысырақ жоғалтып, соны іздел шығып едім, – дейді. Бидің ауылы жақын деген соң, әдейі биге сәлем берейін деп келдім, – депті.

Отырғандардың біреуі ұнатпай, қағып:

– Сенікі 29 байтал, айғырымен отыз еді гой! – дегенде, Нұрбай:

– Міне, биеке, жоғым табылды, жолым болды. Айғақ, куә бәрі өзіңізден шықты, малымды алып беріңіз! – деп қадалып, отырып алып, малын түгел алып қайтыпты.[41]

Тоқсан бидің Шорман биге айтқаны

– Құлықтан туған құнаншадай, шыпшиқтан туған тұмашадай екенсін, – деген екен. Сонда жас Шорман би былай жауап беріпті:

Кұлықтан тусам, тұлпар шығармын,

Шыпшиқтан тусам, сұңқар шығармын.

Тамаша деген құс болады,

Бірде егіз, бірде сегіз табады.

Егіз болсам, сұнкар болып сөйлермін,
Сегіз болсам, [бү耶 болып] қарныңды шағармын, –
деген екен.[42]

Шорман сөзі

Қуандық ішінде Құдайменде төрениң жалғыз баласы қайтыс болып, ел-жүртты жиналып, жеті құндей басын көтере алмай жатқанда, Шорман келіп айтқан тоқтау сөзі:

Құдайменде төресін,
Хақтың ісін білесің.
Жалғыз бала өліпті,
Құдай сені көріпті.
Арғы бабаң – Барақ хан,
Жүртты аузына қаратқан,
О да өткен дүниеден.
Бергі бабаң – Тұрсын хан,
Өтірік айтқан Қимас хан,
О да өткен дүниеден.
Одан соңғы Қайыр хан,
Кедей менен тентекті,
Көре-көре айырган,
О да өткен дүниеден.
Кел, төрем, күйзелтпе,
Бүйтіп елінді бөгелтпе,
Белінді көтер, іш асынды!
Өлмеймін десең тұрып бақ,
Өлем десең міне пышақ, –

деп, лақтырып жіберіпті. Сонда Құдайменде төре басын көтеріп, Шорманға:

– Осы қайғым немен қалады? – деген екен.

Сонда Шорман мынаны айтқан екен:

Қыран бүркіттің қанатында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады,
Сұлу әйелдің сипатында қалады, – деген екен.[43]

Нақыл сөздер

Жолмұрат ескертпесі: Бала күнімде Мұса Шорман ұлынан естіп едім – Мәшіүр Жұсіп.

Қарадан хан қойса,
Қасиеті болмайды.
Үлгісізден би қойса,
Өсиеті болмайды.

Кәлимасыз пір болса,
Кереметі болмайды.
Ала тұяқ, арам мал,
Берекеті болмайды.

Атадан қалған адал мал,
Әрекеті болмайды.
Тоқты шақтан тон кисе,
Желді күні тоңбайды.

Қарғыс алған атадан,
Егіз екі онбайды.
Үш ай тоқсан түспесе,
Үлкен теніз қатпайды.

Қатын шайпау болмаса,
Ер жалғыз үй қонбайды.
Бірді беріп, мыңды алсан,
Бір байырғыдай болмайды.
Мың олжадан бір байырға деген жок па?

Сөзді айтқыл ұққанға,
Жанды-жанды сұққанға.
Айтып-айтпай немене,
Мақтамен құлақ тыққанға.

Батыр деп оны қайтесін,
Түйе үстінен бұқканға.
Дос деп оны қайтесін,
Есікті қатты серпіп шықканға.
Амалын ішке сақтап,
Етіне қолын сұқканға.[44]

Мұса және Жүкен болыс әңгімесі

Шорман ұлы Мұса туралы. Мұса баққа таласып, ағайыны Сейтенді аттырып, Тайжанды жер аударып жібереді. Патшаның сенімді бір деген кадірлі адамдарының бірі болып есептеледі. Омбыда жатып Арқаның 48 болысына бұйрық береді: Семей, Кереку, Қарқаралы, Ақмола, Қоқшетау, Атбасар, Қызылжар. Патшаның талсыруы: «Қол астыңа қараған болыстарың, біз көрмеген, бізге таңсық сый, тарту-таралғымен келсін!» – деп Мұсаға жүктейді.

Мұсаның әмірі бойынша 48 болыстың бәрі де патшага сый, тарту-таралғы дайындаиды. Жалғыз-ақ Керей Жүкен болыс ештеңе дайындаамайды. Мұны басқа болыстар естіп, күйзеледі. «Барып біле кетейік, не ойлаганы бар еken», – деп, Қызылжарға қараған Жүкен болысқа келеді. Жасы он сегізде еken. Бұлардың қандай мәнмен келгенін Жүкен жақсы сезіп біледі. Бес кісіге бір үй тіктіріп, бір кісідей күтіп сыйлады. Ертеніне:

– Кірлеріңді жуғызыңыздар, аттарыңызды тынықтырындар, – дейді.

Оған қарамай, болыстар жүрмек болады. Жүкен бірге жүреді. Жол жүріп келе жатып, бір пысықтау болыс:

– Жүкен мырза, патшага не белгі алдыңыз? – деп Жүкеннен сұрайды.

Жүкен:

– Өзімнен артық қандай белгі керек, бара көреміз, – деп жауап қайтарды.

Омбыға келген соң, Мұса шақырып алып сұрайды. Жүкеннен басқалары түгел тартумен келгенде, Жүкен ғана тартусыз келгенін біледі. Мұса басқаларына ұрсады:

– Ол итті бетімен қоя бермей, неге жөндемедіңдер! Знагін тарташып алып, басқа біреуге берсендер болмай ма?! Шақыр, жылдам көзін жоғалтайын! – депті.

Аздан соң сәлем беріп, Жүкен кіріп келеді. Сәлемін ешкім алмайды. Жүкен қолын қусырып, кейін шегініп тұрды.

– Көзінді қазір жоғалтам, топқа саламын, талқыға түсіремін! Сөйтіп құлінді көкке ұшырамын, жоқ қыламын! – деп сөзді қысқартады.

Жүкен:

– Рас айтасыз! Топқа түсіп, торылған жоқпын, бәйгеге түсіп, сыналған жоқпын. Оқып білім алғаным жоқ, тоқып тәжірибе алғаным жоқ. Осылардың тым болмаса бірі жоқтықтан, Уақ пен Керейден, Қарауыл мен Қыпшақтан төрт кісі ең болмағанда, екі кісіні аттырып, айдатып жіберсем, атым шыққан білімді адам болған болар едім, – депті.

Мұса:

– «Ел болмайды, ел болса, ел тудырмай тұра алмайды» деген, кел, жогары шық! – деп қасынан орын беріпті.

Патшаға әкелген сыйлықтарын болыстар түгел беріп болған соң, ақырында Жүкен кіреді.

– Не әкелдің? – деп сұрағанда Жүкеннің берген жауабы:

– Тақсыр мен қыр болыстарындей бай еместін, сіздің төменгі ұлықтарыңыз шығынды қыр болыстарына бірдей салады. Жалғыз қарындасым бар. Сүйіп алған әйелім бар. Қолдарында жұзік, құлактарында сырға, білектерінде білезік жоқ. Сондыктан біздің бұдан былай теңгерілуіміз есте болсын, – депті.

Жүкенге артық шен-шекпен беріпті. Қарындасы мен әйеліне сырға, білезік, жұзік беріпті. Бәрін тізіп байластырып, басын қосып қанжығасына байладап алыпты.

Қырдың бір болысы:

– Неге киіп, неге тағып алмайсыз? – дегенде Жүкен:

– Сатырлатып ылғи темірді мойныма тағатын мен ит пе екем?! – депті.

Барлығы бірігіп приговор жасап, Жүкенді патшаға шағып, жер аудартыпты.[45]

Үш мәтін

1. Алтай оның ішінде Қалқаман руынан Тоқтыбас деген кісі біреу сәлем берсе: «Жұрттың бәрі сөй дейді!» – деп, берген сәлемді алмайды екен.

2. Қарекесек Бошаннан бір кісі ауырады. Жақын адамдары көнілін сұрай келіп:

– Қай жерің ауырады? – десе:

– Білмеймін, даладағы Бейсембайдан сұрандар, – депті.

3. Сатылғанның біреуінде нашар адамның ақысы болады. Мұса шақырып алып:

– Мынаның ақысын бер! – десе, былай шыққан соң:

– Мұса айта береді. Берімпаз болса, өзінен ал, менің беретін түгім жоқ, – деп аяғына отыргызбайды.

Әлгі сорлы Мұсаға қайта келіпті.

Сонда Мұса:

– Сатылғанның ең жақсы деген адамының тоқтылық қойлық зияны бар, – депті де, өз жанынан беріпті.[46]

Мәшіүр жинағынан

(Ел аузынан)

Қараша хан тұсында, қатын ер тұсында,
Қатын-балаға сатып алған құлдай болып,
Елу келді еңкейіп, кәрілікті теңkitіп.
Алпыс келді ақырып, кәрілікті шакырып,
Жетпіс келді кенеліп, кәрілікті жетелеп.
Сексен келді бүйірден, сонда қалдық үйірден,
Тоқсан келді есіліп, екі аяғын көсіліп,
Алпыс екі тамырым, бәрі бірдей шашылып.
Бұралайым тағамын, бұлтылдайды шағады,
Күші жетпей, темен қарап бұғады,
Пәтшагар өз-өзінен жығылады.

«Елуге жетпей қыршын жас өлгеніңе койныңдағы катының күйінеді. Бұкіл халқың күйінеді. Қара жер сүйінеді. Елуден асып өлген соң, оның өлгеніне қатыны да күйінбейді, халқы да күйінбейді, қара жер де сүйінбейді. Жастай ол картайып бәрі бір», – деген екен.

[47]

Орманшы Тәнті әңгімесі

Орманшы Тәнті мен Қанжығалы Әбенді бұкіл Баянауыл елі болып жер аударатын болады. Бұл екеуі Омбыға дейін өз еріктерімен атпен баруды ұлықтан сұрап алады. Шәкір Омбыға бұрын барып, арыз беріп, Әбенді біржола актап, босатып алып елге қайтады. Бұлардың Омбыға атпен баратынын білген Шәкір о да қыр жолымен Әбендерге қарсы жүреді. Бұлар жол үстінде кездеседі. Далада бір күн қонады. Ертеңінде Шәкір Әбенді құтқарып алғанын жайлап айтады.

Сонда Тәнті:

– Әбен, құтылғаның қайырлы болсын, күнде мейіш, қуанамын. Бірақ сенімен бірге келе жатқан Сапа да бұкіл Сүйіндік болып бірге келе жатқандай еш нәрсені елемей келе жатыр едім. Жалғыз-ақ, сенен бөлішу қызын сияқты.

– Оқасы жоқ!

– Екінші тағы айтарым, қайырлы болсын, – деді. «Ері жоқ ел жетім, елі жоқ ер де жетім» деп еді. Сондай-ақ, Сүлеймен – елемес ер еді. Сүлейменге сәлем айт. Басқа айтарым жоқ, – деп, қоштасып жүріп кетіпті.

Бұл хабарды алысаймен Сүлеймен Омбыға барып, Тәнтіні босатып алышты.[48]

Ел аузынан

Сыrbай жолаушылап жүріп, бір ауылға келіп қоныпты. Жазғы шілденің кезі екен, аузы ораза екен. Аузын ашқан соң, мұрттай ұшып ұйықтап қалыпты. Бір мезгілде Шыпекенді оятып, қолына су құйыпты. Бата қылдырып мал соймағанын, тым болмаса мал соямыз

деп мезіреті қылмағанына Сыrbай кектеніп отыр екен. Етті абайлап қараса сұр ет. Сонда бата сұрағанда Сыrbайдың берген батасы:

Мынауың жас ет десем, сұр екен ғой,
Шықбермес Шығайбайдың бірі екен ғой!
Өлді деп Қарынбайды естуші едік,
Ол итің әлі күнге тірі екен ғой! – депті.[49]

Бекболат сөзі

Керей Шакшақұлы Жәнібек:

– Қаз дауысты Қазыбек баласы Бекболат биге құда боламын, – деп, – жалғыз баласына қызын айтырамын, – деп сөйлескенде, Жәнібектің баласын жалғызынып айтқан екен:

– Жәнібек өзі де жалғыз болу керек! – дейді.

Қазыбек айтады:

– Сен жапанға біткен шын...ар сын, күнің бітсе, күнге күйіп қуарапсын. Сонда мен өзінді қайдан іздеп табармын, – депті.

– Мен бір жатқан тоғаймын, табылуға оңаймын, – деген екен Жәнібек.

Сонда Жәнібек:

– Енді кешікпей өлемін, өйткені мен өзім Жәнібек болғалы сөзден сүрінген емес едім. Осы жолы тоқтадым. Кешікпеймін, ажалым таяу екен, – деп келін, кешікпей өлген екен.

Қарекесек Қазыбектің баласы – Бекболат, оның баласы – Тіленші, оның баласы Алшымбайдың үлкен әйелінен – Жүсіп жалғыз. Тоқалынан бес бала: үлкені – Қайыrbай, екіншісі – Бәпи, үшінші – Бипау, төртінші – Шапи, бесіншісі – Тұсіп. Ал, Бәпиден атақты Мәди туады.[50]

Үкібай би: әүлетті сөзі

Төрде отырып әкең сенің жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса, оңбас деген.

Арамнан пайда болса, амал бар ма?
Иттің боғы қылшықсыз болмас деген.

Жәннәт деген не нәрсе?
Болат деген не нәрсе?
Тағат деген не нәрсе?
Сағат деген не нәрсе?
Шаян деген не нәрсе?
Ағат деген не нәрсе?

Сонда Үкібай би былай деп жауап кайтарған:

Мандайдағы екі көз,
Жәннәтиң сол емес пе?!
Ауыздағы екі тіс,
Болатың сол емес пе?!

Құлышылық қылсан Құдайға,
Тағатың сол емес пе?!
Кеудедегі жүргегің,
Сағатың сол емес пе?!

Көмейдегі қызыл тіл,
Шаяның сол емес пе?!

Аңшыға налог салғаның,
Ағатың сол емес пе?! [51]

Бір бидің сөзі

Жар басына қонбаныз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін берменіз,
Жала болса, бас кетер.

Жаманмен жолдас болмаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.

Жақсымен жолдас болсаныз,
Айырылмасқа серт етер.

Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның тұлкі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бұлк етер.

Көктегі бұлт сөгілсе,
Көктем болмас не пайда?!
Көкіректен жан шықса,
Қайтіп келмес не пайда?!

Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?!
Қызыда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда?!

Ерге дәулет бітпесе,
Қызыл тілден не пайда?!
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда?!
Байдан қайыр кеткен соң,
Малда кетер не пайда?! [52]

Бәсентиін-Ақтілес Абыз би айтқаны

Ақыл – жастан, асыл – тастан.

Жоқтық – ұят емес, байлық – мұрат емес.

Мал – жаным садағасы, жаным – арым садағасы.

Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз жігіт би болмас.

Тура биде туған жок, туғанды биде иман жок,

Бай байға құяды, сай сайға құяды.

Күн – ортақ, жақсы – ортақ.

Ашу – дүшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.

Сабыр тұбі – сары алтын.

Сарғайған жетер мұратқа,
Асыққан қалар ұятқа.

Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
Еңкейгенге еңкей,
Атаннан қалған күң емес.

Атан жаман кісі еді,
Ат бергеннің құлы еді.
Шешең жаман кісі еді,
Мәскеннің қара күңі еді.

Іш қазандай қайнайды,
Күресерге дәрмен жоқ.
Қоян-қолтық алсысып,
Жығылсаң да арман жоқ.

Бұл кісі Едігемен тұстас болған.[53]

Басентиін-Қозыбақ Баянтау бидің айтқаны

Уық бойы қар жауса,
Жұтамайды сауысқан.

Жетесі жаман болмаса,
Шыдамайды туысқаи.

Көрғені жаман – бергенін айтады,
Туасы жаман – тұғанын жамандайды,
Аласы жаман – алғанын айтады.

Қас жорғадан жортақ туады,
Қас батырдан қорқақ туады.
Қас шеберден шорқақ туады,
Тентектің ақылы түстен кейін туады.

Атадан бала туса екен,
Ата жолын куса екен.
Бетіне келер ұятын,
Өзі біліп жуса екен.

Ат болар тай – саяққа үйір болады.

Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле.

Алты ұл тапқан қатынды,
Ханым десен, болмай ма?

Білегі толық бірді жығады,
Білімі толық мыңды жығады.

Бұл кісі – Шоң, Торайғырлардың досы екен. Баянтаудың інісінің баласы – Жантауды ертіп келіп, уш жұз қой айдатып жіберіпти.[54]

Қаракесек Сартжасауыл сөзі

Қаракесек Тоқтамыс Жабас деген кісі Тәкіжан биге:

– Сен Қаракесек Қамбар руынан шыққан Сартжасауыл деген биді білесің бе? Ол кісі жанына тигізе сейлемесен, ашынбайды. Малың, басың, толық бағың күн санап артуда. Сөйлер сөзді де

білесің, шешендігін ешкімнен кем емес. Анау қарсы келе жатқан сол кісі. Жолыққан жерден жанына тигізе аңы тілмен бөгелмей сөйлеп көрші, не дер екен, естиік?! – депті.

Қарсы келе жатқан жолаушылар біріне-бірі кездесіп, сәлемдесіп болысымен Текежан би:

– Япырмай, даңқы жер жарған, Сартжасауыл деген би осы кісі ме?! Көргім келіп, асығып жүруші едім, көруғе тұрмайды екен! Үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ жарлысы қалай?! Қатыны жоқ, жалы жоқ, астына мінген атының жабысы қалай?! – дегенде, Сартжасауыл мырс етіп құліпті де, мына жауапты беріпті:

Сөз сөзден туады,
Сейлемесе қайдан туады?
Қоңыр шұнақ қойдан туады,
Қызыл шұнақ қыздан туады.

Жорғадан жылас туады,
Шабаннан желмес туады.
Тоғышардан малбақпас туады,
Сараңнан бермес туады.

Белі жоқтан қылас туады,
Соқырдан көрмес туады.
Меніреуден сезбес туады,
Саңыраудан естімес туады.

Таздан жағақбас туады,
Жындыдан қалжақбас туады.
Алып анадан туады,
Ат биеден туады.

Қас сұнқар жалғыз туады,
Қас тұлпар жалсыз туады.
Қас жақсы малсыз туады,
Қас сайқал қардан туады.

Ешкіден егіз туады,
Иттен сегіз туады.
Алуан-алуан аңнан туады,
Желмая нардан туады.

Бұл айтылған мәтелдер,
Мәңке би айтқан кеп еді.
«Ақыр заман боларда,
Шүрегей мойын, шөже бас,
Билер шығар», – деп еді.

«Тайынша менен тайлаққа,
Жұк артылар», – деп еді.
«Қарап тұрған жігітке,
Қызы артылар», – деп еді.

«Екі басы қайқып,
Қайық шығар», – деп еді,
«Жұғніс жоқ, малдас жоқ,
Көлбеу шығар», – деп еді,

«Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар», – деп еді.
«Тебесі темір, тор әйнек,
Үйлер шығар», – деп еді.
Қайсыбірін айтайын,
Айтқандары көп еді, –

дегенде, Жарас тұрып:

– Өй, сен бұлдірдің ғой, байқап сөйлемей! Мынау екеумізді де құртты ғой! Мені «шошқа», сені «ит» деп кетті ғой! – дегенде Тәкіжан би тұрып:

– Ол өзіңнен емес пе?! Мен мұндай екенін білсем, оған жақын бармақ түгіл, қарасын көріп, маңына да жоламас едім! – дейді.

Осы күнгі Қаракесектердің сезі билетіндері – бұл Мәңке бидің сезі емес, Сартжасауылдың төл сезі. Бұрынғы жақсылар: «Менің сезім!» – деп өмірі айтпайды екен де, біреудің сезі қылып сөйлейді екен деседі.[55]

Қобылан ақын

Қобылан ақынның жалғыз ұлы болыпты, өте жаман болыпты.
Бүкіл ел болып:

– Ақыннан бала тумады-ау! Таяғын ұстарлық болмаған соң,
ақынның аты өшеді-ау, тез ұмытылады-ау! – деп қайғырады.

Бір күні ел ақсақалдары жиылып кеп:

– Ақын, балаңызды сынаған шығарсыз, өзінізге тартқан ба, жок
па?! – деп сұрағанда ақынның жауабы:

Өзіңнен туған қолаба,
Айтқан сөзге бола ма,
Қарасын көр де, жүре бер,
Маңайына жолама.
Сатайын десен өз балаң,
Сояйын десен еті арам,
Жаратушы Құдіретке,
Амал бар ма, не шара?! [56]

Жапар ақын

Сүйіндік-Айдабол Жапар ақын соқыр еді. Ел аралап жүріп, дуан-
басы Үбырайдың үлкен баласы, Жардың інісі – Рақымжанның үйіне
келеді. Келсе Жардың екі биі – Әлігұл, Битен және Қыпшак Шабанның
Тұсібі деген қарт кісі қонып отыр екен. Екі би Рақымжанмен карт
ойнап отырады. Ақын да қонады. Онымен ешкімнің жұмысы бол-
майды. Елеп, ескермейді. Таңертен жүрер алдында ақын оларға өлең
айтады.

Сонда Жардың екі биі:

– Ақын түгіл картқа да ақша таба алмай отырмыз, – деп түк
бермейді.

Әліғұлдың көзінің азғана ағы бар екен. Ақын шығып бара
жатқанда, Рақымжан бір сом, шабанның Тұсібі бір сом сөлкебай
береді.

Сол бетімен ақын Жардың ауылына келеді. Келсе Жар мырза
Қарабауырға қысыр байлаташып, желі басында тұр екен. Ақын Жар

мырзага қол беріп аттан түсे берғенде, ертоқымы ауып жығылады.
Ертоқымынан аты үркіп, аттан жылқы үркіп; әбігер болады.

Сонда Жар:

– Бұл кім еді, кесек байлаған батшағарды ұру керек?! – деп, ақынның жанына өзі жетіп келеді. Сонда ақын: «Бетіме жара түспесін», – деғен оймен шапанымен бетін бүркеп жата қалып, Жарға мынау өлеңді айтқан екен:

Болғанда ажал қайдан катер-қауіп,
Жығылдым дәүлетіңе есім ауып.
Болғанда сен – бүркіт, мен бір – торғай.
Тоятың не қанады маган ауып?

Мырза Жар атанаң ең заманында,
Аз сейлейін тілімнің аманында.
Ө, Жәке, сен қара – нар, мен – көбелек,
Не қалар бір тарпысаң табанында?

Ө, Жәке, сіздің басың өткір алмас,
Бетіңнен қаһарлансаң ешкім қалмас.
Жүруші ем байға қонып, жаным сақтап,
Кез болды қара басты атым жықты-ақ.
Жолықтым қашып келіп қаһарыңа,
Үстіне жығылғаның жұдырықтап.

Сонда Жар мырза:

– Уа, сен кім едің?! – депті. Ақын басын жерден көтеріп алышып былай дейді:

Алдында асқар-асқар бел емес пе,
Тұтқасы бұл Қыпшақтың сен емес пе?!

Ішінде Орта жүздің атым шыққан,
Айдабол Жапар ақын мен емес пе?!

Сонда Жар мырза:

– Жарайды, ақынның, үйге жүр! – деп, үйіне ертіп келеді. Ақын үйге кіріп, табалдырықтың алдында тұрып:

Ақынның жастай қалған жетім еді,
Қолынан ауыр дәүлет кетіп еді.

Теріне сіздің, Жәке, шыға алмаймын,
Киғенім аягыма етік еді, – депті.

Сонда Жар мырза:

– Аш, адалдың ішіндегі әмірқан кебіс пен мәсіні алып берші! –
депті әйеліне.

Ақын оны қолына ұстап, төрге отыра бергенде, бір кесе қымыз
беріп:

– Ал, енді, сойлемеш! – депті.

Сонда ақын домбырасын қолына алып, былай деген екен:

Тұс көрдім бүтін тұнде бір ғажайып,
Бұл сырды не қылайын жұртқа жайып.
Үйіне Ыбырайдың барып едім,
Отыр екен екі күшіген, бір бидайық.

Жем дауы толғаннан соң қылғиды екен,
Бидайық әр ағашқа саңғиды екен.
Күшіген бидайықтан баҳар алып,
Артынан ол екеуі андиды екен.

Біреуі күшігеннің көзі майы,
Адамға қарамайды қыңырайып.
Әл қазал пайғамбардан сөйлеп едім,
Өзіме бермек түгіл салды айып.

Олардың бірі – Битен, бірі – Әліғұл,
Тұсіп оған ермей тұр, ақылы мол.
Өз әкен Ыбырайдан дүкен көрген,
Алдында тұр ғой саулап бір қара жөл.

Битен айтты:

– Мен саған түк бермен, – деп, –
Нәрсені саған берген еп көрмен, – деп.
– Ақшаны картқа салмай, саған берсем,
Жүзінде екі дүниенін түк көрмен, – деп.

Атыңыз жақсы болса, жұртқа жетсін,
Бермесе ол билерге Жапар нетсін.

Сокырдың сонда берген бұл батасы:
– Жарығы екі дүниенің картпен өтсін!

Битеннің әкесі балықшы еді қармак салған,
Дуандада қасапшы еді сымла сылған.
Би болыпты Қыпшакка осы күнде,
Не десен айтып болмас, сұмырай жалған.

Жапанда жалғыз біткен сіз – бәйтерек,
Өрмелеп бұтағына шықсам керек.
Бұтағың көтере алмай, кетсе сынып,
Болғаның құр бәйтерек неге керек?

Жадағай қоңыр үйрек қазағың – мен,
Кез болдым құдай айдал жазды күнмен.
Жар мырза өле жаздал, бір басылдың,
Әкеңнің түбі – Естек, заттығың – мен, – депті.

Сонда Жар мырза:
– Тоқтат ақынам! – депті де, екі би үшін он сомнан жиырма сом беріп, өзі үшін ат-шапан беріп:
– Ал, енді, ешкімге айтып, аузыңдан шығарма! – деп өтінілті.
Тарақта Сағал мырза да өлең айтқан екен. Ол ат пен шапан беріп отырып:
– Енді мені жамандашы, қалай деп жамандар екенсін, бағанадан бері мақтадың ғой! – дегенде:
Көктің колі байлаулы биесіндей,
Бақа балық Бекбаудың кобесіндей,
Әкең – Қартай балыққа қақалғанын,
Ұмытпасаң Сағалжан білесің ғой, – дегенде, Сағал:
– Тоқтат ақын! – деп, тағы бір ат пен шапан беріп қойғызған екен қараша, хан тұсында, қатын, ер тұсында.[57]

Нармағамбет сөзі

Найман Бердібай би Нармағамбетке:

– Азғантай ауылдан шыққан тайшыл боз ат екенсің ғой! – депті.

Сонда Нармағамбет:

Ханга басты Қарекем бар,
Дінге басты Құнекем бар.
Жеті момын тыңым бар,
Менен артық кімің бар?! –
деген екен. Қараменде бидің айтқаны.[58]

Найман Арда би әңгімесі

Найман Арда би дәүлетке мас, тәқаппар, адам баласын бойына тенгерменті. «Мен адамнан үздік туған данышпанмын, бұл өнірде менімен сейлесер, маған тең келер адам жоқ. Бұл елдің арасында тұрмаймын, бөлек тұрамын», – деп, бүкіл елден шығып, жеті ақ үй тіктіріп, тау ішіне барып тұрган екен. «Маған арыз айта келген кісі аттарын екі-үш шақырым жерге байладап, аяқтарындағы етік-кебістерін тастап, жалаң аяқ келсін», – депті. Барушылар айтқанындай барады екен. Жол үстіне арнаулы кісі қойыпты.

Бір күні жол үстіне қойған кісісіне жас бала жігіт, астында торы байталы бар, жетіл келіп:

– Арда бидің үйі қайда? – деп сұрайды.

Жол үстіндегі адам:

– Атыңнан түс, аяқ күімінді тастап жаяу баراسың, – дейді.

Бала:

– Алыс жерден арып-шаршап келемін.

Атын белдеуге байладап:

– Рұқсат па? – деп үйге кіріп келіп:

– Би, сізден бір төрт ауыз сөз сұраймын. Соның жауабын беріңіз, – дейді. Би ун демей басын изейді де, басын көтермей жата береді.

Бала:

– Құлғууәалланың құдығы не болады?

– Құдай.

– Ақ жердің иығы не болады?

– Иман.

– Алланың ұраны не болады?

– Азан.

– Иманның тұрағы не болады?

«Шындық» дегенде би жауап бере алмайды. Бағанағыдай өмес, төсектен басын жылдам көтеріп алып:

– Қарағым, бүгін қон, тынық, жауабын ертең берейін! – деп баланы бөлек үйге күттіріп қойыпты да, сасқанынан жұз беске келген Жұғымбайды алдырыпты.

Жұғымбай:

– Ұлы жұз Үйсінде Бектұрсын деген бала бар еді, бір жас жайрағыр бар деп еді, сол болар, – дейді.

Ертеңіне би Жұғымбайдың үйреткен жауаптарын айтса, бала:

– Сіз тапқан жоқсыз, Жұғымбай айтты. Жұғымбайды алдырыныз, иә, тауып беріңіз! – деп, сіресіп отырып алыпты.

Ақыры болмаған соң, би амалсыз Жұғымбайды алдырады. Бала Жұғымбайға мына сұрауды береді:

– Иә, ата, дүниенің көп көрдіңіз! Өзіңіз көрген суда қай су үлкен еken?

Жұғымбай:

– Өзім көрген судың үлкені – Іле болады.

– Іле тасыса, қайда тоқырайды еken?

– Іле тасыса, теңізге тоқтайды еken.

– Теңіз тасыса, қайда тоқтайды еken?

– Теңіз тасыса, құрдымға тоқтайды еken. Құрдым тасыса, Құдайға тоқтайды еken.

– Құдай тасыса, қайда тоқтайды еken?

– Құдай тасыса, жетім бала, жесір қатынның көз жасына тоқтайды еken, – депті.

Арда би үйнің жықтырып, елге қосылып, елмен бірге өмір сүріпті:

– Менің ісім дұрыс өмес, Құдайға қарсылық, күпірлік еken, – деп жауап қылыпты.[59]

Сары Шуаш би әңгімесі

Найманнан шыққан Сары Шуаш би-шешен болыпты. Бірақ түсің ұнамсыз, сиықсыз, қортықтау кісі еken. Сол кісі бір уақыт Керей Жәнібектің ауылына құн даулап келіпті. Оны Жәнібек қомсынып, былай депті:

Сен – кемсек ауыз, жарғақ құлак,
Жылқыға суат болмас ылайсың!
Астыңа ала шолак ат берсе,
Алты ай мініп арытпассың.
Колыңа қырық кез оқ берсе,
Дүшпанға бірін атып дарытпассың,
Сен би болып та жарытпассың.

Менің даусым Қазыбекке тартқан, сүйегім шақшақ Жәнібекке тартқан. Сен мына түрімен не үміт қылып келдің?! – дегенде Сары Шуаш би:

Сен де Құдайдың құлы екенсің,
Керейден мойның асып түр екенсің.
Даусың Қазыбекке, сүйегің Жәнібекке тартса,
Өзіміздің Аргын ағаның ұлы екенсің, – депті.

Жәнібек:

– Жарайсың! – деп арқаға қағыпты.

Сөзден жеңіп, Сары Шуаш би бітім алып қайтыпты. Жәнібектің: «Даусым Қазыбекке тартқан», – дегені – нагашысы Қарекесек болса керек. Сүйегін шақшақ Жәнібекке тартқан дегені – өзін: «Жәнібектен тудым», – деп жүреді екен.[60]

Құнанбай сөзі

«Тіліміздің билігі – Алдияр ұранды төреде, өліміздің билігі – Алла ұранды қожада. Жайылуы мал сықылды, жусауы аң сықылды, Сарыарқа деген жерде бетімен қаздай қалқып, үйректей жүзіп, өсіп-өніп жатқан қазақ деген жұрт боламыз», – депті. «Қазак деген де жұрт болады екен-ау!» – деп, аң-таң қалып, карта ақтарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. «Көpte не жоқ, бұл табылса Бағдат шаһарында Имам Ағзам кітапханасы бар, бұрынғы мұсылман халлелері(халифа) ескі тарихтарды соған, қоймаға қойдыратын. Содан табылар», – деп Бағдаттан іздеттіріпті. Бұлар ортасынан Кіші жұз Досжан халпені жіберіпті. Барғандар: «Табылды, «қазақ» деген

жұрт – Әннас ибн Мәліктен орбіген екен», – деп нұсқа түсіріп алып келді. Соңан соң 120 кісі ортасынан акша шығарып, «Қазақ тақиясы» деген тақия салдырып, Құнанбай атына жаздырып және оған: «Шайх арғыннан тұратын болсын!» – депті.

Бұлардың қажыға барған жылы – қара киік жылы екен. Қышыл қажіге кеткенде, екікабат қалған тоқалы ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебайдың жасы елуден асты. Біздің бұл Баянула-Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Сілетідегі Шолақ деген жерге кетіп, тоқты қысыр қалмай, мал семіз, күйлі шығып Маймұз атанған. Ол күнде екінің бірі егіздің сыңары сөйлеп, айтып жүруші еді. Бұл күнде алай-дүлей, үйқы-түйқы аласапыран заман болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер, шала-шарпы білгенінен айырылып қалды.[61]

Қазанғаптың Құнанбайға айтқаны

Құнанбай Бәжеймен арызdasып, қағазdasып Бәжейдің арызы бойынша Омбыға шақырылып, үш ай жатып, қыстығұні еліне қайтады. Аттары арықтап, өздерінің қарны ашып, жүдеп қайтады. «Қазанғапқа сәлем бере кетейін», – деп сонда келеді. Палау бастырып, шәй береді. Қарны ашып келген Құнанбай Қазанғаптан бұрын палауды асап жібереді де, бұл ісінің ерсілігін біліп:

– Қазеке алыңыз, – дейді.

Сонда Қазанғап:

– Соқыр қаздай қақшиып қатып салдың, ендігі иба-әдебің өзіңе! Осы қалыпта қақшиып қаға бер, бұйырған тамақ бәрімізге жетер, – депті.

Құнанбай бұл сөзді кектеп, ертең аттанбақ болады. Күн тұман болады.

– Күн қалай? – деп сұрағанда жолдасы:

– Күн тұман, түк көрінбейді, – дейді.

Қазекен:

– Жат, екі-үш күн тынық! – деп жабысады. Құнанбай болмайды. Сонда Қазанғап:

– Тұман түбі – жұт, тұмау түбі – құрт, закон түбі – сот, сот түбі – шорт бар, жүре бер! – депті. – Божеймен алыспа, араздаспа, женсөн, өзінді женесің. Женілсөн, бойына мін, қарғыс таңба болады, – дейді екен Қазанғап.[62]

Қаратаудан келген қожалар туралы

1893-1894-нші жылдарда Қаратаудан біздің қырға қожалар көп келеді екен. Байлардан зекет, пітір садақа жинап алып, пайдаланып қайтады екен. Әсіресе көп келетін төрт қожа болыпты. Бұлар: Майлыш қожа, Нұрмағамбет қожа, Құсайын қожа, Сидам қожа. Бұлар өздері ақын, өлеңші колма-қол қоя беретін. Бір жылы Айдабол Едіге тесік тамақ Сүлейменнің үйіне келіп, мал сойғызып, түстеніп отырғанда, баласы Төлеутайдың әйелі жүресінен отыра қалып, нан илеп жатқанда, келін тарқ еткізіп, осырып қойыпты. Майлыш қожа жантайып жатыр екен. Осырғанын Нұрмағамбет естіп қойып, өленді қоя беріпті.

Құсайын қожа:

Келінжан, біз келгенде нан илейді,
Асығып пісіруге қам илейді.
Асығып жабдық қылып жатқанында,
Астынан зембірегі зар илейді.

Майлыш қожа:

Келінжан, біз келген соң, нан қып жатыр,
Бұл нанды пісірем деп қам қып жатыр.
Оғы тиіп кетті ме зенбірегінін,
Япырым-ау, Майлыш қожа нағып жатыр!

Сидам қожа:

Келін-ау, семіз бе екен атқан қазың,
Мылтықтың тауып апсың жаңа сазын!
Қожалар келінжанды ұялтпандар,
Көтеріле бергенде болды жазым.

Нұрмамбет қожа:

Келінжанның қолында оқтау, тақтай,
Атар қоян, маңына келді жақтай.
Екі атқанда келінжан жығушы еді,
Мылтығына қалды ғой дәрі таппай, –
дегенде, келін үйден нанын тастай беріп, атып кеп жөнелген екен.[63]

Нұрқан қожаның айтқаны

Кияш – билікті тауып айтады,
Тауып айтса да, қауып айтады.
Төке – билікті біліп айтады,
Біліп айтса да, іліп айтады.

Қатқынбай – билікті тауып айтады,
Тауып айтса да, жауып айтады.
Бейсен – билікті біліп айтады,
Біліп айтқанда қара қылды қақ жарып, тіліп айтады. [64]

Ғақлиат сөздер

Бір-екі жолдас бар. Бұл екі жолдасты бірінен-бірін айырып, ешкім жолдас қылып ала алмайды. Екеуі бір тұрған күнде Аллах тағаланың құдіреті мен қылған ісіне ажар-көрік береді. Бірінен-бірі айырылса, дәнемеге жарамай қалады. Бұл екі жолдас: жан мен дене. Елден бұрын жолдасқан осы екеуі. Дүниеде ойлағанда нені ойлау керек? Осы екеуі – бірінің-бірі қор болмағандығын ойлау керек. Және айырылған күнде не күйде, не түрде болады? Соның уайым-қайғысын жеп, жабдығында болуы керек.

Біріне-бірі қарасып, көздерін тайдырмай, телмірісіп тұрған бір екеу бар. Құдіреттен басқа жан бұл екеуінің бетін біріне-бірі қарасып тұруынан айыра алмайды. Бұл – көк пен жер. Бірін-бірі ұрып жығатын кісідей сонынан қалмай, шаршап талмай қуысып жүретін бір екеу бар. Бұл – күн мен тұн.

Екеу-екеу бас коскандардың бәріне де бір айырылмақ бар. Кісінің колына түспейтін, еккенмен бітпейтін, қуғанмен жетпейтін не нәрсе? Бұл – ашуың келгендегі сабыр.

Күйе тимей, сия тимей кісіні былғайтын не нәрсе? Бұл – орынсыз жердегі ашу. Көзімізге көрінген нәрселер тұрған-тұрған орындарда болады. Үш нәрсе тұрған орындарында болмайды: бір – дәulet; екінші – жан; үшінші – сыр.

Адам екі нәрсеге ие болуы керек. Бірі – колына түскен дүниелік пұлға. Бірі – ойына алған мақсатты жұмысқа.

Үш нәрсе шыққан орындарына кайта кіруге симайды: бірі – мылтықтан атылған ок; бірі – орнынан қозғалған жайын балық; бірі – ауыздан шыққан соз.

Екі даугер ауыл болmas, қас төреде бауыр болmas. Төрт болыс Қанжығалыда Нұрқан төреден басқа қазақ сөзін билетін кісі жоқ. [65]

Нұралы ұлы Олжабай сөзі

Саққұлақ немересі Нұралы Олжабай сөзі жер ауып бара жатқанда:

«Адам басы – Алланың добы» деген анық қой,
Торға түскен арыстан – шын мұсәпір, анық қой.
Табиғаттың заңында өзгермейтін нәрсе жоқ,
Бұған да басқа түсे салып қой.

Бақ пен сордың арасы еліге де толмайды,
Бұ да шамнан жарық қой.
Қазіргі адам баласы шығар шықпас жаны бар,
Судан шыққан балық қой.

Ағаштың түбі – біреу, бұтақ – басқа,
Ұқсайды Адамата сол ағашқа.
Жөнімді шын сұрасаң, мен айтайын,
Жапардан бөлінеміз төрт арысқа.

Жиестен тарайды екен менің атым,
Дәлде – ол батыр екен, одан туған.
Тұыпты, әлде одан Ақша батыр,
О дағы атасының жолын қуған.

Ақшадан туған екен – ер Бөгембай,
Ел қамын Едігедей жер Бөгембай.
Қалмақты қысқа күнде қырық шауып,
Үш жүзге олжа салған – сол Бөгембай.

Бөгембайдың Нұралы бел баласы,
Би Баян одан туған ел данасы.
Сол Баяннан (Саққұлақ) атам туды,
Қазактың атын білмес қай баласы.

Саққұлақтан Нұралы әкем туды,
О дағы әкесінің жолын қуды.
Тіреліп ақырғы өмір Олжабайға,
Шекердей аңы түрмис зарлы уды.

Атандым бақытты Олжабай,
Бұрын бүркіт болсам да, бүгін торғай.
Бұл күнде паналауға бұтак керек,
Ол күнде болсамдағы Кокшетаудай.[66]

Қанжығалының бір шалына Олжабайдың өзін таныстыруы

Ағаштың түбі – бірге, бұтак – басқа,
Ұқсайды Адамата сол ағашқа.
Сұрасаң мен жайымды баяндайын,
Жапардан тарайды екен төрт арысқа.

Жиестен тарайды екен менің атам,
Әлдеуін батыр екен одан туған.

Түйпты Әлдеуіннен Ақша батыр.
Ол дағы атасының жолын қуған,

Ақшадан туған екен – ер Бөгембай,
Ел қамын Едігедей жер Бөгембай.
Қалмаққа қысқа күнде қырық шауып,
Үш жүзге олжа салған – сол Бөгенбай.

Бөкемнің Тұранәлі бел баласы,
Би Бапан бұдан туған ел данасы.
Бапаннан Сақұлақтай атам туды,
Қазактың атын білмес қай баласы.

Нұрелі Сақұлақтан әкем туды,
О дағы атасының жолын қуды.
Тіреліп ұлы өмір Олжабайға,
Ішкізді ашы түрмис захар уды.

Бір күнде бақытты Олжабай, жақсы Олжабай,
Болса да бұрын данқы Көкшетаудай,
Болса да бұрын бүркіт, казір торғай,
Торғайға пана науға пана керек.[67]

Шыңқозы оташының сөзі

Куандық Есмырза деген байдың Аманжол деген шешесі өліпті. Өлігіне бір түйе байламапты. Көп ұзамай Есмырза кедей болып қалыпты. Есмырзаның Айжан деген баласының шешесі Аймақан Сайдалының қарындасы алдында жабулап аққан 5-6 қойы бар, жаяу отын арқалап келе жатқанын көріп, Шыңқозы оташы айттыпты:

Аманжол Есмырзадан түйе алмаған,
Есмырза дүйім жүрттанды ұялмаған.
Бес тоқты айдағаның, арқанда отын,
Құрысын сүйткен дүние қия алмаған.[68]

Қарамолданың сөзі

Жігіт едім, мұндай болдым,
Етім қашып, екі аяғым қындаі болдым.
Қатын менен балаға сатып алған құлдай болдым,
Елу келдің енкейтіп, кәрілікті теңкейтіп.

Жетпіс келдің төтелеп, кәрілікті жетелеп,
Сексен келдің бүйірден, сонда қалдық үйірден.
Тоқсан келді есіліп, екі аяғын көсіліп,
Алпыс келді, тамырдың бері бірдей шешіліп,
Бұраламын тығамын, бұлтандайды шығады,
төмен қарай бұғады.[69]

Кедейшал (Нұралы) сөзі

Қызылжарлық, руы – Керей, оның ішінде Мақтабай болады. Кедейшал саудагер Жәртекенің ләпкесінен, бір күні әдеті бойынша, Жәртекене келсе, ол үйінде жок екен. Жәртекенің үш әйелі бар екен. Малшыларына тары коже істеп беріп жатқанының үстіне келіпті. Қатындар бір аяқ ыстық көжепі Нұралыға құйып беріпті. Сонда аяқты қолына ұстап отырып, төрт ауыз өлең жазып:

– Мынаны Жәртекене беріңдер, – деп, бір қатынына беріпті. Сондағы жазғаны:

Ойпырмай, тары деген ас шықты!
Он бес тыын бәс шықты.
«Бисмилләһ», – деп ауызға салғанда,
Екі көзден жас шықты.

Саудага Жәртекеден келін басым,
Шынымен қойған екен ықыласын.
Безбені қалт-құлт етіп тұрғанында,
Келінжан ұстай алды-ау, жұмыр басын.[70]

Ескі сөздер

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген күткілмас,
Берік байлаған шешілмес.
Қазулы жолдар көмілмес,
Қарт бабаңды сыйлай біл,
Күндердің күні болғанда,
Кімдердің белі бүгілмес?![71]

Биданбай мен Сауытбек

Қаракесек ішінде бірге жүретін Биданбай мен Сауытбек бір үйге
келіп қонғанда:

Әкелгенің лақ па?
Дауыс кетті жыраққа.
Үні байғұстың аңы екен,
Тұрпідей тиді құлаққа.

Ол дүниеге барғанда,
Алмасын Алла сұраққа.
Қой болмаса, қозы сой,
Бейшараны жылатпа![72]

Үсеннің үш өсиеті

Елсізге шықсан, мылтық ал,
Жаяу жүрсөң, таяғың болар.
Ашыққанда тамағың болар,
Жау жолықса, жарағың болар.
Жүйрік аттың жабасын ал,

Керуенде көлігің болар,
Жортылда серігің болар.
Тәзіміне көнілің толар,
Жолдас алсан, сынап ал.
Ары мен ақылын өлше,
Қыынға жұмса, жүрегің сенсе,
Панасты бол, корлық көрсек.[73]

Тама Малайсары сөзі

Тама руының биі – Малайсары:

– Балам, асыл үш сөз бар. Осы үш сөзді ұмытпасаң ел де, бедел де сенің төңірегінде болады, – деген екен. – Ол үш сөз мынау – ар, намыс, ел алдындағы борыш. Тағы да саған айтам, жақынға жара түсірем деп асық болма, – дейді Сырым батырға.[74]

Кіші жұз Кенжебай ақын

Кіші жұз Кенжебай ақын бір үйге келсе, сол үйдің әйелі бір аяқ айран құйып отырған ақынға ұстата беріпті. Сонда Кенжебай:

Ассаламуәлейкум айран,
Сені іздеген жоқ едім,
Келіп қалдың қайдан?!

Қатындармен ұрысып,
Ертеңді-кеш жұлысып,
Айырылыпсың майдан.[75]

Кіші жұз Әбубәкір молданың сөзі

Құрметсіз көрген өмірден,
Ұйқыда көрген тұс артық.
Жаңбырызы болған жаз күннен,
Кайырлы болған қыс артық.

Сыйласпаған жақыннан,
Токтылы койға жалданған,
Кеткенше малыңды малданған,
Малды баққан жалшы артық.

Тұғыры құтсыз сұнкардан,
Қайырлы болған күнінде,
Тұрымтай атты құс артық.

Сырты бүтін қараша үй,
Таза болса тамағы,
Адал болса адамы,
Боз ордадан үш артық.

Қаршыға тұғырында отырып,
Қанатын қақса, не еткені?!

Күштінің кәміл жеткені.
Хан баласы қайырылып,
Қарашага сөз салса,
Қолынан халықтың кеткені.

Ел есебін табады,
Көтерген жігіт өкпені.
Тарыққанда, зарыққанда касында,
Жолдасың болмаса,
Кеменің құмға шөккені.

Жердің сәнін кетірген,
Сағымданған бел болар.
Белдің сәнін келтірген,
Жарқырап жатқан көл болар.

Ылғи көл де келіспес,
Көлдің сәніп келтірген,
Жағалай конған ел болар.
Ылғи ел де келіспес,

Елдің сәнін келтірғен,
Жайылып жатқан мал болар.
Ылғи мал да келіспес,
Малдың сәнін келтірген,
Ел қорғаған ер болар.

Ауданы кең ақ қайық,
Тенізден керек өтерге,
Артық туған ұл керек,
Уағдаға жетерге.

Көп екен деп көмегің,
Кекрегінді көтерме!
Қырық мың қарға топ жасап,
Ерекше туған сұңқардың,
Тұғіне залал етер ме?!

Білімсіз болған көп ұлдан,
Білімді болған бірі артық,
Осы сезім бекер ме?!

Жал пісіріп, жая асса,
Ұқсамай ма шекерге?!

Жұлдыздай болмас жарығы,
Ай толығы жартайса.
Бақа-шаян жайлайды,
Көл толығы ортайса.

Жаманға күнің қалады,
Асыл зат, ерден мал тайса.
Каргалатай қатқан тон,
Қарсы көзін шұқиды.

Алтын тақтан хан тайса,
Бәрінен де жігіттер,
Имансыз кеткен сол жаман,
Алтын қеудеден жан тайса![76]

Абыздың толғауы

Ел аузынан

Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің!
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің!

Балалықтың қадірін,
Саналы болғанда білерсің!
Асыл менен жасықты,
Бағалы болғанда білерсің!

Қалтаңдағы ақшанды,
Қағылғанда білерсің!
Денсаулықтың қадірін,
Ауырғанда білерсің!

Ақ бетіңің қадірін,
Қан кеткенде білерсің!
Ақ білектің қадірін,
Әл кеткенде білерсің!

Жиырма бестің қадірі,
Жас кеткенде білерсің!
Қара күннің қадірін,
Нұр кеткенде білерсің!

Татулықтың қадірін,
Дос кеткенде білерсің!
Жақсы жардың қадірін,
Көмгениңде білерсің!

Жақсы туыс қадірін,
Өлгеніңде білерсің!

Аяқ-қолдың қадірін,
Ақсағанда білерсін!

Отыз тістің қадірін,
Қақсағанда білерсің!
Қызыл тілдің қадірін,
Тоқтағанда білерсің!
Білгеніңді сөйлеп қал,
Білгендерден гибрат ал![77]

Мінсіз туралы

Ел аузынан

Ашуға асу берсе, алдау мен арбауға ерсе, ақыл мінсіз бе?
Арамдыққа ұпай кетсе, ажарға сиып рахым етсе, әділдік мінсіз бе?
Қайыршыдай қаңғып өтсе, бүгін конып, ертең кетсе, бақыт мінсіз бе?
Дәмелендіріп көзінді талдырса, ұсындырып марқұм қалдырса,
ұміт мінсіз бе? Ақылдан тірегі болмас, алмастай өткір жүргегі болмас,
шешендей мінсіз бе? Адастырып азапқа салса, талапты мұқап,
сенімінді алса, арман мінсіз бе? Талпынып қанат қақпаса, қыннан
қиуын таппаса, талап мінсіз бе?[78]

Нақыл сөздер

Күннің жақсысы қайсы? Баат: «Күннің жақсысы әркімге
әртүрлі. Мысалы, патшалар үшін таққа мінген күн. Фалымдар үшін
мектеп бітірген күн. Жазушылар үшін еңбегін аяқтаған күн. Сауда-
гер үшін көп пайдаға қуанған күн».

Бір жетілік қуаныш қай кезде болады? Саудагерлердің қуанышы
бір жетіден аспайды. Жетіден кейін пайданы кем қылса да ренжиidl.
Зиян қылса да ренжиidl.

Адамның жасыра алмайтыны не? Қыз: «Адамның жасыра алмайтыны – өлім».

Тірі адамның өлеңтін уақыты кайсы? Қыз: «Тірідегі өлім – өтірік өлім. Өтірік сөз еш уақытта анықталмай тұрмайды. Кісінің өтірігі ашылғаннан өлгені женіл».

Жүдемейтін көңіл қандай адамда болады? Қыз: «Көңілі жүдемейтін адам – әйелі сыйлаған адам. Әйелі ерін сыйласа, оның көңілі еш уақытта жүдемейді».

Тәртіптің зынданы не? Қыз: «Тәртіптің зынданы – ата-ананың тілін алмаған бала».

Бір жәндік бар – адамға дұшпан. Жерден шығады, көкке ұшады. Өзінде жеті мақлұқтың бейнесі бар. Бұ қай жәндік? Қыз: «Ол жәндігінің – шегіртке. Шегіртке жерден шығады, көкке ұшады. Басы ат сияқты, мойны өгіз сияқты, қанаты инелік сияқты, аяғы түйенің сирағындей. Құйрығы жылан сияқты, қарны шаян сияқты, мүйізі киіктің мүйізіне ұқсайды. «Өзін-өзі сақтамаған кісі апатқа ұшыраса, менен көрмес» деген Алланың апаты бар», – деді қыз.

Көз емес, ақиқатты көрсін көңіл,
Әр уақытта адам – алтын, темір.
Еритін асыл киім жауған кардай,
Киіммен шешілмейді қашан да өмір.

Ақылда жастық пенен кәрілік жок,
Абырой ақылдыдан арылу жок.
Ақылсыз аты шықпас ажарлаумен,
Алтын шам, май құймаса жарығы жок.

Жақсыдан жадыңа алған бір ауыз сөз,
Асықпа түспеді деп қолыма тез.
Дамылсыз іздеуіне ерінбесен,
Керегің өмірінде болады кез.[79]

Ел аузынан

(бірінші өлең)

Салынган қала жок, оқыған бала жок,
Қазынасы тағы жок, басында багы жок.
Пейілі арам, көп надан сен едін,
Қуаты, күші жок, сырты бар, іші жок,
Барымта партия ісінің ағы жок.

Қазағым – сырласым, қаламым – мұңдастым,
Өлген соң белгілі қайта кеп тұрмасым.
Ел – анау, мен – мынау, қайтейін бір басым,
Аман бол ағайын, тату бол қимасым![80]

Ел аузынан

(екінші өлең)

Келіндер тогай барап отын ала,
Ұзын арқан қолына шотын ала.
Тұра қашқан қояндай атып алыш,
Шоқыр ма еді кеудесіне жатып алыш.

Келіні:

Мергендер қоян тұғіл құс атады,
Атқан оқ тиген жерін уатады.
Әтпес пышақ секілді добдалданып,
Оны да ебі келген кісі атады, – депті.[81]

Өлең

Алыстан қызыл көрінсе,
Манат емей немене?

Көтеріліп ұшқан соң,
Қанат емей немене?

Камшылатып жүгірген,
Шабан емей немене?
Айтқан сөзге төзбекен,
Жаман емей немене?

Сұрағанда бермеген,
Сараң емей немене?
Ісін Хакта мағлұм,
Сыртыңдағы қылмысын,
Амал емей немене?

Сусағанда ішкен су,
Шекер емей немене?
Бейнетсіз жанға біткен мал,
Бекер емей немене? [82]

Бата

Асын, асын, асына,
Береке берсін басына.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай құрқылдал,
Қыдыр келсін қасына.
Осы тұрған боз үйге,
Он екі құрсақ келтірсін.
Ұлға, қызға жарысын,
Іргеден байлық кетпесін.
Елінің о шеті мен бұшетіне,
Ат шапса да жетпесін.
Тәңір берген несібе,
Тепкілесе кетпесін,
Аллаһу әкбар!

Бас жемедім демейін,
Қара аруактар орнынан,
Жақсы ниет етейін.
Қабылдаушы бір Хактан,
Жылқы, түйе, қой, сиыр,
Түгел келіп орнасын.
Бақыты асып ұлдардың,
Үйдің тіксін ордасын.
Шаңырағыннан ас ішкен,
Дұшпанды қылса оңбасын.
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдасын.
Көгеріп шыққан бұтаққа,
Басына қонып бұлбұл құс,
Қош әуезben сайрасын.
Атадан қалған қара аруак,
Бұл айтқанымды қолдасын,
Әмин Аллаһу әкбар! [83]

Шарданбай батырдың батасы

Иә, Құдай, тілегімізді қабыл ет,
Иманымызды қеміл ет!
Дозақтың отынан сақта,
Қаңғыған оқтан сақта,
Парақор соттан сақта.
Ынтымақсыз туысттан сақта,
Көк дауыл қатыннан сақта.
Тасыған су мен жұттан сақта,
Қара жүрек бақылдан сақта.
Адамды қадірлемес есерден сақта,
Нанды басқан кесірден сақта.
Кеудесін керген келіннен сақта,
Мезгілсіз келген өлімнен сақта.

Татымсыз көзіңнен сакта,
Мейірімсіз жекжатынан сакта.
Үятсыз қызыңнан сакта,
Бұзық ұлыңнан сакта.
Тұнере атқан таңнан сакта,
Жаңбырысиз шаңнан сакта.
Жастарында әділ жоқ,
Үлкенінде бату жоқ,
Құр айғай шуыңнан сакта,
Аллаһу әкбар! [84]

Қанатты сөздер

Жақын жерден шөп жесе, жердің сәнін кетірер,
Ағайынның аразы – елдің сәнін кетірер,
Абысынның аразы – ауылдың сәнін кетірер.

Жарқ-жүрк еткен қайда бар?
Жарау семіз байда бар,
Құйрығы бітеу куда бар.
Ат тұяғы тимеген,
Ақ кірпіш тас суда бар.
Ғәзірейіл келгенде,
Жан қалар жер қайда бар? [85]

Нақылдар

(бірінші нұсқа)

Жер жұтуға тоймайды,
От отынға тоймайды,
Кісі ойға тоймайды,
Бөрі қойға тоймайды,

Құлақ естүге тоймайды,
Көз қарауға тоймайды,
Өмір жасауға тоймайды,
Бай малға тоймайды,
Ғалым ғылымға тоймайды,
Жер суға тоймайды,
Әйел ерге тоймайды,
Өлік дұғаға тоймайды,
Тері иге тоймайды,
Құс балапанға тоймайды.
Жақсы еркек әйелдің көркі,
Жаман еркек әйелдің дерті. [86]

Ел аузынан

Бар асылдан – достық асыл.

Азған жүрек – қызыл шал.

Қорқақ әкім жұртта сөйлейді.

Қазығың мықты болса, тұлпар да арқандалады.

Жақсы топта аталынады,
Мырза жоқта танылады.

Еңбек сүймеген өнерді де сүймейді.

Ұзақ шабар атқа сен,
Ұзақ сөйлер ерге сен.

Жақсы адам кетпейді, кемітпейді.

Аңқаулықтан жалқаулық жаман.

Олакқа сылтау көп.

Қынырды қисық жақтайды.

Арсызды аттап өтпе, айналып өт.

Дүниеде асылдың бәрі – кітапта.

Балаңды сүйсөн, қарияңды сүй.

Өсек досты бұзады.

Ән-күй сәнді жасартады,
Махаббат жарды жасартады.

«Сұлумын!» – деп аспа,
«Білімдімін!» – деп таспа.

Әйел ақылымен сүйдіреді,
Білдірмей күйдіреді.

Атаңа рақым етпесең,
Балаңынан рақым құтпе.

Тұлпар болдыrsa да жер талғамайды,
Сұлу қартайса да ер таңдамайды.

Халық сыйлағанның аруағын да сыйла.

Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас,
Мырзалық қонаққа пайда, малға қас.
Әткір пышақ қолға пайда қанға қас.
Әтірік сөз дауға пайда, жанға қас. [87]

Мақал-мәтел, нақыл сөздер

Мал ұрысы – пенденін ұрысы.
Сөз ұрлаған – Құдайдың ұрысы.

Сырласып сөйлесу – сөзді жасырып сөйлесу.

От ішінде макта – мактадан Құдай сақта.

Арай, арай, арай бар,
Арай толған сарай бар.
Асау атка бұғау бар,
Бұғауды кесер егеу бар.
Сом темірге балға бар,
Сом...нға ала бар.

«Жарлымын!» – деп жабықпа,
«Жалғызыбын!» – деп зарықпа.
«Мұндымын!» – деп камықпа,
Мұңайма жігіт мұңайма,
Мұң таркатарап Құдай бар!

Ақ сұнқар: «Ұшқырмын!» – деп мақтанба,
Алдыңда жабулы тұрған торлар бар.
Тұлпар: «Жүйрікпін!» – деп мақтанба,
Алдыңда казулы тұрған орлар бар.

«Басым көп!» – деп тойтанба,
«Малым көп!» – деп сұқтанба.

Отірік сөз дауға пайда,
Откір пышақ қолға пайда.

Құлыша жетім қалған,
Құрайт десең үйірін білмейді.
Қозсысында жетім болған,
Тұртіншегін қоймайды.[88]

Жұз жас

Жұз жастың сұрамаймын керегі жоқ!
Жақсылардан не пайда?
Жұртын актан бақпаса.
Ай нұрынан не пайда?
Қара бұлт қаптаса.

Бал шекерден не пайда?
Жүрекке жайлы жақпаса.
Үлгілі сөзден не пайда?
Үқтырып миды таппаса.

Маңдайға біткен бақыт сол –
Бетінен ешкім қақпаса,
Жау атқан оқ дарымас.
Жұрт кісісі сол болар,
Ел үмітін актаса.
Сыйлы жігіт сол болар,
Ар-ұяттын сақтаса.

Нағыз жаман сол болар,
Ата-анасын бақпаса.
Қорған болмай халқына,
Жауға қарсы шаппаса.

Шын жақсының белгісі –
Туысы үшін қамығу.
Қас бауырдың белгісі –
Ағайынға жағыну.

Адам досының белгісі –
Сыртына сырды шашпаса.
Сергінді жігіт белгісі –
Жаудан қорқып қашпаса.

Көсем батыр сол болар,
Игі ісіне халқын бастаса.
Сабырлықтың жолы сол болар,
Шарадан асып таспаса.

Әйгілі мерген белгісі –
Екі жерден атпаса.
Айдынды ердің белгісі –
Сыртынан дүшпан батпаса.

Әзәзіл, шайтан сол болар,
Елдің басын қоспаса,
Сабырсыздық сол болар,
Істің артын тоспаса.

Данышпан адам белгісі –
Алдағы жайды болжаса.
Даугер пенде белгісі –
Уақытында істі қумаса.

Асыл кісі белгісі –
Ел-жұртын әр кез қолдаса.
Қырысқ жанның белгісі –
Ісі сәтті болмаса.

Қас батыр деген сол болар.
... артпаса.
Әділ қазы белгісі –
Базарға басын сатпаса.
Ары таза белгісі –
Харамның дәмін татпаса.

Ел азбайды деген бар,
Сыйлап бойын сақтаса.
Тұлпар ат озар бәйгеден,
Жақсы атпен бастаса.

Ауыз берік сол болар,
Естіген сөзін жаймаса.
Ардақты жан сол болар,
Құр созбен жуып шаймаса.

Қолбасшы ердің белгісі –
Жауды жеңіп, көріп қуса.
Жетекші болып сарбазга,
Тәуекелге белін шын буса.

Опасыз кісі сол болар,
Жазықсыз арыз жолдаса.
Мейірімсіз бай сол болар,
Үйіне мейман қонбаса.

Табандылық белгісі –
Айтқан серттен таймаса.
Кеменгерлік белгісі –
Қасиетін жоймаса.

Доңыз шонжар сол болар,
Харамнан байып жондаса.
Кекшіл жігіт сол болар,
Жаулық істі қолданса.

Адал адам белгісі –
Көнілінде кір болмаса.
Қатыгездің белгісі –
Адамды адам қорласа.

Ұятсыздық сол болар,
Бекер, босқа долданса.
Женіл ақыл сол болар,
Жоқ нәрсеге шамданса.

Шындықтың белгісі –
Айтқан сөзді бүрмаса.

Опасыздық белгісі –
Үәдеде тұрмаса.

Кешірімділік белгісі –
Өткен істі қумаса.
Жан ашырлық белгісі –
Жақсы іске ерді бауласа.

Ақылды адам белгісі –
Орынсыз күнә таңбаса.
Жайлы кісі белгісі –
Араздық отын жақпаса.

Ғұламалар сол болар,
Киялға терең бойласа.
Жақсы адам сол болар,
Алды-артын байқалап.

Жалтақтықтың белгісі –
Іске белін бұмаса.
Ашушандық белгісі –
Аяқ астынан туласа.

Құршылық пенде сол болар,
Босқа жала жаппаса.
Қоғамышыл кісі сол болар,
Жұрт арасын аппаса.[89]

Ел аузынан

(үшінші өлең)

Қадір білмес жақыннан,
Карсыласкан жау артық.
Томсарғанның тобынан,
Топты бұзған дау артық.

Үйлеспеген жақыннан,
Үйлесімді жан артық.
Жаманның күйік жақсылығынан,
Жақсының айтқан сөзі артық.
Атаккұмар есерден,
Ақ жүректі ез артық.
Атаға біткен атактан,
Өзі болған кез артық.
Пайдасы жоқ байлықтан,
Қадірің болса – сол артық.
Орынсыз артық сөйлеуден,
Сабырың болса – сол артық.
Көп жасаудан не пайда?
Үлгілі сөз білмесе.
Көп көруден не пайда?
Көңіліне түймесе.
Шешендейктен не пайда?
Артында сөз қалмаса.
Шеберлікten не пайда?
Ісінен алғыс алмаса.[90]

Нақыл сөздер

1. Жақсы бала – бағың, жаман бала – сорың.
2. Кісі үйінде көсем болма,
Өз үйінде шешен болма.
3. Өз семьясынан безген, өзгенің семьясынан да безер.
4. Кішкене семьяның өзіне де үлкен махаббат керек.
5. Жетім бала – жасқаншақ, ақылсыз бас – мақтаншақ.

6. Жарың болмай, жәйін болмас.
7. Семьяның көркі – бірлік, жарасымды тірлік.
8. Жар – тәтті, жардан да ар тәтті.
9. Жақсы әйел – панан,
Жаман болса, күнің каран.
10. Ана жүрегі – мәнгі жаз.
11. Әйелі жаманның – шашына ақ кіреді,
Әйелі жақсының – үйіне бақ кіреді.
12. Әркімге өз баласы дана көрінеді,
Басқаның данасы бала көрінеді.
13. Махаббаттың мөлдірі де бар, күлгірі де бар.
14. Жар іздесен, теңің тап.
15. Әкең берсе тәрбие, шаңырағына сен ие.
16. Махаббатты мазақ етсөн,
Өмірінді тозақ етерсің.
17. Қыз таңдасан, ата-ананың тілін ал,
Ақылын да, басқаны да біліп ал.
18. Жақсы сүрінгенін ұмытпас.
19. Жақсының ісі өлмейді,
Жаманның ісі өнбейді.
20. Жақсыда қастық жоқ,
Жаманда достық жоқ.

21. Бұзықты колдау – адалды байлаумен тен.
22. Жамандық іздеген апатқа жолығады.
Жақсылық іздеген атаққа жолығады.
23. Бағын өссін, қызметтес жағынғаны,
Ақылын өссін, қызметтес табынғаны.
24. Жақсыға жолықсан жолын болар,
Жаманға жолықсан сорың болар.
25. Ақылды сөзге тоқтайды,
Ашулы өнбесті жоқтайды.
26. Жақсы әйел – ердің көркі,
Жаман әйел – үйдің өрті.[91]

Нақыл сөздер

(бірінші өлең)

Еріксіз ылдидан, еркімен шықкан өр артық,
Тірлікте тартқан ғазаптан,
Сұлап жатқан көр артық.

Қызыл тіл әрлі-берлі базарласын,
Бұл сөзде қате кетсе ажарласын.
Отырмын желді есіп оңашада,
Кемпірін қабақ түйіп сазармасын.

Мекке мен Мәдина жолдың іші,
Ата-анан, мейманды құрмет етсөң,
Бейіштен де артық қой үйің іші.

Сөзім бар айта берсем мұнан да ірі,
Мәшіүрдін толып жатыр көрген кебі.
«Жақсы қайда екен?» – деп сұрасаңыз,
Әйел – ұжмакқа, бармайды мыңнан бірі.

Бірі – алтын, бірі – күміс ұкканына,
Керек қып жанды-жанға сұкканына,
Итеріп найзаменен тыққанына.[92]

Нақыл сөздер

(екінші өлең)

Бай адам қатын сүймейді, малын сүйеді,
Қатын байын сүймейді, теңін сүйеді.
Екі жақсы көңіл тапса, ғашық болып,
Өмірлік тату – қызық ғұмыр сүйеді.
Сөз ұрлаған – Құдайдың ұрысы,
Адам ұрлаған – Құдайдың перісі.[93]

Нақыл сөздер

(үшінші өлең)

Аспан толған жұлдыздан,
Жарқырап тұрған ай артық.
Қу қаңғыбас жүйріктен,
Қаба жалды … артық.

Жылуы жоқ тымақтан,
Баса киген бөрік артық.
Жаман болса алғаның,
Мақтасы қалың көрпе артық.

Сөйлер сөзі болмаса,
Бір керуге көркі артық.
Қараға жауап бергеннен,
Күдайдын берген дерті артық.

Тұзер еді бұл заман,
Пейілі бұзық пендениң,
Кетсе артына жер тартып.
Әділетсіз ұлықтан,
Қайыры мол бай артық.
Тіл алмаған баланнан,
Кескектеген ит артық.[94]

Нақыл сөздер

(төртінші өлең)

Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе ой жоқ,
Адамда ми болмас.

Жарлы емеспін зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жүрттан ұялып.

Ақылы жетпес дәuletке,
Дәulet ішпес әлппетке.
Болымсыз кұлық тойымсыз,
Болады ... жүрекке.

Өмір-дуние деғенің,
Ағып жатқан су екен.

Жаксы-жаман көргенің,
Ойлай берсең у екен.

Жүрегім өрбі сокпа енді,
Бола бермей тым құлкі.
Көрмейсің бе тоқта енді,
Кімге сенсең сол ...

Атанды анаң азғырып,
Тұрғызыбаған бейінте.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.

Әйелде сыр, опа жоқ,
Бүғін жалын, ертен шоқ.
Жаксылық ұзақ тұрмайды,
Жамандық әркез тозбайды.

Үміттің аты лепіріп,
Құс тізгін созбайды.
Қанша тепкі салсан да,
Уайымнан озбайды.[95]

Нақыл сөздер

(бесінші өлең)

Ұры өлгенше: «Ақпын!» – дейді,
Тоқал өлгенше: «Накпын!» – дейді.

Берген биге жараған,
Бермен қімтеге жараған.

Ұршықты бар иесі бұзады,
Баланы шешесі бұзады.

Өзі өлтірмес, жат жарылқамас.

Өз көзі өлтіргенді тірілтпейді,
Қысылғанды тұрғызады.

Суда жүрген сұнгуір,
Көл қадірін не білсін?
Жүзде жүрген дуадақ,
Шөл қадірін не білсін?
Жарлыдан жаңа байыған,
Жалғыздан есіп көбейген,
Ел қадірін не білсін?

Отының суы болса,
Қыстың құрғақшылығынан не пайда?
Етігің тар болса,
Дүниенің кеңдігінен не пайда?
Елдің бейғамынан не пайда?

Қатының долы болса,
Сүйегінің қалмас бүтіні.
Әркімдікі өзіне – ай,
Көрінер көзіне.
Жарлыға жарты карсак пайда,
Бүтін қарсақ қайда.

Бай төсегі темір ...,
Кедей төсегі қара кісі.

Байдың мамық төсегі – жанбасына.

Жердің тауы айналмайды,
Әлемнің тасы айналады,
Ауған елдің басы айналады.

Еркекте ақыл болмайды,
Өз конысынан ауған соң.
Үрғашыда ақыл болмайды,
Біреуден сауын сауған соң.

Жәбі күйрығы қаба деп,
Жәбіден айғыр салманыз.
Жаупкершілік күн туса,
Ұстап мінер ат тумас.

Атасы бай екен деп,
Ақылсыз қыз алмаңыз.
Екі кісі бас қосса,
Сүйрендең сөйлер ұл тумас.

Ат биеден туады,
Алып анадан туады.
Жаманды жаман десе,
Бөркі қазандай болады.

Арамыз адал болмайды,
Жамансыз жақсы болмайды.
Үш ай тоқсан түспесе,
Мұз қатпайды теңізге.

Жақсыдан жаман туады деп түңілме,
Күндердің күні болғанда,
Тартпай қалмас негізге.

Бір тары ботқа болмас,
Ботқа болғанмен жұртқа болмас.

Хайуан тамақтан семіреді,
Адам құлақтан семіреді,
Жақсы сөзге жан семіреді.

Өлі – тірінің азығы.
Жақсы – жаманның азығы.
Жақсы – коніл, жанның азығы.

Ақ қоянның қалжасымен,
Адам жеп тоймайды.
Қыз күнінде мінезі,
Майталман қатын болып түсседағы,
Мінезін қоймайды.

Жақсылардың көзі жұз,
Құлағы мың болар.
Құң құрысса қалпына кетеді,
Жаманға қанша қақсаса,
Өзінің салтына кетеді.

Ауру – астан, дау – қарындастан.

Жәбі жүйрік бола ма, байлаганмен,
Жастық болат бола ма, қайрағанмен.

Жақсымен жолдас болсан,
Алдыңнан шығар елпектеп.
Жаманмен жолдас болсан,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

Кәрі – қайта жасарып жігіт болмас,
Құдайым неше қайта майланғанмен,
Үйдегі өскен бұзау – өгіз болмас.

Құлақпен естіген танық,
Көзбен көрген анық.

Қой көбейсе өседі,
Жылқы кенжелесе өседі.

Әркім сұйгенінің құлсы.

Білмеген айып емес,
Білдіруді ізденбекен айып.

Кеңессіз азбайды,
Кең тозбайды.[96]

Гақлия сөздер

Аспанда толған жұлдыздан,
Жарқырап тұрган ай артық.
Казанат туған тұлпардан,
Жабайы туған тай артық.
Әділетсіз ұлықтан,
Қайырымы мол ер, жарлы артық.

Түйе сойған байлардан,
Тоқты сойған той артық.
Тамыр берген түйеден,
Тәңір берген тоқты артық.

Тамыр берген түйенін,
Арылмастай борышы бар.
Тәңірі берген тоқтының,
Таусылмастай кеніші бар.

Топқа енбекен жүйріктен,
Белі жуан бесті артық.
Ұл таппаған қатыннан,
Лақтаған ешкі артық.

Салдама болған қайықтан,
Берік байлаған сал артық.

Төресін тұзу бермеген билерден,
... жараған қыз артық.

Кезектеп басқан келіннен,
Кесектеген ит артық.
Тіл алмаған ұлыңнан,
– Сіз-біз! – деген іні артық.

Аттың несін мақтайын,
Алқалы топты жармаған.
Түйенің несін мақтайын,
Алыс жолға бармаған.

Қатынның несін мақтайын,
Айтқан сөзден қалмаған.
Молданы несін мақтайын,
Өлі мен тіріні жалмаған.
Бұқараны сөгін кайтейін,
Жаман-жақсы болса да,
О дағы бір Алладан.[97]

Мәшіүр Жүсіп жинағы

Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды,
Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.
Ала тұяқ арам мал – берекеті болмайды.
Атадан қалған адап мал – әрекесті болмайды.

Үш ай тоқсан болмаса, үлкен теңіз тұңба.

Мыңды беріп, бірді алсан,
Бір байығырдай болмайды.

Ораздының баласы он бесінде баспын дер,
Қас сорлының баласы жиырма бесінде жаспын дер.

Балаң жаман болса, дәрменің кетер,
Катының жаман болса, арманың кетер,
Қайғы-қасіретпен заманың өтер.

Бұралқының жолы жоқ,
Бұзылған шердің сыны жоқ.

Аз-аздан үйреніп, дана болады,
Тамшыдан жиылыш, су дария болады.

Асығып басқан шайтанның ойнағын басады,
Аңдып басқан Қыдырыдың ізін басады.

Білмеген казақ аты бар ногайда бар,
Ең әуелі иман біліммен оңайлад ал.
Кітапты періштені, пайғамбарды, Құранды,
Білуменен не пайда бар?

Ораздының баласы өз үйінде өзі құл,
Шырлының баласы өз үйінде өзі сый.

Бай байға құда болса, арасында жорға жүреді.
Екі кедей құда болса, арасында дорба жүреді.
Бір бай бір кедей құда болса,
– Кайдан болдым?! – деп зорға жүреді.

Ашаршылықта туган құлдының екі көзі таста,
Ашаршылықта туган баланың екі көзі аста.

Жаман жүрісінен құл болады,
Жақсы жүрісінен пұл болады.

Қазақ болмай азап болмас,
Тамақ болмай досым болмас.
Ит балалап сауын болмас,
Екі даугер ауыл болмас.

Қазақтың жаны азапта,
Жаманның жаны тозакта.[98]

Мәшіүр Жұсіптің «Қожаларға» өлеңі

Бұл елдің жөн сұраймын қожасынан,
Қожа саран келеді о басынан.
Қаңғып кеп Қаратудан есек мініп,
Байыған соң, айрылды тобасынан.

Қожаның шошақ келер төбетейі,
Бұлкілдер ысқат алса көмекейі.
– Қай жерде кесілмеген бала бар? – деп,
Андитыны баланың шуметейі.

Мен Құдайдан сұраймын денге саулық,
Жалған айтып, жанына қылма жаулық.
Қожа-қожа дегенге қокиленба,
Қожа түбі – сарт екен өзгістаулық.

Жасымнан ғылым ізден, көніл бөлдім,
Мен жайын қожалардың көріп келдім.
Өгістаулық сарттарды қожа дейсің,
Қазақ-ай, мен өлгенде сенен көрдім!

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,
Шүкірлікпен қыламын пікір, зікір.
Түркістанға апар да базарға сал,
Жүз қожага өтпесем бетке түкір.

Үш-үштен басын қосам тоғыз харф,
Оны білсем болар ем Қалам-Шәріп.
Пайдаң жок өне бойы маған қылған,
Ұрайын тап ененді Наху-Сарф.

Аулак жүр жырағырақ менен «мантиқ».
Мылжың жок ойлап тұрсам сенен тантық.
Ғылыммен өтсе күнін онбағаның,
Мың ғылымнан бір «ғайн, мим, ләм» артық.

Оқиды атақ үшін «Наху», «Мантиқ»,
Молдадан өзі құрлы болуға артық.
Айырылып қой-қозыдан қалайық па,
Шаригат жолын жүртқа тұзу айттып.[99]

Қожа-молдаларға айтқаны

Ақсақал қажы, қожа саттым шалға,
Бейнетпен мал таппаған жүріп жалға.
Қожа-молда көтерін алды бәрін,
Еңбексіз жиған жүрттандын тегін малға.

«Біз шыдап қалай үйде жатамыз?» – деп,
«Мұны алсақ қарық олжага батамыз!» – деп,
«Шайтаннан көтерме бұл [тамиғы],
Қорып үйден-үйге сатамыз», – деп.

Басына дағарадай сәлде салып,
Жүрт қоршап: – Ой, тақсыр! – деп ортаға алды.
Тұлкінің құйрығындай бұландастып,
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Таспигын жыбыр-жыбыр серпіп тастап,
Надандық қисық-қыңыр жолға бастап.
Онысы жолға шашқан бидай-тары,
Торғайды келу үшін торға бастап.

Мол қылып жайнамазды жайып салды,
Кәл қуам кәл қуамға жайын тұрды.

Мал табу барлығынды болып қасы,
Мал сойғыш мырза болып қазан асты.
Жұрттың басын сиқырлап айналдыруға,
Максаты сол мойнына кітап асты.

Тамиғ үшін түгел тауып қару-жарақ,
Адамға жасап алыш бұдан арақ.
«Тамиғымның бір тауығы болсын», – деп,
Қажы барып алыш келген сақал, тарак.

Қапшығын қайыршылық тоқып алған,
Өнер жоқ, бұлар білмей қапы қалған.
Жұрттан зекет алууды дұрыстауға,
Байларды: «Бала оқы!» – деп жиып алған.

Бір шай мен бір табақ ет беріп пара,
Үміті сонда қылған бір-бір қара.
Тұзі қараның айтам да арсыздығын,
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.[100]

Төрелерге арнап айтқаны

Ішкендерді көргенбіз,
Кепкендерді көргенбіз.
Ісіп-кеуіп кезінде,
Көп бергенді көргенбіз.

Аскандарды көргенбіз,
Тасқандарды көргенбіз.
Асып-тасып кезінде,
Сасқандарды көргенбіз.

Болғандарды көргенбіз,
Толғандарды көргенбіз.

Болып-толып түбінде,
Солғандарды көргенбіз.

«Әй, бұл төрелер не істемеді? Асты-тасты, істі-кепті, болды-толды. Ақыры бастағы бактан, колдағы дәүлеттен айырылып, баарға жер таба алмай, мінерге ат, ішерге ас таба алмай, шөлдегенде су таба алмай, қыздарын төлеңгітерге беріп, өздері соларға қоңсы конды, карашөл көлже. Ә, қарағым, казағым қайтейін! Ел аралап, дүғалық сатып, бала пішіп, ел алдаған қызылбасты қожа қойып бас ұрган. Ел аралап, сөз саткан коржынды қара сартты хан, төре қойып, басыңа пәле тілеп алдың, ақыры құтыла алмай, азапқа, әлекке түстің!» – дейтін Кенже.[101]

Арыстан

Картайып, арыстанның әлі кетті,
Айбынды жұрт қорқатын сәні кетті.
Бетінен жұрт қорқатын уақыттары,
Артына бір қарамай бәрі кетті.

Ит үрді, қасқыр қапты, етін үзіп,
Біресе жарапайды өгіз сүзіп.
Қинады әркім қадар білгенінше,
Арыстан үн шығармай, жатты көніп.

Біңыранып жатыр еді, өлейін деп,
Касына есек келді, көрейін деп.
Артықша жаңға батар жерін тауып,
О да түр арыстанды тебейін деп.

– Иә, Раббы! – сол уақытта деді арыстан:
– Мен түгіл қорқушы еді от қамыстан,
Бұл өгіз, мынау қасқыр тимек түгіл,
Зәресі ұшушы еді көрсе алыстан.

Дариға, ол заманың бәрі кетті,
Кәрілік деген пәле келіп жетті.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, қартайған сон,
Сорыма мұның бәрі ер боп кетті.[102]

Мәшһүр Жұсіп өлеңі

(бірінші өлең)

Жабыны жауға мінбес: «Жалы бар!» – деп,
Жаманға жалынбаңыз: «Малы бар!» – деп.
Есектің күші адал, сүті арам,
Жалынан сипай берме: «Жануар!» – деп.

Ер ұранын шақыртады бір-ақ жүйрік,
Бере ме көпке бәйге саны бар деп.

Он жабы сатсан, жетпес бір тұлпарға,
Мың қарға залал етпес бір сұнқарға.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жарамас ашылғанда бір қымтарға.
Шықпайды қику салса қыр басына,
Қоя бер от басына бет жыртарға.

Азамат қазак ұлын жаңа көрдім,
Жақсысын жаманымен таңдамадым.
Жаманыңды тұтікпен үрлеп-үрлеп,
Жаксыңды жаудай көріп олжалаңын.
Жауыңды жаудай көріп, қор қылам деп,
Кім білер қор қылмағын зул залалдың.

Ақылды билер өткен алмайтұғын,
Қайратты елін жаудан қорғайтұғын.

Көргем жоқ осы күні сондай билер,
Ақылын халқы үшін жолдайтұғын.
Ғәділдік сипаты еді бір Алланың,
Билерім ғәділ болып тұра алмадын.
Нашарды ақ та болса, дүшпан тұтып,
Шырайын пақырлардың шығармадын.
Кыры пайғамбардан гибрат деп,
Тендікке нашарларды бір алмадын.

Өлген соң, арыстаннан тышқан артық,
Жай білмес акымақтан, дүшпан артық.
Қолына бір жаманның түссе гауһар,
Жұмсайды затын білмей мыстан артық.
Етегің шаба берсең ашылады,
Бәрінен тақымыңды қысқан артық.

Молда болса кер болмай, қорқақ болсын,
Дін жолына желмаядай жортақ болсын.
Ақылға – кемел, дінге – жүйрік,
Дүниеге – шорқақ болсын.

Дін ізdegен жақсы молда пірден артық,
Қапысыз, қамқор қатын ерден артық.
Мысырда Сүлейменнің тағын тапсандағы,
Болмайды өсіп-өнген жерден артық.

Қатының жаман болса, ол – тұзағын,
Басыңдан кетпейтұғын зор азабын.
Шаяндай зәріменен шағып алса,
Жүрегіңнің басынан кетпес дағын.
Қолыңдан келе алмаса жолға салу,
Бәрінен басыңды алып кеткіндағы.[103]

Мәшһүр Жұсіп өлеңі

(екінші өлең)

Қажылар жүріп жатыр көп сарсанда,
Екі үйдің бірі қажы бұл қарсанда.
Кісі ақысын жегендер құтылмассын,
Қажыға жылап жаяу, жұз барсаң да.

Иә, Аллаһ, уағдаң бар кешем деген,
Мұшкілін пенделерім шешем деген.
Аяттан әттәхиәту үмітім бар,
Иншә аллаһ Кәусар шарабын ішем деген.[104]

Мәшһүр Жұсіп өлеңі

(үшінші өлең)

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Ақымак достан ақылды дүшпан артық.
Қолына кей адамның түссе гауһар,
Затын білмей ұстайтын мыстан артық.

Ит артық арғымақтан шабыс болса,
Жат артық ағайыннан таныс болса.
Дүшпаның түгіл досың да табалайды,
Аяғың сәл нәрседен шалыс болса.

Ей, байлар, жиған малың – жанның қасы,
Не көмек бердің кедей атаң басы!?
Байлар-ау, байлығыңа мақтанбаңдар,
Кем-кетік кедейлердің сыбағасы!

Зар боп қалар бір күнде бай бір тұлға,
Бақи қонып тұрмайды дүние қолға.
Бақ пен тендік нашарға тиіп қалар,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.[105]

Мәшіүр Жұсіп өлеңі

(төртінші өлең)

Мәшіүр Жұсіп Көпейұлы 1928 жылы ұлы қәнпескे болғанда байларға: «Өз сазайың!» – деп шығарған өлеңі

Күн жайнатып жаудырған қызыл туы,
Қаптады дүние жүзін топан сұы.
Бұл топанның шайкалып басталғаны,
Өткен жыл төгілген кез майдың шуы.

Кеме қайда, жұрт мінді, салын байлап,
Ағызды қоймай ерікке толқын айдал.
Су жұтты, қатты толқын тұншықтырды,
Салы суға кеткен көп соры қайнац.

Алай-дүлей үйытқыған боран соғып,
Көп жылқы науыт болып боранға ығып.
Талай жұтқа болмаған жарықтықтар,
Шыбын-шіркей быт-шыт боп кетті шығып.

Қалмады іске татар ірі кісі,
Осылай болады еken тағдыр ісі.
Құдайдың құдайлышқен қылған ісін,
Көзбенен көреді еken тірі кісі.

Кедейге үлес болды құнан мен тай,
Теп-тегіс болып типил қозыды бай.
«Дүние кезек» деген сөз аққа шығып,
Бәрін қалған өзінсін, Құдам-ай!

Құдай ұрып, бай біткен кері кетті ғой,
Жиған боғы түбіне бір жетті ғой.
«Дүние кезек» деген сөз аққа шығып,
Соң шыққан мүйіз өсіп, ер жетті ғой!

Соң бәрі Аллаға аян болды,
Сейлеушіге әңгіме баян болды.
Көз қимай жинаған бай дүниесі,
Өзіне жылан менен шаян болды.

Бір тамшыдан су жинап дария етті,
Тұзу карап ешкімге бұрмай бетті.
Жел тұрып, толқын қатты тулап соғып,
Жиған бай, өзі ғаріп боп суға кетті.

Шоқанақта су қалды бөлек-бөлек,
Маңызы жок береді кімге түнек.
Ну орманды орыстар тып-типыл қып,
Бұтақсыздан сопайып қалды терек.

Ей, Мәшһүр, туда қастас болдың баймен,
Бай көрінсе қашуши ең құла саймен!
Байдың түбін боларын біліп мұндай,
Сөйлесіп қойғасын ба бір Құдаймен?!

Онан соңғы бір қасың – қожа-молла,
Оларменен елдесспедің бұрын сонда.
Бас-басына жамандап өлең жазып,
Жазған сөзім әр жерде жүрді колда.

Қажы мен ишандарды түйрей шаншып,
Бәрінен бойыңды аулақ алып қаштың.
Аза бойың тік тұрып осылардан,
Ар[тын]ша жек көрсетер бар ма албастың.

Осымен бәрі бірге қатын-бала,
Үйір-шүйір болмадың оған және.
Бұл жалғанда үйлеспей ешкімменен,
Жұртқа жынды дегізген Хақ тағала.

Ерігіп қаламыңды колға аласын,
Сұнгіп жүзіп кетуге қорғанасын.
Естіген кейінгіге мирас болып,
Саусағым ак қағазға жорғаласын.[106]

Мәшіүр Жүсіп өлеңі

(бесіпші өлең)

Жыр қайда, осы күні ғылым қайда?
Күн сайын шертуші едім сырымды айға.
Лак, тоқты алам деп Құран оқып,
Елді кезген дұшмандан кімге пайдада?

Дүниеден келғен жан жоқ аяп күшін,
Кайраумен қажыды отыз тісім.
Жастанып байдың ағаш босағасын,
Молдалар бала оқытқан Құдай үшін.

Дүние үшін жанның бері қайғы жеген,
Мін тағып бір-біріне әлденеді.
Жан бар ма айтшы елім еміреніп,
Егіліп бір ел үшін еңіреген?!

Кейде мен көп сөйлемдім, аузым бақпай,
Бетімді жіберген соң, ешкім қақпай.
Халыққа тура жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым, жанға жақпай.

Ежелден болып өстім баймен өш, қас,
Кожа-молда, ишандар – бері бір бас.
Қатын-бала солармен бара берсін,
Далада қалған жалғыз мен – тесік тас.

Тас өдім жергілікті Құдай тескен,
Жалғанда жан емеспін көнілім өскен.
Мұның бәрі өзіме болды кесір,
Кемдікпен бір жерім жоқ көзге түсken.[107]

Мәшһүр Жұсіп

(бірінші өлең)

Нәпсімді бұл жалғанда тыйғаным жоқ,
Қысылып тар есікке сыйғаным жоқ.
Қой болсын, қопан болсын, ақ қар болсын,
Өле ме, есен-аман жиғаным жоқ?! – деген екен.[108]

Мәшһүр Жұсіп

(екінші өлең)

Тарақтыда тары бар,
Дүниенің бәрі бар.
Қара жерді жамандама,
Жататұғын жерінді.

Қалын жүртты жамандама,
Көп табады мәнінді.
Ғалымдарды жамандама,
... басшы пірінді.

Құдайынды табарсын,
Қайда барсан,
Көтерерсің ғылымды.[109]

Мәшіурдің «Шайтанның саудасы» өлеңі

(бірінші нұсқа)

Сөз қылып жаза бердім жоқтан, бардан,
Далаға от жандырдым қалап қардан.
Бір нақыл жұртқа жаугер наслық бір сөз:
«Майса уру қалил байға мубардан».

Бос сөзді ауызға алып айтамыз біз,
Жұз сабыл, шын құлақпен тыңдаңыз сіз.
Базарға жұрт жиналған келе жатты,
Лағынгे жол үстінде ұшырапты кез.

Қысқа етіп, қылмай мылжың, сөзді ұзартып,
Тыңдаушы етпесін деп жалқау тартып.
Ол малғұн келеді екен жолмен айдал.
Он қашыр, бес есекке жүгін артып.

– Жаныңа шын сөйлесең пайда, – дейді,
– Дінің қатты, құр тілің майда, – дейді.
Сұрады таксыр Ғиса көре қалып:
– Барасың, лағын, айтшы қайда? – дейді.

Топыраққа бас орамал сен қылып ар,
Бұрынғы дәуренін болдың сен зар.
Жұрт барса, тері-терсек жұн сатады,
Сататын малғұн сенің не пұлның бар?!

– Жүгім бар, көрмейсің бе он бес көлік?!

Келемін хайуанға артып екі түрлік.
Жұрттың тыныш бүтінін ойламаймын,
Саламын бас қосылған жерге бөлек.

Уайымда да опа жоқ түгел бет,
Бүгінгі жан деменіз уайым етті.

Ол өзі кеткенменен жалғыз кетпей,
Сақиға меруерttі ала кетті.

Үшеуі молла кетті басын косып,
Ие болып тоқтамай ешкі босап.
Бөгей алмай бір адам корғалғанға.
Болады деп заман қандай тұрмын шошып.

Бұл күнде ләнкі сиса болды тұрган,
Жоқ болды тәні күн жан сөздің [формын].
Сарандық, мұнафиқтық қос өкпеде,
Бұлардың маңайында қылған ұры.

Қарқылдал қаз орнына қонды қарға,
Жүйрік арба орнына тақтай арба.
Ай мен күннің орнына болып жүрді,
Заман солай болды, шара бар ма?!

Бетеге мен кеуделер сүбіл болды,
Қарға, бұлбұл, есектер дүлдүл болды.
Басшы қанша тосқанмен піскен сөз жоқ,
Бір қайнауы ішінде дүбіл болды.[110]

Мәшһүрдің «Шайтанның саудасы» өлеңінен

(екінші нұсқа)

Артқаным бір есекке өңшең зорлық,
Есепсіз мен табамын қылмай ұрлық.
Қандай адам бұл сөзімді ұға алады,
Қараумен әр нәрсеге көз талады.

Оқыған көп оқуды молла алады,
Шаршайсың, базар барсан, басың қатып.

Сөйлеп түр өз білгенін әркім шатып,
Жұрт білмейтін ұлықтар таласумен.

Зорлығымды алады пұлға сатып,
Текке болсын болады малын шашып.
Қашан бөліп шықканша жанталасып,
Текке тін сұрасаң кім береді.

Зорлықпенен алмаса үкім істеп,
Карсы келсе алдынан басын шайқар.
Құнсыз болса кедейдің соры кайнар,
Өзі апарып [ұлыққа] тығар майды.

Ішпес-жемес шық бермес Шығайбайлар,
Біреуден біреу пұттап май алады.
Біреуі – қой, біреуі – тайынша, тай алады,
Тәкаппарлық жұғымды қалтасы мол.

Жетілген надандыққа бай алады,
Томпityп қалтасына жүрген симай.
Беруге ешбір жанға көзі қимай,
Алдыменен тапқырлық сатып менен.

Дұрдиер өз-өзінен өзі сыймай,
Бай біткен болғандықтан қара бауыр.
Арқасы ер салмастан болар жауыр,
Не айтып не қойғанын білмес өзі.

Тырнадай өзін-өзі білін ауыр,
Сырдай қатып жүреді тал болған құрт.
Көмейде жоқ бос сөзбен, күлумен өрт,
Күмпитең семіз деп айтсын деп жүрт.[11]

Мәшһүр Жұсіп термелері

Келеді сөзі өткір ақындардың,
Таусылмас күншілдігі қатындардың.
Біреудің өткен ісін көре калса,
От жағар арасына жақындардың.

Көршінді күнде шақыр күн демесін,
Құлағың тыныш болар үндемесең.
Барынды ортаға сал, аяп қалма,
Артыңан сөз ғып тағы мін демесін.

Кемпірің жуас болсын, жалтаң көздеу,
Болмасын бедірейген, беті безеу.
Құдайым кез қылmasын ондай жанды,
Адамға қиын болар оны түзеу.[112]

Мәди мен Мәшһүр Жұсіп тілдесуі

1916 жылы Бай ұлы Мәди Атбасар түрмесінде отырғанын естіп, Мәшһүр Жұсіп ... тілдеседі. Сонда Мәди былай дейді:

Көгорай көкке біткен шалғын – мен,
Ішінде кеп қаршыға алғыры – мен.
Тайында ат бәйгеден дәмесі бар,
Байдың жалғыз туған Мәдпі – мен.

Сонда Мәшһүр Жұсіп былай дейді:

Армысың, аманбысың Мәди батыр,
Түрмеде тұтқын болып әркім жатыр.
«Жуымас ақ қараға» деген сөз бар,
Қаласа болып құттыларсың әлі батыр.

Бұл сөзді жазған ағаң – Мәшһүр Жұсіп,
Керуендей жалғыз өзі жүрген көшіп.

Сөз зайықы құдіретін білмегенге,
О да бір түсіп қалған алтын тұзак.

Бұл жерде мен де ғаріп, сен де ғаріп,
Ағайын алыс жатыр ұғысарлық.
Күшім жок, кісім де жок бұл арада,
Әйтпесе кетер едім жұлып алып.[113]

Керей Сағынайға Мәшһүрдің айтқаны насыбай жөнінде

Сойыл білген жанға зордың зоры,
Сопылық білмегенге сордың соры.
Сопылық Қап тауының ар жағында,
Кей жанның зұлымдықпен жеткен қолы.

Болмас белін жалпақ бұрганменен,
Пәк болмас, заты харам жуғанменен.
Кей надан көзін жұмып, құр шұлғиды,
Сопылық табыла ма көз жұмғанменен?!

Бұл насыбай емес наша дүр,
Атса көңілді аша дүр.
Нәпсің ... талқан соң,
Жын-шайтандар қаша дүр![114]

Мәшһүр өлеңінен

(бірінші өлең)

Бұл елдің жөн сұраймын қожасынан,
Қожа сараң келеді о басынан.
Қаңғып кеп Қаратаяудан есегімен,
Байыған соң, айрылды-ау тәубесінен.

Қожаның шошақ келер төбетейі,
Бұлкілдер сакат алса көмекейі.
– Қай жерде кесілмеген бала бар?! – деп,
Баланың аңдитыны шуметейі.

Мен Құдайдан сұраймын денге саулық,
Жалған айт, жаңыңа қылма жаулық.
Қожа, қожа дегенге коқиленып,
Қожа түбі белгілі өгіз таулық.

Жасымнан ғылым іздеп көніл бөлдім,
Мен жайын кожалардын көріп алдым.
Өгіз таулық сарттарды қожа дейін,
Қазақ-ай, мен өлгенде сенен өлдім!

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,
Шүкірлікten қыламын зікір-зікір.
Түркістанға апар да базарға сал,
Жұз қожаға өтпесем бетке түкір.[115]

Мәшһүр өлеңінен

(екінші өлең)

Жиырма тоғыз жасымда Бұхар бардым,
Басымнан арылмастай сыбаға алдым.
Дамола, Хамза қожа кездестіріп,
Тоғыз ай сонда, алдында тұрып қалдым.

Бес жаста бисмиллә айтып жаздым хатты,
Бұл дүние жастай маған келді қатты.
Сегізден тоғыз аяқ басқан күнде,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты.

Ілтипат көп жақсылар етіп еді,
Шарапат ұстаз бірен жетіп еді.
Ұстазым Қамар хазірет сүйгендіктен,
– Ой, қозғаным-ай! – деуменен кетіп еді.

Таппады жаным сая күйгенінен,
Маңдайға тоқталмады тигенінен.
Дамола Хамза құліп әр сөзіме,
– Ой, әулие, әй! – деуші еді, сүйгенінен.

Қолдаған әр орында ғайып пірім,
Тарқаған сөз сөйлеумен шәкі шерім.
Қайда барсам жоқ болған бұл жаһанда,
Ұстазға жек көрінішті болған жерім.

Деп кеткен біреу – жынды, біреу – жақсы,
Бір кісі көпке қалай ұнамақшы?!

Ташкенттегі ұстазым осы көзге,
Туласымды қош алып, көрғен жақсы.

Жана шығып келеді ащы терім,
Іріктеліп шабуға жетпей жерім.
Күндіз-түнде жасыма пана болған,
Қожа Баһаулдин атты кәміл пірім.

Жүрген-тұрған жерімнен пәле қашқан,
Тас басып, қанша қыын таудан асқан?!

Жан кетті қыр қорған, су сорған,
Қырдың қорғанда [ізін] басқан.

Қаңғырып жүрғендіктен, жүрғен саяқ,
Жерім көп әр орында жеген таяқ.
Құдайға шүкір, Ҳақтың қаққан пендесімін,
Мейірман төккен, Лұқман аямаған.

Иншалла, жок сөзімде биттей жалған,
Аузыма сөздің шынын Тәңірім салған.
Лұқыбы қандай есепсіз көп болса да,
Тағы өзі қарана сондай алған.

Жалғанда күйіп текке жасаған жас,
Бойыма өмір бойы бір сіңбей ас.
Ризамын қалған бәрін Ием өзі,
Жадыратты қысқанымен – бәрі бір бас.

Мен өлеңді өмірше айттым қоймай,
Жібермес семіртумен және соймай.
Қайғыға бала жастан құмар ісім,
Беруші өзі болған соң тіпті қоймай.

Ей, Алла, айналайын бергеніңе,
Ғибратпен, шын бұласпен көргеніңе!
Керексіз бұл жалғанда қылдың бір жан,
Жұдемес, қажып ешкім өлгеніңе.

Өлсөң, саған кім айтты қамығады,
Тұсінбеген сөзіңе шала ұғады.
Тұра берсөң жалғанда бір қалыпты,
Қатын-бала күтуден жалығады.

Бұл сөзімнің бәрі шын, жалғаны жок,
Жалығумен тіпті өзім қалғаным жок.
Бұл жалғанда көңіліме алған істі,
Қолым жетіп, ешбірін алғаным жок.

Өмірше болмай маған кетті тиіп,
Хат-қаламым, өлеңім – жылқы, қойым.
Мен дегенде жан біткен теріс айналып,
Орнына келін көрген жок ешбір ойым.

Бұқар бардым, еңбегім сонда қалды,
Ташкент, жолдағым ойлап алды.
Тұрсаң да дүниені таба алмайсын,
Бір еңбегі жанбаған бірдей жанды.

Кім-кімменен бас қосам осы басқа,
Үйде отырып жаримын өш пен қасқа.
Үйде, түзде күн кештім жалғыздықпен,
Жари алмай өмірі бір жолдасқа!

Дей ойлап алданбайсын болмасқа,
Білмедім бала күннен қорғашка.
Кеудеде қуат біткен кетіп қалып,
Жерім жоқ кош көрінген үргашыға!

Жоғары қарай беріп, тәмен батпай,
Өзімді-өзім жасқаншақ қылып қақпай.
Қара қолдың жұмысын қалмаған соң,
Қатын деген халық, жүртқа халдық жақпай.

Берген өнер Құдайым тіл мен жақтан,
Бұл шын сөз, біледі жүрт, емес мақтан.
Тіл мен жақтың қатынға керегі не,
Қолды артық көреді тіл мен жақтан.

Наданнан бойынды алыс сақтан,
Берілген ғылым, хикмет маған Хақтан.
Ақ жағынан көретін көздер жоқ бол,
Өңшең соқыр қарайды қара жақтан.

Жұсіпті ақ жағынан Жақып көрді,
Қырық жыл жылап, көзі ағып, өмір сүрді.
Қара жағын көрумен ағалары,
Жойылтып, жоқ қылуға аңдып жүрді.

Керуенге бакыртумен құл деп сатты,
Мысыр барып зынданда не қақ жатты.
Зылиха ақ жағынан көріп қалып,
Үміт болып өз-өзінен көпті қатты.

Бір жағың ақ болғанда, бір жақ – қара,
Тәнірімінің солай жаратқан бар ма шара?!

Қара жақтан қараушы ортасында,
Жалғыз қалдың сопайып, ей, бейшара!

Білгенге болды тамам, енді сөз жоқ,
Елуден астың анық, енді көш жоқ.
Тұр мейлін, бұл болғанда, жөнел мейлін,
Ақ жағынан көретін бірде көз жоқ.

Жаудың басы – өз нәпсің, бермейді ерік,
Қосақталып [лағын] тұр оған серік.
Қанша айналсаң Құдайдан азды саған,
Дүшіпаныңа осынша қылған жарың.

Білмей жүрсің жүгінді мойындағы,
Өмір бойы қақпаған ойындағы.
Қара жақтан қақ басы қараушының,
Өмір – жолдас, зайдың тойындағы.

Қартаюмен жастарға [болдың] сұық,
Басы орнына бұл күнде үрген құық.
Емен болсын, көтерсін, қалайша оны,
Іске жарай жалғанда жалғыз уық.

Жүргегімнің басында қалды дағың,
Күннен-күнгे жуықтап өлер шағың.
Ақ жағынан көруші жан жок болсын,
Аймағына айқын болып қара жағың.

Бұл жалғанның жүзінде көnlің өспей,
Көрінгеннің жүртүнда қалдың көшпей.

Қашан көзге көрінген асыл нәрсе,
Асылдықтан қор болдың көзге түспей.

Бала күнде қылумен кеуден қорға,
Мысықпенен түсіп кеттің қалай орға.
Шар куып, ұшып жүрген дер кезінде,
Зирек құстай жаңылып, түстің торға.

Еске түсті-ау басымнан кешкен күндер,
Талай жалғанның ішкен күндер.
Жобалаудай ішінде кетін жатыр,
Неше түрлі көкейден кешкен күндер.

Тіршілік көрсетті бәрін мұның,
Іsten қазбалап сұрайсың несін оның?!
Тілің сөйлей, жүргегің ойнағанмен,
Қайда жеткен, созғанмен қысқа қолың?

Текке шырқырап, зарықпа, қызыл тілім,
Салғанменен бейнетке ғылым-білім.
Зеректіктің тек сазасын көп тартумен,
Қаксауменен дамылсыз өтті күнім.

Жарық сәуле көре алмай бір таң атып,
Кеткен күнді айтасың, қанша батып.
[Сату], сою жағына жарамсыз боп,
[Койға] ере алмай, құнанда қалдық жатып.[116]

Мәшһүр өлеңінен

(ұшінші өлең)

Өлген соң тоқталады тәубе кіrmес,
Мал-жанның қимаганмен көрге енбес.
Өзінде қуат барда қимылдан қал,
Өзіңнен қуат-қайрат кеткеннен соң.

Қайғырып сорлы пенде: «Өлемін!» – деп,
«Өлмеймін!» – деп ойлама: «Жүремін!» – деп.
Өлгенге еш жолама, сол жерді ойла,
Өлген соң небір қызық көремін деп.

Мыңдан бак-дұниеден қалғаны жок,
Құр алақан кетеді алғаны жоқ.
Жетсең де мұратыңа, жеттесең де,
Жер астында жатарсың іріп-шіріп.[117]

Мәшһүрдің өлеңі

Таусылмас толып жатыр арманымыз,
Ерікті болмаған соң мал-жанымыз.
Болмаңыз алты ауызды бауырларым,
Бұл тойдан қалғанымыз не боламыз.

Пайданың ортасында өзі жатыр,
Зиялыта мейлінше арзан бізді сатар.
Ынтымақ қылыныздар бауырларым,
Мейлің қазақ, мейлің бол сарт пен татар!

Шын жақсы өнерін жасырмаса,
Халқынан бойын бек асырмаса.
Бәріне мұсылманның бауыр болып,
Аулаққа бойын тартып қашырмаса.

Бай адам: «Малым көп», – деп теңгермейді,
Нашарлар бір Құдайға асылмаса.
Казактың берекесі ортасында,
Өзді-өзі партия боп шашырмаса.

Мезгілі ашылатын келе жатыр,
Бақ-дәулет мұнан бұрын ашылғанша.

Аркайда жатса, болса, тату керек,
Жылқы мал үйір болмас, қасынбаса.

Бұлак деп судың көзі шөкім ашпас,
Екпіндең өзі тастап шашылмаса.[118]

Ел аузынан

Үш-үштен басын қоссам тоғыз хәрф,
Онан соңғы айтылар Кәләм-Шәриф.
Басқа түгіл өзіңе пайдаң тимей,
Дәл ененді ұрайын Наху-Сарф.

Бұл Мәшһүр Бұқар барған, Қокан барған,
Ойы бар, барсам дейтін онан арман.
Жасынан жиын кезіп, ғылым қуған,
Жерінде жүрген-тұрған сөзім қалған.[119]

Мәшһүрдің «Жеті жетімі»

Барады ғұмыр өтіп, күн-күн санап,
Жолында сарып еттім, ғылым талап.
Дегенде «Жеті жетім» өлең қылдым,
Құр босқа отырғанша бекер қарап.

Бір жерге мешітті қойса салып,
Жамағат оқымаса, оған барып.
Жарандар сондай ғазиз босқа тұрса,
Дүниеде не болады онан ғаріп?!

Қайсыбір адамдарға дәulet бітсе,
Молайып төрт түлігі жанға жетсе.

Не ішпей, не жұмсамай өз орнына,
Болады құр өкінген – қолдан кетсе!

Жолықса … жаман пайды,
Жетпей ме өкініші өмір бойы.
Долы қатын кездессе ақылды ерге,
Құдайым, кез келмесін осындаға!

Ішінде көп ғалымның болса надан,
Бұзылар ғұламалар әр түрлі адам.
Отырыста сөзге түспей аңырайып,
Жетімдік не болады мұнан жаман?!

Ішінде көп адамның болса ғалым,
Бәрі де түк білмейтіп болса залым.
Қой менен қасқыр жолдас болғанындей,
Демеймін жетлік демеп оның қалын.

Бәрі де оқылмаса біліп кітап,
О дағы жетімдікке болған қисан.
Жарандар, сақтаныңдар осындаидан,
Мойның ауыр болар отыз қап сап.[120]

Мәшіүрдің бір өлең үзігі

Неден сондай қазақты қара басты,
Тұн болды жау боп жүрген қас албасты.
Мылтық салған мойнына жетіп келсе,
Жалпылдасып даярлар әр түрлі асты.

Дос азайып, өңшөң жау-қасы қалды,
Таудың боры таусылып, тасы қалды.

.....
.....

Шалқарбайдың Жұнісін ажал алды,
Ахметті коймады жарымжанды.
Ишан, қари баласы дегенменен,
Бисақайдың Біләлі бізге қалды.

Оқыған ұстазы еді күйеу мұнда,
Жасында жүруші еді, оқып сонда.
Ағузуны қигаштап аузын созып,
Әйтеуір болып шықты молда-солда.

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын аңдымаган байқап салсын.
Жасында қожа кесіп сұндettеген,
Жақтырмаса қалғанын кесіп алсын.[121]

«Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы өлең үзігі

Аямастан Құдайдың бергенін біл,
Қыздар қалды әр жерде тірідей тұл.
Сонда аямай, ашымай құған жандар,
Тік тұрды алдымға қусырып қол.

Айналайын Құдайдан қылған мұндай,
Сол кезде жүргенім жоқ болып жымдай.
Кім кетіпті үндеңей, сырт айналып,
Тиген жанды қып-қызыл шие қылмай.

Бала жастан емдедің талай тазды,
Саған Мәшһүр обал жоқ өзін азды.
Хазірет үйі сонда жүруменен,
Сол ауылда өткіздің екі-үш жазды.

Өсүмен Баянтаудың қаласында,
Құдайдың жан сақтаумен панасында.
Не берсе де Құдайдың берғен бағы,
Сегіз бенен он бестің арасында.

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,
Толумен тасып кетіп өлең конды.
Ат шақыр ай апатын таспық келіп,
Лақап сол – жұрт аузында «Мәшіһүр» болды.

Кеудені кеткеннен соң өлең кернеп,
Ой кетті бет алдына сай-сай өрлеп.
Бас жоқ, көз жоқ шаба бердік,
Кім болдырып көріпті көзі терлеп.

Біледі мұны тегіс – бұл Орта жуз,
Жаз отсе, таяу тұр ғой соңында күз.
Қыздарға тұмар қылып тактыруға,
Өлеңмен ғашықтықтан қозғадық сөз.

Құдайдың, міне, шебер құдіретін көр,
Білмедік қайды екенін есік пенен тер.
Өлеңін ғашықтықтың сезіп қалып,
Атамыз он алтыда аударды жер.

Бұлбұлдай каксаған күн-тұн сайрап,
Бекініп тұра алмадық тілді байлап.
– Бала оқыт, мал тауып бер, тұрма үйде! – деп,
Жіберді жер Сібірге еріксіз айдал.

Ғашықтық не бар еді, қыспай көтті!
Өз тілім өз басыма пәле етті!
Ананың қылған ісі мирас болып,
Сонымен жер Сібір болып өмір өтті.[122]

Мәшіүрдің «Қатындардың хикаясы» өлеңі

Айтайын қатындарға қатын сөзін,
Кітапта қатын сөзін көрді көзім.
Естірлік әйел заттан адам болса,
Айтайын насихаттап мына сөзін.

Қатынның алма жіліт кез аяғын,
Байынан ел корып, жер таяғын.
Әдетін қызың күндегі тастамаса,
Бағыңыз, тұспал қойып екі аяғын.

Қатынның алмаңыздар көк аяғын,
Алмайды айтқан тілін бір байынын.
Көк әйел – жүрттан шыққан бұзық қатын,
Жат қылып айырады ағайын.

Мұрны үлкен, тапал қатын жаман болар,
Мұқал болса, ақылдан тамам болар.
Ақ құба, бидай өнді кез келмесе,
Тіл ашты нашар қатын жаман болар.

Мұнан соң көк дауылды ала көрме,
Маңына пәлекеттің бара көрме.
Шұңғыл көз, шегір көзді сары қатын,
Мал беріп, мұндай жанды жолай көрме![123]

Қожа-молда

Жасымда атым койған әкем – Жұсін,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшіүр десін.
Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп.

Бұл Мәшһүр Бұқар барған, Қоқан барған,
Ойым бар барсам деген онан арман.
Тұлеген ақ сұңқардың канатындей,
Жерінде жүрген, тұрған сөзім калған.

Алатау, Қаратай мен көрдім Шуды,
Өз өнерім өзімді үйден қуды.
Үйінде тиыш тауып отырмастай,
Дейсін ғой бір басына не күн туды.

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын андамаған байқап бассын.
Жасымда қожа кесіп сұндеттеген,
Жақтырмаса қалғанын кесіп алсын.

Шошақ келер қожаның төбетейі,
Сақат десе бұлкілдер көмекейі.
– Кесілмеген қай жерде бала бар? – деп,
Аңдығаны баланың шуметейі.

Кесуге керек дейсін қанша жарақ,
Мінекей деп айтуым қолда жазақ.
О заманда, бұл заман көрдіңдер ме,
Бес тиыннан он тиын алған санап.

Мал үшін ел аралап жан сатасын,
Дүние жок, дүшпаның жоқ тиыш жатасын.
Жиюға бар, киу мен беруге жоқ,
Кеткен жұрт мал өсірген жеті атасын.

Бай болсам тұрмас па едім үйде жатып,
Істедім әр нәрсенің басын шатып.
Атанып қожа-молда елді кезін,
Ораза, намаздарын малға сатып.

Алғаны, сол уақытта тапса, қотыр тайлак,
Ат алса ер тоқымсыз шұбыр жайдақ.
Көбінің беретіні қошқар болды-ау,
Умасын салактатып келсе айдал.

Алғаны бір мырзадан сұлтік торы,
Жануар көрінгенге малдың зоры.
Қожа менен моллаға ыңғайланып,
Тұрады қалай онай малдың соры.

Аз демесе, риза бол бергенге,
Шүкірлік мен етейін көргеніме.
Бір көрген білсе, екі көрген болар таныс,
Боламын мен тілеуқор келмегенге.[124]

Мәшіүр Жүсіп дастанынан

Пайғамбар тұрақ ұстап, халі кетіп,
Жылайды: – Үмбетім! – деп зарлық айтып.
– Қоя бер мені, ұстама пайғамбар! – деп,
Толқыды сол жаннам кідір айтып.

– Жабыстың мұнша неге маған?! – дейді,
– Пендеге күнә қылған бар ма? – дейді.
– Үммет үшін мен сені күйдірмейін,
Күйдіру пайғамбарды харам! – дейді.

Тұрады пайғамбарым жауап қатпай,
Құдай сол күнәдан өзің сақта.
– Токтатпа жолымыздан пайғамбар! – деп,
Бұлқынар сол жаннам асau аттай.

Жылайды күллі пенде, жасын төгіп,
Жаннам жағаласты мықты болып.

Батпақы мұнша неге қаһарландың,
Жіберер пайғамбарым бір түкіріп.

Лаулаған оты құл боп аспанға ұшып,
Ойлаған сол күнәларын ғазиз пенде,
Қорықпай тұр ала ма жаның шығып.
Пайғамбар сонда турып сөз айтады:
– Үмметім сен, күнәға берме жығып![125]

Мәшіүр Жүсіптің «Балалар оқу оқып, білім ал» өлеңі

Балалар, ата-анаңды ұмытпандар,
Түбінде адам болmas ұмытқандар.
Кім жақын ойласандар ата-анадан,
Ондайды үміт қылмас ешбір жандар.

Білмеген жақын туыс ата-анасын,
Мал сияқты тойдырған қара басын.
Сол күнде баласына асық болып,
Сендерден хат алғанда шат боп қалар.

Жүректен махабатпен сусын канар,
Балам адам болды деп үміт етіп,
Бой жасарып, күші ойды билеп алар.
Жаман бала ой-мисыз жокқа осар,
Ержеткенде үмітсіз кете барап.

Әкеден де, шешеден алғыс алмас,
Туганнан да, туысканнан қарғыс алар.
Балалар, мұндай бала болмаңыздар,
Жас болсаң да алды-артты ойланыздар.

Қайта айналмас ата-ана қымбат қонақ,
Айрылған сон, өкініп қаласындар.
Тамаша ақ мамыққа күл шашпандар,
Талпынған дүниеге балапандар.

Бәрі дос, дүниенің дұшпаның жоқ,
Періштедей күнәдан тазасындар.
Есінді білген сайын дұшпан өсер,
Алышып күнде алдыңнан қарсы түсер.

Өмірдің дөнгелегі өсіреді,
Кейде бақ, кейде сорға түсіреді.
Өмірге кейде риза, кейде қас боп,
Басынан талай дәуір кешіреді.

Соның бәрін өлшеуге білім керек,
Адамдыққа болады ғылым көмек.
Жас күнінде жағаласып оқығанның,
Ер жеткенде рахат болар көмек.

Шын жүрек жемісі ата-ананың,
Құрбан қылар жолына жан мен тәнін.
– Құлынымның жамандығын көрсетпе! – деп,
Тілейтін баласының іштен жанын.

Көзден таса қалмасқа баласының,
Ата-анаға керегің адалдығың.
Ата-анадан бой ұзап әүре болсаң,
Пайдаңбылай не қажет қарасының.

Балалар, тілімді алыш адам болсаң,
Жақсыға сен жақындал, жақын тұрсаң.
Жасында ең қызығың – оқу-білім,
Бір істің басын құрап ақыл құрсан.[126]

Мәшһүрдің сегіз мұшесімен қоштасуы

Бисмиллахи рахмани рахим дейін,
Аллаға қайта айтам мұнан кейін.
Бастан жақты айырар заман болар,
Сөйлем қал, қызыл тілім, оған дейін.

Құйылар бір күн топырақ есіл көзге,
Кім жетер бұл жалғанда жасап жүзеге.
Ерік өзінде тұрғанда қимылдан қал,
Бір күнге зар боларсың сөйлер сөзге.

Бастан ми, ақыл-естен аудырарсың,
Кайран көз жан шығарда жаудырарсың.
Қағазға аттай желген он саусағым,
Дал-дал боп қара жерге саудырарсың.

Қайрат жоқ қолдан келер, қайнайды ішім,
Келе алмас қабарлауға сонда күшім.
Саудырап бет-бетімен қалар түсіп,
Маржандай аузымдағы отыз тісім.

Ағарсың домаланып көзден бұлақ,
Сонерсің майсыз жанған екі шырақ.
Тықырын құрт-құмырска естіп шыдан,
Жатарсың амал бар ма екі құлак?!

Жерлерде әлде қалай болады орным,
Дүниеде жақсы-жаман кеңес құрдым.
Сасығын өз денемнің өзім иіскең,
Жатарсың соған шыдан қайран мұрным!

Су емес мейрім қанар дүние сағым,
Жігіттік қайран қызық өтті шағым.

Астына қара жердің кіргенін соң,
Қаларсың бөлектеліп тіл мен жағым.

Дәрмен жоқ қозғаларға қол мен аяқ,
Жақпаса сол қылмысың, жерсін таяқ.
Дауасын осы дерттің таппаған соң,
Жасымнан жапан кезіп, жүрдім саяқ.

Ұл мен қыз ара түспес әке-шешем,
[Лабұдды] өлім шарбат бір күн ішсем.
Қызыл тіл ыңғайымда түрғанында,
Алайын араздасып сегіз мүшем.[127]

Әмен қазасына

Баласы Мұхаммед Әменді Ташкенде әйелдер тенденгін қорғаған
үшін ішкі дүшпандар пышақтап олтірген, школ директоры бол
түрғанда, соны естірткенде атасы Мәшіүрдің айтқан жоқтауы:

Кан түсін алпыс үште аяғыма,
Оқ тиіп түзде жүрген санағыма.
Көп сөйлем ақыл-естің жоқтығынан,
Кетіппін тағы түсіп баяғыма.

Келмеген қайдан білсін бастарына,
Ұшырмак әркім өзі тастарына.
Шагайын мен мұңымды біраз жүртка,
Арғынның алаш білген жастарына.

Боз інғен, боз айғырдай түкен күнге,
Келе алмай бір кеткеннен қайтып үйге.
Атадан алтау болып тусадағы,
Бар деген бір жалғыздық ұшырап күнге.

Толық боп көзге түсіп туған төлім,
Алынған жұрт колына ақкан сөлім.
Ай – турашыл, тұзушилдік сыйбағасы,
Кесімді әуел ағыр нахақ өлім.

Жасыңнан бұрылмаған бетін ыққа,
Ұл едің қарсы туған атқан оққа.
Құдайға ризамын қат-қат шүкір,
Толық боп жарап кеткен құрмалдыққа.

Құданың бір зор ісі маған берген,
Толық қып бергендігін алаш көрген.
Жаманға ат айтқанмен жоқ сыйбаға,
Мал арам – пышактамай бітеу өлғен.

Туған соң жер қазылыш қойылуға,
Жем болған жаман, жәутік, тойындыға.
Құдайға шүкір мұндаи қылған семіз,
Жараған қашан арық сойылуға.

Таңбасы ғарсатта қып-қызыл қан,
Шайт боп өлгенін деп бұған нан.
Демейді жаман өлім тіпті мұны,
Шайыпты Қарбаланы естіген жан.

Түкен жоқ олжа болып шабындыдан,
Жарамсақ шықпайды өнер жағымдыдан.
Ұлт үшін жаннан кешіп өлді-ая шейіт,
Өлмей ме жаманда үйде қағындыдан.

Өзімді жыным бар ма өзім жойып,
Отырмын Хақ ісіне мен ден қойып.
Жемісім ақиреттің толық болып,
Есірдім ішпей мас боп, жемей тойып.

Құдайым бала берген махаббатты,
Татыдым жеміс қылып бек ләzzэтті.
Сүйгенін шұнағым деп у ішкізді,
Аузыма сұп-сүйкімді балдан тәтті.

Тәнір ісі оңай емес, қиын,
Той болды естігені ұлы жиын.
Көтеріп жерден басым әрең алдым,
Иемнің меһрбанды берген санын.

Ешкімнен кем болған жоқ көріністе,
Жаманға өні түгіл жоқ қой түсте.
Күнәсіз жас сәбидің орнын беріп,
Түсірді жұрт қөзіне отыз үште.[128]

Әмен өлеңі

Бұл мәтіннің «Жалын» журналының 1989 ж. 1-санынан алынғаны жазылған.

Асы бар тоймайтұғын татсадағы,
Түбі бар жұрт астында жатсадағы.
Басқа зиян, басқаға пайда қылса,
Ақылға қандай топта батсадағын.

Жан қинап, су шығарған ғалым қайда,
Мұз болып қыс күнінде катсадағы.
Жақсы адам сырын жанға сездірмейді,
Жанына қанша залал батсадағы.

Араға жақсы жолдас өзін салар,
Мылтықпен біреу көзделеп атсадағы.
Тіл қатпа ата-анаға болып керең,
Құл болып малайлыққа сатсадағы.

Намаздыға тіл алмаған тіл қатпаңыз,
Қанша тіл саған кайрап қатсадағы.
Бақ қонбай ер жігіттің ісі оналмас,
Тау-тасқа ұрып басын жатсадағы.

Нәрсеге, сірә, айналмаған опасы жок,
Жолында алтын болып жатсадағы.
Тұбіне талай жандар жете алмаған,
Дарияға қанша сүнгіп батсадағы.

Жақсы қызы бозбалалаға пар болғандай,
Жігітті душар келсе жар болғандай.
Тені емес бір босаққа берсе егер,
Көңілің көтере алмай зор болғандай.

Ғұмыры қызы қылықты зағы болып,
Мысалы кең дүниесі тар болғандай.
Жатпайтын төсегіне кіріп жамандар,
Ол күнде әлде қандай паң болғандай.

Сатылып кейбір қыздар кете барап,
Бағасы ғазиз оның мал болғандай.
Кожасы мал бердім деп жаман шіркін,
Жасы бар байқап тұрсаң таң болғандай.

Бейшара өз-өзінен жол таба алмай,
Ғазиз бас әуре болып аң болғандай.
Көрініп ғарып хәлі тұр емес пе,
Бырысқан халық ішінде жан болғандай.

Бұзылды пәленшешінің қызы десе,
Өзінше көрінеді ар болғандай.
Көлденең ағайындар ұнатпайды,
Халыққа соның үшін таң болғандай.

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам.
Қалдырып құрбыларға өрнек үшін,
Кетейін бір сөз сөйлеп келсе шамам.

Қойша иіріп, бір ұзыпқа қамағанда,
Ақкан жас екі көзден тарам-тарам.
Ұлықтан құрық түсті басымызға,
Жан сақтап паналауға қайда қалам.

Солдаттар иіріп айдал қамағанда,
Бозандап жүре алмайсың басып қадам.
Еш ілім қолымыздан келмеген соң,
Картага Керекуге бастық қадам.

Он тоғыз отыз бірді [список] қып,
Жібермей қамағанда толған аран,
Тұсіріп баршамыз қызыл белет,
Ауылнайлар дін-дің етер жалан-жалаң.

Біреуі – бай, біреуі – нашар, біреуі – жалғыз,
Үштен бір аяғымен қалды ма адам?
Бір үйден тегіс кеткен үшеу де бар,
Патшадан лъгот бар деп болдық алаң.

Жарқырап ай мен күндей келер едін,
Құламай аман өтсең бағанадан.
Не болар артта қалған үйдің іші,
Тұрған соң бала айырылып ата-анадан.

Болыстар байды іріктеи алып қалып,
Кедейді бірыңғай қып саралаған.
Жарлыға бұз да тиген дәурен шығар,
Көшени ... жүрген, аралаған.

Корланып талай жалғыз, талай маңғаз,
Асаулар үзіп торды қала алмаған.
Құнымыз біздің аттан оңай болды,
Жақсы атты еріксіз ұлық ала алмаған.

Қайтеді ақшасы жок кедей байғұс,
Қабір қып ат пен тонын ала алмаған.
Жас бала жол көрмеген боздақтар көп,
Аяғын бұрын қадам сала алмаған.

Ажалдай еріксіз айдал ұшырып жел,
Шегін ешбір момын қала алмаған.
Мақал бар: «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір»,
Мұнымен сөз аяғын тамандаған.[129]

Шарапи Жұсіп ұлы өлеңі

Жабысты осы сырқат октябрьде,
Өңештен қыстай келді жаман түрде.
Ойланып: «Бұл қалай?!» – деп Баян бардым,
Мезгілі қыстың айы – декабрьде.

Еш нәрсеге көңілім жарымады,
Бойымнан үйде жатып арылмадым.
Кереку жүрейін деп ойласам да,
Кезінде көлік маған табылмады.

Сүр дөнен колхоздардан эрен босап,
Барады бір жағымнан ауру қыстап.
Майқайыңға жеткізіп тастау үшін,
Төлеужан қамдандың ба, арба жасап.

Ат жектік, дүйсенбі күн жүрейік деп,
Ойланып Керекуде ниет қылып.

Жас Сүйіндік далага шығып сонда,
– Әкемді көріп қалам, – деді тұрып.

Есімнен кетер емес сол бір сөзің,
Жәудіреп қала берді-ау екі көзің.
Фарып боп сәйткен әкең кете барды,
Нан өтпей тамағымнан жалғыз үзім.

Заруқа әкесіне жақынады,
Дос-жаран, тілектестер тұрды қарап.
Арманым, мен жазылып үйге келсем,
Тәңір қалап ағайынды аман көрсем.

Бұл жүріс мұсәпірлік болды ғой деп,
Тілеймін мен дауасын құдайдан көп.
Аманат Зарауқа мен Сүйіндікті,
Тапсырдым Төлеубайға: «Ренжітпе!» – деп.

Корегім бір касықтай сүт пenen шай,
Аз-маздал о да қалды қосатын май.
Тағы да Заруқа мен Сүйіндікті,
Тапсырдым ұлкені сен, ау Төлеубай!

Ренжітпе, тілін ал, шешенде күт,
Бұл сөзім есте болсын құлағын тұт!
Көре алмай Қонағымды кете бардым.
Үзбейін бір көруді онан үміт.

Білмеймін сырқатымда болмай тұр мән,
Секілді әкең өмірі екіталай,
Аман бол Зарауқа мен Сүйіндікжан!

Басулы қағаз, кітап бос қаларсың,
Ем іздел дертке дәрмен сандаларсың.
Сөмкеде үйде қалған жазуларға,
Қонақжан анда-санда көз саларсың,

Буынып бейнет пе, ажал біз түйіндік,
А жалға лажысыздан, міне, ұсындық.
Дос-жаран, іні менен туыскандар,
Бәріне тапсырғаным Жас Сүйіндік.

Шәкең 1936 жылы 12 марта қайтыс болған.[130]

Махамбет Өтемісұлы тоқтау айтқаны

Жігіттер, сез тында!
«Пұтпын!» – деп мактанба,
Пұттан да ауыр батпан бар!
«Білікпін!» – деп мақтанба,
Асқар таудан биік асқан бар!
«Күштімін!» – деп мақтанба,
Ақылға салып іске көш!
Зауалды жалған дүниеге,
Біле-білсең таспаңдар!

Откен-кеткен тастаңдар,
Мұсәпір көрсөң достық қыл!
Жолдан тайған жігітке,
Қателігін ұғынып,
Қайта оралып келгенде,
Кешірім жасап достық қып,
Жақсылыққа бастаңдар!
Түсі иғіден қашпаңдар,
Жаман да болса бауыр ғой!
Ағаттығын мойындал,
Басын иіп алдына,
Гафулық сұрап келгенде,
Табанға салып баспаңдар![131]

Тұрмабет ақынның өлеңі

Аға деген інісін – жаным десе болады,
Ерін күткен әйелді – ханым десе болады.
Ыңырыған ұл-қызды – сәнім десе болады,
Көктемдегі көл даусын – анам десе болады.

Ойлы тұған ерлерді – ғалым десе болады,
Ағаның ұрған таяғын – талым десе болады.
Жаман тұған жакынды – залым десе болады,
Осы айткан үгітті ел біткенге үйретіп,
малым десе болады.[132]

Қаракесек Байтақ қайыршының сөзі

Алшынбайдың ат жыны бар,
Шорманның бақ жыны бар.
Байтақтың қап жыны бар,
Әкімбектің сөз жыны бар.

Мениң қап жыным айдал мұнда келдім,
Әкімбектің тентек жыны жоқтап жатыр.
Астыма бір атын мінгізіп жатыр,
Мырза болсаң, Әкімбектей бол! –

депті Байтақ Қайыршы.[133]

Жамбассипар

Шетіне орамалдың түйдім сусар,
Көп жылқы, көк алалы көлге жусар.
Кешегі ел қорыған есер шақта,
Ән екен Біржан салған «Жамбассипар».

Дегенде біз кәртайдық, біз кәртайдық,
Белгісі кәртайғанның серттен тайдық.
Кәнекей, соныменен шыққан мүйіз,
Қасында сұлулардың көп жантайдық.[134]

Жаймақоныр әні

Жігіттің падишасы – Әмір Темір,
Бозбала әнге салсаң, қайғың кемір.
Кешегі бес болыстың ...,
Жайқалтып бір Ыбырай салған «Жаймақоныр».

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге салсаң өршеленер.
Бозбала жастық шақта ойна да құл,
Шамшырақ мың құн жанған бір құн сөнер.[135]

Ақан сері өлеңдері

(бірінші нұсқа)

Серінің қолқасы бар бір басында,
Құн сәүлең елес беріп тұр қасында.
Әмірің өкіпштей өте шыққан,
Қызықты көре алмасаң дер жасында.

Кім кепіл өмір гүлі санасына,
Саяда тұрсадағы шың басына.
Армансыз жас шағынды өткізіп қал,
Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Намаз бен мешіт жетім оқылмаса,
Дәріске білсін қайдан отырмаса.

Екінші – бұл дүниеде әйел жетім,
Кезінде теңін тауып косылмаса.

Ер жетім – ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса.
Ат жетім – ерен жүйрік шабылмаса,
Бойынан ашы тери ашылмаса.

Құс жетім – ерте түлек салынбаса,
Салатын саятшы табылмаса.
Сақара жайлау жетім, көлдер жетім,
Касына мұнарапал ел конбаса.

Таусылған кірерге үй жоқ – кәрі жетім,
Жараса тең құрбысы табылмаса.
Оныншы – бұл дүниеде ғалым жетім,
Құр босқа алтын сөзі алынбаса.

Тағы да он бірінші – қалам жетім,
Жазатын ерлер оның табылмаса.
Тағы да он екінші – қағаз жетім,
Айшықты алтын сөздер жазылмаса.

Бәрінен он екінші – адам жетім,
Қорқақтап жан-жағына алаңдаса.[136]

Ақан сері

(екінші нұсқа)

Серінің қолқасы бар бір басында,
Құн сәүлең елес беріп тұр қасында.
Өмірің өткіншідей өте шығар,
Қызықты көре алмасаң дер жасында.

Кім кепіл өмір гұлі сынбасына,
Саяда тұрсадағы шың басында.
Армансыз жас шағында өткізіп қал,
Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Намаз бен мешіт жетім оқылмаса,
Дәріске білсін қайдан отырмаса.
Екінші – бұл дүниеде әйел жетім,
Кезінде теңін тауып қосылмаса.

Ер жетім – ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында такымдаса.
Ат жетім – ерен жүйрік шабылмаса,
Бойынан аңы тері алынбаса.

Құс жетім – ерте түлек салынбаса,
Салатын саятшысы табылмаса.
Сакара жайлау жетім, көлдер жетім,
Қасына мұнарланып ел қонбаса.

Таусылған кірерге үй жоқ – кәрі жетім,
Жарасар тең күрбесі табылмаса.
Үшінші – бұл дүниеде ғалым жетім,
Құр боска алтын сөзі алынбаса.

Тағы да он бірінші – қалам жетім,
Жазатын ерлер оның табылмаса.
Тағы да он екінші – қағаз жетім,
Апшықты алтын сөздер жазылмаса.

Бәрінен он үшінші – адам жетім,
Қорқақтаң жан-жағына алаңдаса.[137]

Мәди Бапиев

Сұрасаң руымды – Қаракесек!
Досымнан дүшпаным көп қылған өсек.
Дүшпанның қуғындаған жаласынан,
Жатқаным қу қара жер болып төсек.

... қара кекпен жылыстадым,
Бардым да Қараөткелге жыл қыстадым.
Науқасым жанға батып жатқан кезде,
Болмады жан ашитын туысканым.[138]

Мәди өлеңі

Биігін Үшқараның мұнар шалған,
Япырмау, зып етіп өте шықты мына жалған.
Далада жылқы бағып жатыр едім,
Үш салдатын алып келді абақтыға.

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жаман-жақсы толады екен.
Ішіне абақтының кіріп барсан,
Көңілін су сепкендей болады екен.

Сүйендім абақтының шарбағына,
Сыйындым атам – Қазыбек аруағына.
Атағы Алатаудай бабаларым,
Бұл күнде білер мекен біздің хәлді? [139]

Сегіз серінің «Тұған жер» өлеңі

Күлтөбе, Маманайым – туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жар басында.
Көбелек, көйлек шешіп, қуған жерім.

Жаралыш дүниеге келген жерім,
Жалғаның қызығына енген жерім.
Босанып, алтын ұя, тар құрсақта,
Аймалап ана сүтін емген жерім.

Рақатты шарбат суын татқан жерім,
Қызыққа алуан түрлі батқан жерім.
Жамылып жасыл желең жаздың күні,
Көк шөпке бауырын төсеп жатқан жерім.

Садақты жастайымнан тартқан жерім,
Бөрісін дәлден тұрып атқан жерім.
Ұшырап патша үкім қуғынына,
Тұлпармен күн-түн қашып жортқан жерім.

Аузынан көркем қырдың үпкен жерім,
Қымызға, қазы-қарта бүккен жерім.
Жырымды өзіңе арнап төккен жерім,
Сағындым көрмеген соң көптен жерім.

Ақсүйек, асық ойнал, асыр салып,
Әткеншек, алтыбақан тепкен жерім.
Ордада асқақтата әнге шырқап,
Кобызбен нелер күйді шерткен жерім.

Бой түзеп, бойға киім киген жерім,
Білім ап, іс өзіме тиген жерім.
Өсіріп, тәрбиелеп жақсы баулып,
Бал-балғын Нәсі қарындағас сүйген жерім.

Тарқатып жастық күннің шер құмарын,
Бұралып сұлу қызбен күлгендік жерім.
Ас пен айт, той бойында құр өткізбей,
Сайрандаң сауық құрып жүрген жерім.

Құлтөбе – сағындым ғой салқын желім,
Маманай – жанға жайлы шалқар көлім.
Көзімнен бір кездерде бал-бұл ұштың,
Орта жүз Ишамайлы Керей елім.

Әркімнің туган жері – Мысыр шаһар,
Мекке мен Мәдинаң болған жерім.
Секілді мен кәрі қызы төркіндеген,
Мен келем көрем деген сертімменен.

Аударып Еділ-Жайық дәм мен тұзын,
Төрт жылдай туған елге келтірмеген.
Ел шеті көк Есілден көрінсе егер,
Жас келер екі көзге мөлтілдеген.

Көп елге көзбен көрген жалған емес,
Жүйріктің бірі едім ғой серпіндеген.
Айырылып қапияда Мақпал қыздан,
Күйім көп жас жүректе шертілмеген.[140]

Сегіз сері термесі

Арыстанның үйінде Сегіз сері Бакрам ұлының термесі қонақ болып отырғанда, мәжіліс үстінде көпшіліктің өтінуі бойынша шығарған «Не пайда» атты термесі.

Жақсылардан не пайда?
Жұртын ақтан бақпаса.
Ай нұрынан не пайда?
Қара бұлт қаптаса.

Бал шекерден не пайда?
Жүрекке жайлы жақпаса.

Ұлгілі сөзден не пайда?
Ұқтырып миды таппаса.

Маңдайға біткен бақыт сол –
Бетінен ешкім қақпаса,
Жау атқан оқ дарымаса,
Алла жар бол оқ дарымаса.

Жұрт кісісі сол болар,
Ел үмітін ақтаса.
Сыйлы жігіт сол болар,
Ар-ұяттысын сақтаса.

Нағыз жаман сол болар,
Ата-анасын бақпаса.
Қорған болмай қалқып,
Жауға қарсы шаппаса.

Шын жақсының белгісі –
Туыс үшін қамығу.
Қас бауырдың белгісі –
Ағайынға жағыну.

Адам достың белгісі –
Сыртыңа сырды шашпаса.
Серпінді жігіт белгісі –
Жаудан қорқып қашпаса.

Көсем батыр сол болар,
Ігі ісіне халқын бастаса.
Сабырлықтың жоғы сол болар,
Шарадан асып таспаса.

Әйгілі мерген белгісі –
Екі неден атпаса.
Айбынды ердің белгісі –
Сыртынан дүшпан батпаса.

Әзәзіл, шайтан сол болар,
Елдін басын қоспаса.
Сабырсыздық сол болар,
Істің артын тоспаса.

Данышпан адам белгісі –
Айылдағы жайды болжаса.
Даугер пенде белгісі –
Уақытында істі кумаса.

Асыл кісі белгісі –
Ел-жұрттын әр кез қолдаса.
Қырсық жанның белгісі –
Ісі сәтті болмаса.

Қас батыр деген сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Талапты жігіт сол болар,
Міндетін жұртқа артпаса.

Ғәділ қазы белгісі –
Параға басын сатпаса.
Ары таза белгісі –
Харамның дәмін татпаса.

Ер азбайды деген бар,
Сылап бойын сактаса.
Тұлпар ат озар бәйгеден,
Жақсы атпен балтаса.

Аузы берік сол болар,
Естіген сөзін жаймаса.
Ардагер жан сол болар,
Күр сөзбен жуып шаймаса.

Қолбасшы ердің белгісі –
Жауды жеңіп көп куса,

Жетекші болып сарбазга,
Тәуекелге бел буса.

Опасыз кісі сол болар,
Жазықсыз шагым жолдаса.
Мейірімсіз бай сол болар,
Үйіне мейман қонбаса.

Табандылық белгісі –
Айтқан серттен таймас.
Кеменгерлік белгісі –
Қасиетін жоймас.

Доңыз шонжар сол болар,
Харамнан байып жондаса.
Кеңшілік жігіт сол болар,
Жаулық істі қолданса.

Адал адам белгісі –
Көнілінде кір болмас.
Қатыгездің белгісі –
Адамды адам қорласа.

Ұятсыздық сол болар,
Бекер босқа долданса.
Женіл ақыл сол болар,
Жоқ нәрсеге шамданса.

Шыншылдықтың белгісі –
Айтқан сөзді бұрмаса.
Табансыздық белгісі –
Уәдеде тұрмаса.

Кешірімділік белгісі –
Өткен істі кумаса.

Жанашырлық белгісі –
Жақсы іскерді балыса.

Ақылды адам белгісі –
Орынсыз күнә таңбаса.
Жайлыш кісі белгісі –
Араздық отын жақпаса.

Ғұламалар сол болар,
Қиялға терен бойласа.
Тәуір жігіт сол болар,
Алды-артын байқап ойласа.

Жалтақтықтың белгісі –
Іске белін бұмаса.
Ашушандық белгісі –
Аяқ астынан туласа.

Турашылдық пенде сол болар,
Босқа жала жаппаса.
Қоғамшы кісі сол болар,
Жұрт арасын ашпаса.[141]

Серіз серінің Ғани сұлуға шығарғаны

Естелік арнағандай қабағына,
Пейіштің лебізі ұқсар шарабына.
Секілді аспанда ұшқан сіз – бір акку,
Тогайдың келіп қонған тарауына.

Шолпың да, алқан да – алтын сырға,
Ораған шамқай жібек тамағыңа.
Базарда нарқы қымбат гаяхар тасың,
Мың тенге берсең алмайтын қадағына.

Сағағың ұксасы бәйге үт сағағына,
Жігіттің лайықсың ғажабына.
Болғанда сіз – ақмарал, біз – сүр мерген,
Атуға жебе салған садағына.

Құрбыға у да берсең айнымас бұл,
Салмағай ғашықтықтың азабына.
Теңінді дер кезінде тауып алмай,
Тұрмыстың кез боп жүрме мазағына.

...қырлы сегіз қырлы ер болмаса,
Тен келмес сізге шақар казағы да.
Жарыңды осы бастан таңда да ти,
Калмас боп замандастың мазағына.

Көз жетпес болса да ойла амалыңды,
Ғани қызы гашық болдым жамалыңа.
Есімнен ғазел сізді шығара алмай,
Жұрсем де жаудың шауып қамалына.

Көркем қыз сөз айтуга талап еттім,
Бар болса елде сұлу жанап өттім.
Құрбыға өзің сендей жаным ашып,
Сөзімді осылай тамам еттім.

Бакрамұлы Шақшақып 1835 жылы, қой жылы жазда шыгарған
өлеңі құғынға ұшырап жүргенде:

Аспанда еш жұлдыз жоқ күннен жарық,
Айрылған ел-жұртынан батыр ғаріп.
Қасыма елден жалғыз князь еріп,
Жігіт ем жау қоршауын шыққан жарып.

Баспадым жар қабакты құлай ма деп,
Байқадым көлдің суын лайлай ма деп.
Бұзықпын, достасуға келгенім жоқ,
Тар жерде қолда жоқты сұрай ма деп.

Мөп-мөлдір ағып жатқан суда ми жок,
Айтуға арыз-арман малда тіл жоқ.
Ұлықтан күғын көріп мекен теппей,
Киналған қашқын болып ерге құн жоқ.

Аттаған дәм мен түзды адам оңбас,
Жігітпен екіжүзді болма жолдас.
Қызығы жалған дүние сауышылықта,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл конбас.

Лайық ән-күй өлең өнерпазға,
Өлең түгіл сөз қыын өнер азға.
Мақтаншак, өркөкірек: «Шешенмін!» – дер,
Калғанын білмей батып ми сазға.

Жүрсөң де ұзақ жылда арып-талып,
Болжасын айтқан сөзің нәрсіз арық.
Ешкімғе жолдас емес дүние-мал,
Айрылып денсаулықтан болма ғаріп.

Жігітке дәulet қонар ерінбеген,
Ер емес топқа түсіп көрінбеген.
Жаманға адам ғой деп кол ұстасан,
Асаудай арындайды жегілмеген.

Ұл туса жақсылардан көсемге ұқсар,
Жұртты жеген жауыздар бір күн құсар.
Тірлікте жаман жарға душар болсан,
Шуарылып аяғынды күнде тұсар.

Ұлықтың ұстасаң да зорыменен,
Жігітке жолдас болмас құрыменен.
Дүлейге жағдай айтсаң қоқыр адыр,
Құрқырат бақ болып қолда жоғыменен.

Ат әсем көрінеді тұрманменен,
Дүние жеткізбейді қуғанменен.
Жазықсыз көnlінді қалдырған соң,
Пайда жоқ, сөзбен шайып жуғанменен.

Тұнде жарық жұлдызы жоқ айдан жарық,
Қара су сусағанда шайдан жақсы.
Ессіздер ер жүргегін жаралайды,
Көтерер көnlінді қайдан жақсы.

Дүниеде оңалмайсың қайғы жесен,
Жұрмек жоқ өлгенше еріп әке-шешен.
Жоқ дәурен дер кезінде орнамаса,
Салады аяғына тұрмыс кісен.

Надандар ойын созді кек көреді,
Әзәзіл ел арасын көп біледі.
Жаманға жаңың ашып ақыл айтсан,
Сөзінді ұғына алмай, жек көреді.

Ақшага көп жыл серік қу қарағай,
Қадірін білмесе де қу қарағай.
Дүние – қолға ұстапас сағымдай бол,
Артына кете барап еш қарамай.

Жомарт ер барғанында қош алады,
Жамандар қалжың үшін өш алады.
Дос көріп кішілерге үміт артсаң,
Жаныңды қеудендегі қоса алады.

Қызығы пәни жалған екен мол-ак,
Әйтсе де ғұмыр деген екен шолақ.
Жарандар өле-өлгенше сыйласып өт,
Тірлікте адамға адам екен қонақ.[142]

Мақпал сұлуға

Ат қайда Бозшұбардай шаппай желген,
Мақпалдай сұлу қайда кадір білген?
Бойынан Ақбұлақтың келген шақта,
Шақыртпай еш пендеге өзі келген.

Сегіз серінің Мақпал қызды алмақшы боп, Ақбұлақ өзені бойынан аттанып, жолда кетіп бара жатып шығарған «Қалқаш» әні (1838 жыл).

Мақпал-ау, сіз қалайсыз мен дегенде,
Құриды ынтаzarым сен дегенде!
Аршын тұс, ақку мойын, беу гауһар тас,
Балқытар сілекейің шөлдегенде.

Құмарттым бір көруге асыл еркем,
Жүзің бар он төртінші айдан көркем.
Шошынып оянып ем бір тұс көріп,
Көнліме өзім жайлы алыш секем.

Макпалжан ризамын сертке жетсең,
Құтылып жау колынан аман кетсем.
Достасқан үш жыл бойы, ей, гауһар тас,
Өзің біл, жау тілекке еріп кетсең!

Зор деренге душар етіп салғаның ба,
Шыныңмен жау қолында қалғаның ба?!

Екеуміз айрылмастай болып едік,
Кез жетті бұл дүниенің жалғанына.

Сарғайдым жолыңызға карай-карай,
Қабарсыз кеттің Мақпал неге бұлай?

Бір елдің ардақтаған еркесі едің,
Кез келдің бір жауызға әлдекалай?

Гауһартас сізден басқа сүйерім жок,
Күйдіріп жүргегіме түсірдің шок.
Кетті деп Мақпал жауда естігенде,
Жүрекке қадалғандай болды бір ок.[143]

Нияз сері өлеңі

1856 жылы, ұлу жылы көктемде Орта жүз Ишамайлы Керейдің Таршы руының Мадияр тайпасынан шыққан әнші, ақын композитор Нияз сері Бекдәulet ұлының (1818-1893) өзі туралы шығарған «Нияз әнінің» сөзі:

Атаным Нияз сері бала жастан,
Әнші жоқ Қызылжарда менен асқан.
Жорға мініп, жүйрікті жетеледім,
Көнілім қайтпаған соң қигаш қастан.

Атаным жастайымнан Нияз тентек,
Аяқты әсем басып журдім еңкек.
Кешегі Сегіз сері дәуренінде,
Қатты әнге тамылжытып салдым ептеп.

Алашқа мағлұм болған Нияз атым,
Керейден Өшемайлы арғы затым.
Кешегі Сегіз сері заманында,
Үш жүздің сал-сері еттім азаматын.

Арасын ағайынның журдім сөйтіп,
Жерімді естіген жүр ғой жүптен.
Кешегі Сегіз сері дәуренінде,
Өзіме көрмеп еді дүшпан беттен.

Ал, жігіттер, айтайын Нияз жайын,
Қазактың ұрламаған жалғыз тайын.

Көпестің ту биесін ұстап сойып,
Шыңғыска бердім асып жалын майын.

Мадияр – затым Керей, атым – Нияз,
Жігіттер бола бермес мендей пияз.
Көпестің керуендерін тонады деп,
Мен үшін губернатор құрмак сияз.

Ақбоз ат аяғынды баспайсың ба,
Әлде сен ұлғайдым деп ақсайсың ба?
Жорыкқа көп жыл мінген жануарым,
Заманын Сегіз сері аңсайсың ба?

Бекдәулет – әкем аты, Нияз – атым,
Жайылды өлең менен жазған хатым.
Кешегі ер Сегіз ерген шақта,
Қол бастап, сардар болып шыққан даңқым.

Сегізбен бірге өстім бала жастан,
Арқаштан үміт еттік қиғаш қастан.
Сегізбен патшайымды жырға қосып,
Шығардым бес жұз ауыз ұзак дастан.[144]

Майра Уәлиқызы

Қыз едім мен Уәлидің Майра атым,
Тартады бозбаланы мағинатым.
Құрбылар жастық шақта ойна да күл,
Қартаяр көніл қашар уақыт жақын.
Майра, Майра,
Қызыл тілім сайра, кара-рәкім райра Майра!

Дегенде атым Майра, атым Майра,
Отыз тіс көмекеймен тілім сайра.

Колға алып гармоныммен ән шырқасам,
Ілесер сонда маған жігіт қайда?
Майра, Майра, кызыл тілім сайра,
Қара-рәкім райра Майра![145]

Жаңқел ақын

Ей, кәрілік, қалдырың ғой мені ұятқа!
Залалды келтіріп сол шақауатқа.
Таудан-тастан қайтпаған қайран күнім,
Жетектесе түспейді кең суатқа.

Әйелді жақсы жүзбен аймаласаң,
Жақсы әйел бой тартпайды көңіл артсаң.
Екі адам коніл бірден шыға қалса,
Болмай ма адам көңілі бірден жайсаң.

Кәрімін деп қапы қалма сен қапыда,
Дүниеде не көресің жас-кәрі де.
Кетерсің әлі-ақ бір күн бұл жалғаннан,
Қазулы тұрған жоқ па қара жерде?![146]

Ақбура Қобылан Бөрілбай ұлы

Әудем жер жүре алмаймын, белім ұйып,
Өздігінен кісі өлмес жанын қиып.
Ебі келсе бір тыын пайда қылып,
Жас кісідей жүреміз дүние жиып.

Енді біз не боламыз тірі болып,
Тірі жүрген ғәріптің бірі болып.
Екі бетім табақтай қайран күнім,
Қос иекке жабысты сырьы болып.

Енді біз не боламыз жүргенменен,
Қызығы жоқ өмірді сүргенменен.
«Аузың ашып, аяғың баспа!» – дейді.
Қотаншы иттей кораға үргенменен.[147]

Салқара Жанкісіұлының «Тоқсан бес» өлеңі

Орта жұз Ишамайлы (Өшәмайлы) Керей ішінде Көшебе, оның ішінде Таузар руынан шыққан әрі батыр, әрі суырып салма әнші, ақын Салқара Жанкісі баласының 1854 жылы барыс, жазда тоқсан бес жасында шығарған «Тоқсан бес» атты термесі:

Халқымның біле алмаймын есен-сауын,
Тоқсан салды аякка шынжыр бауын.
Баяғы сау сер ерткен заманым жок,
Арқаның аралайтын орман, тауын.

Сыйлаушы еді Үмбі менен Қызыл жерім,
Өнерге баулушы едім жігіттерін.
Кешегі найза ұстаған заманымда,
Төкпеген жауынгерім беттің арын.

Сақалым белден түсер, мұртым қияқ,
Бұрылды біздің көрік сымбат сияқ.
Орда мәйе болар дәнекер жоқ,
Алданыш болмаған соң жалғыз түяқ.

Тұңғышы Жанкісінің – мен Салқара,
Қатардан жасым озып шықтым дара.
Тұрмыста күнделікті касірет шектім,
Артымда қалмаған соң бір ер бала.

Жасымнан бағалаушы ем сөздің нәрін,
Бұл күнде сәби болған мен бір кәрің.

Қалдым ғой тоқсан бесте нардай шөгіп,
Жоғалтып ақыл-ой мен кайрат бәрін.

Түйдің ғой бес жас қалжыратып,
Өлеңді қайтып айтам алжып жатып.
Кешегі қайран жастық қайта оралса,
Қыз қалқа ойнар едім қалжындастып.

Мен дәл тоқсанның бесеуіне,
Кездесін кәріліктің кеселіне.
Жұмсайтын ұл мен қызым болмаған сон,
Әйелдің жағаластым көсеуіне.

Алдырдым ... таудан арша,
Жиырма құлак қойды қалқам барша.
Ақырған аюдайын Салқара едім,
Отырып от басында балаларша.

Келгенде тоқсан бесте торғайдаймын,
Ел көшкенде жылқыны зорға айдаймын.
Қолқанат ұл мен келін болмаған сон,
Отырып от басында ойбайлаймын.

Жаратып мінген атым – Сұркиігім,
Көремін Сұрға мінсем жер биігін.
Келгенше тоқсан беске перзент көрмей,
Құдай-ау, тартқызың ғой ұл күйігін!

Ағарды алтын тарақ сакалдарым,
Ұрпаққа мирас болсын мақалдарым.
Қайтейін тоқсан бес жас қорлығынды,
Жортады күн батқанда тоқалдарым.

Ақыны Таузар-Керей Салқара едім,
Өзімнің қатарымда тек дара едім.
Кешегі қайран жастық қайта оралса,
Жортатын тоқалдарды жинар едім.

Кәрілік, келемін деп айтқан жоқсын,
Жастық шақ енді оралмаған жоқсын.
Мен өлсем аруағыңды шақыратын,
Бір перзент Салқарадан қалған жоқсын.

Тоқсан бес қалдырың ғой мені ұятка,
Ұзақ жас тоқсан бердің шакуатқа.
Кайтпайтын тау мен тастан аргымағым,
Түспейді жетелесем кең суатқа.

Баласы Жанкісінің Салқара едім,
Алмаған пенде тілін кекжал едім.
Кешегі жиырма бес жас қайтып келсе,
Дүниенің төрт бүршынын шарлар едім.

Пендеге ақ өлімнің бөлегі жоқ,
Жастықтың іздемеймін дерегі жоқ.
Қылғаны тоқсан бестін мынау болса,
Өлгеннен басқа не бар керегі жоқ.[148]

Жаяу Мұсаның «Жетісу» өлеңі

Жаяу Мұсаның 1860 жылы, мешін жазда су бойындағы бір ауылшының төренің қарындасты Майнұр сұлуды алып қашып, Жетісу өніріне барып жүргенде шығарған «Жетісу» атты әннің сөзі:

Жетісу – тауың биік, баурын биік,
Агасың секілденген шынарға азық.
Майнұрды алып қашып жүргенімде,
Мен сенің жемісінді еттім азық.

Жетісу, көрем, міне, тегісінді,
Майда тас тоздырмаяған кебесінді.
Майнұрды алып қашып жүргенімде,
Мен сенің жедім тоя жемісінді.

Қайырмасы:
Ат түсем тақырға,
Жем сап койдым ақырга.
Асқан сұлу сен болсан,
Майнұр маған жакында.

Жастықта ұрынбай ма жігіт дауға,
Бұл даудан аман қалса жаным сауға.
Қара тал, көк су деген құтты өзенсін,
Мен келдім тоғайыңды паналауға.[149]

Aх, дариға

Қолымда бір қамшы бар бүлдіргелі,
Айтамын мен бір сөзді күлдіргелі.
Ортаңнан әрі отырған, ахау, бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі.
Ах, дариға-ай, ілдіргелі-ай!
Қолымда бір қамшым бар бунақтаған,
Бәйгеден екі ат келер ойнақтаған.
Жүрмісің есен-аман беу қарағым,
Көзіңнен айналайын жаутақтаған.
Ах, дариға-ай, ойнақтаған-ай! [150]

Иса Байзақовтың желдірмесі

Ал, қалқа, келді кезің жайнайтұғын.
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтұғын,
Өнердің қиясына шықкан сайын.
Болаттай тастан, таудан таймайтұғын!

Жөнелдім желдей есіп,
Қырандай аспандағы самғайтұғын!
Тізейін өлеңімді меруерттей,
Есінең жұртшылықтың қалмайтұғын.

Дабылым дауылпаздай шарықтаған,
Екпінім самолеттей заулайтұғын.
Өнерлі жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді «Желдірме» атты самғайтұғын.[151]

Сұлтанмахмұттың «Құрбыма» өлеңі

Қазақ халқының XX ғасырлар басында өмір сүрген әйгілі ақын Сұлтанмахмұт Әубекір ұлы Торайғыровтың (1893-1920) 1913 жылы шығарған көп найқат өлеңдерінің бірі «Құрбыма» атты өлеңі:

Керейде Қожаберген Сегіз өткен,
Қазақтың шежіресін жыр ғып шерткен.
Үш жүзге өлеңменен үндеу тастап,
Олар да бірлік үшін еңбек еткен.

Өлеңі ер ақындықта жұрттан асып,
Жүріпті өлең бірден жеміс шашып.
Халқына ұлағатты іс көрсетіп,
Өтіпті әділ жолмен қадам басып.

Тарықса екеуінің болған анық,
Арқасына құш пен өнер қонғаны анық.
Артына өшпейтіп қып ат қалдырған,
Ұрпакқа мақтанышылық жалын салып.

Жырлары екеуінің болған артық,
Кететін естігенде дene балқып.
Қаншалық ілім-білім жисақтағы,
Солардан кеткен жоқпыз біз де артып.

Надандық тұз артпақ боп түрган тасын,
Жігіттік танытатын парасатын.
Оңды сөз көпке пайда келтірер деп,
Ерекше өлеңге ауған ілтиратын.

Ғылымның көрмек үшін рақатын,
Үндеу сөз жүртка жайған насихатын.
Шығардым жас та болсам үлгілі жыр,
Тиер деп қараңғы елге шарапатым.

Ойланар мильтас болса бастарында,
Шығуға өнер-білім асқарына.
Таратып үндеу етіп біраз өлең,
Гасырдың жиырмасыншы жастарына.

Сүйіндіктей Сұлтанмахмұт менің атым,
Арғында Бес Мейрамынан асыл затым.
... мен жеткіншекке тілек қойсам,
Татсын деп ғылым-өнер – бал шараптан.[152]

Шорманов Зында өлеңі

Шорманов Зынданың 1928 жыл жер ауғанда шығарған өлеңі
Ақкелін-Сарқамысына.

Ал, енді, хош-аман бол, Ақкелінім,
Біреуге – сор, біреуге – бақ Келінім!
Жек көргенің біз болсақ, міне, кеттік,
Бізден жақсы кісінді тап Келінім!

Ақкелін саған қалдым қанша жазық,
Қоясын күнде алдынан құдық қазып.
Құдай бергеніңе мың шүкірлік,
Сарт, ногай, орыс, казак болдым аз-ақ.

Сарқамыс, хош-аман бол, туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім!
Доп ойнап, асық атып, қақпай қағып,
Ойымнан кетер емес, қайран жерім!

Тағы да хош-аман бол, Сарқамысым,
Түье жұрсе көрінбес, нарқамысым!
Көзіме сәүледтеніп көрінесін,
Ұжымақтың ағашындағы әр қамысын.[153]

Иса Байзақов өлеңі

Бір келін түсіп, сонда бір жеңгесі көрімдік сұрапты, сонда Иса
былай деп жауап берген екен:

Екі жас қол ұстасып үй болу ғой,
Ой болған соң бұларда күй болу ғой.
Жақсылармен танысып ту ұстасып,
Біздерге ұмтылmas сый болу ғой.

Сонда жеңгесі айтыпты:

– Қыз кәдесіз болмайды, ұстелдің ұстіне кәденізді тастаңыз сал-
дырыламай! – дейті.

Иса:

Орамал мал, тон болмайды, жол болады,
Өлеңім айта берсе мол болады.
Кеуденде орын болса, құйып алшы,
Кәденің ең үлкені – сол болады, –

деп айтқанда, жеңгесі:

– Ой, зар жақ қайнам-ай! – деп күліп кетіп қалыпты.[154]

Қалмағамбет ұлы Тайжан өлеңі

Өзі ақын және әнші жас жігіт шала қазақ Фазиз Байзолла ұлын
(1889-1930 жылы) 1907 жылы қой жылы күзде Атбасар базарында

өлең айтып тұрғанында Бағаналы-Найман Тайжан Қалмағамбет ұлы (1870-1937 жыл) ақынның жұрт алдында маскарапап, өлеңмен сыйнап айтқаны:

Баласы ем Қалмағамбет, атым – Тайжан,
Жігітке жараспайды ...
Нәсілім Наймандағы Бағаналы,
Ішінде сарғалдақтың жаурайғаны.

Білмейтін ат бұныңды біздін Найман,
Жас жігіт, ән ұрлаған келдің қайдан?!
Нияздың әсем әнін өзім әнім деп,
Бар ма екен өтіріктен тапқан пайдаң?!

Жас жігіт келіп қапсың Атбасарға,
Жайың жоқ ақындармен таласарға.
Нияздың өлеңі мен әнін ұрлап,
Келдің бе бәйге алмақ боп бұл базарға?!

Фазиз деп әннен атың естіледі,
Сендейлер өлең ұрлап есіреді.
Өзіңе бойыңа сай келмейтін іс,
Жолына бозбаланың кесіреді.

Ей, Фазиз, өлең ұрлап бөлма ақын,
Сөзімді менің айтқан көрсөң мақұл!
Мұрасын аруакты ердің ұрлаймын деп,
Шайтан мен әзәзілге болдың жақын.

Әнінді тыңдамауга белді буып,
Конілі базаршалар қалды суып.
Сендағы сөз ұрлауға салынбасын,
Залымның Жүсіпбек қожа жолын қуып.

Ей, Фазиз, ақын болсаң айттықша шық,
Айтпасаң көрінбей сен көрге бүк!

Сегіз бенен Нияздан өлең үрлап,
Әнші ақын бола алмайсың сөзімді ұк.

Сегіз сері, Нияздың атағы бар,
Олардан сөз үрласаң аруақ үрар!
Ақындық өз басында жоқ екенін,
Әнінді естіген жан бірден үғар.

Ақындық саған қонбай далаға ұшқан,
Аллаға өлең үрлап болдың дүшпан.
Сөз үрлаган Құдайдың күнәһары,
Жөн болар Фазиз шырақ артты қыскан!

Қан базар көптің басын қосқан жері,
Бұл жерде көрдім әнші Фазиз сені.
Шыдамай жалған сөзге айттым өлең,
Сендейдің көрінген соң бойдан міні.

Ұзартып сөз аяғын айтпас саған,
Менімен айтысуға келмес шамаң.
Арқадағы Найманның жүйрігінен,
Аралап әрбір жерге соз қалдырган.

Мұны естіген Фазиз әнші базардан қашып кетіпті.[155]

Тоқтағұл ақын

Ағарған қарда көп жүрсөң,
Көзің бір күн қарығар.
Ағайыннан шет жүрсөң,
Көңілін бір күн тарығар.

Болымсыз жаман арамза,
Болымсыз іске табынар.
Ханды Құдай үрарда,
Халқына жаман қас болар.

Байды Құдай ұрарда,
Дәuletіне мае болар.
Қысты Құдай ұрарда,
Күн жылымдап, жаз болар.

Пышақ берсөң, қындал бер,
Қындал берсөң, шындал бер.
Берекесіз байлардан,
Пейіліменен күн кетер.

Жұмыс қылсан, мықтап қыл,
Істеп кетпей ілекерлеп.
Қара санап, бірді алсан,
Қолыңнан шығып мың кетер.
Ермін десен дұшпаннан,
Екі көзің жұмылған.

Мақтаншак жігіт көп сөйлер,
Шешен жігіт еп сөйлер.
Жөн білмеген жігіттер,
Көрінгеннен тепкі жер.

Сыр білмеске сыр айтпа,
Тар жерде сағың сындыrap.
Жамандардың әдеті –
Жалған сөзді шын қылар.
Көпті көрген адамдар,
Көңіліңді тындыrap.

Көңіл қалар сөз айтпа,
Ауру мен қартанға.
Жанын сатар кей жаман,
Жарым уыс талқанға.

Ақылсызға сөз айтпа,
Ақымақпен сырласпа.
Ел тіршілік еткенде,
Есіріп ұйықтап, құр жатпа! [156]

Жәмішбайдың Масамен айтысы

Қолында диуананың барда асасы,
Шұбардың маза бермейді сар масасы.
Бір аяқ сусын ішіп болғаныңша,
Болмады маса-сона көз тасасы.

Кей жаксы жан қинады досыменен,
Бесінші келіп жатқан құсыменен.
Қанымда мен қарайдым, ей, жарандар,
Қайтемін айтысам ба осыменен?!

[Сар маса]:

Жәмішеке, қолынды ерменен байларатармын,
Көзінді тостағандай жайнатармын.
Кеше бізге өлең шығарып кетіпсің ғой,
Сорынды шөп біткенше қайнатармын.

Жәмішбай:

Рас қолымды ермен байларатарсың,
Көзімді тостағандай жайнатарсың.
Ызылдалап келіп қона бергенінде,
Қағып қап ішек-қарныңды жайратармын.

Жәмішбай ақын – Жасболды руы. Бейті Небдісер уасылның
Күйешөп ауданындағы Бүйеп совхозының көлеміндегі Сәтпек
Қорымдағы сол жерде жерленген және Ақбура ... Борбай ұлы ақын
да сонда жерленген. [157]

Шөже мен Кемпірбай айтысы

Кемпірбай ақын:

Әуелі сөз бастайын мынадайдан,
Жоқ еді бұл өлеңнен тапқан пайдам.
Жамағат құлак салып тыңдасаңыз,
Шөже мен сөз бастаймын Кемпірбайдан.

Әр жағы айыр кезек үлкен бүрлү,
Бабамың аруағы маған конды.
Шілденің он бесінде сәру айтқан,
Жастың Сатпай марқұм асы болды.

Талайды салып едім омырауга,
Құдай-ау, бергеніңе сансыз тәубе!
Өзімнің Сарыарқамда душарластың,
Барғам жоқ аяғымнан Алатауға.

Бес намаз, он екі иман жанға пайда,
Қалайын бір сөйлесіп осындайда.
Біреуге мал, біреуге жаны қайғы,
Барасың соқыр азбан жаяу қайда?!

Сыртында қаралы үйдің жетектеткен,
Жолықтам ақын соқыр Шөже дәүге.

Шөже:

Жүзіндей ұстараның ауған дүние,
Жабыстың мені көріп мұнша неге?
Ай мен күн, жер мен көкті көргенім жоқ,
Кемпірбай, ақылың болса, маған тиме!
Баласы Жәни мырза Сатпай марқұм,
Барамың Құран оқи қаралы үйге.

Кемпірбай:

Асыма шакырмаған келдің жетіп,
Алатая бөксесіне қоқтей өтіп.
Арқада молла құрып қалды деп пе ең,
Қу соқырды шакырды, кім жетектеп?!

Шөже:

Салмағы он көзісінің сол көзімде,
Алланың әр не қылса, еркі өзінде.
Кереметің бар болса, көзімді жаз,
Орайын жаза алмасаң, қой созінді.

Кемпірбай:

Бошан, Шаншар ішінде іргелімін,
Ауған, қырғыз ішінде сен жарлы едің.
Көзіңді көрінгенге түрлейсін,
Көзің шыққан жерінде мен бар ма едім?!

Шөже:

Діп ислам халықтың жерім камын,
Сөйлейін аузыма алып не шырағым.
Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылмаған,
Сен аларым ба, дейсің бе, менің жаным?

Мұқтасар сөзі майда тақтасындей,
Бұқардың омырауы қақпасындей.
Солардағы айтып түк қылмаған,
Сен қаларсың әкеннің қак басындей.

Кемпірбай:

Бұл елге ақын болды Шөже қайдан,
Шөже дәндең қалыпты Балта,
Орынбай, Шортанбайдан.
Жарлы байып, жасы өскен заман болды,
Жаның шошып жүрмесе Кемпірбайдан.

Жолықпай тура ақынға журек сенің,
Тартайын сыбағанды соқыр хайуан.

Шөже:

Қой, Кемпіrbай, көнілінді тындырайын,
Озса Құдай, аруакқа ұрдырайын.
Оралдан түлеп ұшқан мен ақиық,
Төбшенді, қанатынды сындырайын.

Кемпіrbай:

Қой, соқыр, сенімен көп сөйлеспен,
Сендей арсыз көргем жоқ жаннан кешкен.
Сен – ақиық болғанда, мен – бидайық,
Қанатынды бір жағын қимай түспен.

Шөже:

Қап-қара Қарәкесек күннен туған,
Би болып Қазыбегің бетін жуған.
Ежелден аға сыйлап көрмеген ит,
Сөйлейді қалай-қалай мына антұрган.

Кемпіrbай:

Жамандар сөзің бар ма бұдан арман,
Тиеді сөзің сұық жауған қардан.
Түбің – қырғыз, тұрағың – Алатаудан,
Қу соқыр сенің тұрағың онан да арман.

Кенесары қырғызды үркіткенде,
Әкең Қаржау қара үйде астан қалған.
Қанғырып Қараоткелге шешен барған,
Пақырлық неше түрлі күйге салған.

Шаһарда, аю деген орыста шошқа бағып,
Орыстың сұңқарынан (шұңқырынан) қорек алған.
Мысықтай көзін қысып жеп-жеп алып,
Енді мактап сөйлесін соқыр надан.

Шөже:

Ант атқан, құдай атқан, керің кеткен,
Мойныңа көк шолақтың елің кеткен.
Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада,
Қырық кісің тамақ іздел жаяу кеткен.

Өз қанын орта жолда нанға сатып,
Мен бе едім іспе Айтерді тентіреткен?!
Ішінде Қойбектің қойын сауып,
Кедейлік сенен қашан маған жеткен.
Өзіңнің басындағы жоқты көрмей,
Біреудің басындағы соны көрмей не себептен?!

Кемпіrbай:

Айт, Шөже, жалған сөзің менмендеспе,
Құлақ салып тыңдасаң, бұл кеңеске.
Әкең – Қаржау, Жайықтың ұлы емес пе,
Шешең – Шама төренің қызы емес пе?!

Екеуінен жарапған сен ақсүйек,
Қазыбектің жиені мен емес пе?!

Сен бізбен кісі едің меніменен,
Мен қашан тенденес едім сеніменен.

Аузыма әм дегенде түспейсің бе,
Бір тартқан тамағымның кебіменен.
Құда байғұс салғанға өз аласың,
Бір аққан тақымының терісіменен.

Өзенде шұқанақтың шалыс суы,
Можықтың бірі болып па келінімен тең.
Ақсақ баққан кісідей мен оза алмай,
Қашанғы отырайын сеніменен.
Өзіндей шұқанаққа қылмаған су,
Мұхиттың тең бола ма көліменен.

Бөгенбайдан туғанның бәрі жынды,
Шешең ойнас кылған бәріменен.
Осы сез түгелімен мақалда бар:
«Қой бірге жайыла ма бәріменен?»

Өтіп кетіп барады жаз бенен күз,
Айтқан менен кірмейді құлагына сөз.
Затында бір тазалық болмалты ғой,
Жаралған қызыл иттен мұндар қырғыз.

Қырғыздан кеп қазақта шайқаласың,
Аузыңа келгенді, соқырым, қайтармайсын.
Адамды ел бұзуға ерікті алған,
Азғырған Қарымбайды шайтандайсың.

Мысықтай көзің жұмып жесендағы,
Барғанда Тәнір махшар айта алмайсың.
Саған қайыр беру де дұрыс емес,
Барғанда Тәнір алдында қайтармайсың.

Шөже:

Құдайым көзімді алды көрмесін деп,
Әзәзіл, жын-шайтанға ермесін деп.
Айтса да, қара дауыл бала деғен,
Қайда, кім айтты бізге қайыр бермесін деп.

Кемпіrbай білмеймісің өтерінді,
Артыңан шаршап қойып жетерінді.
Наманай аз ғана ауыл қара кемпір,
Япымай, осы қайдан көтерілді?!

Әкең тауып шешең сенсіз,
Жоқ па айтып қол босы түсірейін көтеңінді.
Кемпіrbай көкten де бар, жерден де бар,
Жаратты неше жұпты Қадір Жаппар.

Алланың қай досы кім, дүшпаны кім?
Өзіңнен сұрайтуғын сауалым бар.
Қай күні Исрапил сөзін үріі,
Қай күні өлім қошқар бауыздалар?

Алатын құнәнді мойныңа ал деп,
Неше кісі шайтанға қазы болар?
Құнәсін надандардың жарлықар деп,
Неше кісі пәнда үшін құзыр қалар?

Шапағаттан мені құр қалдырма деп,
Кім ерсе оттан күш қып тұрап.
Қолына қанды құнмен кісені алып,
Кімнен кім қиямет күн қоныс даулар?

Айтылар сараптының шыкқан шығып,
Бір жағын кім, бір жағын кім күтіп алар?
Алланың әміріне пәрмен болып,
Кіммен кім қиямет күн не қылар?

Олардың тойларының қызығына кімменен кім,
Бел ұстасып кім оған күрес салар?
Артылып бак-дәреже, аруақ қонып,
Кім жығып, қиямет күн кім жығылар?

Бұл сөзге ақылың болса, зейінің жетер,
Ойланып таба алмасаң, есің кетер.
Бірін жете шығарсан, кәпір болдың,
Егер түгел білмесен, шешіп бекер.

Кемпіrbай:

Болғанда жерде – Мәди, көкте – Файса,
Жаралған алты күнде – екі дүние.
Жұптілікті шығарған Қабылт, Мәжит,
Манзолда көргенде осылайша.

Жеті қабат жер астында көк өгіз бар,
Дүние өлмей тұрар бұзылғанша.
Қай күні ғарсатта майдан болып,
Сол күні өлім қошқар бауыздалар.

Аққұла тар сираттың содан шығып,
Қорасы деген жыланның жалғыз мұртын.
Мәкіл деген періште күтіп тұрар,
– Эй, ләгин, ал күненді мойныңа, ал! – деп.

Имам ағзам шайтанға қазы болар:
– Күнәсін пенделердің жарылға! – деп.
Төрт шар бар пенде үшін жәрдем қылар,
Қолына қанды құнмен кісен алып.

Би Бәтима, Қасен мен Құсайынның құтын сұрап,
Алланың әмірінен пәрмен болсын.
Әннә хазірет Мариямды неке қылар,
Олардың тойларының қызғанша.

Қақарман, Фалименен құрес салар,
Артылып бак-дәреже, аруақ қонып.
Бір сүртіп Мансуб алар,
Екінші құресем деп тіленсе де,
Оларға ерік бермес періштер.
Әкең – Қаржая, Жайықтың басы бар ма,
Кос соқыр құмарланып мұнда нең бар?!

Шәже: «Нәдір оқты бұтағы бес оғын, төрт қылыш алты қынымен, осы бір заманда басты бір көзді бар, ағы бес ақылды дана болсан, Кемпірбай дұрыс айтып, мұнымды шеш!» – депті Шәже.

Кемпірбай: «Бұтағы бес – намаз мойынұсынған, адастырмай көнілге алтая жазған, екі жуз екі періште айрылған. Алты-алтыдан үш жуз алпыс алты – аят болса, отыз пара – Құран болған. Жетпіс үш періште – бір көз, бар сауаптың періштесі жиса, алған үш құрт деғеннін – отыз уәжіп әннә хазірет алып қайтқан мағруф қырық парыздан айырылып, ку соқыр шықтың жолдан».

Шөже:

Бұл сөзім Орта жүзді араласын,
Бұнымды жүйрік болсаң таба аласың.
Тау Қаптың сенгіріндей секілденің,
Жаннан кешін Шөжемен жағаластың.
«Уатари мин әлләли» деген аят,
Тауып бер «шабу» сөздің мағынасын.

Кемпіrbай:

Әй, соқыр, қарап тұрып пақыр болдың,
Айырылып халал малдан тақыр болдың.
Құдай сөзін өлеңге қосамын деп,
Катының – талак, өзің – кәпір болдың.

Шөже:

Әй, Кемпіrbай, жәй жүр десем, журе алмайсың,
Айтып қайдан жан-жағыңнан түңілмейсің.
Сен айтты деп мен ойламаймын,
Алланың төрт саруарынан түк білмейсің.

От қозы төрт тағына Мұса барған,
Көрсет деп Хақ дидарын көп жалынған.
Көрсет деп Хақ дидарын болмаған соң,
Құдайым Мұсаны аяп Хаққа салған.

Бошанның өзі де еріп қорғасындаі,
Тау еріп, тәби тасың қалған.
Осындаі жақсы сөзден түк білмейсің,
Алдынан былшылдамай тұр, кет әрмен,

Тұрсың: «Арғынмын! – деп, – күтпеймін», – деп,
Мен тұрмын: «Асыл надан сөкпейін!» – деп.
Сен итпен сөйлескенше,
Жөнелді қаралы көк ит: «Жеймін!» – деп.

Кемпірбай жеңіліп, соңғы өлең айтып мойындаған екен.

Кемпірбай:

Токтадым аз ғана көктен келіп,
Өзім де жүруші едім секімденіп.
Жан жеңбеген соқырды жеңемін деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп.

Соқырдың мен осылай жеңген жері,
Сөзінің ретіне келген жері.
Арқама жуан елі қамшы батып,
Жазамды сөйтіп соқыр берген жері.[158]

Шу бойындағы қожа мен бір жігіт айтысы

Ертеде Шудың бойындағы елдің ішінде бір қожа болған екен. Ол қожа елден кісі өлсе, мынадай шаригат айтады екен:

– Өлген кісіні орап қойғанда, сауабы күшті болады, – деп, тоғыз қабат торғынмен, болмаса атлас шайымен қойғызады екен. Сонан кейін өлікті қойып, халық тарарап кеткен соң актарып, барлығын сыйырып өзі алады екен. Оны бір жігіт адам сырттай сезіп, біліп жүреді екен. Және намаз шығарада дәрет алмай, жаназа шығара береді екен. Барлығын біліп жүрген жігіт бір кісі өлген жиында былай деп сұрап қояды. Өлең жігіт:

Қожеке, шын сөз қалай, жалған қалай,
Дәретсіз жаназаға барған қалай?
Қолында кітап Құран бар қожасың,
Көрді ашып кебін тонап алған қалай?

Қожа:

Аллай макам иллә Алла неткен адам,
Кешікпей болар деймін ақыр заман.
Мұнан былай кәпірді елден қусын,
Айтсайшы мына көпке қандай надан.

Жігіт:

Қалай-қалай шығады сөзің қожам,
Адырайып барады көзің маған.
Ант үрған, Құдай үрған ит болмасаң,
Барлығын істеп жүрген өзің қожам! –
деп, көп алдында бетіне күйе жағып, елден қуып жіберген екен.

Жігіт сөзі:

Қожаға ұқсамайды арғы заттың,
Өтірік алдап, елді жазған хатың.
Тоғыз қабат торқамен ораттырып,
Елді бұзып барады шаригаттың.[159]

Сақау мен Тоғжан айтысы

Сақау:

Сен – кепсер, мен – жез едім, қинасалық,
Екеуміз жөнімізді сұрасалық.
Сақауды кәрі Тоғжан жендім депсің,
Сені іздел келдім енді сынасалық.

Тоғжан:

Тартынба маған қарай тұмағанды,
Сен қайдан силаушы едің оз апаңды.
Келгенін әдейі іздел өзім болса,
Асықпай аларсың сен сыбаганды.

Сақау:

Көп дәурен көзім көріп, сүргеннен соң,
Үстіме барша мәлім кигеннен соң.
Сақауды қашып қайда кетер дейсің,
Кос атпен Қызылтаудан келгеннен соң.

Тоғжан:

Көп түйіп қабағыңды жамасаң ба,
Кеш келдің ерте келмей шабансың ба?!
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Құ сақау, жez көмекей амансың ба?!

Сақау:

Ақырган қарандыда қара қабан,
Сақауға сөйлейтүғын келді заман.
Еліміз қарасаннан көп қырылды,
Құдайға шүкір, әлі де журмін аман!

Тоғжан:

Әй, Сақау, жақсы болып бай білмейсің,
Бойыңа ине жіптей бір білмейсің!
Жағаңа екі қолым қияметте,
Жаза бойдак болып бір келмейсің.

Сақау:

Биыл қыс біздің жақта жаман болды,
Жылқы отарда, колдағы ат шабан болды.
Жақсы болсан, келмес пе едім,
Мұрының қайқы, сипатың жаман болды.

Тоғжан:

Не дейді мына кедей жанай ғана,
Қалмайды қыр соңымнан шыр айнала.
Бірінде екі сөздің кемітеді,
Алып кел, жарың өзі қандай ғана.

Сақау:

... алқым тоқ орайлымын,
Болған мен қарным жуан мол ойлымын.
Алып кел, алып келсең өз жаранды,
Өзіңнен және қызыл шарайлымын.

Тоғжан:

Құлпынын көп киген соң онатұғын,
Адал ол – ата жолын қуатұғын.
Бетіме бар салғаның сол ма кедей,
Өлеңім шырайымды жуатұғын.

Сақау:

Жылкысын әкең Самай айдаушы еді,
Шалғын деп шаңдақ жерге байлаушы еді.
Қыл қойкан құрапыл жілтеп шетінің,
Топ бала тас лақтырып ойнаушы еді.

Тоғжан:

Құрдың әкем Самай тілін алған,
Әкең Мәүке Ақкөлге егін салған.
Егінін шегіртке мен торғай жайлап,
Көше алмай кедейліктен жүртта қалған.

Сақау:

Рас, біз Ақкөл барып жайлаушы едік,
Татуға бейіш дәмін ойлаушы едік.
Бетіме бұл жалғанда жан шақ келмей,
Торғаймен әуедегі ойнаушы едік.

Тоғжан:

Сен жүрген бос қарқылдан жетім қарға,
Жейтұғын жетім қарға етін бар ма?!

Төрт атын туған қайның ұрлап алған,
Құдайға қарап Сақау бетің бар ма?!

Сақау:

Жауарда қара жолын мендей болар,
Кескенде жуан қабың жендей болар.
Мен ұрлықты қояйын сен ойнасты қой,
Ұрлық, ойнас – екеуі бірдей болар.

Тоғжан:

Айтады Сақау өлең екіталай,
 Жүреді сері бойдак күшті жанай.
 Қиқулап қиуадан өте шықты,
 Әлшекеу, мына сөздің мәнісі қалай?

Сақау:

Адамның бермесіне түнілмеймін,
 Ешкімге көзім созып үңілмеймін.
 Жүгінсен бұл тазыңа өзің жүгін,
 Мен емес даулы кісі жүгінбеймін.

Сақау жеңіп, Тогжан жеңілген екен. Алшынбай би жолын бер-гізіп, ат шапан кигізген екен. [160]

Алқымбайдың Хадишага айтқаны

Алқымбай болыстың жас қызы аламын деп, Хадиша деген жасы 15 жастағы қызға сөз салады.

Хадиш-ау, іздең келдім сені алыстан,
 Қырандай қонып үшқан ұсынан!
 Жасартам алтын түзік, күміс кесе,
 Жар болсан, жақсылыққа қол алсаң.

Сонда қызы айтады:

Ол рас, Алқымбай, атағың бар,
 Қарының тоқ, үстінде асыл шапаның бар.
 Не керек алтын түзік, күміс кесе,
 Тілегін жас жүректің өтелмесе.
 Ата-ау, айтшы өзің, он бесінде қайтер ең,
 Алпыстағы кемпірге он бестегі жасы келсе?!

Сонда Алқымбай артына қарамай кетіп қапты қыздан жеңіліп. [161]

Бәйтен сал

Ата-бабаларымыздың кагидасында «мынан тұлпар, жүзден жүйрік» дейді екен. Сол жүйріктің бірі – Бәйтекең сал болыпты. Тұрсымбай баласы Бәйтен сал заманында «сал» атанған. Өзі – батыр, әрі ақын, өлеңші, сауықшыл болыпты.

Бұл кісінің бір касиеті – жер дауы, жесір дауы бола қалса, билер есебінде отыра алмайды екен. Зәбір көруші осы кісіге келетін көрінеді. Әділетті жолмен тұзу шешіп, зорлық-зомбылыққа жол бермейді екен. Ал салдығына келер болсақ, кешегі Ақан сері, Біржан сал сияқты көркем сал болыпты. Дүрия бешпетін шобандатып, балак-жеңімен, шүберек белбеуін шұбатып қоя берген көрінеді. Осы орайда мына бір өлеңдері батырлығын, ақындығын, салдығын аңғартады:

Ертістің ар жағында жалпақ тал бар,
Касында Жақсыбайдың Бәйтен сал бар.
Салдығы Бәйтекенің сол емес пе,
Балағы шалбарының кез жерім бар.

Асықтың торғұшлы қоқал кеней,
Ән салсам бұлкілдейді біздің көмей.
Дүриядан сегіз тақа шалбар киіп,
Мал бітпес қызы күмасқа Бәйтен ...

Қыз:

Баласы Тұрсымбайдың Бәйтен едің,
Өлеңді ауық-ауық айттар едің.
Артынан алпыс кісі келсе шауып,
Сал Бәйтен сол арада қайтер едің.

Бәйтен:

Баласы Тұрсымбайдың Бәйтен едім,
Өлеңді ауық-ауық айттар едім.
Артынан алпыс кісі келсе шауып,
Бәрінде қойдай қырып жайпар едім.

Қыз:

Жүк артқан жас тайлаққа ауыр екен,
Адамда бар қиыны бауыр екен.
Бір сөзді сынамаққа айтып едім,
Екпінің сал Бәйтенім тәуір екен, – дейді.[162]

Жаяу Мұса және Гүлқашима

1855 жылы жазда, коян жылы Жаяу Мұса Бабанжан ұлы Кіші жүз жеріне оқып, Кіші жүз Алшын ішінде Әлім ұлға жататын Алты Шекті руының Қабак-Татайсан шапқан Әсет Қөтібар ұлы (1806-1888), Бекет Серкебай ұлы (1822-1857 жылы), Ертазар Кенжелі ұлы (1824-1857) батырлар бастаған көтерілісшілер тобына барып қосылады. Жаяу Мұса патша әскерімен соғыста үлкен ерлік көрсеткен сон, оны Әсет пен Бекет 100 бай етіп кояды. Сол елде жүріп Жаяу Мұса Бекет батырдың қарындасы – Гүлқашима сұлу Серкебай қызына ғашық болып, мына өлеңді шығарады:

Гүлқашижан, жүзің нұрлы, тұлғаң бөлек,
Сізде де, менде де бар жылы жүрек.
... екеумізге болмас ортақ,
Жүрейік шалғай жерде елден ерек.

Табысып күн жарасса екі жүрек,
Сыр шертіп бір-біріне қояр тілек.
Кездескен екеумізді бүркемелеп,
Жасырын көкте жұлдыз, ай көреді.

Жаралы шерге толы біздің жүрек,
Айқасса қандай жақсы екі ақ білек.
Ауылында құрбы болып мен де журмін,
Келсем де Баянтаудан жадап-жүдеп.

Тұсінбеу бір-бірімізді мін емес пе,
Сырласу ебін тауып жөн емес пе?!

Ұғынысып біз екеуміз сөз байлассак,
Жараға жүректегі ем емес пе?!

Қалаған сұлу сізді жас жүрегім,
Көргенде көркіңді елжіредім.
Өзінмен бас қосуға белді буып,
Сізді алып кету боп тұр бар тілегім.

Отына жер сүюдің болдым күймек,
Еместін қыын жолда басымды имек.
Өзіммен тендес қызды жар етсе деп,
Арманым жетелейді алға сүйреп.

Ой – терен әрбір жайды болжайтұғын,
Түпсіз шыңырау, не құйсаң толмайтұғын.
Бақ тайып, қайырылып қанатымнан,
Қыран ем аюды да қоймайтұғын.

Қалған жоқ қырық шағым бірден қирап,
Бойыма қажыр-қайрат жүрмін жинап.
Өткізбей жас ғұмырды бостан-босқа,
Көрмекпін сіздің үшін жанды қинап.

Гүлқашима Серкебай қызының Жаяу Мұсаға қайтарған жауабы:
Толғанып терен ойға баттым Жаяу,
Көз ілмей қысқа жеттім Жаяу.
Сәлем жолдап, жүректің құлпын аштың,
Өзіңе еркімді алып, тарттың баяу.

Жерім жоқ менің сізге кінә қояр,
Өлеңің – ішім қуатты дертім жояр.
Мәуелі бабында өскен сіз – бәйтерек,
Саянда отырғанның көңілі тояр.

Ішінде катарыңның едің дана,
Мен үшін көрген болар өзің пана.

Ақ жүрек, адал ниет, сертке берік,
Жігіттің ғарібтерге болар пана.

Дұниеге неге туып, неге келдік,
Тірлікте ала алмайтын болсақ тендік?!
Жас қыран, дәл өзіндей ер тұрғанда,
Ойлаймын көрмеспін деп қорлық-кемдік.

Артық емес ешкімнен менің басым,
Көргеннен сізге ауған ықыласым.
Сырымды ішімдегі жұмбак еттім,
Ұғар деп өзіндей ер мағынасын.

Бай да етер қанатының қыран желін,
Ерлердей қорғау үшін туған елін.
Жан едім шын қамқоршы ерді күткен,
Жаяуым, айқындаі ұқ осы жерін.

Жаяу Мұсаның Гүлқашимага берген жауабы:

«Ақ бата – ақ қүйканы», – деген атан,
Бөгет боп көлденендең жолда жатады.
Гүлқашижан, егер маған ерер болсаң,
Өтемін сол bogеттен, бірден оттан.

Құдай, Құран, бата деп сол иер басым,
Шырмаған сол сөздерге бірталай жас.
Жаман жарға барғанша, жаксымен кет,
Өзіңнің тірлігіне болмасаң кас.

Бұйрыққа лаж бар ма деп жүреді,
Қоян жүрек жігіттің кейбіреуі.
Өзіндей сұлуларды аялайды,
Жігіттің біз сиякты ержүрегі.

Кең жайлау, кек шалғынды, бұл әсемді жаз,
Ақ үйлі ауылдарда жігіттер мәз.

Ішінен ғашық оты қайғырган соң,
Дұрыс қой, сұлу, бірге айтқаның наз.

Гүлқашижан, аттанайық тұрмай-жатпай,
Құғыншы бізді іздеген қалсын таппай.
Кетейік қызылжарлық Керейге асып,
Тұрағымыз сол елдерде, жанды сақтай.

Гүлшақижан, енді ойла, жүрме жасып,
Кимаған бізден бұрын нелер ғашық.
Менімен кетпек болсан қер атқа мін,
Тезірек жөнелейік Арқаға асып.

Серкебай – әкең аты, ағаң – Бекет,
Батықа – анаң болса, жеңгөң – Зейнеп.
Солардың ардақтаған аққу құсы,
Көрмеспіз Құдай біледі ешбір бейнет![163]

Кебек ұлы Ермек

Өтіпті бізден бұрын Енлік-Кебек,
Ғашықтық ажалына болған себеп.
Қазактың хан көмей дәуірінде,
Айырған арсыз әдет қолын бөгеп.

Арсыз жан ... шыдамаған соң,
Қала ма қасық қан мен ішпек-жемек.
Судан сұлу ерлердің ертегісі,
Қайғынды қашырмай ма бойдан демеп.

Ерлерді айтсам елжіреп ет жүрегі,
Сыртынан армандының бір сөз демеп.
Екі жас қосыла алмай өтіп кетті,
Аз да болса айтылған сертке жетті.

Өлшеулі ғұмыр дәмі таусылған соң,
Топырақ жапты әжімсіз ақша бетті.
Шыңғыстай – басы биік мұнарланған,
Етегі сағым журіп шубарланған.

Сан қырат саясына кику салған,
Басына ұялауға құмарланған.
Сол таудың үңгірінде бала қалды,
Жөргекте тәрбиесіз шала қалды.

Қайғының қара аспаны қаптаған соң,
Шырағы жетімдіктің жана қалды.
Ізінше саясында мекен қылған,
Бұлаңдап тұлкі қашқан сала қалды.

Жанында жас баланың жаутаң қағып,
Бүркіті тұғырында және қалды.
Алайда елдің көркі ер емес пе,
Ер Кебек еркін жүрген дала қалды.

Баланы тастап кетті ессіз Найман,
Есалаң ер қадірін білсін қайдан?!

Жазықсыз жас сәбиді тастап кетті,
Қарамай обалына өншен хайуан!

Баланың нағашысы білді мұны,
Жиенін алып келді дәл сол күні.
Жәрдемсіз, жалғыздығы еске түсіп,
Қорқады Наймандардан шықпай үні.

Жиенін жұрагат деп алып келді,
Құдайға мінәжат қып шалып келді.
Жолшыбай «Ермегім» деп атын қойып,
Мал-жанын құрбан қылып шалып келді.

Сол кезде Қабанбайға жетті хабар,
Жасырып Тобықтыға жетті хабар.
«Бір тұқым Кебек ерден қалды», – деген,
Жел айдан төрт тарапқа жетті хабар.

Мұны естіп ер Қабанбай толғанады,
Құрметтеп хабаршыны қолға алады.
Қайғы көріп қайғырған кәрі жүрек.
Шаттық үзіп, қайғысы сөк қалады.

Ер қабарын естүмен өліп кетсем,
Өлсем қайғы жүректе мол қалады.
Хақ жарлығын жағалар сөнген шырақ,
Өсірген тәрбиелеп сол баланы.

Кәрі адам қуанса ғаріп болған,
... арты, үнгір алды.
Ермектің қаны есепсіз кетпеуіне,
Артында есепсіз бол ол қалады.

Соны айтып, жолбарыстан қырдан асып,
Жас ағып кәрі көзден сорғалаған.
Дәулеті жаннан асқан Қабанбайдың,
Өзі бай, өзі батыр, маман байлық.

Сол кезде қасиеті артық еді-ая,
Құны жоқ қартайған соң қайран шалдың!
Кабекен ат шаптырып, жұртын жиды,
Қайырлы хабаршыны беріп сыйды.

– Ержетіп, Ермек келсе, малым бар, – деп,-
Аманат, тапсырындар мал мен үйді.
«Ер орны иесіз қалмас» деген,
Көзімнің көруші алда жасын тыйды.

... Хақтан ажал сұрап өліп,
Айтқан зарым Аллаға актаң тиді.
Екі-үш күн ел жүртүмен амандастып,
Опасыз сүм жалғаннан жаңын қиды.

Жан кетіп, жан орынға жатпақ болды,
Ақшанқай, кіршіксіз киім киді.
Елсізде ер Қатекен жата тұрсын,
Қош айтып, шайқамайық басын енді.

Қызық, дүние, шіркін, піскен алма,
Көз тоймас көрге кірмей дүние-малға.
Қызыл тілім қырындаң тағы келді,
Баланы асыраған Найман шалға.

Баланы асырады шал мен кемпір,
Құрметтеп шахар-шарбат, балмен кемпір.
«Жалғандағы жалғыздың тұяғы», – деп,
Зинаттап киіндіріп шал мен кемпір.

Әділ Құдай алсаң кемпір-шалды,
Ермектен екі өгізді бұрын өлтір.
Жылдысып мезгіл өтті, жылды айдал,
Еркелеп Ермек жүрді, еркін ойнап.

Көркемдігі көз тартып жылдан-жылға,
Сүйіп тұр маңындағы түгел аймақ.
Тілегі кемпір-шалдың қабыл болды,
Он жасқа толды бала, оттай жайнал.

Ойыннан күндіз-түиі босамайды,
Қасына бала жинап түгел сайланап.
Тасты мылтық, таяқты найза қылып,
Үстательп бала басы бір-бір сайғақ.

Таң атып, талмау түстө жылқы келсе,
Балалар тай мінеді жайдак-жайдак.
Төбелеске бергісіз ойынменен,
Келмestен кешкे дейін кетеді ойнап.

Бар еken бір кемпірдің жалғыз ұлы,
Әрі таз, әрі соқыр, аты – Койбак.
Сол күні: «Шаршадым!» – деп келмей қапты,
Жиылып тамам бала, болды соймақ.

Ермектен бала қалмай: «Жүр!» – деген соң,
Сол күші келмей қапты соқыр бейбак.
Жай қыран, жата мерген Ермек мықты,
Ержеткен ересектің бәрін жықты.

Мезгілді уағында тамам ...,
Ойнатып ойнамаққа тағы шықты.
«Кешегі келмегеннің кесірі», – деп,
Қойбактың қылбыраумен санын соқты.

Қойдан жуас Қойбакты тамам бала,
Алып соғып, астынан косеу тықты.
Жалғыз көзін шығарып, жарым қылып,
Кемпірдің көрпесіне қуалап тықты.

Балалар бағынады Ермегіне,
Қол созған жана талап ерлігіне.
Тазды қуған қалыппен тамам бала,
Кемпірдің кептеліпті ермегіне.

Аузынан көбік ағып кемпір шықты,
Есіктен ... салтап төрдегіні.
Қозғалды баяғы өлген әкесінен,
Қарамай тірі жүрген жердегіні.

– Акшоқыда атаусыз өліп қалған,
Тірілте ме Қойбақ сарып көрдегіні?!

Жан алғын Ғәзірейіл Қойбақ болып,
Көмүсіз ата-анаңды тергеді ме?!

Кебіні жоқ, көрі жоқ Кебек-Еңлік,
Қу басың Қойбақ алып сермеді ме?!

Найманның нан мен тұзын айыра алмай,
Қу жетім ... төледі ме?!

Шұнақ құл шуылдатпай әкеңді тап,
Тілімнің ұшырады көрмегіне!

Кемпірден керемет сөз естіген соң,
Оқ тиді Ермек ердің шербегіне.
Жан тұрмас жауыз кемпір келбетіне,
Оқ тиді көрмедегі ер бетіне.

Қақиған қара жағал қақпас кемпір,
Қарамастай қылып кетті ел бетіне.
Жұлына жұла тиіп бір сөзі,
Қарамай жатып қапты жер бетіне.

Ермектен ойын-құлкі, сауық қалды,
Миы толқып, ақылы ауысып, талып қалды.
Жеті бас желкесінен қапқадан,
Қапа ғып қара қанышық қауып қалды.

Ермекке сөз өкпеден өтіп қалды,
Айтқан сөз – атылған оқ, жетіп қалды.
Елбіреген денесі езілген соң,
Тұңғиық ой түбіне жете алмаған.

Жас бала жабырқаған жаны күйген,
Жылайды сағат сайын шығын ойдан.
Кемпір мен шал кемсендеп уатса да.
Жолбарыс жұбанбайды шатақ тиген.

Бір күні Ермек жылап:

– Атам! – деді, –

Айтатын бір сөзім бар қатаң, – деді.

Жас емессің отырысың жар басында,

Ақ сейлеулі алдыңа тартам, – деді.

Бір күдай, екі аруақ төбенде тұр,

Жалғыз жан қөкіректе төбенде тұр.

Көшеді кемпір тыққан семсер пышақ,

Айтпасаң алынбайды жебе де тұр.

Қай күні қараңғы үйге саламыз деп,

Әмір жоқ, ажал деген неме де тұр.

Мен кім, қайдан тудым, қайта болдым,

Затым кім, қай нәсілден пайда болдым?!

Кешегі кербез басып жүрген шақта,

Аталып жалғыз мырза пайда болдым.

Атеке, Құдай – жалғыз, Құран – шын,

Көрмейсің ададықтан Хақтан қысым.

Осымен өз денеңнен шыққан болсам,

Неліктен құл аталып шықты есімім?!

Атым кім, олардың аттары кім,

Ақсақал, шын айтыңыз, Құдай үшін?!

Естіп Ермек сөзін шал да састы,

Қамаулы қорадағы мал да састы.

Бала жоқ бакташының малы ғой деп,

Көзінен қаны аралас тәкті жасты.

Айтпасқа амалы жоқ қысылды шал,

Жалғызы иманына қамшы басты.

Өткен күн елемес деп екі көзге,

Есірген ескі, жыртық әмірін ашты.

– Ермегім, не болмайды ер басында,
Ерге тұптын жара ғой дер басында.
Серпініп сегіз болған серке саным,
Отырмын омақатып өр басында.
Серікті селкілдептіп сексен келді,
Отырмын ажал тосып көр басында.

Сенген балам сен едін қартайғанда,
Сұм өлім сұмырай болып әр тайғанда.
Тау құлаткан талайым талқан болып,
Бойымнан күш, койнымнан жар тайғанда.

Өжет жүрек, ер кеуде өткелі жок,
Қанбарым қара шалай қалпайғанда.
Алпыс екі тамырым тастай катты,
Сұлу жұз сұрғылт тартып қан тайғанда.

Ертең ессіз қалмай ма иесіз мал,
Ажал келіп, алып соғып, жан тайғанда.
Батырдан пайда болдым, бітіп дәulet,
Жалғанды жалпақ басып, қылдым сәүлет.

Қуат жок, бітіп қалдым, қурай шал боп,
Отырмын отқа қарап тиіп қаумет.
Аргы затың – Тобықты, әкең – Кебек,
Жасырмайын берген соң үзік маудет.

Еңлік – анаң, жалғызымен менен туған,
Тұқымың сонан қалған, болып әулет.
Жүректегі дертімнің дерегінен,
Айтуға саған келді бүгін кәубәт.

Кебек батыр Еңлікті алып қашқан,
Шыңғысты панаулауға берік тау деп.
Екі жұрт осы сөзге егер болды,
Тобықты толықсыған жиын, дау болды.

«Кебексіз малға бітім болмайды!» – деп,
Қамаған Қабанбайды қалын жау кеп.
Тобықты аз, Найман қөп боп басылмаған,
Есалан ылғи есер тасырлаған.

– Табасың, тақыр, таза қыламыз! – деп,
Есепсіз есер Найман басылмаған.
Картайғанда қажытты Қабанбайды,
Ер еді басынан сөз асырмаған.

Далаға шығармады жанды Найман,
Төгүге бел байлады қанды Найман.
Қатын-бала қактығып зар жылады,
Жасанған жау көк темір, сауыт-сайман.

Осындай егес заман елге батқан,
Жау жүз жүргегіне қан қатқан.
– Бір кісі үшін өлмейміз, – деп тамам жұрты,
Кебекті бермек болды тауда жатқан.

Мұны естіп Найман үймелеген,
Есерсіз ел бола ма кимелеген.
– Құлдан шыққан екеуін қолға берсөн,
Бізден қорықпа, басынды име! – деген.
– Тауып берсөн, табанды бітім қылып,
Казір қайтып кетеміз үйге! – деген.

Ел еңіреді Найманның жауызына,
Обал, сауап кірмеді ауызына.
Қаны қара қабаннан қасың болса,
Кім сыймайды тарының қауызына.

Тобықты айтты Найманға:
– Қылдың қыспак,
Жазығы жоқ, рахымсыз жанды қина!

Тамам жұрт қалдырмай қырсаңдағы,
Кебекті бере алмаймыз қолдан ұстап!
Найман айтты: – Табамыз өзіміз де,
Жалғыз-ақ, жатқан жерін берсөн түстап.

Амалсыз айтты ердің жатқан жерін,
Мергенін мертікпеген ақ бөкенін.
Тандығын талмау түсте көрген жерін,
Қызыл орман тұлқінің қылмың еткен,
Бүркіті қия шатта жүрген жерін.

Дәл сілтеп Шыңғыстау жатқан жерін,
Сәтсіз қоныс қазаны тапқан жерін.
Еңіреп қосылған екі ғашық,
Ажалдың ақ семсері шапқан жерін.

Лап қойып тамам Найман аттанысты:
– Таптық! – деп қөнілдері шаттанысты.
Тұнерген қалың елге түнде келіп,
Ұстaugа таң атқан соң саптаныпты.

Таң атып, торғай шықты, қолге шырлап,
Ән салып, алуан-алуан күймен жырлап.
Қараңғыны көтеріп қамап түрған,
Айдады жарық сәүле жерден ырғап.
Жер бетіне қалдырмай қараңғылық,
Күлімдеп күннің көзі кетті қырлап.

Сақардан Найман тұрып биікті алды,
Қарауыл кезеңдегі иықты алды.
Қоршаған қол қорған боп айналасын,
Ер Кебек кетпестей ғып тұйықталды.

Еңлік-Кебек сол жерде шейіт болды,
Үмітім отқа түсіп күйіп қалды.

Ермегім әрбір жұмыс бір Құдайдан.
Көп айтсам дерт қуады осындайдан,

Ажал оғын октатып келген күні,
Қазаны кайтара алмас күшпен айдан.
Кезенген екі жауын өлтірген соң,
Шаттанып шабуменен айтты Найман.

Мен сені дәл сол күні ұрлап алғам,
Еңлігім емшегін берген жатып сайдан.
Серік деп сенен бақса сенерім жок,
Амал жок айырылған соң күн мен айдан.

Қайғыдан өлмейді екен адам ұлы,
Басқа келсе көнеді Хақтың құлы.
Қанмен бірдей жалғызы жалынған соң,
Жасырып не қылайын айтпай мұны?!

... шаң жалғыздан үн шыға ма,
Көп тентек көлге сисе мін шыға ма?!
Бас білмейтін надандар басын қосса,
Шайтан билеп алған соң, жын шыға ма?!
Өлді ер, куанды жер құшақтады,
Мезгілсіз батып кеткен күн шыға ма?!

Мұны естіп Ермек ердің өсті дерті,
Әрине, мақсат таппақ жүрек серті!
Сендеруге қуатын келтірмеді,
Қайғының тауға түскен қалың өрті.

Айтқан сайын Ермекке кетті батып,
Сұрап алған қайғысы шалдан сатып.
Асқар тау тап үстіне құлағандай,
Тұра алмастан орнында қалды қатып.

Аздан соң түрегелді есін жиып,
Адам азбай тұра ма басса күйік.
Ел табуға көңілі елегізіп,
Қайраттанды көзінің жасын тыып.

Іште – өрт, жүректе – дерт, жаны – қара,
Тұратын жөні бар ма тәнге сиып.
Ерттеулі Ермек ердің бір аты бар,
Жылқыға жібермейді көзі қиып.

Тұсі қара мақпалдай құйма ...,
Ой желке, қамыс құлақ, жалы сүйік.
Желкесі жер басқанда оздырмайды,
Көрғенді таңырқатып соқкан киік.

Қылмиған қыздан нәзік аты болса,
Тұрмайды қай жігіттің жаны сүйіп.
Еліктеуге Ермек ойдан шығып еді,
Жануар оқыранды басын иіп.

«Жанымдай жан жолдасым, жануар», – деп,
Жалын тарап, кекілін койды түйіп.
Аудармай дүнием бітті, журмек болды,
Сапарға даярланды, киім киіп.

Жолбарыс жолға түсіп жортпақ болды,
Бетке алып Шыңғыстауын басы биік.
Орнынан түрегелді ыршып Ермек,
Сенделіп сен сокандай қыршын Ермек.

Құл деген сөз шықкан соң құн бола ма?
Бұл елде қалай шыдалап тұрсын Ермек!
Ата-ана ақ батаңды аямай бер,
Өлсем де, өз елінде жүрсін Ермек.

Қызылып жылап тұрган қыршын ерке,
Әрине, шал міндеті бата бермек.
Шал сенделді, жылады: – Алла! – деді,
– Жалғызым, шын кеттің бе, пәләй! – деді.

– Аялап, асыраған асыл тегім,
Қалды ма сусынымыз қанбай, – деді.
– Қарт болғанда мерт болып дүшпаныма,
Еңбегім еш болды ма жанбай, – деді.

– Кәрі үмітім өттің бе өркен демей,
Жел соғып өшій қалған шамдай!
Сенен қалып Ермегім ел болам ба,
Мені құдай қайтеді алмай?! – деді.

– Кебін киіп отырған кемпір-шалың,
Кеттің бе топырағын салмай?! – деді.
– Бауырымның парасаты мінекер көзім,
Жапанда қалғаным ба, шалғай?! – деді.

– Аусар ажал айбатпен келген күні,
Басыма күн туады қандай?! – деді.
– Әрі болсам айналып әлімді біл,
Жалғызым жолың болсын жандай! – деді.

Шалыңыз шамырқанды дұғаға көтерді қол,
... түпсіз дарияға рахматың мол.
Қырық Шілтен, Қызыры Илияс жеті мұбарак,
Жортқанда жолықтырма катерлі жол.

Көп пайғамбар көмектес ...,
Жалғызды жабырқатпай жәрдемі бол.
Патшалардың патшасы барша Құдай,
Өлерімнің шағында тілеуім сол.

Шамасыз шал мен кемпір екі жетім,
Корғасындаі бақытты қатқан етіп.
Егіліп жылап тұрған екі байғұс,
Алақан мен ойпалы шалбар бетін.

Толқытты, толықсытты Ермек ерді,
Іш қызып, ағызды аңы терді.
... шырқатты шалдың сөзі,
Қайғы үстіне қан құсын екі шерлі.

Шамасыз шалмен, кемпірмен хош айттысып,
– Қайда? – деп Шыңғыс тауы жүре берді,
Ел дегенде тұніліп елегізіп,
Екпіні елемеді қыр мен ерді.
Қайғыдан канталаған екі көзі,
Ай – аппақ, астын әрең көрді.

Талмай жүрін тақалды ел шетіне,
Маурап шал қусаған бел шетіне.
Ермек те екпіндеп жетіп келді,
Ауылға оқшау конған көл шетіне.

Жан бар ма жолаушымын сөз беретін,
Фаріпке кезіктірмей тез беретін.
Алыстан аңсан келген елім бар деп,
Жарықта ел табатын көз көретін.

Шаңқай боз ... шал шықты үйден тыска,
Көпті көрген көне еді, сөзге ұста.
Амандасты болған соң, сөз сұрайды,
Осал шал көрінбейді ойы қысқа.

Ермектен екі көзін айырмайды,
Сынап тұр өз әлінше текті құсқа.
– Қайдан келген баласың, қай нәсілден,
Қандай жанмен таныссың осы тұста?!

Алдайтын алмак шал жоқ анық сойып,
Бойыңнан білінін тұр ерлік нұсқа.
Ермек айтты: – Жарайды отағасым,
Үлкен адам қартаяр жұтар басын.

Ермектің: – Екпінім жоқ ол сынайтын,
Сынамай тез айтыңыз отағасы!
Затым – құл Тобықтының кірмесі екен,
Жанашыр жақынам жоқ аталасым.

Найманның ... шетінде туып өстім,
Қазірде он сегізде менің жасым.
Ер билетін ер болсаң іздеп келдім,
Найманда көбейген соң [тұр]мастан қаштым.

Найманнан шығып едім бақыр,
Ақсақал айта берсем қайғым ауыр.
Жөн сілтеп жолаушының жолын көрсет,
Жыланда жылы жерді көрер тәуір.

Ауылын тура көрсет Қабанбайдың,
Білмеген жолдың жөнін таба алмаймын.
Койдан жуас ... шаршап келдім,
Жайлыш болса, сол елде тағамдайын.

Қонақ жайын білмейтін қулар болса,
Түйесін Тобықтының баға алмаймын.
Ел деғенім көл болса тұрағы жок,
Тамырсыз тасқа қазық қаға алмаймын.

Іздеп келген бейнетім зинат болса,
Аруаққа бұғаны қоя алмаймын.
Ұл болсам бұл Тобықты іздер еді,
Құлдығымды жасырып таңа алмаймын.

Аруакызыз, атаусыз қалған жанмын,
Жұрт білетін мінімді жаба алмаймын.
Ер дегенде елігін алақтануға,
Ақау бар аяғымда шаба алмаймын.

Осындай жазылмайтын наукасым бар,
Түгелін қайсы бірін тәмәмдайын.
Ауылын тура көрсет Қабанбайдың,
Өнімсіз бос кеңесті қала алмаймын.

Шал айтты:

– Сөзің – асыл, ақыл – затың,
Терек сөзбен тербеттің жүрек дертін.
Атамыз ел іздеген бозбалаға,
Сый болмай, бақ қона ма, екі нағым?

Жастықта ер басына не келмейді,
Келтірмес қайғы ойласаң көңіл шатын,
Бұл елде мен білмейтін адам бар ма,
Естійін айтшы, кәне, әкен атын?!

Үйге түс, қонағасы іш, атың шалдыр,
Қалмасын мойнымда мейман хақын.
Ермек айтты:

– Құлақ сал, шалым! – дейді, –
Жасырмastaн айтайын тегін, – дейді.

– Арманда өлген әкем әңгімесін,
Ішіме қайғы салды мәңгі, – дейді,
– Енлік-Кебек … өнгендегі,
Найман мен Тобықтыға мәлім, – дейді,

– Арқан тағып мойнына арсыз Найман,
Қарамай көз жасына залым, – дейді,
– Шыңғыста шырылдатып кескілеген.
Алла деуге келтірмей тілін, – дейді,

– Осындау уақыт қайғы еске түссе,
Қандай жүрек болмайды жалын, – дейді.
– Қарт Қабанбай жатқан соң қара жерге,
Тобықты кеткен жоқ па сәнің, – дейді.

– Осындау жараланған Кебегінің,
... шал жоқтадың ба қанын?! – дейді,
– Содан қалған жалғызымын, атым – Ермек,
Күйіп тұр көп сөйлеуге жаным! – дейді,

Шал түсті шалқасынан: – Қалқам! – дейді.
Жалғызым, амансың ба, марқам?! – дейді,
– Есен-сая есің барда елді таптың ба,
Жолына жаным құрбан атан! – дейді.

– Өткен шырақ өлгенім тірілдің бе,
Өрісім кеңейдің бе арқам?! – дейді.
– Торқасы той толқынды ...
Көкпар қылып көкек тартам, – дейді.

Таяксыз жүре алмайтын аяқтарым,
Алшаң бас адымыңды талтаң деймін.
Ер таптай ентелеген кәрі жүрек,
Толды ма Ермек келіп қалтаң деймін.
Жел жағымда желегі желпің болып,
Жау жағым қалың еді жалтаң деймін.

Ер келді, ел көркейді бой жасады,
Қырық күн киратып той жасады.
Қой орнына өкіртін өгіз сойып,
Кедейлер кербез басып, бой жасады.

Ақындар да жиналышп, әнғе басты,
Бишілер де сандалышп, биге басты.
Жан кірді жамағаттың денесіне,
Шамасыз шал болмаса шүйке басты.

Естіген алыс-жақын келіп кетті,
Емі жоқ, екпінді ажал безіп кетті.
Киім кірлеп, тон тозған жолаушылар,
Қызыққа белшесінен жүзіп өтті.
Мол талаппен Найманнан келген адам,
Ел болудан үмітін үзіп өтті.

Шебер тіл, шешен таңдай, ұзын өзек,
Токтамас көпті көрсे бойын бөгел.
Наймандағы намысын оятуға,
Қызыл тілім қырындан келді кезек.

Сындырмас сырды таңдап ердің сағын,
Шебер тіл ... коймас жігіт бағын.
Елге кеп, есін жинап Ермек батыр,
Салтанат пен сәулеттің көрді тағын.
Қыз бер қызық қызырып катар тұрса,
Ақылсыз арзан берер қызық шағын.

Бір күні Ермек бала елін жинап,
Айтты Тобықтыға жазу жағын.
Мөлдіреген көзінің жасын алып,
Құнсыз өлген әкемнің айыптылаған.

Ермектің көз жасына жан қиналды,
Қайраты қажыры бар қан қиналды.
Естіген бозбаланың бойы суып,
Тамыр тасып, жүрекке қан жиналды.

Тобықты:

– Толықсын Ермек! – деді,
– ... ер Кебекті тербеп, – деді.
– Адамға өлмек – парыз, намыс – қарыз,
Борышты төлеу – міндет, керек! – деді.

– Жалғанда жарыкка ортақ хан бейнесі,
Хақиқат адап ойын көрмек, – деді.
– Ермегім, елін даяр елжіреген,
Құлашын боз баланың сермен, – деді.
– Жасақ жиып, жастардың күшін сына,
Ермектің еркін дертін сергіт, – деді.

Ер деген ел … жиып алды,
Соғыска керек деген қыынды алды.
Атасы Қабанбайдың ақ сауытын,
Үстіне: «Бисмилләһ!» – деп киіп алды.

Тастұлек тәуекел деп буды белін,
Екі жүз жігіт алды жинап елін.
– Шыңғыс тауы қайдасың?! – деп жүрін кетті,
Ежелгі еске түсіп мекен елім.

Тарқатты тар кезеңде Ермек дертін,
Сарнатып жалыннадты шын ортін.
Қамданды, қажырланды, қайраттанды,
Денеге күшін жиып емін-еркін.

Қар жауып қабағынан беті суып,
Қала ма қап түбіне қайрат шіркін?!
Қан тамыры қарайып, аузын алып,
Қара жүрек қамданды дүркін-дүркін.

Қантардағы бурадай калышылдайды,
Айбаты ашу басып айқын көркін.
Ер болсаң Ермектей бол, ел сыннасын,
Бір туған азамат өлмек бір күн.

Ермекте көз жіберді жауға қарсы,
Екі жақта биікті алмақ тауға қарсы.
Қарсанда қалың Найман қаптап жатыр,
Ажалды балықтай ақ ауға қарсы.

Қара көзін қан басып, түгі шығып,
Арыстан ақпак болды жауға қарсы.

Карауылмен тұрындар, болма қапы,
Адамға ұлken қару – әдіс, ақыл!
Бет пердесі онбаған берік дүшпан,
Жанғыз барып кірісуді көрді макұл.

Кемшілікпен Кебек өлуді көрдің намыс,
«Екі коныр» деген сөз кетті дабыс.
Ашу мен ыза қысып тұла бойды,
Ұзақ түн тоқтамастан қылсам шабыс.

Осы дертім тоқтамас өзегімнен,
Алланың аманатын қылмай табыс.
Ақ найза, ақымақ оқ алғыр қылып,
Жігіттің мүшесі гой ұрыс, кағыс.

Ажал деген айбатты айда қырғый,
Анқау аяқ інірімін бассан шалыс.
Уақытша … бол …,
Бойға иіріліп жер қойнынан Ермек алыс.

Өсімтал жаңа миуда атқан шешек,
Өрге ұмтылып өлімді қылмай есеп.
Елінен Ермек шықты деген хабар,
Найманға жетіп қапты жүйрік есек.

Ұшқандай ұшан-теңіз ұшқыр хабар,
Қаптады қара бұлттай кесек-кесек.
Сумандаған сұық сөз тақалған соң,
Жиналды тамам Найман десек-десек.

Бұрын барып Шыңғыстың тауын алды,
Қорқақ жүрек қобалжып қауып алды.
Ермектің асыраған нағашысының үйін алды,

Кой дейтұғын қожасы жоқ надан Найман,
Оп-онай олжа малды тауып алды.

Қособа деген жерге … толып,
Ер деген ерек, әйел басын қосып.
Қалың жаудың қарасын көргенменен,
Ермек те сескенбейді жаны шошып.

Ермекті Қособадан тосып Найман,
Қалың қол, қара тобыр, ақ қанат жайған.
Жау жағын жарыққа сап жанталасқан,
Қарауыл қарап тұрды сансыз сайдан.

– Ермек ер келеді! – деген шу да шықты,
– Келді жау кезек! – деген дау да шықты.
Есаландау есерлер босқа шауып,
Алқынып ат шабынан бұ да шықты.

Ермек шықты Шыңғыстың даласына,
Жақындаپ Ақшоқының саласына.
Кебек өлген кезеңге тақалғанда,
Жас толды екі көздің шарасында.

Толкынды, толықсыды, толғанды Ермек:
– Мынау жатқан ата-анам
Қозы Қөрпеш-Баяндай!
Қүйіп-жансын жүрегім,
Шақкан қайғы шаяндай,
Токтауға келмес ыза-куш,
Қылышым қанға боялмай!

Ермектің жауды көріп есі кетті,
Ісін көрген пендениң түсі кетті.
Орғып, оқшау шығып жолдасына,
Шыңғыстың шың ғанаң кесіп өтті.

Мұны көріп Найман шулап шықты:
– Келді жау кезек! – деген дау да шықты.
Қалды шаттар кезеңде бір шайқасып,
Көпіріп көкжиектен шу да шықты.

Ермек шапты қарсаңды қабақталды,
Шетінен [шөп]тей шауып сабақталды.
Мың қойға жалғыз тиген аш бөрідей,
Қия шауып қылышпен тамақталды.

Басын баудай түсірді балуандарды,
Мойның бұрып артына қаратпады.
Қасы құлақ манатты қара тұлпар,
Жылмиып жылға түбін жанатпады.

Тура келсе құлатпай жібермеймін,
Талай кулар туралып салақтады.
Құн батқанда Найманды науат қылып,
Кім өліп, кім қалғанын санатпады.

Қу білді, көтерді Ермек осы кеште,
Енреді ата-анасты түсін еске.
Қырдан аққан қызыл қан судай болды,
Қоспады Наймандардың жүзін беске.

Орасан науат болды жесір-жебір,
Қыылды қыршынынан талай өмір.
Найза мылтық Ермекке ... қылған жок,
Іші жібек сауыттың, сырты темір.

Талай жан қырғын тауып, құлап жатыр,
Өлмегені өкіріп, жылап жатыр.
Қоянжүрек, қорқақтар босқа нәсіп,
Мертігіп, бок басында құлап жатыр.

Кемер тасқа кептеліп қаша алмаған:
– Ағатай, жан сауға! – деп сұрап жатыр.
Тар жерде тасқа тойған жаяулардың,
Кей жерде етік, кей жерде тымақ жатыр.

Кейбіреудің басының жартысы жоқ.
Шабылған шекесінде құлақ жатыр,
Өлген соң өлгендердің қаныменен.
Ағызып қызыл қанды, бұлақ жатыр.

Азыққа деп арбалап алып келген,
Сайларда тоқты менен лақ жатыр.
Қан шығып, ғаріп болып шаттар жатыр,
Шат түбінде топ-топ боп қаптар жатыр.

Ағаш арба жегулі өгіздерге,
Сүзулі құрты менен қаптар жатыр.
Байлаулы құлыштарда тұр, биесі жоқ,
Қос құлақ көген тартқан, иесі жоқ.

Таралған балапандай басын қорғап,
Шашылып шаруа жатыр, иесі жоқ.
Жел шықты танға жақын ұл деген,
Кешегі кеменгердің бірі де жоқ.
Талтайып тау басында гүл деген,
Қособада қопиып тұла қапты.
Желпініп жел соққандай ұл деген.[164]

Ақынның немересі Төлеубай Шәрәпиденұлының өлеңдері

Мәшһүрдің «Өсиет» өлеңі

1930 жылды Мәшһүр өсиеті. Көп халықтың сұрауы бойынша Мәшһүрдің өз аузынан шықкан сөзі:

Мәшһүрдің өз аузынан айтқан сөзі,
Бұл сөзін сұраушыларға айтып өзі.
«Өлсөн көрің болсын!» – деп айтқаны,
Жетпіс екі жасында болған өзі.

Басынан Жалғызтөбе үй салдырдым,
Жидырып жігіттерге жер қаздырдым.
Өтерін Мәшһүр Жұсіп болжаған сол,
Жетпіс үш жасын сонда ойға алдым.

Шақыртып екі адамды хабар беріп,
Естіген сырттан оны қалаушы деп.
Олжабек пен Сәрсембайы келді жетіп,
Мәшһүрден тірісінде бата аламыз деп.

Үй бітті, риза болды Мәшһүр ата,
Өзінен біткен үй болмай қата.
Ат берді, ақша берді ақысына,
Олжабек алмай қойды сұрап бата.

– Ал, – деді, – ей, Олжабек батам менен,
Үйімді әдейі келіп салып бердің!
Мәшһүрден бір ат мінбей қайтпассындар,
Мәшһүрді көріп пе едің жаяу жүрген.

Бата деген ол саған бата болмас,
Құр бата алғанменен көнілің толмас.

– Ал дегенде аласың, ей, Олжабек,
Мәшһүрді аямандар, жаяу журмес!

Үлкен қып мен салдырдым қандай оймен,
Өлгендө панам болсын деген оймен.
Жаяу бол, көлікті бол жүре алмаған.
Паналап тұнеп шықсын деген оймен.

Тұнесін адасқандар ракаттанып,
Жылынып, есін жиып, отын жагып.
Мәшһүрге тұнеп шықсын аман-есен,
Деген сөз: «Құдай рахмет!» – дұға жасап.

Бұл өсietі қара сөзбен Олжабекке айтқан еді, бұны шағын сөзін өлеңге аудардым айтқанын өзгертпей Мәшһүрдің тарихын, сөз, әңгімелерін ақын-жазушы болмасам да. Мен атама бес жарым жа-
сымнан он төрт жасыма дейн қолында қызмет еткем 1922 жылдан
бастап, 1931 жыл қайтыс болған күніне дейін. Мен – 1917 жылғы,
Мәшһүр жылы – қой, 1859 жылғы. 1922 жылы 63 жаста болатын, 1931
жылы 73 жаста болатын. Мен 1931 жылы он төрт жаста бала жігіт
кебісін әкеп, таяғын қолына әкеп, шәйнегін алыш, сонынан ердім,
леген әкеп, қолына су құйдым, орамалын әкеп, қолына бердім, жай-
намазын жайып, алдына қойдым, төсегін салып, таңертен бүргесін
қарадым, қағаз, кітап, сия сауытын алдына әкеп қоямын.[165]

Мәшһүр Жұсіп Қөпееев

Ел аузынан

Жүйрік ат, сұлу қатын, қыран бүркіт,
Ақ жайқын, жайнап тұрған жарың болса.
Сымбатты, сұлулы бірге тұрса,
Көркімен күндік жерден шақыргандай.

Ерніне жарастықты күліп тұрса,
Белдеуде жүйрік атың тұрса шолғып.
Келіп қарап тұрса жарың мұлқін,
Тұғырда көк қаршага о да тұрса,
Дүние-ай бұдан артық бар ма қызық?!

Отыrsa бұран белің тізелесіп,
Керіліп, шайын койып, бірге ішіп.
Жарасып, әзіл тілмен оспақ қағып,
Күлдіріп әзілімен шүңкілдесіп.

Керіліп күлімдесе калқажанның,
Бағасы оған жетпес дүние-малың.
Жарқырап туған айдай толқып тұрса,
Беу, дүние-ай, бұған жетер бар ма жаның?!

Атыңнан секіріп түсे қалып,
Құшактап сүйсөң қандай калқажанды,
Белдеуге жүйрік атты байлай салып,
Осындай болса жары жігіт сәнді.

Қыңсылап босағада жатса тазы,
Жігітің көңіл ашар деген шағы.
Толтырып қанжығаны құс пен анға,
Қайтсан бір кешке қарай жортып тағы.

Күмістен қара шақша қолға алып,
Қонышына етігінің тықылдатып.
Үтілген бакунептен аш болса,
Жатсаң сол тіл астымен шыртылдатып.

Ортада үлкен тор ат аты болған,
Қамыс құлақ, сом дене, шықпас жолдан,
Шеткі аты жүйрік құла ат Айдабигелдің.

Шетінде бөкен шауып мойын бұрған,
Атқосшы Бірайдың Салық болған.
Тағы да Бошан Рақым Әйтім болған,
Кошқол Әбен ұлы жан басқа.

Атқосшы атамыздың бұ да болған.
Аязбайдың Әбені бұ да атқосшы
Атаның кедей топтары бәрі дос,
Табықтың Базарқанын тағы қоссақ.

Осылар бос ұстап бұлдылған атқосшы,
Жолмұрат, Қасенғали, Алшынқара.
Кetenің Қанапия Ақмырза да,
Осы бір бар адамдар айтсақ бәрін.

Көрсеткен еңбектерін атамызға,
Сан еттен кездікпенен ұсақ турал.
Жегізем ителгісін қолмен ұстап,
Туырдан алғызады бері әкел деп.

Отырады ителгесін тамашалап,
Жаз туса ителгесін құсқа салып.
Қаз-үйрек, ұшқан құстың зәресін ап,
Көлінде Ескелді зор дабыл қағып,
Қаз куған … қайран қалып.

Тоңқайып тансәріде намаз оқып,
Дамбалсыз оқитүғын дәрет алып.
Балалық жындылықтың арқасында,
Ұстадым көк дорбасын еңкейіп кеп.

Ақзекең көріп қалып түйді жұдырық,
Оны атам біліп қалды намазда отырып.
Намазын қоя салып Ақзейнепке,

Зейнепті Тінейменен боктады кеп:
– Сенікін ұстаған жоқ мені ұстады,
Жұмысың қанша онда! – деп ұрсады.
Қайтадан шала оқып сол намазын,
Ұрыспай, «Төлеубай!» – деп жай жұмсады.
Сақтаған жау оғынан батасы ғауи,
Өлсе де аруағымен тіледі ғауи,
Қанды жол, қырғын оқтың бәрін кештім.

Бұл Мәшһүр Төлеубайдың атасы ғауи,
Сегіз жыл жүрдім Отан солдат болып.
Бір емес жеті шайқас жузін көріп,
Бәрінен аман болдым ажал жетпей.

Фанемді тірі көрдім аман келіп,
Тиіспе айтам елім Төлеубайға.
... бұл айтқанымды алсаң ойға,
Ешкімнен соқыр тиын дәметпейтін.

Еліммен күлін-ойнап жүрем жайға,
Осы елдің керісімен қара қасқа.
Баюға ынғайым жоқ, түрім басқа,
Айтсам мен еш кісіңен кемдігім жоқ.
Айталық туған ел мен бауырласқа,
Не өмір, не өлім деп соғыс бардым.
Қатарда мен де қалмай қару алдым,
Халқыммен бірдей болып Отан қорған.

Коммунист партияман алғыс алдым,
Далаға тастамайды ешкім мені.
Бағалар Отан үшін еңбегімді,
Айыпқа бұйырмандар өлген кісі,
Жаздым сол бастан-аяқ көрғенімді.[166]

Төлеубайдың «Бұзай шалғыны» өлеңі

Бұзай Найзатасы Баянауыл,
Нұлы өлкे Бұзай деген шалғын жазық,
Ұнатып мекен қылған қазық қағып.
Жәмидің Бұзай деп аталған сон,
Ақын қарт дәптеріне қояр жазып.

Солтүстік Найзатастың сол шетінде,
Кім қымбат, ұста қымбат, ол бір кезде.
Бозбала болмасам да бір көріп ем,
... жаңа өспірім қызы кезімде.

Темірден шеті соққан Құлеке ұста,
Баласы Құлмағанбет Жәми ұста.
Ол кезде дарын біткен өнерлі адам,
Бұл кезде бола коймас ондай ұста.

... бұл кезде Бәкең ұста,
Рахмет хат үзбейді жазда, қыста.
Жарықтық, ата достық баласы боп,
Өнеге көрген адам – жақсы

Жазам хат анда-санда қадір тұтып,
Құрбылас замандас деп көніл етіп.
Ақындар қылыш тілмен жаза бермек,
Құлуге түрлі тілмен сөзбен істеп.

Көңілге ауыр тимес жазғанымды,
Қатарға санап сондай ақсақалды.
«Бай бастысы, би құлақтасы» деген осы,
Қарсы алар бұра сейлеп жазғанымды.

Бұзайға мен де бардым Мәшһүрменен,
Білемін барғанымды жас күнімнен.

Жиылып ақсакалдар Мәшһүрге сәлем берді,
Жаздым сол көргенімді көргеніммен.[167]

Төлеубай Шарапиұлы толғауы

Дәм тартып Екібасқа келіп қалдым,
Білуге балалардың амандығын.
Көз көрген ескі көздер, дос-жарандар,
Осылардың мейман достас қонағымын.

Айналдым, ата доспыз Жәке ағай,
Көзіме көрінгендей Баянтаудай.
Жарықтық екі газиз ұрпағымыз,
Әуелден араласқан ішек-бауырдай.

Мәшһүрді көзім көрген жалғыз қалдым,
Жүрмін мен ортасында балалардың.
Кемпірім ол да кетті дағдыр жетіп,
Ішінде жесір шал боп балалардың.

Жас келді бір сексенге ол да тайып,
Үйірден үркіп шыққан жүрмін саяқ.
Үйімде шүңкілдесер кемпір жоқ,
Отырам іштен тынып Фанемді ойлап.

Құмдықөл, Ескелдімен екі ел болдық,
Көршилес Мәшһүр, Машрап ауыл едік.
Өткенді еске салсаң бір толқисын,
Жұртында түбірі боп біздер қалдық.

Мен көрдім Қәрекең мен Ақ әжени,
Көзіңе елестетіп өткендері.
Дүкенін Дәуіт пайғамбар хазірет етіп,
Темірді нанша илеп төкті терді.

Ертеде Саржан барып егіп салды,
Өнерпаз егін шығып диірмен салды.
Ұзын сор оң мен солы егін жай боп,
Саржанға жел диірменің өзі салды.

Мәшекенің бұл не деген бай өнер,
Жер термен қолмен жасап және дүкен.
Менгерген сол заманда алтын қолдар,
Халыққа паш еткізіп бұл өнерін.

Кетті ғой, есіл ғазиз, жас жетіп,
Өнерлі, сегіз қырлы бәрі кетіп.
Жатқан жер жайлыш болсын топырағы,
Халықтан бата алғандар қызмет етіп.

Сөз еттім Мәшекен ата өткен жайын,
Кәрекенде көрдім мен ұмытпаймын.
Топырағы торқа болсын үш арулар,
Ақ әже иманды бол ару жайын.

Шорабай тілді бастар туған жарың,
Бес тәбе құдығынан суын іштін.
Туған жер туып өскен Сарышорабай,
Қалдың ғой есіл жерлер күл төккенім.

Исабай, Мұсабай мен Тартпай бабам,
Дәріс, Мұсай мен Кебеш атам.
Аруағы осылардың мың аунасын,
Артында дұға жасар Жұқаң балан.

Шапең мен Құлік молла Қасенғали,
Ақмолла, Жолмұрат, Шәдім және Құрманғали.
Жонай мен ... ата, Тәш атамыз,
Омарқас, Әбілқас пен Мұқан, Салық, Ыбырай.

Бір ата аталмапты Қартбай ата,
Ахмет қысық ата Қали молла.
Зияда қара жігіт Байзау және
Шайыппен, Нақша мен Қажак ата.
Бәріне Құдай рахмет берсін Алла.[168]

Төлеубай өлеңі

(бірінші өлең)

Тағдыр көпті өгей етіп,
Мейірімін азға төккенде,
Әділеттің жер бетінен табылмай,
Үзілгенде үміт, сенім көктен де.

Сен келгенсің дүниеге,
Елің азып шөккенде.
Қаранғылық, надандықтың құрсауы,
Қайыстырып қабырғасын сөккенде.

Өнегелі өшпес мұра қалдырып,
Қаранғыда жарық сәуле іздедін.
Өнер, ғылым, олжа істерге шақырып,
Алыстаған армандарды көздедін.

Сенің жырың жаңа өмірді көксеген,
Жабыққанды сергітуге жараган.
Иран, татар, орта Азия халқына,
Парасатты асыл сөзің тараған.

Басын косқанда ғалымдары шығыстың,
Терең ойдың бұлағы деп санаған.
Дарынды ақын айнасы деп өмірдің,
Қошаметтеп бас иісіп тараған.

Жұлдызынан бұрын туып жабықтын,
... болып кер заманан жалықтың.
Қарғыс айттың тағдырыңа ашынып,
Арманы үшін азаптағы халықтың.

Октябрьде туды күнің сағынған,
Тәңірлерін ... табынған.
Азат елің есін жиды, есейді,
Сәтті соқты талай жүрек табынған.

Сенің мұран өситетің қалдырған,
Орын алды жүргегінен еліңнің.
Оған айғак музейің мен зиратың,
Аясында өсіп-өнген жеріңнің.

Мәшіүрдің казынасы сөзінде еді,
Шындықты ашып айтты кезіндегі.
Әрі ақын, әрі үш жүздің шежіресі,
Қазактың бар ниеті өзінде еді.

Ұстазым Мәшіүр еді өзің шыққан,
Ғылымның неше түрін зерттеп баққан.
Білгендерін таратып ұрпактарға,
Құлазыған далаға дабыл каккан.

Ұстазым Мәшіүр еді сабак алған,
Өсиетін сақтадым содан қалған.
Дарға асса да қайтпа деп ақиқаттан,
Адамдықты, адалдықты етер талқан.

Тайсалмай дұшпаның қарсы тұрған,
Үгіттеп қүш пен қуат берген еді.
Іккылас қып бауырдай мейірі түсіп,
Койынға бір тұн алып жатқан еді.

Ант берем Мәшіүр сенің аруағыңа,
Мәңгілік жүрегіме сактауыма.
Ұмытсам ұмытармын өмір бітсе,
Серт қылдым өлгенімше ұмытпаска.

Асылсың ала ... асып туған,
Бас ием қабіріңе барамын да.[169]

Төлеубай өлеңі

(екінші өлең)

Атаны тірісінде көзбен көрдім,
Соңынан шәйнек алып еріп жүрдім.
Жұмсайды анда-мұнда немересін,
Күнделік қажет еткен тіршіліктін.

Кебісін алып келем аяғына,
Жүгірем онан кейін таяғына.
Кигізем онан кейін сарт шапанын,
Карайды дала шығып жан-жағына.

Дәретке отырады алыс барып,
Карайды жан-жағына көзін салып.
Құйрығына қол жетпейді атамыздың,
Құйрығын қағазбенен өзім сүртіп,
Қайтамын атамызды үйге алып.

Шешіндірем кпімін қолымменен,
Апарып өз орнына оны ілемін.
Таяқ, кебіс бұларды өз орнына.
Бұларында өз орнына мен қоямын.

Алдына әкеп қоям сары леген,
Жез шәйнекпен қолына су құямын.

Беті-қолын, аяғын да шайып атам,
Қолына орамалын ұстатамын.

Бұдан соң дайындаймын жайнамазын,
Отырып оқиды атам бұл намазын.
Шәйнегін, легенін қоямын оны жиып,
Бұл кезде алты жасар мен баламын.

Төсегін саламын қолмен жайлап,
Отырады мені қарап көзбен байқап.
Арқасын қасытады атам және,
Жүргенім ертеңді-кеш мен аталап.

Тұн іші тұрғызады женіл дәрет,
– Эй, жаным әкел! – дейді, – шанағер, – деп.
Дауысын естіген мен атып тұрам,
Қолына су құямын шәйнек әкеп.

Атамыз қолын нұскап шабаданға,
Оған жақын тұрады жәшік және.
Алдына әкеп қоямын өз алдына,
Қалам, сауыт оны да қоям және.

Дөңгелек үстел үсті қағаз, кітап,
Қауырсын қаламменен жазады оны мұқияттай.
Артынан болғаннан соң қағаздарын,
– Апарып сал! – дейді, – оны шашпай жинап.

Ұтыш пен лампісі шыны мойын,
Сұрткізіп қойғызады түнге дайын.
Жаққызып қойғызады өз алдына,
Атаның қамын ойлап хәлмен жайын.

Шәй-сайман ыдыстары болды бөлек,
Ішеді өз жайына жекеленіп.

Кесек қант тәрелкеге тастап бірің,
Сұт құймай қара шәйді ішеді кеп.

Аузына бір үзім нан салмайды,
Аузына апармайды сары майды.
Ірімшік, құрт бұларды керек етпей,
Құрнектай су ... қара шайды.

Қалмай Өдірбалағы бар Ескелді,
Тірісінде өзі ұнатқан бұл жері.
Ортасында Жалғызтөбе кең жазық,
Оң жағында жарқыраған тұр көлі.

Қора салып, қыстау етіп бұлаққа,
Айналдырып осы жерін тұраққа.
Моллаекен ауылы болды Ескелді,
Ел аузына «молла ауылы» деп құлаққа.

Жалғызтөбе биігі бар ортада,
Бұл төбесі көрші болған қандай деген адырга.
Үш бөлмелі үй салдырып: «Жерім!» – деп,
Көзге түсіп бадырайып тұр басында.

Жиырма бесінші жыл қоныс етті бұл жерге,
«Мәшһүр ауылы» деп атанды әлемге.
Қашайадыр бұлаққа қора салдырып,
Қоныс болды ұнатқан жер Мәшһүрге.

Көшкен жері Әмір ағаң Акшиі,
Әмір ағаң көшіріп әкеп үйіне.
– Ей, моллеke, қата менің төбеме,
Балаңыздың біз нағашы қыз үйі.

* * *

Қам жазып Екібасқа келіп қалдым,
Соғыстың мен қатарда ардагермін.
Жатканда денем ауырып әлсіреймін,
Жасымда қызды қуған бозбаламын.

Жатырмын Екібастың дәрігерінде,
Айналдым, жүзі жұмсақ, жылы тілде.
– Қызы қуған қызыл май! – деп койып,
Мазактап соғыс шалға көп құледі.

Келдім мен атам менен өз басына,
Алпыс бес тағдыр келді бұл жасында.
Арыстай боп жатырсың сен аруым,
Дүға жасап отырмын мен басында.

Жатырсың Ескелдінің белесінде,
Мәшекенің сүйген жері төбесінде.
Мың тілеп мен Құдайдан сұрасам да,
Кез жетті тіріліп кайтып келмесіңе.

Ескелдінің бұлағына қора салдырып,
Тірінде көктем шыққан жаздай едің.
Не болмақ жақсы-жаман әлде өмірім,
Отырамын бір бөлмеде сопақ болып,
Айрылған көп топтан қаздай болдым.

Айналдым кішіпейіл дәрігер балам,
Алланың жақсылығы болсын саған!
Әкеңдей домалаған мен де шалмын,
Маған да ем боп қонсын өкіл дәрің.

Кемпірім былтыр өлді, жұтаң шалмын,
Кемпірден айырылып мен жалғыз қалдым.

Отырмыз балалардың аясында,
Мың шүкір тілек бол балалардын.

Кыздарға өлең жазғыш ақын едім,
Исадай сұрып салма ақын едім.
Бір тойда сексен қызбен мен айттысып,
Ішінен бір сұлуын алып қаштым.

Осыдан ыстық-сұық бол ауырғаным,
Кемтар бол көтерілмей денсаулығым.
Ертеде қара шұбар қызы жұдырықпен қойып қалды,
Осыдан жерді сүзе құлағаным.

Осыдан ұзақ жылдай жүрмін ауырып,
Жас күнде балалықпен жүрдік шауып.
Не ақым бар қызды куып, жаяу жүрмей,
Бұл күнде ... бол ауырып.[170]

Төлеубай өлеңі

(үшінші өлең)

Жерінен Ескелдінің қора салған,
Баурайы Қашайадыр бұлағынан.
Ұнатқан жері екен қырысында,
Әуелі «Мәшһүр молла» деп аталған.

Қолыма ақын болып алдым қалам,
Тыңдасын өлеңімді естіп адам.
Алпыс үш, жетпіс үштің арасында,
Сөйлейді ақиқатпен Мәшһүр бабам.

Бес жастан бірге тұрдым атамменен,
Мен бала болсамдағы көзім көрген.

Жеті жыл Ақши деген жерді қыстап,
Дос еді, құрдас еді Әмірқанмен.

Отырады өзі жеке төр үйінде,
Жолданған өзі таза бұл үйінде.
Алдына әкеп берем қағаздарын,
Жазады ермек етіп күнде-күнде.

Атанаң түсі суық көрген жанға,
Жылнадай байқалады бұл адамға.
Шарапат қасиетінен сезіктеніп,
Ұқсатар көрген адам оқжыланға.

Ешбір жан маңына көріп бара алмайды,
Үстіне баса көктеп кіре алмайды.
Суытып бір қараса көзін қадап,
Бірде-бір шыдап адам тұра алмайды.

Ел-елден сәлемшілер келер қонақ,
Алдында дастарқаны толып қонақ.
Қысы-жазы кісіден босанбайды,
Мәшіүрді көреміз деп келер аңсал.

Отырады ермек етіп қағаздарын,
Бірде оқып, бір қойып жазбаларын.
Қонақ келсе, бұларын қояр жинап,
Әнгіме айтып, риза қып қонақтарын.

Мен енді көргенімді баяндайым,
Жазамын ақын болып атам жайын.
Он жылдай қызмет еткен немере едім,
Болмас деп жазсам бұны жазатайым.

Жүруші ем балалықта ойынменен,
Он жылдай өмір өтті атамменен.

Күні-түн ойын қалды Төлеубайдан,
Атаға ыстық болған немеремін.

Кебісін әкеп берем аяғына,
Жұмсады анау тұрған таяғына.
Шапанын, көгер бөркін кигіземін,
Қарайды дала шығып айналға.

Төсегін атам тұрса, жүрем жинап,
Көйлегін кигіземін бауын байлап.
Ол кезде түйме деген жоқ болатын,
Болмас деп жазсам бұны белде байлап.

Жатарда салып берем мен төсегін,
... бір басының болды ерен.
«Ал, балам, арқам қасы», – дейді өзі,
Арқасын екі қолмен қасып берем.

Беті-қолын намаз сайын жудырамын,
Қолына әкеп берем орамалын.
Беті-қолын орамалмен өзі сүртіп,
Алдына әкеп жаям жайнамазын.

Жалаң бас, жалаң аяқ тұрар намазына,
Оқиды таң сәріден бұл намазын.
«Қаунасы қайсы молла набадан», – деп,
Оқиды ... деп таң намазын.

Атаның денесі ауыр еңкеймейді,
Құйрығына өз қолын жеткізбейді.
Қалтасынан қағазын береді маған:
«Ал, балам, құйрығымды сұрт, балам!» – дейді.

... ұлы сөзде ұят болмас,
Айтсам бір көргенімді күнә болмас.

Атаға қызмет етер кезім еді,
Бұл жерін құліп маған ысқақ қылmas.

Төр үйде тұрды ілулі домбырасы,
Күнгірлең даусы күңгірт шығар даусы.
Өлеңші, домбырашы келсе конак:
«Бер, – дейді, – ана тұрған домбыраны».

«Карғам-ая», «Қызылбидай» өлең айтып,
«Топайкөк», «Сырымбет» пен Майраны айтып.
Ескі өлең, ескі күйді естін атам,
Береді баталарын: «Аман бол!» – деп.

Ителгі томағалы құсы болды,
Отырады тұғырында оң мен солды.
Тұrap ... саптаяқта жемін беріп,
Шештіріп тұғырынан алғызады.

Қолымен томағасын өзі алып,
Сипайды қолыменен танырканып.
Артынан томағасын кигізеді,
«Ал, балам, орына апар!» – дейді айтып.

Атамда қара қасқа тазы болды,
Қуғанда қуып жетер қосаяқты.
Қоян бір қадам аттатпайды,
Шалады қуған аңын оң мен солды.

Атама көрсетпейміз қусақ анға,
Қосамыз жасырып біз қосқан анға.
Керсе бізді тірідей өлтіреді:
– Тазымды неге қостың қосаяққа?!

Қонақ келсе, күнде мал сойылады,
Ауылдың эйелдері қазанға жабылады.

Ішек-қарын, бас-сиракты ұйытып бәрін,
От жағып, жер ошақпен таң атады.

Мәшекеңнің боз шамалы қойы болды,
Кой есіру Мәшекеңнің ойы болды.
Күнде қонақ Мәшекеңнің келіп жатқан,
Тірлігі Мәшекеңнің осылай болды.

Зекең жүрер: «Әтиім, Әтиім», – деп,
«Атаңың кірін әкел, жуамын», – деп.
«Кіріңізді сұрайды Зейнеп келін»,
Береді: «Кір болғанын апарып бер», – деп.

Зекең келіп, өзі сұрап алу қайда,
Мәшекеңе кім болсын бата алмайды.
Тұсінен, отырысынан коркып адам,
Қасына ешбір жандар бара алмайды.

Жүгірем қызылша ізден адырларға,
Аяғым судай канап қараганға.
Орта қап қызылшаны әкелемін,
Жусадай екі аяғым қызыл қанға.[171]

Ақши

Толғай
Мәшһүр Жұсіп Көпееев, 1924 жыл

Атаға қолды-аяқты болдым бала,
Соңынан шәйнек алыш ердім жана.
Жұмсайды анда-мұнда немерем деп,
Атандым арқасында ерке бала.

Жеті жастан он төртке келгенімше,
Қолында болдым жала өлгенше.

Жол жұрсін, үйде болсын, мен касында,
Бұнымды көрген халық әлденеше.

Істеғен еңбегімді айтсам бәрін,
Қағазбен жеткізе алмас тізек санын.
Аузынан айткандарын тізіп алып,
Айтқанын бұлжытпастан таң ұрамын.

Айтамын бұл ісімді көргенімнен,
Немере болғандықтан білгенімнен.
Кәріліктен денесі ауыр болған атам,
Мойылды таяғымен жай жүретін.

Төсегін кағушы едім қысы-жазы,
Атамның ерекше еді тазалығы.
Ол кезде бүрге деген бар болатын,
Қараймын бүрге болса алып тағы.

Жатарда мен арқасын қасып берем,
Атама бұл сіңірген зор еңбегім.
«Балам, – деп, – көрпемді әкеп жапшы», – дейтін,
Бір сондай мейрімді оныменен.

Дауанда тамыр орысы Иәшке деген,
Тұскенін тас мойшаға оны кордім.
Арқасын сыпырғышпен барға соғып,
Дорбасын қызық көріп құлуші едім.

Сағынай, Субек деген болған ұста,
Бұлармен достас еді сол бір тұста.
Қасапшы Шұлтай менен Қасым деген,
Атаның тілін білген сөзге ұста.

Атамыз өзі таза, сәнқой еді,
Үстіне білген емес жөн киім...

Қант-шай, шай достар бір өзінде,
Сұтсіз шай, түйір кантпен ішкен еді.

Имамбай, Жами деген болды ұста,
Өңгіме ескі сөзге боларда ұста.
Бұларды көрген кезде қуанатын,
Бір досы жақсы көрген Машрап ұста.

Бата Апай өзі Апай аты аталған,
Атанып ер адамдай аты болған.
Бұлар да Мәшекенмен сырлас болып,
Көз көрген атамыздың досы болған.

Ақшиге жеті жылдай қыстадық біз,
Әмір ағаң қызмет еткен бұл атамыз.
Иманғали, Шайқи, Қасен көрші болып,
Атамды айтушы еді дүға ...

Әмір ағаң ат термені болған еді,
Айтамын бала күнде көргенімді.
– Үйінде моллекемнің ұн бар ма? – деп,
Екі қап бидай тартып берген еді.

Қара ала таз болды атамыздың,
Атама қарсы қарап жататұғын.
– Төлеубай ас қойши, – деп, – тазыма, – деп,
Шақырып, қолын нұсқап, айтатұғын.

Арбасын айтып маған майлатауды,
Жез ауыз трашпенге қорабталы.
Өрмелі, шлиалы, қамыт-сайман,
Бәрін де көзбен көріп байқатады.[172]

Төлеубайдың «Құ соғыс» өлеңі

Аттандық біздер солдат болып соғысқа,
Қапшықты іліп, солдат болып, мойынга.
Қоштасып біздер туған елменен, жерменен,
Отырдық келіп, солдат болып, поезға.

Артымда қалдың жан сүйерім, боздағым,
Ғұмырылых едің озім сүйген сен жарым.
Шығарып салдың озат жолға сен мені,
Артымда жылап, құлыштақтай сен қалдың.

Жылап қалдың сен артымда жан жарым,
Тұтанып сол оқпен оты соғыстың.
Күдер ұзбе, белді бекем байла сен,
Өзің сүйген құлыштақтай мен – боздағың.

Кетін қалма сен жастықпен бұзылып,
Мен байғұсты ойға салма жүдегіп.
Шықкан жерің төркініңді паналя,
Жан ашыр, сол сені туған қызым деп.

Көріскенше тірі болып қош енді,
Еске сақта, соғыс деме осымды.
Елге аман оралсам, тірі боп,
Ұмытарсын алдына шығып бір күнде.[173]

Солдат мұнды

Қайран жерім, қайран елім Сарыарқам,
Мен сағындым қош иісті самалдың.
Естен кетпес туған жерім, мекенім,
Туып өсken кең сақара байтағым.

Төбем – бомбы, кеудем – окка түстім мен,
Аяғымен кызыл жалын от бастым.
Отан үшін ата жаумен айқасып,
Қаншама жер жаяу жүріп жол кестім.

Бел шешпедің қысы жазы кім солдат,
Соғыс заны бәрі осылай алапат.
Жеркебемен Акауовтарды мекен кып,
Зұлым жауды күні-түні атқылап.

Бір қасық су шөл далада таба алмай,
Алар шөлдеп ыстық шілде мазанды.
Бір жатасын, бір тұрасын жауды аңдып,
Шыр атып атылатын жыландаі.

Автомат пен шұлмек жаңа гранат,
Бұл жүгінді тастамайсын арқалап.
Даҳрап өмір бір басына өгіз боп,
Көзіңнен сөйлесін сол мадап,
Киындарын көрдік талай соғыстын.[174]

Әдігер

Корлама соғыс ағанды,
Сыннан өтіп сыналған!
Корғады бұлар таңын,
Көрсетіп ерлік сан алуан.

Корлама соғыс апаңды,
Бұл күнде бас ағарған.
Отанға батыр атанды,
Отан үшін олар жан қиған.

Ардакты деген ардакты ат,
Осылайша тағылған.

Партиям тұр ғой ардактап,
Қатары сиреп аз қалған.

Қабарсыз бен тірісін,
Бірдей көріп жоктаған.
Үкіметім партиям,
Ардағер деп ат қойған,
Жарқыратып кеудесін.

Жоғары бағалап бұл ісін,
Ардағер өмірін жасартқан.
Сыйлаңдар соғыс солдатын,
Болсам адам әрқашан![175]

Сталинград

Құша қошы аман бол туған ел,
Соғыстан сәлем бізден бол.
Намысында Отанның,
Соғысқа, міне, кірдік сол.

Сталинград орыс қаласы-ай,
Ұлы орыс болсам жағасы-ай.
Бекініс жасап жер қазып,
Алпарыс жаумен таласа-ай.

Басқа қыын іс түсті,
Жатырмыз салып бар күшті.
Үкімет пен партиям,
Берген соң сенін бұл істі.

Салдықтық сәлем куған ел,
Көре көрмес не ғайбыл?
Өлім мен өмір белдесті,
Жауды женсөң арман сол.

Шабуыл, оқтың астында,
Көрсетіп сокты дұшпанға.
Окоптен окоп секіріп,
Болған соң дұшпан қасында.

Қазактан жалғыз болдым мен,
Барған соң қазақ елінен.
Ант беріп біздер Отанға,
Солдаттық борыш жолымен.

Көп ұлтты совет адамымыз,
Бір семьядай күш болдық біз.

.....
Тар жолда жолдас болдық біз.[176]

Сталинград (1941-1945 ж.)

Хатынды алдым сырласым,
Тар жолда жүріп соғыста.
Сағындым мұндай мұндастым,
Жүрген соң ұзап алыста.

Тәтті сөзді лебізін,
Арнайы жазған өзіннін.
Жігер берді соғыс,
Сағыныш жазған сөзіннін.

Орамал сабын кестелеп,
Хатыңа салып дестелеп.
Хат жазбады деп өзіңше,
Қалдың ба әлде өкпелеп?!

Қош, енді, өзің көргенше,
Бүйрық көп алда бірнеше.

Жауды жеңбей қайту жоқ,
Ұмытпа сәулем өлғенше.

Сталинград үшін батырмын,
Фашистті соғып жатырмын.
Өзіңен келген хатынды,
Окопта оқып отырмын.

Қош, енді, Фанеш көргенше,
Сүйгендей болым бірнеше.
Ұмытпа мені мұндастым,
Қимайым сені өзгеше!

Ата-анаңа білдіртпе,
Өзіңе жазған хатымды.
Жасырып сәулем түнде оқы,
Білмесін менің атымды.[177]

Қызы хаты, 1942 жыл

Ақ орамал кестелі,
Сүйгенім сізге арнадым.
Сертім деп біл кестелі,
Түйілген соған арманым.

Орамал берғен ғашығын,
Тес қалтаға салғаның.
Қасымда мәңгі деп ойла,
Мені сүйіп алғаның.

Ақ орамал құрғатып,
Сүртіп алар терінді.
Аңсағанда құмартып,
Қандырап сусын шөлінді.

Айшылық жерді көзге,
Елестетер елінді.
Сауық құрып, сайрандал,
Туып өскен жерінді.

Орамалды қолға ұстап,
Жауды жеңіп қайтқанда.
Кеуденді ұрдың жалтырап,
Батыр деп жүрттың айтқанда.

Сүйген Отан сол үшін,
Шаттық күйін тартқанда.
Құшақ жаяр сәулеңмен,
Қарсы алармын мен сонда.[178]

Сталинград, 1942 жыл Жігіт жауабы

Хатынды алдым сырласым.
Тар жолда жүріп соғыста.
Сағындым шөлдеп асылам,
Кеткен соң ұзап алысқа.

Бір күні ендің түсіме,
Шаршап жатқан кезімде.
Басымды сүйеп төсекке,
Жаптың ... өзінді.

Өзінді сүйіп сипалап,
Бетіңе қарап күліп,
Құшақтай келіп айлап,
Құшақтаап бірге жүрмін.

Өзінен шыққан лебізің,
Ішіме жұпар тізғендей.

Тілімен шымшып сүйсін,
Естелік жасап білдіртпей.

Достық айтып мұң жайды,
Жаздың хатқа кезінде.
Жүргім сондай қиналды.
Сағынышты тәтті сөзге.

Орамал бердің кестелеп,
Хатқа салып ішіне.
Жүрмеген досым өкпелеп,
... құйдім ішіме.

...ұшы енді досым көрғенше,
...йдық көп алда бір неше.
Жауды жеңбей кайту жоқ,
...сы мені сол көргенше.

...ті деп кінә демесін,
Орамал бердің білесін.
...лтің жазған өлеңін,
Ата-анаңа білдіртпе.

Жасырып жазған хатымды,
Сағынсан қатты тұнде оқы.
Білмесең менің атымды.
Сақтай біл сәулем, Фанешім![179]

1942 ж.

Ғанеммен қоштасу

Аттандық біз соғысқа,
Коштасып туған елменен.
Отырдық келін пойызға,
Артымда қалдың боздағым.

Сүйіп алған сен жарым,
Шығарып салдың сен мені.
Үйде жалғыз сен қалдың,
Жан сүйерім, жан жарым.

Сенен жақын жоқ жаным,
Күдер үзбе менен сол.
Өзің сүйген мен жарың,
Кетіп қалма бұзылып.

Мен байғұсты жүдегіп,
Төркініңді паналя.
Жан ашыр сені қызыым деп,
Қош енді жарым, қош енді!

Ұмытпа сол ісімді,
Оралсам аман тірі боп,
Көрер күн болар өзінді.[180]

Жарыма

Аттандық біздер соғысқа,
Қапшықты іліп мойынға.
Қоштасып туған елменен,
Отырдық келіп поезга.

Жан сүйерім, жан жарым,
Сенен жақын жоқ жаным.
Күдер үзбе менен сол,
Өзің сүйген мен жарың.

Кетіп қалма бұзылып,
Мен байғұсты жүдегіп.
Төркініңді паналя,
Жанашыр сені қызыым деп.

Қош енді, жарым, қош енді,
Ұмытпа сол осымды.
Оралсам аман тірі бон,
Табармын сол өзінді.[181]

Екі ғашық

Қалқажан, сен бір жүрген асылымсың,
Коз көрген өзім сүйген ғашығымсың.
Екеуміз көрші ауыл боп бірге өстің,
Үйінде мені ойлап жатырмысың.

Өзінді айлар іздеп таба алмадым,
Кетпедің жүргегімнен көз алдымнан.
Кедейлік тұрмыс илеп шыға алмадым,
Кезінде өзің айтқан бара алмадым.

Ауылың жайлау көшіп кетті-ау арман,
Көк шалғын көк арайлы қөлге қонған.
Көре алмай мен өзінді қала бердім,
Жете алмай мұратыма ойыма алған.[182]

Сочиде

Жігіт сал, қалам алса кетер саулап,
Сочиді тамаша етіп, жур жағалан.
Көрдім мен неше тұрлі жер байлығын,
Коямын сол коргенді тамашалап.

Жарқыным, ақ көгершін – Ганем, Абай,
Сөзіме құлағың сал алаң болма.
Тартыйып, ұйқы қысып, ұмыттың ба,
Отырсыз бір ауыз сөз онда қатпай.

Екеуміз бала күннен достас едік,
Сол кезден қол соғып байладық.
Мені қалай ұмыттың, ей, қалқатай,
Қозы Қөрпеш Баяндай болып едің!

Мен кеткен соң жүгірмен ...
Сұлу жігер құл қып алысты ма?!

Екеуің әмпей-жәмпей бола қалып,
Мені ұмытып жігерге ауыстың ба?![183]

Ғанеммен кездесу

Мен көрдім Қапан байдың ерке қызын,
Байқатып тұрған сымбат көрік жүзін.
Кезінде жылы жүзді ишаны бар,
Ойлаймын бере ме деп осы қызын.

Ғанем де тастап қояр көзбен маған,
Жалғыз-ақ именгенде ата-анадан.
Тұртеді сұқ қолымен мені шымшып:
– Жігітім, қандай жақсы тисем саған?!

Қыз тұртсе, жігіт қандай масаттанады,
Не керек жиып әуре дүние, малды.
Қолына бере қойдым жазған хатты,
Жаным риза, хатымды тастамады.

Алып қол, ол шаттанып, кетті шығып,
Хатымды көрсө, тіптен әлде тығып.
Байқаймын көңілі менен алыс емес,
Мен корқып ата-анадан жеттім бұғып.

Бір кезде Ғанем келді ол жайрандал:
«Оқыдым хатыңызды!» – тұр жайнаңдал.

«Сіздей жігіт табылу қын болар!» – деп,
Маған жауап берді: «Қалмаймын!» – деп.

Білмессе де ұлкендер сезінеді,
Біздерден айырылмайды екі көзі.
Жалғызыды ренжіту үдетейін,
Балалар өзі елін деген кезі.

Шалқып Ғанем шықты: «Қалмаймын!» – деп,
Түкеңнен басқа Ғамен бар ма … деп.
Қолдан бер, жолынан бер, жұмысым жок,
Негізі жазған жерге барамын деп.

Ақыры біз қосылдық ғашық болып,
Аллаh өзі қуат берді, сәті болып.
Бөтен елден қыз алу оңай болмас,
Бір жағымнан … тұр ғой жар боп.[184]

Ғанемге

Хатың жоқ жас құніндей жазған маған,
Сөз байлад, қол соғысып жүрдім саған.
Жас серттесіз қалайша бұзбак бол[ып],
Бір ауыз хатың болса жетер маған.

Тағы да сынап жүрме домбыра экеп,
Жұз сомдай ақша сұрап мені әурелеп.
Ерігіп мен кеткем жоқ сенен безіп,
Басы ауырып, бел шойырылып, сол әурелеп.

Жас құнінде шалқақ едің, кеуден ірі,
Өмірде қын екен қыздың қыры-сыры.
Қайламен жерде қазсан арқа терлер,
Осылай қүшің тиді Ғанем сырға.

... казып малыңды асырадым,
Күшік күйеу атымды жасырмадым.
... алыс жолда жүрсемдағы,
Қызғанам, қош аман бол, ғашық жарым!

Бір күні тимеймін деп бұлтаң етті,
Сөзім өттепей бұл қыздан зәрем кетті.
Әкесі мендік болып қызына ұрсып:
— Шырағым, сөзінді қой, болды, жетті!

Откенді қайта козғап хат жазбадың,
Алыс жолда жүрсем де ойламадың.
Жігітке әрбір түрлі кінә тауып,
Бірауыз елеп мені ойға алмадың.[185]

Қыз хатына жауап

Хатыңызды алдым сырласым,
Тар жолда жүріп соғыста.
Жүрмін ғой сағынып мұндастым,
Жүрген соң ұзап алыста.

Хатты сөзді лебізің,
Арнайы жазған өзіңнің.
Жігер берді соғыста,
Сағынып жазған сөзіңнің.

Орамал сапсың кестелеп,
Хатыңа салып дестелеп.
Хат жазбады деп өзіңше,
Қалдың ба әлде өкпелеп.

Қош, енді, өзің көргенше,
Бұйрық көп алда бірнеше.

Жауды жеңбей қайту жок,
Ұмытпа, сәулеш, өлгениш!

Сталинград үшін батырмын,
Фашистті соғып жатырмын.
Өзіңнен келген хатынды,
Окопте оқып отырмын.

Қош, енді, құрбым көргенше,
Сүйгендей болдым бірнеше.
Ұмытпа мені сырласым,
Сыйлаймын сені өзгеше.

Ата-анаңа білдіртпе,
Өзіңе жазған хатымды.
Жасырып құрбым түнде оқы,
Білмесін менің атымды.

Келген соң хат құрбымнан,
Ризамын сол мен саған,
Тірі қалсам сені табармын,
Соғыстан қайтсам мен аман![186]

Жыртық шинель

(бірінші өлең)

Ал, тында құлак салып, жарандарым,
Отырмын бір нәрсені баяндағым.
Ертеде болған екен талай қызық,
Батырлық, не ғашықтық сол жырлағым.

Отырмас шинель ақын қалам тартпай,
Болмай қоймас адамда теріс қақпай.

Жыртық шинель ...,
Еркіме коймады ғой осыны айтпай.

Атандым жыртық шинель қызды ауылға,
Қалыптын душар болып есек-дауға.
Қайда жүрсе жыртық кетігі көп,
Талпындым мен өзімше үй болуға.

Хат жазып, шақырган соң саған келдім,
Ақ жарқын, жүзің көркем сені көрдім.
Біреуден жасырып сіз хат беріпсіз,
Сол түні бейнет көріп, жетіп келдім.

Ептелеп құс ататын мерген болдым,
Мысықтай сен бір қарға жүрген болдым.
Көз көріп, көніл сарнап, көрген шакта,
Үйіне еркежанның жетіп келдім.

Жырқылдап, әжуәләп маған күлді,
Жыртылған шенелімді сонда білді.
– Мені қалай аласын тонауың жоқ?!
Сықықтап ерсі көріп мазақ қылды.

Айырылып бұл шенелдін бір тарағы,
Адамға оқай емес сол мазағы.
Соғыста не көрмеді батыр шенель,
Ақыры мазақ болды қызға тағы.

Айтатын реті бар мазақ етіп,
Мен қалай айттысамын арам кетіп.
Бөтен елде тартысу маған қайда,
Арманым алып қашсам өйтіп-бүйтіп.

Құлпыртып қойған екен ерке қызын,
Көрсетіп тұрған іспет көрік жүзін.

Сөзінде жылы жүзді ишаны бар,
Ойлаймын бере ме деп осы қызын.

Жымыңдап тастап қояр көзін маған,
Жалғыз-ақ именгендей ата-анадан.
Еркелеп шоқ қолымен мені шымшып:
– Жігітім, қандай жақсы саған тисем?!

Көнілім бұл пікірге мастанады,
Не керек жиып әуре дүние-малды.
Қолына бере қойдым жазып хатты,
Өзіме риза, хатымды тастамады.

Алып ол шаттанып кетті шығыи,
Хатымды көрсетпестен алды тығып.
Байқаймын көнілі менен алыс емес,
Мен қорқып сол ауылдан жеттім бұғып.

Бір кезде еркем келді ол жайрандап:
«Оқыдым хатыңызды!» – тұр жайнаңдап.
«Сіздей ақын табылу қыын болар!» – деп,
Маған сөзін берді: «Қалмаймын!» – деп.

Білмесе де үлкендер сезінеді,
Біздерді андығандай екі көзі.
Еркені ренжіту о да қыын,
Қарасам өзі білсін айтқан сөзі.

Шалқып еркем шықты: «Қалмаймын!» – деп,
«Ақыннан мен басқаға бармаймын!» – деп.
«Қолдан бер, жолыннан бер, жұмысым жоқ,
Тәуекел жазған жерге барамын», – деп.

Ақыры біз қосылдық ғашық болып,
Үй ... қуат берді сәті болып.

Бөтөн елде кыз алу онай емес,
Бір жағымнан ... тұрғой жар бол.

Жетелеп жаяу шықтым қыз елінен,
Батады осы жері жалғыз жүрген.
Қараймын арт жағыма қашқан иттей,
Бар ма деп иттің даусы маған үрген.

Шап беріп ұстай алса о да жаман,
Жаяу қашып мен жолды қалай табам.
Еркеме ермей, елден тағы сойыл жесем,
Жалғанда ең қыныны осы жаман.

Ерлікпен сүйреп шықты жауға бермей,
Тәнір сақтап ақынға дағуир келмей.
Бір елге қалай төтеп бере аламын,
Лап қойса, сойылым жоқ, сокса сермей.

Жасырған ол нәрсесін қапқа салдық,
Сасып біз тәуірлерін ала алмадық.
Арқаға тапты салып қашуды ойлад,
Сол күні жолымыздан қала алмадық.

Еркем мендік болған соң тасып көңіл,
Қайтеміз оны алып қасына түгел.
Ақтың арқасына несиедей,
Ерке өзі ергеннен соң болды түгел.

Зытып біз сол ауылдан шығып кеттік,
Көрінбей бір ауылға әзер жеттік.
Үйіне Қорқымбайдың шөлдеп келіп,
Самаурын тік көтере шәйін іштік.

Жасырын тогай үрлеп, тауға келдік,
Көк майсасыз әлі жер соны көрдік.

Күғыншы келіп қалар сезікті ...,
Бауыры Ғабдурақым соны білдік.

Корқып сол еркежаным жанымда жұр,
Адам боп көрінеді тастар құргыр.
Әлі елге жетуі жоқ, жолым алыс,
Корқып мен үрейленген ойымда тұр.

Атыңнан айналайын Жаманаула,
Паналап біздер жүрдік осы тауда.
Ойлы-қыр, сай-салан мен тогайыңа,
Болмады тығылып біз паналауға.

Сенен біз шығып кетер өзек қуып,
Тұн болды, жарық болды, ай да туып.
Тұнімен жүріп келем, ұзасам да,
Әлдеқандай келеді бізді қуып.

Ақыры сенен шығып бетті бұрдық,
Қайтсе де бой тасалау ақыл құрдық.
Жаяуда қанша айтса да құн бола ма,
Тасалап, адырлатып тауға жүрдік.

Шілденің сол бір ... ыстық күні,
Адамның таңдай құрғап, шықпай үні.
Бір қасық су таба алмай біз келеміз,
Жапанда сар далада құрып демі.

Бүкендер, қасқыр болып, жонға шықтық,
Әр жерге жан ұшырып біз тығылдық.
Келеміз ор қояндай жеммен қашып,
Бір күнім есептесем бір мың жылдық.

Аямын жас келіншекті іштен ғана,
Құдай қосқан қосағым айтам және.

Аялаған ата-ана қала берді,
Әдейі сақтап қойғандай маған ғана.

Қабымда наным да жоқ бір асайтын,
Аузыма сыймай кетті қызыл тілім.
Ойлаймын әлде артымда кашып жүріп,
Әлдекандай болады деп менің күнім.

Аркамда арқалаған қапшығым бар,
Ол кезде тұрмысым жоқ, болдым нашар.
Бай қызы еркежаным мені сүйді,
Домбыра тартатүғын өнерім бар.

Өнер бар ән салатын бұған қоса,
Ішімнен шығармаушы ем қыса-қыса.
Жыртылған сол шинелден шығып кетті,
Шығарған шәйір шинель етіп қыса.

Адамға не істепейді пәни жалған,
Тірлікте бола бермек әрбір арман.
Аңызын алпыс елдің керек қылмай,
Ақынның осылай жүріп еркені алған.

Ақынның келешегін еркем білген,
Осыны істеп жүрген бұл
Жыртылып жүрсемдағы қыз жермей,
Фашық қып қойған екен ақындығым.

Осымен жаяу жүріп Желтау тұстік,
Жүрегім қуанышпен алып ұшып.
Еркемді екінші ауыл алып қаштым,
... бет алып тура күштің.

Жағалап жүріп тағы өзен келдік,
Паналап қасында біздер жүрдік.

Өгіз арба Баязит бермей қойды.
Осылай екі жаяу бейнет көрдік.

Жыртылған аңыз болды солдат шинель,
Болмаған мен ақынды ешбір бедел.
Тойыма сойған арнап малым болмай,
Осылай кездестірген жокшылық бұл.

Той жасар қуатым жоқ тағы бұған,
Ұялыш мен журуш едім өз ауылымнан.
Карасам еркежанның жүзі жарқын,
Жасырын қашып шыққан өз ауылымнан.

Ел – елдің аңызы көп қыз кетіпті,
Жаяудың соңына еріп ол кетіпті.
Ел жиып, сойыл қамдап, лакап шашып,
... ерке қызы сол кетіпті.

Қымбатты елім, өренім!
Жек көріп былай демедің.
Ауырғанда бой сұрап,
Келгендерің керегің.
Бергенім жоқ сіздерге,
Беріп бір сәт жағатын.
Ағайының керегі,
Көңілге елеп алатын.[187]

Жыртық шинель

(екінші өлең)

Атандым жыртық шинель мен ауылға,
Қалыппын душар болып өсек-дауға.
Қайда жүрсөн де аңыз көп,
Талпындым үй болуға, қыз ұрлауға.

Тұн қатып шақырған соң саған келдім,
Ақ мамық тұғандай сені көрдім.
Аузымнан сүым ағып, көз қызырып,
Сол тұні ... зорға жеттім.

Ептелеп құс ататын мерген болдым,
Мысықтай ептең басып, жүрген болдым.
Көз көріп, көңіл сарнап, тұрган шақта,
Қалай бұғып жатайын жетіп келдім.

Жыркылдаپ, әжуәлаң маған құлді,
Жыртылғанын ... сонда білдім.
– Мені қалай аласың тонауың жоқ?! –
Бұл Ғанем мені осылай мазақ қылды.

Айырылып шенелімнің бір балағы,
Жалғанда қыын екен сол мазағы.
Соғыста бірге болған шенелім-ай,
Өшігіп, елге жайған Ғанемдағы.[188]

Ғанешім

Айналайын қарақаттай көзіңнен,
Достас болсам ұмытпастай оқмен.
Мені сыртқа ғашық жарым теппессіз,
Қуанушы-ем майда тілді сөзіңнен.

Сары тоқтыдай бүйра мінез бертешім,
Жүрегімді сары майдай ертесін.
Ақ Жайықтай көрінесін көзіме,
Жан сүйерім сен Ғанешімде, Ғанешім!

Жас кезінде жүзін сымдай таралған,
Екі көзім тесіп сізге қараған.

Ұйыктап жатсам тұн ішінде оянағын,
Сарыарқамда ак-құласыз жаралған.[189]

Зілқара

Тілеумбеттен мен шыққан Төлеубай едім,
Өзім шешен өзім сал ... едім.
Оқып кеткен жиырма бес келте қайтып,
Шеттеп жүрген қатынды жинар еді.

Сары алтындағы боялған сақалдарым,
Кейінгіге үлгі бол мақалдарым.
Кәртайғанда бір тоқал аламын деп,
Бір жоламайды істеп жатып тоқалдарым.

Қазақ өкше кишеу қалтдатып,
Қайтып салдық құрайын алжып жатып.
Талай сұлу өзімдікі деген басым,
Төсегімде жатамын жалғыз жатып.

Сен тоқсан бес келулі ғой кәртайғанда,
Көзім ойға кетеді кәртайғанда.
Таудан, тастан қыстаған қайран басым,
Зәрем ұшады-ай шал деп жантайғанда![190]

Бір өлең жалғасы

Көңіл мұңды басқа келді бұл жайын,
Айрылған соң жолдастымнан бақ тайдын.
Шұңқілдесіп отыратын күн қайда,
Кетті Фанем өз жөнімен зарлайтын.

Бұл жалғыздық келді, міне, басыма,
Көрер күндер әлдекандай расында.
Бірге жасап, бірге жүрген жолдасым,
Дақдұр келді алпыс алты жасында.

Дариядай ағып жатқан бұлағым,
Кілті болған бір шанырактың тұрағың.
Мейман келсе, реніш жоқ өзінде,
Риза болып аттанушы еді конағың.

Тірі болып сен артымда қалмадың,
Жетті тағдыр келді өзің Алланың.
Қалды орының үцірейіп бітпестей,
Жесір болып, жетім болып қалғаным.

Қырық үш жылдай болдым жолдас өзіңмен,
Бір қатты сөзге келмеп едім өзіңмен.
Соңғы кезде: «Не боласың, ей, Төкө?!» –
Шығып жатқан жасты көрдім көзінен.

Ежірейсе балаларың не болдым,
Төтелеген қолмен күткен жән болдын.
Еркін басып, еркін жүрер күн қайда,
Кәртайғанда төсек тартсаң өлгенің.

Кім жақындалап келер дейсің қасыңа,
Құдай оны еш бермесін басына.
Май басымнан үмітім бар ойлаймын,
Өсім болса, өз немерем қасымда.

Жансыз арыстандай төсегінде,
Сырқаттың шипасыз бол жүрегінде.
Ұзақ жыл жанталастың не болам деп,
Өлем деп кім ойлайды өмірінде.

Үш қызың, балаларың келді зарлап,
Көзінен жас ағып ол мамалап.
Көре алмай ақ сүт берген аналарың,
Артынан құлыштарды талды жылап.

Атады көп адамдарды өз аузынан,
Оларды келтіргендей көз алдынан.
Жандарым көріп көзбен қоштасқандай,
Алланың келіп тұрған ажалынан.

– Ей, Төкө, шашырамасын балаларым,
Артымда құлыштарым зарлап қалдың!
Мен кеттім, көре алсам құлыштарым,
Қайда деп іздеп жатты болды арман.

Жақсы болды Ғанем өлімнің,
Жайлыш жаттың жадырап.
Құдай сені жарылғап,
Қозғалмайын, ақырын жүре бердің.[191]

Қыз бен жігіт

Қамеке, сәлем бердім ассаламуғәләйкум,
Шын жүргегінде көнілмен!
Хатында Мәшһүр Жұсіп жақсылық бар,
Келеді ... маған өлеңменен.

Исадай суырып салма ақын едім,
Өлеңге төрт жасымнан жақын едім.
Бір түнде сексен қызбен мен айтысып,
Біреуін ақындықпен алып қаштым.

Өлеңнен бар ма, жоқ па келекесі,
Мәшһүрдің қонған өлең берекесі.

Қыздарға ақын болып өлең жаздым,
Болған соң Мәшіһүр Жұсіп немересі.

Бір қызын Қозған атаң алыш қаштым,
Ұстап алса не болдым жаман састым.
Қыз айтты тасқа барып тығылайық,
Панасы болған еді осы тастан.

Бұл тастың негізгі аты – Жаманаула,
Мекен-жай қылған дейді Қозған ата .
... қызы сұлу болғаннан соң,
Қалыптың ғашық болып осы қызға.

Қыз айтты: – Тез кетейік көзге түспей,
Айтты қыз: – Ауыл жатпас бізді іздемей.
Ауылдың қыз үрлап ... бізге қарап,
Бұл жерден кету керек сыр бермей.

Бет алдық тастан шығып біз тоғайға,
Ойладық пана болар бұл тоғайда.
Ауылдың иті бізге кәүкілдейді,
Кашкан қыз жіптімен жүр тоғайда.

Қыз айтты: – Ауыл иті пәле болды-ау,
Қайда барып тығылсақ пана жоқ-ау!
Мұрнымен искең бізді босатпайды,
Не жаздық айтпы бізге Жаманаула?!

Қыз айтты: – Бұл таудан кетейік біз,
Желтауға ұзап енді жетейік біз.
Ит искең мұрындармен босатпайды,
– Өне жүр! – деп кәүкілдеп жігіт пен қыз.

Сүйем деп сен жігіттен бейнет көрдім,
Жалғыз мен өлгем жоқ сенен өлдім.

Өнді бай жолама деп сүйген едім,
Бір көргеннен ғашық бол сүйген едім.[192]

Қызды азғыру

Құрметті құрбым, Ғанеке,
Алмаңыз катты конілге!
Арнаймын осы хатымды,
Әйлама құрбым сал текке.

Ертеден білем өзінді,
Балауса балғын кезінде.
Ұзақ жыл өтіп кетсе де,
Ұмытпай жүрдім өзінді.

Осы сез болар ойында,
Жүргендей сақтап бойында.
– Өзінді сүйдім мен сендік, –
Деген сезің ойымда.

Ғашық болдым көргеннен,
Шын жүректе көңілмен.
Үй болайық өмірлік,
Арманым сол сізбенен.

Ақтық сөзің бер маған,
Өмірлік отыру жоқ саған.
Мен татимын сол сізге,
Жауабың бер сол маған.

Алматы кетем туды жар,
Өзім – атшы, өнер бар.
Алматыда тұрамыз,
Қайтсан де менен қалманыз.

Акша деген жетеді,
Көніліңіз шатпен өтеді.
Көрмеген жерлер әлі көп,
Көресіз тағы шет елді.

Үй аламыз камқоздан,
Сөзімде болмас еш жалған.
Колқоздан қызық көрмейсін,
Соқамен өгіз айдаған.

Қыздың жауабы:
Сізге сондай түсіндім,
Кетті сізге көңілім.
Калкоздан қызық көрмеспін,
Жолдасың болам мен сіздін.

Сізден қалып не болам,
Білмесін елім, ата-анам,
Сайрандал сізбен жүрепейін.[193]

Ғанемді азғыру (1947 жыл)

Құрметті құрбым Ғанеке!
Алмаңыз қатты көңілге.
Арнайым осы хатымды,
Ойлама құрбым сал текке.

Ертеде білем өзінді,
Балауса балғын кезінде.
Ұзақ жыл етіп кетсе де,
Ұмытпай жүрдім өзінді.

Осы сез болар ойында,
Жүргенде бірге бойында.

Өзінді сүйіндім мен,
Сендік деген сөзің ойымда.

Ғашық болдым көргеннен,
Шын жүректе бікірмен.
Үй болайық өмірлік,
Арманым сол сізбенен.

Ақтық сөзің бер маған,
Өмірлік отыру жоқ саған.
Мен тастимін сол сізге,
Жауабың бер сол маған.

Алматы кетем туды жаз,
Өзім әнші, өнерпаз.
Алматыда тұрамыз,
Қайтсең де менен талмаңыз.

Акша деген жетеді,
Көңіліңіз шатпен өтеді.
Көресіз талай қызықты,
Көрерсіз тағы шет елді.

Үй аламыз комхоздан,
Сөзімде болмас еш жалған.
Колхоздан қызық көрмейсін,
Сокамен өгіз айдаған.[194]

Қанапия мен Ғанемнің айтысы

Ғанем:

Қой жылы ес білетін бала едім,
Сол жылы қосылыпты апа-жездем.
Көп жылдан аңсап журдім мен сағынып,
Құдайға шукір тәуба көрсеткеннің!

Жезде:

Қарағым, айналайын, жан балдызым,
Үйге әдейі барып мен шақырдым.
Апаңнан алыс журме айтам саған,
Көзіме ыстық көріп сен балдыз.

Ғанем:

Апа-жезде біздерге аскар тау ғой,
Қамкоршы болған және ата-анадай.
Үйінді бүгін көріп, көnlім тойды,
Қалайша мен тұрамын риза болмай.

Қанапия:

Балдызым, мениң атым – Қанапия,
Қырық жолдас болдым мен аpanа.
Рұым – Елемекең көп Кіші ауыл,
Шақырдым әдейі сені танысуға.

Ғанем:

Жолдастым мен қосылған Бәсентейін,
Есепқор қатын басшы іштен күйем.
Апа-жезден өз бар ма деп кекетеді,
Жасымнан көрген күiм бәрі қыын.

Қанапия:

Қосағың байқауымша байсалды адам,
Ақжарқың сияқты ғой жарқылдаған.
Жай ойнап айтқан шығар әзіл етіп,
Ол жағын ойлай көрме, айтам саған.

Қанапия:

Көрген соң, сізге шаққан бұл арызым,
Көзге ыстық болған мен балдызың.
Әкенін ең жақсысы жездедей деп,
Сол айтқан сіздер, міне, апа-жездем.

Қанапия:

Балдызым, айналайын келгеніңе,
Ризамын бізді аман көргеніңе.
Досың аз, дүшпаның көп деғенде,
Қалағаның бар болса ал көніліңе.

Ғанем:

Сіз торкін болдың жетіп барап,
Жарасып жақын болар, қалау алар.
Ықылас шакырғанға мен тоямын,
Танысып жақын жүрген осы жарар.

Қанапия:

Ата-ана қандай еді көзім көргем,
Ауылдаст тауда өсіп ойнап-күлгенд.
Қарағаш, Өулиетас, Ақшоқытау,
Қалай мен ұмытамын бәрін көрген.

Балдыз:

Үй болым он үш жылдай отау болып,
Балалар ақар-шақар шүкір көріп.
Шақырам апа-жезде мен үйіме,
Сіздер де көріңіздер үйді көріп.

Жезде:

Барайын Ғабу ағай баласы едің,
Онда да ата көрші көз көргенің.
Қазкен сар биенің құлыш берші,
Ырым қып балаларға мінгізгенім.[195]

Қыз алып қашу

Алып қаштым апаңды,
Қоңыр шолақ өгізбен.

Сактады құдай апанды,
Сәйгелді тиген өгізден.

Арбадан қатты жығарым,
Арам өлгір өзден.
Бір тәнірге сыйынып,
Аман қалдым өгізбен.

Сайгелді деген кесірің,
Қос ғашыққа
Зәресін алып жездептің,
Сейледі ағаң [196]

Рымтайға

Құтты болсын балдызым,
Сегізінші март мерекен.
Шаттық өмірің,
Жақсылық көріп әр күйің.

Бақытың өссін аспандай,
Шебер тілді жез таңдай.
Духи қосып түрленіп,
Жаркыран жүр, кем болмай.

Жемісті болсын енбегің,
Орындалп илан рапкоптың.
Ай мен жылдан есен бол,
Болсын құтты тендігің.

Қатты гой сөзі жездептің,
Тыңдаса дұрыс бауырым.
Құттықтал мейрам мартыңмен,
Мерейін кетеріп балдыздың. [197]

Жалшының зары

Жарандар, сөз бастаймын еске алып,
Өткенін сол бір кездің ойға салып.
Жоқшылық бастан өткен сол бір күнлі,
Жарандар, тыңдасаңдар құлак салып.

Кедейлік жатқызбады уайым болып,
Жоқшылық ішке толып, қайғы болып.
Үш қой мен үш киімғе мен жалданып,
Кеттім мен кедейліктен малшы болып.

Үйімде жүрген едім бір бай келді.
Біліп әкем сәлем берді.
– Балаңды қолқа етіп сұрай келдім, –
Деген соң мені артына салып берді.

Артына мен мінгесіп кете бардым,
Көрініп тұрған еді кедей хәлім.
Он төртке жаңа келген бала кезім,
Болсам да өзім пысық, тіл алғыштын.

Кигенім бошпақ шәркे, таспа қысан,
Жіліншік – өзі қырдай баулар ықсан.
Жүремін отпен кіріп, күлмен шығып,
Шөміштен әкем байғұс және қысан.

Келіп ем осы байға он бір жаста,
Орнаған бұл кедейлік басымызға.
Үстімде қағар тоным жалба-жұлба,
Кедейлік осылайша келді басқа.

Келісімен қозы, бұзау бақтым байдың,
Қызығын көрдім жаяу адыр, сайдың.

Таң атып күн батпайды бел шешпейім,
Қитықтап мен шаруасын осы байдың.

Ішкенім – өкпе, бауыр, қара сорпа,
Ішемін қырма аяқпен және орта.
Жейтінім өкпе, бауыр болды тамақ,
Бұны да жей алмайым қорқа-қорқа.

Келсем де жұмыс ауыр, жүрдім жылап,
Қалымды бір білмеді әкем сұрап.
Бойжеткен ерке қызы бай баласы,
О да тұр әтірініп, шолжалақтап.

Ойнайды ерке-шора асыр салып,
Бай қызы болғанан соң тұр ғой шалқып.
Соқтығып маған келіп тиіседі,
Басымнан жыртық тымақ жұлып алып.

– Адунаій сені ме?! – деп қоям ойлап,
Болған соң мен де өзіндей сақа бойдақ.
Алып қашсам ажалым көрініп тұр,
Жіберер жер аударып Сібір айдал.

Ойлаймын не болам деп, оң мен солды,
Қолымнан келмесе де ойда болды.
Жалшы боп жүрсемдегі жалба-жұлба,
Үйрене маған айдан конілі толды.

Бір күні жылқы кеттік қыз бен жігіт,
Қайырып түгендеуді сылтау етіп.
Бай ата екеумізді ойламапты,
Сол күні сөз байлады қыз бен жігіт.

Өзімше етім тірі болдым пысық,
Күлімдеп жымиямын көзім қысып.

Домбыра аздап шертер қол жорғам бар,
Жігіттің жайсаңы боп көзге түсіп.

Бай қызы оқ жыландағай жүрісі жайсан,
Ойлаймын бұны қалай алып қашсам.
Сол құні кешке қарай боран сокты,
Мезгілі қыстың айы жөнін айтсам.

Көк өгіз – өзі сокыр айналшактап,
Шананы қиға соғып бізді жықпак.
Көк өгіз – көзі қисық болсадағы,
Қиласдан аман кеттік, Құдай сактап!

Шанаға көк өгізді ұрлап жектік,
Ауылға біз сактанып білдірмедік.
Боқ шана, көк өгізді қуат көріп,
– Құдай! – деп, – қолда аруақ! – деп қашып бердік.

Ит үріп, қашқан жерім қалды шулап,
Ел жиып, сойыл алып, бізді қумак.
Келемін көк өгізбен жан ұшырып,
Ұсталсак, колға түссек, ұрып-соқпақ.

Жолшыбай түн ішінде қасқыр шулап,
Үмтылып оны қуар бізде хал жок.
– Артымнаң қуғыншылар келе ме?! – деп,
Келемін менде корқып: – Ұстар ма?! – деп.

Келемін түн ішінде борандатып,
Шанада ерке-шорам жатыр бұғып.
Ұлыған жан-жағымда қасқыр даусы,
Ұрамын боқ шанамды тарсылдатып.

Кара ала шекпен қапта тары таба,
Жол азық қолға түскен осы ғана.

Бастай көр, мені Күдай тұзу жолға,
Қараймын қашкан иттей арт жағыма.

Шідерті, Қарайыршат қашқан жерім,
Осы өлкे малшы болған қайын елім.
Оқшаутау, Өңіртасқа аман жетсем,
Осы тау пана болар деген едім.

Бет алдық Бекенбайға борандатып,
Әйтен мен Ұры көлін орамдатып.
Ауылына Ысқақ қажы аман жетсем,
Қорғар деп тақсыр қажы паналатып.

Жан-жаққа қашқан жерім хабар салды,
Ұстаса бұл жалшыны оңбағанды.
Келемін паналарға жер таба алмай,
Машрап ұста аузыма түспей қалды.

Кенебай, Қойшыбайға жетіп қалсам,
Туралап бұл ауылды таба алмасам.
Артымнан құғыншыдан келем қорқып,
Көк өгіз болдырып, сол жолда қалсам.

Ыстықмұрат, Қарадырдан асып кеттім,
Қакыртам, Тышқанбай там басып өттім.
Сыртында Ши көлдің мен келемін,
Ойым сол – қажы үйіне аман жетсем.

Жер алыс көк өгізге қыңыр тасым,
Біреу көрсе жетім ғой кетті басым.
Бір қыз үшін ажалым жетіп тұрса,
Әке-шешем, еліммен қоштастым.

Ит шулап, тықырменен гәүк-гәүк қағып,
Жеттім-ау, қажы ауылына өліп-талып!

Шуылдап катын-қалашы жүгіріп жур:
– Бір малшы келді, – дейді, – кызды үрлап!

Жарыктық қажы-әулием қарсы алды,
Біз үшін бір қой сойып жаңын салды.
Ауылын түн ішінде жинап алыш:
– Қорға! – деп, бұл байғұсты айғай салды.

Әр жолға сойыл беріп кісі қойды,
Жасаған Құдай салар мұндаій ойды.
Қызықтаң отау түскен баласыңдай,
Жан ашып, бізді күтіп, жасап тойды.

Түсте елі әпербақан зақұр халық,
Ішінде мықты тақым бар ғой Мамыт.
Ұсталсам, жалғыз төтеп беру қайдан,
Сүйретер мені, жалшыны атқа салып.

Екі-үш күн қажы атам паналатты,
Күғындар аты болдырып, жолда қалыпты.
Түн қатып, түн азабын көрген жарым,
Бұдағы еш жыламай қалжырапты.

– Қарағым, руың кім? – сұрақ қойды,
Жөн білу қазақ салты ол байырғы.
– Тұбім – Күлік, Мәшһүрдің немересі, –
Деген соң қажы жылап қоя берді.

Ел-жүртім, әке-шешем жатыр бұғып,
Не біреу жіберіпті: «Біліндер!» – деп.
Малшы боп жүрсемдағы жігіт басым,
Бір байдың қызын алдым үріп жүріп.

Әкем қатты, бір олақ енші бермей,
Бір қисайса болмайтын, жөнге келмей.

Шешем қанша айтса да көнбей қойған,
Мен де кеттім, соナン соң эке демей.

Төсөніші үйімізде шөп пен қамыс,
Кедейлік, жоқшылықтың бәрі намыс.
Көк тиын, жалғыз олақ малымыз жок,
Болғандай айтшы маған қандай табыс.

Бес адам қуып келді сойылменен,
Сейлесті рұқсат алыш қажыменен:
– Бір жалшы қызымды алыш қашты,
Келдік біз, тақсыр, қажы іздеуменен!

Қажы айтады:

– Қарағым, екі жасты ашқан жаман,
Ғашық боп қосылыпты екі адам!
Мен саған беретүғын адамым жок,
Осыған түсінбесен өзің надан!

Ала бер шанаң менен өгізінді,
Сендер де алыш қаштың жас кезінде.
Жас шакта сен балалық қылмап па едін,
Мен сенің көтермеймін мазағынды.

Құғыншылар:

– Құп, тақсыр, мен түсіндім сөзінізге,
Басы боп келіш едім өзінізге!
Шана қалсын, өгізді біз алайық,
Мен де осында болып ем ерте кезде.

Мені сол шөп маяға әкеп тықты,
Жарымды басқа үйге оны тықты.
Жарықтық қажы-әулием жанын салып,
Біздерді құғыншыдан құтқарыпты.

Қажыға кім батады ел адамы,
Қажы боп барып көрген Бәйтұлланы.
Қажыны кім сыйламас сол заманда,
Бір өзі төтеп берер жүз адамға.

Осылай аман-есен қалды жаным,
Өзіме серік болып жамағатым.
Қажыны ауызға алып тастамаймын,
– Құдай! – деп арқасында аман қалдым.[198]

Баламен қоштасу

Алғашқы көрген боташым,
Бесікте ойнап жатырсың.
Аттанды әкең соғыска,
Тәнірге сол тапсырдым.

Артымда қалдың құлыным,
Аз ба, көп пе ғұмырым?
Отан үшін мерт болсам,
Артымда қал сол ұлым.

Тілеген құлыным сен едің,
Тілеуін тіле әкеңнің.
Үмітімді сенен үзбейін,
Алдымнан шық сен құлыным!

Аман бол, сәулем, құлыным,
Сен бір гүлім қызығым.
Шешендей саған тапсырдым,
Асырап сақта құлыным.[199]

Балама

Алғашқы көрген боташым,
Бесікте ойнап жатырсың.
Аттанды әкең соғысқа,
Солдаты болып Отанның.

Аман бол сәби құлымынам,
Сен едің гүлім, қызығым.
Отанды қорғау керек қой,
Құртып көзін фашисттің.

Артымда қалдың құлымынам,
Аз ба, көп пе ғұмырым?
Майданға кетіп барамын,
Намысын корғап елімнің.

Тілеген құлымынам сен едің,
Тілеуін тіле әкеннің.
Үмітсіз шайтан болмайын,
Алдымнан шық сен ұлым.

Қалма шешең соңынан,
Әкендей асқар ол саған.
Шарша[са] сүй бетінен,
Боласын мауқын сен басқан.[200]

Балаларға арнаймын

Қатын-бала жоламай сырдаң қағып,
Балам ... отырады шашын тараپ.
Бір ауыз болғандарың қатын-бала,
Не керек ауырганда жүре тыңдал.

Жазбайын мен өлеңді бірер ауыз,
Ауырган мен бір адам болып қауыз.

Береді жек көреді қарт ақынды,

.....

Тілімді сен алмайсын дәнгөн шодыр,
Қанемге сенде еріп кедір-бұдыр.
Бәрінде бір ыңғайлық әудескенде,
Деп ойлап мен отырам салып зағым.

Көзіме көрінетін Гүлнар балам,
Адалым осы екен деп көңілге алам.
Шамам жоқ қозғаларға басым зеңгін,
Әкене жан ашыттын осы балам.

Кенже едің айналайын айтса жан сақау,
Жүрекке сен де салдың маған ақау.
Жұмсасам тіл алмайсың бөлектеніп,
Шешене сен де ерген қара сақау.

Жатамын төсегімде қақсал-зарлап,
Көзімнін жасы кетеді парлап-парлап.
Үлкенім, өрбетім деп жүрген басым,
Камсомол торғайский ала қаңбак.[201]

«Көк тымақ» өлеңі

Келеміз сонау жылдан тірі болып,
Өзгергеп бұл өмірдің бірі болып.
Бір үйден сонша жан ек сол бір кездे,
Боқ жалған өлмеген соң жері болып.

Атам, әкем, Бап қайды қалды өліп,
Төлеутай, Қонақ бұл да үйді болып?!
Сопекең бертін болған жаңа адам ғой,
Ескіден мен келемін тірі болып.

Елудің төртеуіне келді жасым,
Ақ кірді, жоқ болса да сақал, шашым.
Бір күні келеді ғой ажал шіркін,
Тымақсыз мен жатармын жоқ боп есім.

Рахмат, бір тымақты бердің сыйлап,
Туганда бөтендік жоқ көніл қимақ.
Мәшһүрдің көзі көрген келіні едің,
Бақытты өмір берсін халқың сыйлап.

Алланың нұры жауып, көнілің толсын,
Көрінген балаларың аман болсын.
Көзіңіздей көрейін көк тымақты,
Басыма шипа болып, дәрі болсын.

Батадан басқа менің байлығым жоқ,
Тымақсыз жүргенімді ойлаймын көп.
Шешем жоқтай жетім боп жүрген басым,
Жоқ, шешем бар екен деп куандым кеп.

Қара Бейсен жатыр ғой қазандай боп,
Ақзеке-ау, бұны айтсам арманың жоқ.
Жұз тымақ, тоқсан бөрік берсендагы,
Ашып айтсам Бейсенге жетері жоқ.

Тымақтың елу сомнан бағасы бар,
Тон тіксеніз оның да бағасы бар.
Отыз сомнан бөріктер айғайладап тұр,
Шалбар тіксен, оның да таласы бар.

Босанған әйелдердің дәрігерсіз,
Босандырып аласыз балгерсіз.
Мәшһүрдің келіні болған шипагерсіз,
Оның да тұспей қалса жолдасысыз.

Сиырдың емшегі ісіп ауырады,
Зекеңнің жазбай қоймас топырағы.
Ұшықтап сиыр, жылқы тез жазады,
Халыққа шипа болған шамшырағы.[202]

Төлеубайдың Семейге баласын үйлендіруге барғаны

Кү аға келіп қалдық құда болып,

.....
Жатырмыз ойнап-күліп жайымызben,
Жарасып әрі құда, құрдас болып.

Сіз жүрсіз ... серуен салып,
Отырмын мен үйінде жалғыз калып.
Құда жаман болған соң үйде отырмай,
Отырмадыңыз құданызға әңгіме айтып.

Сөйлейік сізге бір сағат олай-бұлай,
Бір өлең жаздық сізге сонда ұялмай.
Жатырмын жалғыз үйде ішім пісіп,
... аунауменен солай-солай.

Таң атса ертең кетем елге қайтып,
Не табам бұл Семейде босқа жатып.
Құдекең мені тастап елге отырмай,
Осынды бәрін айтам елге жайып.

Бұл Семей құдекеңнің қа[ласы],
Қастерлеп күйеуіне салып тұрткі.
Ер жігіттің бір жұрты – қайын деген,
Құдағи Арқаш қызы түрлі жұрты.

Отырмыз құдекендей сөзбен іліп,
Жатырмын мен үйінде шебер біліп.

Іші пісіп, еріккеннен өлең жаздым.
Бұ да сөйлеп өзімше алдық күліп.[203]

Төлеубайдың «Балдызым» өлеңі

Қымбатты әсем балдызым,
Арнайы сізге бұл назым.
Қадірлі балдыз болған соң,
Өзімсіп өлең мен жаздым.

Ақкудай әсем сәулешім,
Жанарлы көркің сәүлеттің.
Нұр қызындай көріп өзінді,
Жазады жезден өлеңін.

Балдызым қандай тамашам,
... балдыз бағаласам.
Духилап қызым жүресің,
Сәнденіп бояу жағасың.

Көңілің биік өзгесің,
Бухгалтер атты берген соң.
Әсем киініп бой түзеп,
Сылқылдан тағы жүресің.

Абыройың биік катарда,
Керегі осы сағанда.
Балдызым, саған айттар сол –
Құлпырап балдыз сыланда.

Балдызым қандай сылқымсоқ,
Жүргенде жүрісі буын жоқ.
Оқжыландақ қайқандал,
Атшот жасап қағар шот.

Жазады жезден ой ойлап,
Балдызды жезде жәй ойнап.
Артығы болса кешірер,
Болған соң балдыз қыз бойдақ.

Балдызым сал сылқылдақ,
Әкетер бойды шалқытып.
Күлімдей сөйлеп бір қарап,
Алғандай баурап іш тартып.

Жоннан қағып сипалап,
Құлактан тартып сыйырлап.
Балқытар балдыз бойынды,
Төңкөріп көзбен бір қарап...[204]

Келініме

Келіп, балам, мықты болсын өмір бағын,
Жақсы бол, құтты болсын шаңырағың!
Кеңпейіл, халықты бол, келін балам,
Жақсы болсаң, кім бермес төрден орын.

Қарағым, үлгілі бол шамаң келсе,
Үй болу оңай емес, жөнін білсе.
Сыйлай біл, үлкен-кіші келін жатса,
Ұмытпа қазақ салтын, дәстүрін де.

Айналайын, бақытты бол, саналы бол,
Келінімнің кішіпейіл, адалы бол.
Босағаң құтты болсын, мықты болсын,
Ата-анаң ақ тілегін тастама сол.

Мен атан шошақайлау ойнақтаған,
Келінімді қыз баламдай қызықтаған.
Семейге қарағыңа барып қайттым,
Жеттім сол тілегіме армандаған.

Өлеңге төрт жасымнан жакын едім,
Исадай суырып салма ақын едім.
Бір тойда сексен қызбен мен айттысып,
Сексенін өлеңменен женген едім.[205]

Балдызға

(бірінші өлең)

Балдыз-ау, денсаулықта, аманбысын,
Елден шошып, алыста қалай жүрсің?!

Жақындал, елде жүрсек қайтер едін,
Қадірін туған елдің білемісін.

Балдыз-ау, туған елден кеттің ұзап,
Баар-ек жете алмаймыз жерің жырақ!
Қалқаманда бір досың бар да шыгар,
Жүргендей бір өзінді солар қинап.

Балдыз-ау, айналайын, аманбысын,
Қартайып Қалқаманда қаламысың?!

Жақындал туған елге келсейші өзін,
Қағылған бір орында қадамысың.

Балдызым-ау, сөзін бізге сондай тәтті,
Ақжарқын міnezің бар, әр қалыпты!
Мақтаймын мен балдызды әс көтеріп,
Тұрғандай қор қызындай сымбатты.

Балдыз-ау, жаздым өлең білу үшін,
Өзінді ысқақ етіп құлу үшін!
Жатасың ұзак таңда үйқын келмей,
Мын аунап төсегінде үпілейсін.[206]

Төлеубайдың «Сарыарқа» өлеңі

Сарыарқам ел едің,
Самал тау жер едің.
Самалың бет сүйіп,
Сан ғасыр өткіздің.

Сан өмір өткізіп,
Сайыннан су аккан.
Сайында ел көшіп,
Сан түлек мал бақкан.

Сарыарқам шалкыған,
Коліне ел конған.
Көк майса балауса,
Ақку-қаз ән салған.

Сан қозың маңырап,
Сан құлын зымырап.
Сар ботаң ойнак сап,
Құндыздай қылаңдал.

Сан елді шакырып,
Сар қымыз сапырып.
Сар казы сен турар,
Сан тұсы жақын бол.

Сарыарқам аялым,
Мейман дос, адамың.
Акжарқын, конакжай,
Асылған қазаның,
Тартылған табағың.

Сарыарқам – көпшіл жер,
Сан сарбаз өскен жер.
Сан туыс бас қосып,
Сан жүйрік басқан жер.

Сан халқы ойнаған,
Салтымен тойлаған.
Сәнімен жараса,
Бұлбұлдай сайраған.

Жайнаған жер далаң,
Көгорай сай-салан.
Ортанда Ақбеттау,
Сан ғасыр түр бабан.[207]

Баянаула

(екінші өлең)

Көкше шың, жер жәннаты – Баянаулам,
Басынан сағым күліп, бұлт ойнаған.
Баянаула, Жаксыаула, Жаманаула,
Осы атпен атам қазақ көп атаған.

Аймағың мекенжай қып атам қазақ,
Бес түлік мал өсіріп ұлан-байтақ.
Ең жайлап Сарыарқамды сайран еткен,
Доп атып, қақпай тағып, асық ойнап.

Бес түлік мал өсіріп атам қазақ,
Сахара амал таулы жері байтақ.
Көшпелі атам қазақ осылай өскен,
Көгалға желі тартып, бие байлад.

Көк жасыл, көк майсалы тас пен жері,
Сұлудай сүйкім тартып әрбір көркі.
Жасыбай, Торайғыр мен Сабынды көл,
Күмістей жарқыраган айдын көлі.

Төбеде акку-қаздар айнала ұшып,
Жан-жануар жарап ішке беттен құшып.
Бәріне ырзық болған Баянаула,
Көлі мен бұлағынан сүйн ішіп.

Сүйн – бал, шөбің – сүйгін, жегенде бал.
Қарағай неше түрлі қайың мен тал.
Тастарың жиһаздаған қыз жүгіндей,
Желлінін тоғайлармен шалқып көгал.

Ііліп иіс әкетіп тоғайларың,
Өрімдей аспан бойлап қарағайдың.
Көлеңкен айналанды қоршап күннен,
Адамға шипа болған саяларын.

Көз тоймас сұлу тартып қарағанда,
Жүрсөң сұр жидек теріп саласында.
Қолтықтап бұран белмен өзіл қағып,
Жүрсөң сол жігіт болып құшағында.

Ежелден дәурен қызыл ел арманы,
Болсаң бір сер жігітің боз тайлағы.
Ән салып домбырамен кешке қарай,
Жаңғыртып Баянтауды пай-пай тағы.

Баянтау – Сарыарқаның әсем жері,
Ғажайып көркіменен жұпар көрі.
Көтеріп тау мен көлін төбесіне,
Кеші болса айғай салар әуелдегі.

Көктемде құрлар ойнап, қику қағып,
Көкектер тау жаңғыртып, айғай салып.
Сәріден айғай салып сайран құстар,
Ән салып сұлу сазбен тамашалап.

Аспанда қанат қағып қыран бүркіт,
Тың жартас, биік шынды мекен етіп.
Күндік жер көзге түсіп шақырғандай,
Сарыарқам – байтақ елім тамаша етіп.

Тың біткен сырты қатпар бинк тастың,
Бүркітің томағасында әсем басың.
– Басында бір көл бар, – деп ел айтады,
Арқанмен Жәми шыққан Найзатастың.

Коныртас шөллейтінде оқшау дара,
Сырласып құс сұлудай құшак жая.
Ойнатып арқар, киік балаларын,
Желтаумен, Коныртаспен, Баянаула.[208]

Ақбеттау

(бірінші өлең)

Ежелден келе жатқан – Ақбет, Баян,
Ел өскен мекен қылып баурайынан.
Жақсыаула, Жаманаула, Баянаула,
Осы атпен ел аузында болдың аян.

Күміс көл, көк майсалы тас пен жері,
Сылдырап аққан бұлақ, өзендері.
Жасыбай, Торайғыр мен Сабындықөл,
Күмістей жарқыраган айдын көлі.

Суың – бал, шөбің шөйгін жегенде мал,
Қарағай неше түрлі қайың мен тал.
Тастаның қыз жүгіндей жиһаздалған,
Желпілдеп төңірегің шалқып көгал.

Жиылып, исі аңқып тогайларын,
Өрімдей аспан тарткан қарағайың.
Көленкең айналаға бірдей түсіп,
Адамға шипа болған саяларың.

Шалқисың әсемдікте қараганда,
Бұлдірген теріп жұрсем саласында.
Құлақтап ... жұрсөң қандай,
Әзілдеп сүйгеніңмен арасында.

Жырың көп, сырың ғажап – Ақбет, Баян,
Ақындар жырын төгіп, аямаған.
Қаскиып Сарыарқаның кең тосінде,
Кербездің тұлғасындаі тұрғаны аян.

Ежелден қызықтаған ел арманы,
Болсаң бір сері жігіттің боз тайлағы.
Ән шыркап домбырамен кешке қарай,
Жаңғырып Баянтауды пай-пай дагы.

Қосылып сұлулармен бірге отырсан,
Шашырап беттен сүйіп, ақ шабак тан.
Әзілдеп бірге жұрсөң бұраң белмен,
Жетпейді жолдасаң да дүние-малың.

Баянтау – қыз жігіттің әсем жері,
Құлімдеп, құлаш жайған айдын колі.
Әзілдеп қыз-жігіттер бір отырса,
Қаз-қатар іште жатқан қатты шерді.

Шымырлап кешке қарай айдын көлі,
Бір ғажап исі аңқыған жұпар көгі.
Көтеріп тау мен көлін төбесіне,
Кеш болса, айғай салар әупілдегі.

Тік біткен, сырты катпар көкше тасын,
Бүркіттің тұлғасындай әсем басын.
– Басында бір көл бар, – деп ел айтады,
Әмірқан мен Жәми шыккан Найзатастын.

Көктемі ... ойнап, қиқу қағып,
Көкектер тау жаңғырып, айғай салып.
Сарыден, сандуғаштар сайрап үнмен,
Ән салар сұлу сазбен тамашалап.

Аспанда қанат жайып қыран бүркіт,
Тік жартас, биік шыңды мекен етіп.
Санқылдап бүркіт дауысы тау жарады,
Шыңдарын қызық көріп, тамашалап.

Аспанда аққу, қаздар айнала ұшып,
Жан-жануар құшақ жайып, беттен қошып.
Бәріне рызық болған – Баянаулам,
Көлі мен бұлағынан сұын ішіп.

Бес тұлік, мал өсіріп атам қазақ,
Сақара, самал таулы, жері байтақ.
Көшпелі қазақ атам салтыменен,
Көгалға желі тартып бие байлап.

Аймағын мекенжай қып атам қазақ,
Бес тұлік, мал өсіріп ұлан байтақ.
Ен жайлап Сарыарқамды сайран етіп,
Доп атып, қақпай қағып, асық ойнап.

Қыңыртас шелейтінде оқшау дара,
Сырласып қос сұлудай құшақ жая.
Ойнатып арқар-киік балаларын,
Сарытаумен, Қызылтаумен Баянаула.[209]

Ақбеттау

(екінші өлең)

Күміс көл, көк майсалы әсем жері,
Сылдырап аққан бұлақ өзендері.
Жасыбай, Торайғыр мен Сабындықөл,
Күмістей жарқырайды теңіздері.

Сарыарқам, санды өлкем Баянаула,
Ойнайды көкше бұлты шың басында.
Жақсыяула, Баянаула деп айтылған,
... екен ел аузынды.

Суың – бал, шөбің – шүйгіп жегенде мал,
Қарағай неше түрлі қайың мен тал.
Тастарың жиһаздаған қыз жүгіндей,
Желкілдеп тоғайларың шалқып көгал.

Иіліп, исі аңқып тоғайларың,
Өрімдей аспан тартып қарағайың.
Көлеңкең айналаға бірдей түсіп,
Адамға шипа болған саяларың.

Жырың көп, сырың тәрік – Ақбет, Баян,
Ақындар сенен жырын аямаған.
Қасқынп Сарыарқамның кең төсінде,
Кербездің тұлғасындаі тұрғаны аян.

Ежелден қызықтаған ел арманы,
Болсаң бір сер жігітің боз тайлағы.
Ән шырқап домбырамен кешке қарай,
Жаңғыртып Баянтауды пай-пай дағы.

Қосылып сұлулармен бірге отырсаң,
Шашырап беттен сүйіп ақ шапақ таң.

Әзілдеп бірге жұрсек бұраң белмен,
Жетпейді пұлдасаңда дүние малың.

Баянтау – қызы-жігітің әсем жері,
Күлімдеп құлаш жайып айдын көлі.
Әзілдеп қызы-жігіттер бірге отырса,
Таркатар іште жатқан тәтті шерді.

Шымырлап кешке қарай айдын көлі,
Бір ғажап иіс аңқып әрбір көгі.
Көтеріп тау мен көлін төбесіне,
Кеш болса айғай салар әуілдегі.

Тік біткен сырты қатпар көкше тасын,
Бүркіттің тұлғасындағы әсем басын.
Басында бір көл бар деп елім айтқан,
Арқанмен Жәми шыққан Найзатастын.

Көліңе аққу, қаздар айнала ұшып,
Жан-жануар бауыр тартып, беттен қошып.
Сарқырап шыннан аққан көкше бұлақ,
Сусамас шілде, тамыз сұын ішіп.

Аспанда қанат қағып қыран бүркіт,
Тік жартас, биік шында мекен етін.
Күндік жер көзге түсіп шақырғандай,
Сарыарқам – байтақ елім тамаша етип.

Көктемде құрлар ойнап қиқу қағып,
Көкектер тау жаңғыртып айғай салып.
Жиналып көк жасылға бояғандай,
Тұрғаның сұлу тауды тамашалап.

Қыңыртас шөлөйтінде оқшау дара,
Сырласып екі адамдай құшақ жая.
Өргізіп арқар, киік балаларын,
Сартаумен, Қыңыртаспен, Баянаула.

Қызылтау, Баянаула шығында,
Ақкелін, Тотиятау оң тұсында.
Жамантау, Баянтауды ортаға алып,
Желтау тұр құшак жетер батысында.

Сай-салан мекен-жай қып атам қазак,
Бес түлік мал өсіріп ұлан-байтақ.
Ен жайлап аймағынды ақ үй тігіп,
Доп атып, қақпай қағып, асық ойнап.

Бес түлік мал өсіріп атам қазак,
Сарыарқам – самал таулы, жерін байтақ.
Көшпелі атам қазақ салтыменен,
Көгалға желі тартып, бие байлап.

Көк жасыл, көк майсалы тас пен жері,
Құлпырып гүл бәйшешек әрбір жері.
Жасыбай, Торайғыр мен Сабындықөл,
Шаттанып күлімдей айдын көлі.

Халқымның әс көтерген бұл еркесі,
Адамның жан сүйетін жан жүрегі,
Сипаттап Ақбеттауды баяндадым.[210]

Қоянды

Бір байға мен жалданып кеттім тағы,
Жаяулап малын айдал Қояттыға.
Базары Қояндының арзан болып,
Жиырма метр ақ соқпа алдым тағы.

Бір ешкі сатып алдым малдануға,
Ешкіні сауып тұрып жан жалғауға.
Жақыннан жәрдем көрмей қайран басым,
Талпындым мен осылай үй болуга.

Дұние-ай, бастан кешкен бұл бір күнім,
... жокшылықтың бәрін көрдім.
Жалшы боп, еңбек жанып, үй болдым-ау,
Тендік кеп, ұлы Октябрь көріп тұрмын.

Ақ қағаз, қалам сия, маған жақын,
Өрнек қып бастан кешкен жаздым нақты.
Жалшы боп көк өгізбен ел шулатып,
Белгілі тұбім – Құлік, Көкең ақын.[211]

Ертіс

Көк жасыл, ер Ертістің, сай-саласы,
Атқылап көк толқынды дариясы.
Жарқырап жағасында Павлодар,
Еліме берері көп бұл қаласы.

Кел, жастар, ән шырқайық, би билейік,
Болмасын той думанның айырмасы![212]

Жүйрік ат, сұлу қатын

Белдеуде жүйрік атың тұрса шұлғып,
Керіліп, қарап тұрса жарың мұлгіп.
Тұғырда көк каршығаң о да тұрса,
Дұние-ай, бұдан артық бар ма қызық?!

Отырса бұраң белің тізелесіп,
Күлімдеп, шайын құйып, бірге ішіп.
Жарасып, қатарласып бірге отырса,
Күлімдеп, оспақ қағып, шөңкілдесіп.

Жарқылдаң сары самаурын буы аспанға,
Тәтті шай ... турал ақ құманға.
Үй ішін иісі аңқып тәтті шайдың,
Отырсаң акжарқынмен рахатта.

Керіліп күле қарап қалқажаның,
Бағасы оған жетпес дүние, малың.
Жарқырап туған айдай толқып тұрса,
Беу, дүние-ай, бұған жетер бар ма жаның?!

Атыңнан секіріп түсे қалып,
Құшақтап сүйсең қандай қалқажанды.
Белдеуге жүйрік атты байлай салып,
Алдынан шыққан жары сәнді.

Қыңсылап босағада жатса тазы,
Жігітің көніл ашар жастық шағы.
Құтырып канжығаға құс пен анға,
Қайтсан сол кешке қарай жортып тағы.

Құмістен қара шақша қолға алып,
Қонышын етігінің тықылдатып.
Насыбай бакунептен аңы болса,
Атсан сол тіл астымен шыртылдатып.[213]

Беу дүние

Бұрқылдаң сары самаурын тұрса аспанда,
Тәтті шай турал қолмен құманға.
Үй іші иіс алып, көкейін шайдың,
Жатсан сол бай еркесі рахатта.

Отырсаң кербезіне тізе қосып,
Күлімдеп, шайды қойып, бірге ішіп.
Отырсаң әзіл тілмен күле сөйлеп,
Жарасып өз алдыңа шұңқілдесіп.

Керіліп күліп тұрса қалқажаның,
Баға сол – оған жетпес дүние, малын.
Жаркырап туған айдай толқып тұрса,
Дүние-ай, шыдап қалай тұрар жаңың?!

Атыңды бел кермеғе байлай салып,
Құшактап сүйсен қандай қалқажанды.
Шаршаған мырзасына жастық салып,
Шалқайып түрде жатса жігіт санды.

Белдеуде жүйрік атың тұрса шұлғып,
Керіліп қарап тұрса, жарың мұлгіп.
Тұмарда көк қаршығаң о да тұрса,
Дүние-ай, бұдан артық бар ма қызық?!

Қыңсылап босағада жатса тазы,
Жігітің көніл ашар деген шағы.
Толтырып қанжығаны құс пен аңға,
Қайтсаң бір кешке қарай жортып тағы.

Күмісті қара шақша қолға алып,
Қонышыңа етікке тықылдатып.
Үгілген бакунептен абы болса,
Жантайып шырт түкіріп шыртылдатып.

Айтамын сол бір заман қазақ салтын,
Көздеген дәстүрі мен ұстап қалып.
Ежелден атам қазақ заманында –
Жүйрік ат, қыран бүркіт, сұлу қатын.[214]

Мұндық қызы

Әлпештеген ата-анам,
Артымда қалдың жылап сен.
Мандайға біткен мен балан,
Қарашиқ көзің едім мен.

Жүрегім толып егілді-ай,
Жасым көзден төгілді-ай!
Артымда қалып барасың,
Қайран туған елім-ай!

Іздеп келер бауыр жок,
«Апам бар», – деп алыстан.
Ішімде қайғы ойлар көп,
Жүрекке сол бір жабысқан.

Жас баладай жас болып,
Өскенімді білмедім.
Бөтен елге келін бои,
Елімді тастап келгенім.

Жас күнімде айттырып,
Байлығын айтып танысқан.
Қалың малға сатылып,
Биліксіз басым адасқан.

Жеті түйе құм[да]р жетектеп,
Әкетті жасап үйімнен.
Кеттім мен де елпілдеп,
Бай болса да сүймеген.

Оң жақта жүрген күнім жок,
Еркелеп өскен еркіммен.

Құдай қосқан теңсіз қып,
Етектен ұстап келдім мен.
Толып жатқан мал-басы,
Өкіндім көріп көзіммен.
Қаптаған көп шаруасы,
От жағып, шығып күлімен.

– Түйе сау! – деп зекиді,
Қабағын түйіп өзіме.
Енем тағы дүрдиді,
Төнгендей бүркіт өзіне.

Абысын ... тағы сол,
Суық сөз айтар азғырып,
Болмады менде табар жол,
Ұрғызады мені жазғырып.

Тезек терем алыстан,
Тең қапты жаяу арқалап.
Құтылсам деп осы намыстан,
Ойнайды жүрек шыркырап.

Құрт-ірімшік қайнатып.
Тұнімен сылпыл мен басам.
Ауылым жым-жырт ел жатып,
Күзетіп қоймен алысам.

Малды тегіс сауамын,
Қосақтап байладап аркандал.
Ұзак күн жүрем шаруамен,
Тұрғанда бәрі алқымдал.

Желіге құлын байлаймын,
Ышқыштан мытып қысып ап.

Айғырды қуып айдаймын,
Құрыкпен қуып айғайлап.

Жер ошақтың басында,
Отырам жалғыз шоқып.
Тірі жан жоқ қасымда,
Түнімен жалғыз қақып.

Жұн иірем ұршықпен,
Санаңды ұрып сабалап.
Байыма шекпен тігем деп,
Қоршылық осы тұр кинап.

Жантайып жатып азғырам:
– Кетейік жеке үй болып,
Жүріп былай не болам?
Жазықсыз басым күнде өліп!

Билігім жоқ ас-суда,
Кілт бермейді енеміз.
Үйреніп алдым у-шуға,
Салған соң басқа көнерміз.

Келгеннен перзент көтермей,
Пәле болды осыдан.
Жек көріп, бай да үндемей,
Айырмасы жоқ қасқырдан.

Жалғанда жаман не жаман?
Жігерсіз жылбыр бай жаман.
Мұндайдан аулақ жүріндер,
Жаманға келген мен жаман.[215]

Төлеубайдың желдірмесі

А-ха-хая жастық кезің жайнайтұғын,
Бұлбұлдай сандуғаштай сайрайтұғын.
Өнерін жетіп тұрған деген шакта,
Бәйге аттай топты жарып қалмайтұғын.

А-ха-хая деген күнің ойнайтұғын,
Өнерден өнер қуып қоймайтұғын.
Талантты жастарым бар өнер қуған,
Өмірдің қызығына тоймайтұғын.

А-ха-хая өтер қызық қалар бір күн,
Кіргендей құшағына қара жердің.
Қырандай қиядағы қыраным бұл –
Жастарым жайна-сайра өтер күнін.[216]

Баян

Құрметті Бәке көз көрғен,
Жазамын сәлем өлеңмен.
Ата дос болған бабаңыз,
Шын ықыласты көңілмен,
Мәшіүр Жүсіп Көпей ме?!

Хат келді сіздерден рахмет,
Білдірем сізге шын ниет.
Баршаңа айтам құттықтау,
Жеңіс күні деп ал құрмет.

Амандық болсын әрқашан,
Май күнімен нұр шашқан.
Балалармен аман бол,
Жарқырап майдай көк аспан.[217]

Бөлдей шопан

Азбандардың ауылында айдан аса қой бақтым,
Қой бақсам да бір іске мені қатты ойлаттың.
Комсомол шал атанип мен Бөлдейге,
Тас шұбарға мініп ап қой қоздаттым.

О, Мұсеке, Мұсеке,
Баққан малың аман болсын береке!
Әрқашанда бұл дәстүрден айрылмай,
Жеткіз қолды аспандағы сен көкке.

Қатынбас шал атандым қызыл киіп,
Мен жүремін ішімнен мырс күліп.
Ақбас қатын атандым ауылына,
Сегіз қырлы шал болған – өзім Күлік.[218]

Тағы бір өлең

Талпынған Бәке жігіт үй болам деп,
Амантау, Ақши, Білдеш түгел сузін.
Ақирек, Карабылак, Талпақпенен,
Қыз үшін айтқан жердің бәрін кезіп.

Ойлаған бұл соғысы іске асты,
Жолынан ақсақ қасқыр тұра кашты.
Қоян қашса Бәкеге қыз тимеуші еді,
Тигізің шарапатын қасқыр асты.

Жалғасып жең үстінен мың сом берді,
Ешкімде бұзылмайды бұл ырымды.
Мұртынан күлін жігіт мәз-майрам боп,
Файыптан құдаласып қыз бұйырды.

Келген күні Бәкеннің тойы болды,
Үй болып екі жастың көnlі толды.
Сексен үй жақыннан сексен қой кеп,
Корасы іші-сырты қойға толды.[219]

Төлеубай өлеңі

(төртінші өлең)

Ағажан, ойда жокта құда болдық.
Найманнан ... бала көрдік.
Солардың арқасында болдық жақын,
Қуанып сізге арнап өлең жаздық.

Ағажан, кеш жүресіз ыңыранып,
Отырмыз бұл қалай деп біз таңғалып.
Жарықтық екіабат па аяғы ауыр,
Отырмыз тоса-тоса біз жалығып.

Ағажан, жас емшекті бала бар ма,
Емізіп жас сәбиді бөгелдің бе?!

Ойнаймыз құдамызбен қалжыңдастып,
Көnlіңде ағажаным ауыр алма.

Ағажан, ата доспыз, біз де доспыз,
Достықта Секе, Төке жақсы доспыз.
... Алатаудай атағың бар,
Ойнаймыз жарастықпен көnlіл доспыз.[220]

Бұның аты ойпырым-ай

Ауылдық жерде біздерге,
Жақсылық, жақсылық ойпырым-ай!
Қиын жолдан өтсек те,
Қадірің жоқ ойпырым-ай!

Отын шөпке ақша ұстайды,
Толығымен ойпырым-ай!
Тұсінер көңіл тағы жоқ,
Бұл қалайша ойпырым-ай!

Үкіметім, партиям,
Ардағер деп ат қойған.
Ардакта деп әрқашан,
Әлемге осылай тапсырған,
Тыңдаса осыны ойпырым-ай!
Қаулы, карап, указдар,
Қақсал түр ғой ойпырым-ай!
Мұн-мұқтажды шағымдар,
Іске аспайды ойпырым-ай!

Сыргытпа сырдаң салынар,
Өркекірекпен ойпырым-ай!
Артықшылық пен ерекшелік,
Үкімет берген ойпырым-ай!

Тыңдамайды бұны не керек.
Жұз айтсаң да ойпырым-ай!
Айта калсан бір жерге,
Қайтер еді ойпырым-ай!

Арыңды ойлап коясын,
Ұялғаннан ойпырым-ай!
Біздерге назар аударса,
Не қалде деп ойпырым-ай!

Үйім шала, қора тар,
Назарсыз калды ойпырым-ай!
Үйдис-аяқ жерде шашылды,
Осыны көрсе ойпырым-ай![221]

Серік

Ата дос сонау жылдан келеміз біз,
Ақжарқын силастықпен көңіліміз.
Әрқашан абыройлы болайық біз,
Қызықтан кызық кіріп өміріміз.

Мәшекен, Жұмекеңдер – ол бір арман,
Достықпен артын бізге жалғастырған.
Ағажан, сізге айтам осы жайды,
Көп жылдан айта алмаған ойға алған.

Ағажан, атың жақсы ағалаған,
Бұл халық сізді сондай бағалаған.
Туған жер, туған өлке қандай ыстық,
Кетпедік ауыр жылда Жаңажолдан.

Бір нанды бөліп жедік сонау жылдан,
Іргеміз туған жерден қозғалмаған.
«Ақсақал ел ағасы ағажан», – деп,
«Ассалау мағалейкүм!» – деп беріп сәлем.

Өлеңді жазды ақын ойлай-ойлай,
Жазғызды дарындықтан ерік қоймай.
Бір үйлі семьям бар менде өзіндей,
Отырмыз қазір бүгін наным болмай.

Ұялам басқа жерге баратұғын,
Бір қап ұн болмайды еken бізге жоғын.
Сенен басқа досым жок карасайлар,
Акшаға бар ма ұның алатұғын?!

Жазады әрбір жайды Төкен ақын,
Шықпайды жазсамдағы ақын атым.
Көп сөзді көпіршітіп қайтем айтып,
Ойларсыз бұл тілекті ақылменен.

Назымкан, Айдын деген тындармайды,
Ақсақ шал ісім түспес кедей жанды.
Айтамын шағымымды сізге ғана.
Кедейге құдайың да жоламайды.

Кей сөздің бола бермек келекесі,
Тындар деп ақын сөзін серекесі.
Көнілге ауыр алма ағажаным,
Жазды деп Мәшһүр Жүсін немересі.

Бас қостық кәрі мұғалім біз үйінде,
Бұл қызық кең дастаркан барлық күнде.
Көп жылдан сізді көрмей жүрген едім,
Құдайға шүкір, тәубә көрдім, міне![222]

Құрдас Құләнға

Ала құс торғай – құрдас бар,
Бұлбұлдай езі сайрап тұр.
Тілі мылтық оғындар,
Тиғен жерден құлатар.

Тәтті, дәмді ішіп жеп,
Ауырады күрсілдеп.
Өтірік ауырып корқытып,
– Апар мені Шымкент! – деп.

Бұркіт, Тұрсын қандай жан,
Мінезіне мұның шыдаған.
Қисық шеше болса да,
Алтындар көріп сақтаған.

Сол үйдің әуес патшасы,
Ақсақал әрі анасы.

Үлкендік келбет мінез жоқ,
Болмаған білім санасы.

Сөз бермес жанға қеуделеп,
Өзінде және білім жоқ.
Ақсақал, ата, бәйбішесі,
Қарғайды мені: «Тәбет!» – деп.

Тәбет десең тәбетпін,
Қабаған тәбет өжетпін.
Ақымды мен де жібермей,
Кегімді алам өлеңмен.

«Тәбет!» – деп мені қарағайды,
Білмеген соң мән-жайды.
Балалармен аман жүре бер,
Әзілмен құрдас ойнайды.[223]

Мұғалімге

Құрбым келді шақырып,
Ықылас ниет білдіріп.
Бармасақ, қалдың ренжіп,
Кетсін онда бақырып.

Қызылтау тойды жақын қып,
Қызылтаулық көлік деп.
Жарыстықты жакындық,
Тұрсам бауырым білсін деп.

Мәңгіріп бастаң уланып,
Жатырмын, міне, ауырып.
Жылы күн болса, бару жөн,
Қисық тұр мынау акырып.

Акзекен бар үлкен ғой,
Жетеді суда саған да.
Сүйекең мені ойлама,
Жер мен көктей арасы.
Елім менің Орта жұз,
Негізім менің – Тараншы.

Жапсырып … айтады:
«Көкен біздің Құлік!» – деп
Орыстар да айтады:
«Дядя Құлік друг», – деп.[224]

Балдызыға

(екінші өлең)

Құтты болсын балдызыым,
Сегізінші март мейрамың!
Шаттықта болсын әр күнің,
Жақсылықта ғұмырың.

Мәртебең өссін аспандай,
Сегіз қырлы сайман сай.
Духи құйып түрленіп,
Жарқырап туған жұлдыздай.

Жемісті болсын енбегің,
Орындаپ план райкоптың.
Ай мен жылдан аман бол,
Арта берсін тендігін.

Жақсы ғой сезі жезденің,
Тыңдаса дұрыс балдызыым.
Құттықтап жездең жазады,
Мерейін көтеріп балдызың.

Тулаған айдай ай жұзін,
Қырмызы жібек мінезін.
Қарақат көзді, қигаш қасы,
Духи сасып балдызым.

Сүйкімді киқар өзгесін,
Сойталдай балдыз болған соң.
Әзілдеп ентең күлейін,
Ұмытпай жүрсін жездесін.

Құлер балдыз сөзіме,
Сипаттап жазған өзіне.
Балдызым естіп мас болсын,
Жазған арнап кезінде.

Апанды сондай бақтайсын,
Тұыс деп және мақтайсын.
Ғашық боп апаң тиді өзі,
Айтты ғой неге мені алмасын.

Жасында апаң өркे боп,
Бір байдың өркे қызы боп.
Шолжақай болған апаңыз,
Жатыр үйде мылжа боп.

Денесі балдыз жұп-жұмсақ,
Ұстасаң майда қолменен.
Балдызым тұрса қылмандал,
Сүйсек бір тілдің үшімен.[225]

Сартай бөлеге

Құрметті Сартай бөлеміз,
Қозған ғой, рас, шешеміз.
Жатақ, Тапақ ұқсас боп,
Жиен боп осылай жүреміз.

Еліңе сен көркемсін,
Ақ машина мінген соң.
Өтірік ауырып гуләйтап,
Сайран салып жүресін.

Төлеубайды: «Тапаң», – деп,
Ішіңен жек көресің.
Қызылқоғам болып мактанып,
Сықак-сықак күлесің.

Үйіңе келсең жалқаусың,
Зейінжамалдың ішіп тәтті асын.
Жерден күрек көтермей,
Шалкалап үйде жатасың.

Зейінжамал үйдің ырысы,
Үйінді үй қып отырған.
Тындырып шаруа бәр істі,
Қамқоршы болып мал-жанның.

Кітабінді оқып кенелдім,
Болған соң кітабі бөлемнің.
Денсаулық болсын әркашан,
Айтарым осы – тілегім.

Бұны жазған Төлеубай,
Болған соң акын казактың.
Жазады өлең осылай,
Болған соң жиені Тапактың.

Алыстан бәрін болжайсың,
Пайданды қатты ойлайсың.
Мақтасам да бөлемді,
Тамаққа тағы тоймайсын.[226]

Бұланбаевқа

Ассаламу ғалейкум, Әлеке!
Менен сәлем өзіңе.
Хат жазуды жөн көрдім,
Ес койсаң сөзіме.

Келдің көшіп жеріне,
Жарастықта әрине.
Кең дастархан өзінше,
Жетері жок өзіңе.

Менде болған Бәкен дос,
Бірде тату, бірде қас.
Өркөкірек, дөрекі.
Адамға суық, ол топас.

Көшіп келдің Елеке,
Бергенім ерулік өзіңе.
Шатырма мені
Сатуы жок әрине.

Баяғыша ойнап-құлейік,
Қадірді жақсы білейік.
Әке жолын қадірлеп,
Жарасып ойнап жүрейік.

Жазып отырып күлемін,
Өлең менің не теңім?
Шаршап қалдым күлем деп,
Осылай үйде боламын.[227]

Егінбайға шақыру тойы

Құрметті інім Егінбай,
Болғандай маған туыстай.
Өмірде кызық сыйласкан,
Адамнан адам сұыспай.

Хат беріпсің қарағым,
Тойына арнап шақырып.
Айтқаныңа тойдым мен,
Елеп сондай жақын кып.

Құрметті бөлем Капажан,
Айырмасын осы ықыластан.
Мәртебен өссін таудай бол,
Бакытты бол әрқашан.

Жазған хаты ағаңның,
Үшінен шығып қаламның.
Айнасы бүл халықтың,
Құтты болсын диплом қағазың.

Жазып отырып күлем кеп,
Көрші ... көрем деп.
Қоңырабаев жолдас Еғінбай,
Сыйласқан төрем, көршім деп.[228]

Баймұқашқа және Алтынайға

Баймұқаш – құрбы, құрдас туысымдай,
Боламын сені көрсем көңілім бай.
Суреттеп сепі жақсы көрғенімде,
Бір шөкім шөпті қыскан уысымдай.

Алтынжан айналайын саған айтам,
Сүйекке біткен өлеңмен молайтам.
Құрбыжан Байекене әдейі арнап,
Әзілмен күлу үшін өзіңде айтам.

Байеке тілді алсаң шуды қой,
Сөзімнің бұл сырынан түсініп қой.
Жастармен жас болғанда не боласын,
Адамға ең керегі солabyroy.

Жақсы сөз – жақсы үлгі, жан азығы,
Жақсы әке – ол бәйтерек, үй қазығы.
Өмірдің сай саласын ойлай білсен,
Адамның сол болатын қызғалдағы.

Сәждеге басынды и: «Әлқами!» – деп,
Шәйнек ал: «Бисмиләй молламын!» – деп.
Біреуге бір-бір адар көп болмайды,
Аққудай мен жығылдым, Алтынай де.

Басына бөрік кигіз қазандай қып,
Аққудай өзің оңғар жат жығылып.
Бес уақыт сәждемен бұл азан тартып,
Мен койдым тәубе қылдым: «А, Құдай!» – деп.[229]

Мұғалім құрбыма

Құрбым-ау келдің шақырып,
Ықылас ниет білдіріп.
Бармаса тағы реніш,
Кетесің онда бақырып.

Құдайым койды жақын қып,
Қызылтауда өскен Күлік деп.

Жарастықта шақырған,
Бауырлар таныс білсін деп.

Мәнгіріп бастан уланып,
Жатырмын к... ауырып.
Калай тұрып барайын,
Қысын тұр мұнау ақырып.

Ақ әжең бар ғой, үлкен ғой,
Жетеді әже саған да,
Сүйекен, Өүкен ағаң ғой,
Болады осы сағаң да.

Күлік деп мені ойлама,
Руым менің – Тараншы.
Тараншы мен Күліктің,
Жер мен көктей арасы.

Жапсырып елім айтады:
«Көкен біздің Күлік!» – деп.
Орыстар да айтады:
«Дядя Күлік – друг», – деп.

Мұғалім жолдас өзің біл,
Бір қазан шеке бер асып.
Күнде шакыра алсаң тіл,
Отырайық жеп жарасып.

Батадан басқа менің байлам жоқ,
Тамақсыз жүргенімді ойлаймын көп.
Шешем жоктай жетім боп жүрген басым,
Жоқ, шешем тірі екен деп, қуандым коп.

Кара Бейсен жатыр ғой қазандай боп,
Акзеке-ау, бұны айтсақ арманың жоқ.
Жұз тамақ, тоқсан бүйрек берсендәғы,
Ашып айтсам Бейсенге жетері жоқ.[230]

Мүкеңе

Сағынып қалам алдым сізге арнап,
Тоқтаусыз қатты келді бізге сарнап.
Мүкеңе мың мәртебе алғыс айтсам,
Түкене жіберген соң әдейі арнап.

Карт ақын қалам алса кетер саулап,
Теңізде бірге жүрдім сізді ағалап.
Алыс жолда жүргенде болдық туыс,
Сол жерін айтуым жөн мен бағалап.[231]

Ғалия-Бану

Ой, ой, Бануым!
Жаным, бағым, сүйгенім,
Сені сүймей, кімді сүйем?
Жаным, бағым, сұлу еркем.
Сен бір жігітім, сұлтаным!

Ой, ой, бағым, бағым,
Сені сүйем жаным!
Кел құшайын, кел құшайын,
Жігітім, сені жаратам, жігітім сені жаратам.

Ерлікпен сүйреп шықты жауға бермей,
Құдай сақтап жігіті дағуир келмей.
Бір ауылға қалай төтеп бере аламын,
Лап койса, сойылымда жоқ, соқса сермей.

Шап беріп ұстай алса о да жаман,
Жаяу қашып мен жолды қалай табам.
Кыз ермей, елден тағы сойыл жесем,
Жалғанда ең қыныны осы жаман.

Жетелеп жаяу шықтым бөтен елден,
Батады осы адамға жаяу жүрген.
Қараймын арт жағымнан қашқан иттей,
Бар ма дәп иттің даусы маған үрген.

Артымда арқалаған багажім бар,
Ол кезде көрмесім жоқ болдым нашар.
Бай болса да Ғанемім мені сүйген,
Домбыра тартатұғын өперім бар.

Өнер бар ән салатын бұған қоса,
О да өшікті сара.. маса.
Ептеген ақын едім байлығым сол,
Басымнан көргенімді етсем қисса.[232]

Баязиттің тойы

Құтты болсын тойыңыз,
Жасаған сол бір ойыңыз!
Тышқаншалап жарғыштап,
Дүние жиуды қойыңыз.

Жанажолды ел көріп,
Көшіп келдің: «Елім!» – деп.
Шалқаңнан жатып бұйырып:
«Ұнаған жайлы жерім!» – деп.

Күзге түсіп кәрілігін,
Әжімданып, кәртайып.
Жетеді елсіз байлығың,
Жат үйінде дем алып!

Оқан берді бір көйлек:
«Сыйласқан жақын бажам!» – деп.

Құтты болсын сол көйлек,
Алқам – салқам шал бол деп.

Өр нәрсе болар кезінде,
Айтамыз Бәке өзіңе.
Қалықтың берген сомасын,
Қайтару керек өзіне.

Бұны той деп айтпаймыз,
Өз күшіңмен жасамай.
Саған айтпай қайтеміз,
Налог пе, әлде япырмай?!

Екі мың сом жиылды,
Сырттай байқап карасақ.
Даңқыңа халық иілді.
Таусылмас нәсіп ойласақ.

Мен шақырсаң өзіңдей:
«Пенсияға шықтым!» – деп.
Соқыр итін ілінбей,
Жатар ем үйде күжілдеп.

Шақырсаң шақыр кәріні:
«Кәріден өскен ұлмын!» – деп.
Ілімің болса сыйла кәріні:
«Сіздерге қосылып шал болдым!» – деп.

Айтады елің әр кенес,
Сізге айттар есеп біз емес.
Қызығып ақша, дүниеге,
Жылу жиған той емес.[233]

Раушанға

Жездемнің койнында айна-тарак,
Айнасына отырады апам қарап.
Бәріне тіршілік жақсы екен,
Жиырма жылда болдым-ау өзер конак.

Төлеубай:

Құрметті балдыз Раушан,
Айтасын маған ... қан.
Апа-жездем катты деп,
Зарлайын сәулем әркашан.

Матасекіл сен міндің,
Қыз болып сол есірдің.
Арқаны тауып мактанып,
Ешкімді жан деп білмедің.

Сарала әшке, сақина,
Кигенім түрлі такия.
Иіс су құям түрленіп,
Апаша қарап какия.

Айна-тарак саламын,
Мәдениет сүйген адаммын.
Кете бер балдызым,
Кәртайып неге қаламын.

Шыдай алмай тіліңе,
Риза болып күйеміш.
Апаңды сипа күніне,
Аузынан қатты сүйемін.

Жезденді тілмен будың ғой,
Балдызым менің тілді ғой.
Соқ балдызым балғаңды,
Жазың, міне, туды ғой.

Балдызым сұлуу какиған,
Сонына түсіп Арқаржан.
Матасекіл мініп шаттанып,
Балдызым сыннан айрылған.[234]

Өкпеұлы Қәрімтайдың Мұқәрамға айтқаны

Басыңнан жастық бақ кетер,
Сәлемімді алмасаң!
Сыйламасан кәрінді,
Маган келген кәрілік,
Саған да қуып бір жетер!

Кейінгі толық жас ұрпак,
Озып сенен ол да жетер.
Дүние, шіркін, опасыз,
Тұбіне оның кім жетер?!

Бермедің сәлем панданып,
Оған менің нем кетер?!

Дүние, шіркін, кезек қой,
Кәрі саулықтай маңыратып!

Сенің де басына бір жетер,
Тасыма Мұқәрам, тасыма,
Тасыған жетер басына!
Бай да, батыр хан да өтті,
Кімдер қалды, кәне, жалғанда?!

Сегіз карыс төрт бұрышты сабаң болсын,
Ақыл айттар Қозғандардан ағаң болсын.
Бақ пен дәулет есепсіз бітседағы,
Екі қолың жағанда тәубен болсын.

Үлкендер тілек тілейді,
Кәрі адам кекшіл келеді.
Тәубесіз өткен пендеге,
Құдай қаһарын төгеді.

Ұлық болсаң кішік бол,
Осы жүрген жандар,
Бір кезде түғел өледі.

Жалғандағы қылышың,
Маған қылған пандырың,
Ахиретте алдыңнан келеді.

Отырмын оңашада ойда қалып,
Өмірдің көбі кетіп, азы қалып.
Дүниеге келген пенде қонак дейді,
Данышпан қандай елің қайран халық.

Өтті ғой бізден бұрын пайғамбарлар,
Әмбие, әулиелер әм ғалымдар.
Кезекпен, міне, қуып бізге жетті,
Баратын алдымыздың жол бар.

Бақытты бай бол Мұкәрам жаңың бірдей,
Кәрілік қарсы алдында қазған көрдей.
Артықшылық азған күн тойғандырың,
Не керек өлген соң болдың бірдей.

Болғанда бір күн араз, бір күн бауыр,
Кешпеушілік қаталықпен болар ауыр.
Бірлікті татулықпен айтайын деп,
Жүрегім сенен тілім-тілім болды жауыр.

Тыңдайтын құлақ қойып адам тапты,
Жұбаумен мен өз-өзімді қылдым бақсы.

Айтсаңыз өсек-өтірік болады мәз,
Ұғатын жаксы сөзді іздең тапты.

Сөйлесең жақсылыкты қоймас құлак,
Тыңдайтын кезек айтып адам таппай.
Отырсың көп ішінде жаңғыз дағы,
Отырмын өз-өзіммен киялданып.

Адамның бәрі кетіп, өзім қалып,
Сорға шыққан саздай коленкесіз.
Өзіме-өзім ойласам қатты налып,
Жалғыз қалу адамға қызын екен.

Ойын-тойдан аулақпын болса жиын.
Әңгімелесіп сырласар болмаған соң,
Көрген күнің құрысын бұты тиын.

Құлак қойып сөз тыңдар қайда,
Мастану мен мен-мендік бермес пайда.
Тілек тілеп құдайдан жалынбасаң,
Аң болғанымыз емес пе жүрген сайдар?!

Мүкәрам зекет, пітір бер дедім жаным ашып,
Қалдым ғой айтсамдағы жаман сасып.
Ежірейіп: «Сен, сен!» – деп зікіндердің әкемдей-ақ,
Өзімді-өзім тоқтатып әрең басып.

Бұрынғыдай емессің тасығандайсың,
Кәрі құртаң нашарды басқандайсың.
Байлығың, бағың да өтер, кетер,
Жазымыш тағдыр жетіп, өтсе сәулен.

Сүйенген байлығын артта қалар,
Жалғыз ғана өзінің басың кетер.
Бірінде жеті күннің келер олім,
Өкініп қиналатын келер қезін.

Жер астын нелер хасыр менен қылып.
Көзіңнен ғайып болар тірлік кезін,
Барасың жер астына жалғыз өзін.
Әкетерің жиырма метр торғын бозін,
Тәубе қыл Мұкәрам райдан қайт,
Бұл айтқан мұсылмандық ақыр сөзім![235]

Ахметбек Бәтішұлының Оспанға шығарғаны

Оспан Асайын ұлының осы өлеңінен Актөбелік әншілерден естіген төрайғырлық Орта жүз Қырықмылтық Арғын Ахметбек Бәтішұлы есімді қарт әншінің шығарған өлеңі:

Бармысың, қайда жүрсін, Оспан інім?
Иесі парасат кім өнер-білім.
Кетпесің жеті өзінен жерге ...,
Белгісіз одан әрі көрген күнің.

Кем болып қатарында қалмас еді-ау,
Бәрінде болса жастың сен дегенім!
Сайраған бұлбұл құстай сабазым-ай,
Тәубе дейін жүрмесін айтып тілім.

Жаксыда жасырынып сыр жатпаған,
Абзалы артық емес сыр сақтаған.
Асылды арсыздықпен кемітеміз,
Ақ алмас қынабында құр жатпаған.

Жетіпсіз бір кездегі сәби ұлан,
Ананың құлын едің құнтақтаған.
Бағанды күншіл надан коре алмайтын,
Ауылдың азаматы едің аруақтаған.

Советтің дәуренінде жікке бөліп,
Неткен ел басқа атаны ұнатпаған.

Санада саңылауы жоқ сұмырайлар,
Онымен істегені құлатпаған.

Дәненең сенің тағы кетпегендей,
Көздеген дүшман оғы өтпегендей.
Несіне жікке болып қудалайды,
Аумағы Жетіөзеннің жетпегендей.

Мен білсем Жетіөзеннің жеті сұы,
Шамасы жүрген жерің күнде дауы.
Көгерген көсегесін көтере алмай,
Байлықтан көзі ісіп, шыққан буы.

Есепсіз алма бағы, сансыз жүзім,
Зар болған кеше күн нанға өзім.
Арғын, Қыпшак, Алшын деп бөліп жатса,
Өз ағанды ауырлама Ұлы жүзім.

Орнатып Астананы Алматыға,
Партиям жеткізуші ашып көзің.
Оқытқан аталарың зорлап бір кез,
Сондықтан күнәлісің сенің өзің.

Түзелер қисық ағаш тезге түзеп,
Өткеннен ойлардағы болса сезім.
Ондай іс Раббы шәлиф қалар қалқам,
Азырақ сабырлықпен еткен төзім.

Аз қазақ жүрсек нетер жікке бөлмей,
Өлімтік өткен кезді көзге ілмей.
Дамытқан ұлы Ленин партиясын,
Қатарға қалған елді көшке ермей.

Даурығып, дау-жанжалдасып не жетпейді,
Бір-бірін қажытады-ау дамыл бермей!

Бұл көрініс білгір көңілді көрсетпейді,
Шаладай бықсып жатқан әлі сөнбей.

Партиям ел билігін қолына алып,
Отанды гүлдендірген етіп жарып.
Оянған сана-сезім күшіменен,
Бықсыған қоламтанаң сөнері анық.

Шақарың тал бекініс Талдықорған,
Тәубелік қабал шығар жұмбақ қылған.
Қара өзек салқын бұлақ бір күншік ат,
Жалғасып кете бермек одан арман.

Сол жерде бөлейтіні Сарытай да,
Жүріпті зорға шыдап он шақты айға.
Көргеннін көпке баян етіп еді,
Тамаша бір жаналық қандық жайға.

Алғашкы орган жары қазаланып,
Жетпеген бес ол бірдей қалғаны анық.
Бас құрау реті қалай болады деп,
Дәм айдал ол жаққа да жүрген барып.

Тоғыз (жыл-ак) қалды деген жерлерде болып,
Таба алмай қолайлы адам қайтқаны анық.
Кездеспей жөні түзу бір кез алға,
Бейнетпен елге оралған азапталып.

Назира, Загила қызы Тоғызбұлақтан,
Назира – бас бухгалтер шотын қаққан.
Тұскілік тамақ ішіп болғаннан соң,
Кіргізер қос мысықты есік жақтан.

Мияулап жетіп келер екі мысық,
Тілдерін жалақтатып, көзін тығып.

Табакты жатады жалап сондай,
Жайнатар жаркыратып сонша.

Тазарған ыдыстарды жиып алыш,
Шкафқа ас үйдегі қояды салыш.
Көрген соң тым қолайсыз мұндай істі,
Ол қызға жоламаған Сартайнатов.

Көңілі Назирадай қыздан қалыш,
Қасына сыйласты дейтін ертіп алыш.
Сол күні кешке таман калдыдағы,
Дәрігер ақ Зәурешке қонбақ барыш.

Әкесі адам екен сөзге саран,
Азырақ түйсігі бар емес надан.
Анасы қалжыңбастау бәйбіше екен,
Әзілге ешкім одан артық аталмаган.

Арылып үй иесі ауыр ойдан,
Жас демей Сартайға да көніл қойған.
Құрметті деп қонағымсың түнесін деп,
Мейманға қыз әкесі бүйіндік сойған.

Дайындал қазанға ас бірден салыш,
Жағулы пеш үстіне қойды апарыш.
Қазаны бұрқ-сарқ етіп қайнаған соң,
Көбігін ақ Зәуреш қыз тұрған алыш.

Ақ Зәуреш көрмек болды тұзын татып,
Көбігін сұзбе ожаумен алыш жатып.
Сол кезде есіктен кеп басын сұққан,
Жылмақай сұрап шәркे Құдай атып.

Ақ Зәуреш тасымақ боп басын жарып,
Шөмішпен қақ мандайдан қалған салыш.

Сорпасын сапырады шаймай оны,
Қазанға қайнап тұрған қайта малып.

Сартайдың зәресі ұшқан оны көріп,
Кария жатқанда жоқ көніл бөліп.
Почтада шаруам бар деп кеткен мейман,
Алаңсыз отырам деп қайта келіп.

Ол қайтып қайта келіп оралмаған,
Мазалап жүрегі айнып оңалмаған.
Тезірек автобуспен қайтып кеткен,
Сартайлар басқа үйге де қона алмаған.

Содан шығып Бостан деген жерге келген,
Қожахмет деген жерге көздей келген.
Қарт адам есік алдына отырған соң,
Бұрылып кеп екі жігіт сәлем берген.

Тұнеуге Қожакене лұқсат сұрап,
Үйіне қарияның болды қонбақ.
Ішек-қарын қойдың басын астырган шал,
Оңаша болмақшы екен етке тоймақ.

Қынжылып зорға екеуін қондырыпты,
Бос сөзбен сыртта бөгеп тоңдырыпты.
Тамаққа ортактасар болды ғой деп,
Мейманға көнілі қалып білдіріпті.

Әкелді шұбар әйел бір табақ ет,
Қонакқа көрсетпеді дұрыс ниет.
Үн қатты жігіттерге сарабдал шал:
– Табаққа бермен қарай жақында, – деп.

Меймандар отырмаған көзіп сүзіп,
Қой басын үй иесі қойды мұжып.
Жөн білмес Қожаекен жеріне қарап,
Жігіттер бас шайқасты қудер үзіп.

Әйтеуір Сартай шайлаш қонып шықты,
Сарайдан төсегі жоқ тоңып шықты.
Екеуін шан-шаң болған киімін қағып,
Бармақ боп Алматыға жолға шықты.

Осындай ерсі істерді көрген ол да,
Көңілін түп жайытка бөлген ол да.
Лайықсыз нашар істер, жайсыз жағдай,
Бола берген көрінеді, көрінер бәрі сондай.

Оспанжан арақты да сөз етіпсін,
Бұл жерде артық емес дөп кетіпсін.
Көргенің Жетіөзеннің ішінде болар,
Ішкіштің санын тағы көбейтіпсін.

Аракқа бізде азба арын сатқан,
Көшеде қолденендереп құлап жаткан.
Қолдарың кейде койып, кейде коймай,
Шағымды ылғи жазып бұрқыратқан.

Ішеді келіншек те, жігіттер де,
Жығылып сүрініп жүргені әрбір жерде.
Бірнешеуін атасам ісін айтып,
Қарғыска қарық болармын босқа мен де.

Атаға қалған қашан жездे болу,
Жөн сұрасқан болмас жүзге болу.
Халқымда қалыптаспаған қасиет ол,
Біреуді жек, біреуді жақсы көру.

Бізде жоқ Оспанным сиыр саумая,
Сиырмен бағылмайды бірге бұзау.
Әр үйде сүт айырар сепаратор бар,
Біресе әйелдердің майды бұлғау.

Ұстайды ұлдарың сиыр малын,
Келіндер қақтап сауды сиыр малын.
Енесін бұзауына емізбейді,
Әрбір үй май алады қарын-қарын.

Болған соң сүті тамак әрі дәру,
Елімде ұлken дәстүр бие сауу.
Түйеден қызы келінім безінбейді,
Келеді қолдарынан інген сауу.

Біздің ел тазалықты құрметтейді,
Ұлдарды хирургтер сұндеттейді.
Ішпейді кісі өлгендеге жұрт арак.
Рухын аруақтардың кірлетпейді.

Оспаным дүрыс теріс секен алу,
Мақсаттың болғаннан соң дүние тану.
Ерсі істер соншалықты бар ғой бірак,
Бізде жоқ қойдың басын бұзбай салу.

Мейманға бізде сыйлап бас береді,
Айырып одан тіл мен жақты бөледі.
Тартпайды сый қонаққа ішек-қарынды,
Әйел мен игілігін балалар көреді.

Мейманға қолдан келсе сынатпайды,
Қазанның маңына ит жолатпайды.
Үсті ыстық сумен тазартады,
Мысыққа аяқ-табақ жалатпайды.

Көз, қабақ, ерін, кірпік, қасты бояу,
Емеспін бізді осыңдан қара жаяу.
Қан жеген қара терден артығы жок,
Шашы қысқа, ақылға кем, тырнақ сояу.

Әйелдерден еркек шашы ұзынырақ,
Салмайды айырмасы жаулық бірақ.
Паспортта ұл деген сөз жазылса да,
Кескіні сол жынысқа сол жакынырақ.

Етектері тізеден де жоғарырақ,
Не шара түрганнан соң өзіне ұнап.
Қайтесің қылышына қиналасың,
Салтынан … жатыр жырақ.

Молайды тәрбиесі өскен жастар,
Бейбастық азғындаған дудар бастар.
Ақымақ кісі өлтіріп одан тонап,
Ісімен тыныш жаткан жұртқа …

Ондайлар көбейеді Оспан шырақ,
Үйіне мейман келсе тұрап тулап.
Қалайша ақындықты қумаған сон,
Өлеңің секілді екен аққан бұлақ.

Неліктен осыншама тарттың нала,
Жөн таппай жайың болмай жүрген бала.
Оспаным адал болсан, арын таза,
Отаның саған әркез болар пана.

Әлде ұлым, әлде інімсің жасың кіші,
Сиясың, кең ғой шырақ, елдің іші.
Бетіңмен сүйейін маңдайдан біз,
Қайдасың жөн-жобанды бер бауырша.

Жеткіншек Асайынның ұлы Оспан,
Жұмбактан есім бе екен өзің косқан.
Болмаса сенің атыңды мағлұм емес,
Әйтеуір қатарыңнан жаның асқан.

Сирек қой өзіндей жас ел ішінде.
Лайықсыз нашар істі жырға косып.
Кездескен ерте келіп бұл сөзіме,
Тірлікте артық емес хабарлаған.

Сау болғай талай таным көрмесек те,
Көнілді жолығайық келешекте.
Хат жазған кім деп біреу сұрасаңыз,
Жасырма айт халықтан (Ахметбек те).

... бесігі көне тұргай,
Мерт болған аман келді елін корғай.
Қала Арқалық тасымал көшесі он екі үй,
Квартир жетпіс екі біз тұрган жай.

Төрт жүзді елу тоғыз оған косса,
Сегіз өтіз дейді жынды кісі.
Оспанжан хабарласар қалың біліп,
Хат жазсаң осы болар адресім.

Бұл өлеңдер онтүстік облыстарды мекендейтін елдердегі ұна-
мсыз қылыштармен жағымсыз іс-эрекеттерді, надандықты, мәдени-
етсіздікті, адамгершілікten жүрдай болғандарды сынауға арналған.
[236]

Асайынұлы Оспан өлеңдері

Баласы ем Асайынның, атым Оспан,
Әрдайым сұлуларды жырға коскан.
Жеткіншек бұл сөзімді қалай деме,
Осы өлең шыққан емес көніл күстан.

Белгілі Оспан әнші атағымыз,
Шаһары тал бекініс жатағымыз.

Өнірін Жетіөзеннің мекен еттік,
Болған соң арты секә мен шатағымыз.

Артиша (Артика) бір қызы едің жылмандаған,
Бейне бір Алтай тұлкі сылаңдаған.
Күлін ұшып, болат секілденіп,
Күбылып бірқалыпта тұралмаған.

Алдында ... талай кайран сұлу,
Өзінмен салдым аз күн сайран сұлу.
Әрқашан мәпелеп-ақ жүрсемдағы,
Көнілден шыға алмадың қайран сұлу.

Таңдаған Жетіөзеннен қайран ғашық,
Артықша сөз сөйлейсін асып-тасып.
Үйіме мейман келсе қабақ шытып,
Бересін қойдың басын бұзбай асып.

Корамда қызыл сиыр мөнірейді,
– Сауатын Артиша (Артика) жоқ мені, – дейді. –
Бекерге сатып алдың, ей, осы екеуін,
Безініп сарайынан кетем, – дейді.

Осындай қызметін армандаісің,
Сөйлеуге дерекі сөз арланбайсың.
Кербезсіп мәнменсінбе, ей, Артиша (Артика),
Рынок табарындан арзандайсың!

Артика әйел болдым өзіме де,
Көріндім асау онды өзгеге де.
Қаншалық құрметтеп-ақ бақсамдағы,
Мінезің қалыптасқан өзгере ме?!

Болса да төсек бірге, ойың бөлек,
Іздедім жарым жайлы ешбір дерек.

Ку таяқ, сұлу жашақ күр дастаркан,
Келіншек жүзі көркем кімге керек.

Үйіме мейман келсе жақтырмайды,
Басынан кісі сөзін асыртпайды.
Әуелі бып-биязы болсадағы ол,
Соңғы кез ақыл-кенес таптыртпайды.

Өр кеуде, мақтан сүйгіш, жеңіл мінез,
Мандайсыз жігіттерге келеді кез.
Келте шаш, тырнақ өскір, сүрмелі қас,
Шатынап тұратуғын бір анам көз.

Көзінің айналасын бояп алған,
Беттерін ертенді-кеш опалаған.
Жирендім акырында қылышынан,
Әуелде қосылуды етсем де арман.

Боялған сары шашты, сұңғак бойлы,
Кеудемсок, өте күншіл, таяз ойлы.
Еріні, тырнактары бәрі қызыл,
Көрерсіз үй ұрыстар, жанжал қойды.

Әкесін бұл сұлудың ақын деген,
Марқұмның сөзін елі макұл деген.
Анасы жетпісте әйгілі ішкіш,
Ашады оразасын арақпенен.

Арудың масқұнем ғой ақ анасы,
Арақтан басқалардың жок жұмысы.
Шарапқа күнде жүріп тойып жүрсе,
Жеткендей бар әлемге қайрат күші.

Көз елдің бір апасы байға тигіш,
Көргенде жігіттерге басын игіш.
Бір өзі төрт қүйеуді иемденер,
Көрмедік ондай әйел еркек сүйгіш.

Журналист бір апасын етер мақтан,
Ол дағы бір алаяқ сылаң қақкан.
Көздері шапыраштау, сүрмелі қас,
Ернімен тырнағына бояу жақкан.

Жездесі және де бар тасыр өсек,
Үндемей жатып атар етіп есек.
Бір жарты шарап қойса күлім қағып,
Әркімнің арызын жазады кезек-кезек.

Үйіне жиналады арызкойлар,
Әрқашан жала жабу жағын ойлап.
Бәлекор, жалакор мен өсекшілер,
Сол үйге кеп қалып ап күнде тойлар.

Үйлері ішкіштердің ордасындей,
Өсек пен өтіріктің қордасындей.
Қодаржан отырады ортасында,
Жалғанша жала сөздің жорғасындей.

Қодаржан тым жалақор, өте залым,
Атақпен арызқойлық болған малым.
Өзкелді жетіөзендік жек көреді,
Өзінің жетпесе де білмей әлін.

Топал мен қара өзек салқын балақ,
Отыр ғой арыз ғой деп бәрі шулап.
Советтін адамдарын жікке бөлін,
Қара көңіл, арамза ойдан тумак.

Көз жетпес Асқаровтың амалына,
Мері жоқ кадрлардың табанында.
Жазықсыз үш жұз маман қудаланды,
Жындының Әлібаев заманында.

Тұратын жетіөзендік басын иіп,
Бір Қодар иелік етті Әукадиев.
Қуғындап басқа облыстың қазактарын,
Оның да жүр ғой жұртқа қырсығы тиіп.

Елдердің өшірмек боп жарық күнің,
Серт еткен шығартпасқа көптің үнін.
Жалмауыз қойшымын деп тағы шықты,
Кадрлар не болады көрген күнің.

Асқаров құлық-сұмдық көп біледі,
Мазақ қып жұмыскерді көп күледі.
Арғын, Алшын, Үйсіннің орысы деп,
Алалап орыс халқын үш бөледі.

Сырттан келген казакты жек кореді,
Арғын, Қыпшақ, Алшын деп көп бөледі.
Арғын, Қыпшақ, Кіші жүз жаман десе,
Ондай сөзді Асқаров құп көреді.

Керей мен Уакты да жек көреді,
Оларды ғайбаттауды дөп көреді.
Басқа облыстан жаңа кадр келді десе,
Солардың атын естіп кек көреді.

Тарақты мен Қоныратты да жеріне жолатпайды,
Бұзықтық іс-әрекетті қуаттайды.
Балталы, Бағаналы, Найманды да,
Асқаров, Әлібаев ұнатпайды.

Жетіөзен өлкесінде надандар көп,
Өтірік пен өсектің қоймасында.
Басқа облыстан келгенді көреді жек,
Ортақтасар дегендей олжасындей.

Кодаржан деген жігіт жолдан азған,
Әр жерге, әркімдерге орды қазған.
Қызметкер Жетіөзенге келгендердің,
Үстінен иесі жок арыз жазған.

Бөлөнбей көпшіліктің алғысына,
Мас болып елдің койған жартысына.
Апатқа ұшырады жар су жақта,
Жоғалып қызметкерлер қарғысына.

Койған соң рушылдар босқа айып,
Жүрмес деп Жетіөзенде ешкім байып.
Жазында мың тоғыз жүз жетпісінші жыл,
Көп маман тал бекіністен түрған тайып.

Қорытып соз аяғын айтсам сайып,
Жүргім жок атақтықпен атақ жайып.
Мазалап жергілікті қулар коймаған соң,
Бір күні есеп айрысып болдым ғайып.[237]

Төлеу Көбдіковтің Қазақстан басшысы Елтай Ерназаровқа айтқаны

1930 жылы 30 август күні Семейге командировкаға келген Қазакстанның сол кездегі дәрменсіз басшысы Елтай Ерназаровқа 1929 жылдан бастап жазықсыз тұтқын болған Төлеу Көбдіков ақынның көпшіліктің атынан айтқан тілегі:

Ассәламуғәләйкум басшымызға,
Көтерген қазақ жүгін нарымызға!
Тұтқындар бүгін сенің арманың жок,
Қарайтын ағаң келді қалаңызға.

Егін [ег]ер кар үстінен бидай тап деп,
Айрықша қысым болды-ау басымызға!

Болған соң басқа қыын малың құрсын,
Бір қайран болар ме екен жатымызға.

Үй басылы бірді-екілі қара қалды,
Бейкүнә талай момын жазаланды.
Киген киім колдағы дәнін алмай,
Әйел мен аш-жалаңаш бала қалды.

Мұбәрак ұстаган соң қолыңыздан,
Көресіз қайнап жатқан сорымызды.
Каталдық, қараңғылық, надандықпен,
Сыпырды пенделер жолымызды.

Аткан тан, шыққан күнім, туған елім,
Тауыстық сізге қарап көздің майын.
Ішінде бес қаралық кедей де бар,
Міне, отыр корқақ коян сорлы байын.

Қалайша мемлекетке қас болады,
Білесіз койдан момын қазақ жайын.
Жұмысты таза шешіп, жұмыс тауып,
Алсаңыз мен риза, басым дайын.

Ежелден қазақ еді езілген тап,
Көрпесі ерте күннен бойына шақ.
Ұлы Октябрь жеңісін қатар қалып,
Басшы етіп азаматына мінгізген тақ.

Ағамыз таққа мінген қайдағы,
Сіз едіңіз бұқараның тиянағы.
Отырған аузын ашып, көзін жұмып,
Көк қанат біз балапан үядағы.

Келінсіз жылап жатқан еліңізге,
Кір жуып, кіндік кескен жеріңізге.

Бал қылсан қара суды құдіретің бар,
От жақпай, қазан қайнар деміңізге.

Ұзамай келер жұмыс ыргағына,
Жібермес белсендінің ыргағына.
Көпшілік жасасын деп соқ қолыңды,
Басшы орында халық орнына тұрмаганына.

Осы өлең үшін Төлеуді Елтай он жылға сottатып жібереді. Төлеу кейін Сталинге өлеңмен хат жазып тұтқыннан босап шығады.[238]

Тұсініктер

Он сегізінші томға, негізінен, Мәшһүр Жұсіп жинаған шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, бата сөздер топтастырылған. Бұл топтама ақынның көзі көрген немересі Төлеубай Шәрәпиденұлының көшірмелері бойынша дайындалды. Бұған дейін Төлеубай Шәрәпиденұлы көшірмелері баласы Даниял Төлеубайұлы қолында сакталынып, кейін ф.ғ.д., проф. Қуандық Мәшһүр Жұсінтің әuletтік мұрагатына тапсырылған. Сол көшірмелер негізінде аталған том әзірленді. Бұғынгі күнде Төлеубай қолжазбаларының көшірмелері С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Академик С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасының Сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы. Осы жинақта, негізінен Төлеубай Шарапиденұлы жинақтаған көшірмелерінің үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші папкалары қамтылады. Бұдан әрі тұсініктегі «Төлеубай көшірмелері» деген ғана ескертудер беріліп отырылады да, бумағағы нақты беттері көрсетіледі. Бір ескеретін жәйт: мәтін ішіндегі оқылуы қыын сөздер кезедеседі. Оларды тік жақшы арқылы ажыратып көрсетуді жөн көрдік.

- 1 «Асан қайғы ескертуі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ көшірмелерінен алынды. Сонында мынандай ескертпесі бар: Ел аузынан.
- 2 «Асан қайғы» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ № 5 папкасы, Б. 284-292
- 3 «Жиренше шешеннің әңгімесі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ № 3 папкасы, Б. 319-325. Сонында мынандай ескертпесі бар: Ел аузынан Ғапу Мәди ұлы.
- 4 «Абылайдың тұсі» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ көшірмелерінен алынды.

- 5 «Абылай хан тұсындағы батырлар» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ № 6 папкасы, Б. 174.
- 6 «Такпак сөздер» – Төлеубай Шәрәпиденұлының С. Торайғыров ат. ПМУ-дың Ак. С. Бейсембаев ат. FK СК ҚҚ көшірмелерінен алынды.
